

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігі ұсынған

Р.Зайкенова
С.Ч.Тұрсынғалиева

ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің
8-сыныбына арналған оқулық

8



ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 83.3 (5Каз) я 72
3-15

Шартты белгілер

Жаңа тақырыпты менгеру тапсырмалары – функционалдық сауаттылықты қалыптастыру тапсырмалары

- | | | | |
|-----|--------|-----|-----------|
| (1) | Білу | (4) | Жинақтау |
| (2) | Түсіну | (5) | Қолдану |
| (3) | Талдау | (6) | Бага беру |

- | | | | |
|---|---|--|---|
|  Зергер сез
 Сөздің көркі – мақал
 | ақын-жазушы тұра-
лы пікір, түйінді ой
мақал-мәтеддер
Сөзмаржан – түсіндірме
сөздік
Түйін – тақырып бойынша
қорытынды
Артық болмас білгенің –
таниямдық мәліметтер |  Даналық ойдан дән ізде


 | даналық ой, сөз
сарасы, ойтолғау
қызықты мәлімет
Әдебиет теориясы – әдебиеттану
ғылыминың түсініктепері
Тапсырмалар – әдебиет теориясын
менгерту тапсырмалары
Тыңдалым – шығармалар үзінділерінің
аудионұсқасы |
|---|---|--|---|

- Зайкенова Р.
 3-15 **Қазақ әдебиеті.** Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. Р.Зайкенова, С.Ч.Тұрсынғалиева – Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2018. – 256 бет.

ISBN 978-601-318-128-8

Оқулыққа негізгі орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес ежелгі дәүір әдебиеті үлгілері, аныз әңгімелер мен ақын-жазушылар шығармалары енгізілді. Оқулықтың тілі жеңіл, оқушылардың өз бетімен білім алу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 83.3 (5Каз) я 72

© Зайкенова Р.,
Тұрсынғалиева С.Ч., 2018
© «Арман-ПВ» баспасы, 2018

ISBN 978-601-318-128-8

Барлық құқығы қоргалған. Баспаның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды.

KІРІСПЕ

Көрікті ойдан көркем сөз шығады. Әдебиет арқылы қазақ халықның бүкіл тағдыры мен тұрмысын, мәдениеті мен рухани асыл дүниесін танып білуге болады. Өйткені әдеби шығармалардан халықтың ұлттық салт-дәстүрі, тарихы, тыныс-тіршілігі, өнегесі, әдеп-үлгісі, мінез-құлқы, қоғамдық қейпі – барлығы да анық аңғарылады. Өткен замандардан бастап, бүгінге дейін сақталған халықтың рухани қазынасы тек қана әдебиет арқылы көркем сөзбен әрленіп, сөулеленіп жеткен. Талантты суреткердің кез келген туындысындағы оқиға мен адам бейнесі көзге елестейді, өсерлендіреді, мұңайтады, құлдіреді, ойландырады. Қабілетті қаламгер тана басқа адам аңғара бермейтін ерекшеліктерді көреді. Сондықтан да әдебиет – жан азығы.

Оқулықтың құрылымы қандай?

Оқулық «Дананың сөзі – ақылдың көзі», «Көркем әдебиет және эпикалық сарын», «Махабbat жәнеabyroй», «Қиял мен шындық» атты бөлімдерден тұрады. Әр бөлім оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес тақырыптарды қамтиды.

Жаңа тақырыптарды меңгеру тапсырмалары «Білу», «Түсіну», «Талдау», «Жинақтау», «Қолдану», «Бага беру» деп аталатын қадамдардан тұрады. Қадамдар тапсырмаларының мазмұны білім мен түсінік деңгейіндегі, білімді қолдану және талдау деңгейіндегі, шығармашылық және ізденушілік сипаттағы тапсырмаларды қамтиды. Ойнап отырып ойлау қиялдарыңа қанат бітіріп, жаңа да қызықты жайттарды біліп алударыңа көмектеседі, сондықтан тапсырмалар мазмұнына оқыта үйрету ойындары енгізілді. Қадамдар тапсырмаларын орындау арқылы өздеріңнің алған білімдерінді тексересіндер, дайындық деңгейлерінді көресіндер, не білемін, не білдім, нені білгім келеді деген сұрақтарға жауап та таба аласындар.

«Артық болмас білгенің», «Бағалы дерек» айдарларымен тақырып бойынша білімдерінді кеңейтуге бағытталған материалдар

Данаалық ойдан дән ізде

Кітап аяулы досы бола бастаған шақтан былай ғана әрбір жан өзін интеллигент бола бастадым деп санауына болады.

Әрбір адамның ең жақсы досы, өмірлік досы – кітап болуы тиіс.

М.Әуезов

Ұсынылды. Онда ғылыми, тарихи, мәдени деректермен қоса ақын-жазушылар өміріне байланысты қызықты мәліметтер берілді.

«Данаалық ойдан дән ізде» айдары құнды пікірлер мен қанатты нақыл сөздерді есте сақтап, орнымен қолдануға үйретеді. «Сөзмаржан» айдары сөз құпиясын ашуға, сөздік қорларыңды байытуға арналған. «Сөздің көркі – мақал» айдары тақырыпқа байланысты

түрлі мақал-мәтеддерді біліп, шешен де шебер сөйлеп үйренулеріне ықпал етсе, «Зергер сөз» айдары ұлы тұлғалардың сөздерінен мол тағылым мен тәлім алуларыңа мүмкіндік береді.

8-сыныпта оқып-үйренуге арналған туындылар кейіпкерлерімен бірге көптеген қызықты да әсерлі, құпия жайттарды анықтап, өздерінді, достарыңды жаңа қырынан ашасыңдар. Ата-бабаларымыздың ерлік, даңқты істеріне таңданып, олармен мақтанып, өмірге деген құштарлықтарына тәнті боласыңдар деп үміттенеміз. Мейірімділік, адамгершілік сынды асыл қасиеттерді бойларыңа сіңіріп, оқи білуге дағыланасыңдар.

Сонымен, оқи, ойлай, талдай білейік! Іске сөт!



І ТАРАУ

ДАНАНЫҢ СӨЗІ – АҚЫЛДЫҢ КӨЗІ

Адамның басшысы – ақыл,
Жетекшісі – талап,
Шолғыншысы – ой,
Жолдасы – кәсіп,
Қорғаны – сабыр,
Қорғаушысы – мінез.

Саққұлақ шешен

Қорқыт ата – түркі халықтарына ортақ ұлы ойшыл, жырау, қобызшы, күйші, мәңгілік өмірді іздеуші, өмірде ізі, артында әдеби-музыкалық мұрасы қалған тарихи тұлға.

ҚОРҚЫТ АТА



ҚОРҚЫТ АТА
(VIII–X ҒАСЫРЛАР)

Қорқыт – ақын, жырау, күйші, қобызшы, өз дәуірінің ойшылы. Ол атақты батыр, сөзіне хандар құлақ асқан ақылгөй данышпан болған. Аңыз-әңгімелерде Қорқыттың туған жылы мен жасы туралы әртүрлі пікірлер айтылады. Кейбір деректер Қорқытты 95 жыл жасаған десе, кейбірінде 195, тіпті 400 жыл жасаған деген де болжамдар бар.

Қорқыт VIII–X ғасырлар аралығында Сырдария аңғарында өмір сүрген деп есептеледі. Қорқыт адам үшін мәңгілік өмір іздеген, бірақ ол өлімнен қашып қайда барса да, алдынан қазулы көр күттіп тұрады. Адамның ажал құрығынан құтыла алмайтынына қапаланып, қайғы кешкен Қорқыт қарғайдан қобыз жасап, қүй толғайды. Қобыз – өлі күнге дейін халық өнерінің асыл мұрасы.

Ел аудында Қорқыт туралы аңыз-әңгімелер көп сақталған. Ертегі, дастан түрінде де кездеседі. Олардың қатарына «*Қорқыттың өлімге қарсы тұруы*», «*Қорқыттың өлімі*», «*Қорқыт күйі*», «*Қорқыт сарыны*», «*Қорқыт және қырық қызы*» және т.б. жатады.

Қорқыт туралы аңыздар «*Қорқыт ата кітабы*» деп аталатын әдеби мұрада жинақталған. Он екі жырдан тұратын «*Қорқыт ата кітабында*» туған жерін, Отанын сыртқы жаулардан қорғау үшін қан майданға шыққан алыптардың ерлігі жырланады. «*Қорқыт ата*» кітабындағы он екі жыр «*Дерсеканұлы Бұқаш туралы жыр*», «*Қазан Салардың ауылын жау шапқаны туралы жыр*», «*Байбөрі баласы Бамсы Байрақ туралы жыр*», «*Қазан баласы Ораздың жауға тұтқын болуы*», «*Ержүрек Домрул батыр*», «*Қаңалы оғыз баласы Қан Төрөлі*», «*Қазылық оғыз баласы Игенек*», «*Төбекөз*

Зергер сөз

Түбі бір түркі халықтарының ортақ ойшылы саналатын атақты ақын, дәүлескер күші, философиялық мазмұны аса терең ақыздардың кейіпкері – Қорқыт бабамыз баршамыздың рухани болмысымыздың алтын арқауы болып табылады.

Егемендікке қол жетіп, өзінің өткеніне көз жібере бастаған қазақ халқы үшін Қорқыт бабамыз қалдырган гуманистік нитеттері дидактикалық мұралардың маңызы өзгеشه зор дер едім. Өйткені оның осыдан он ғасырдан астам уақыт бүрін айтқан өсіет-қагидалары қоғамымыздың бүгінгі тыныс-тіршілігімен де жақсы үйлесім тауып отыр.

Н.Назарбаев

дәуді өлтірген Бисат», «Бекілұлы Әмран», «Ушан оғыз баласы Секірек», «Қазан Салардың екіншіләй жауға тұтқын болуы», «Сыртқы оғыздардың ішкі оғыздарға қарсы бас көтеруі» атты тақырыптарды қамтиды.

Кітаптың сюжеттік-мазмұндық желісінен қазақтың эпостық, лиро-эпостық жырларына үқсас эпизодтарды кездестіруге болады. «Қобыланды», «Алпамыс» жырларында суретtelген көптеген оқиғалар «Қорқыт ата кітабындағы» оқиғалармен үндеседі. Оғыз батырлары мен қазақ батырлары мінездерімен де, ерлік пен дәстүр, әртүрлі түсінік әрекеттерімен де үқсас. Олар өулиелердің араласуы арқылы дүниеге келеді, алыптарша жыл санап емес, күн санап өседі, ерте ержетіп, жауға бөрідей тиеді. Тәңірі қолдағандықтан, кез келген қыындықты да женеді. Олардың бәрі – ержүрек батыр, бірақ аңғал. Батырлар жырында тұс көру, аян беру, қоштасу, жоқтау, үйленуге байланысты салт ата жолын сыйлау сияқты дәстүр-жоралғылар үнемі кездеседі. Басты кейіпкерлері әрқашан үстемдікке, зұлымдыққа қарсы құреседі, мұқтаждарға жәрдем береді, адамгершілік қадір-қасиеттерімен көрінеді. Мәселен, «Дерсеканұлы Бұқаш туралы жырда» хандардың ханы Баяндыр той жасап, ел-жүртyn жинап, оғыздардың бектеріне сый-сияпат көрсетеді. Тойға жиналғандар үшін ол үш жерге тұсті үй тіктіріп, үш тұсті ту көтереді. Ақ тулы үйге ұлы барларды, қызыл ту астындағы үйге қызы барларды, қара тулы үйге баласы жоқтарды кіргізеді. Баласыздарды Құдай қарғысына ұшырағандар деп санап, олардың астына қара киіз төсетіп, қара қой сойғызады, артық құрмет көрсетпейді. Осы жиынға Дерсекан деген бек те келеді. Оның не ұлы, не қызы жоқ еді. Ол бұл қорлыққа шыдай алмай, қара отаудан шығып кетеді. Үйіне келіп, ханшасына баяндалап, мұңын шағады. Ханшасы жұбатып, ақыл айтады. «Сабыр түбі сары алтын» дегендей, осыдан кейін бектің арманы орындалады.

«Дерсеканұлы Бұқаш туралы жырда» Дерсеканның жалғыз ұлы Қобыланды, Алпамыс батырлар сияқты күн санап тез өседі.

Бағалы дерек

Итальян ғалымы Этторе Росси – Қорқыт жырлары мен қазақ және қырғыз халықтарының батырлық эпостары арасындағы үқсас мотивтерді байланыстырган алғашқы ғалымдардың бірі. Этторе Росси дің дәлелдеуі бойынша Қорқыт жырларында кездесетін көптеген толғаулар, Құлтегіннің басына қойылған құлпытастағы жазу – бұлардың бәрі қазақ эпостарының негізі болып саналады. Ол Қорқыт жырларын зерттеуші алғашқы ғалымдардың бірі тұрғысынан қазақ, қарақалпақ, башқұрт халықтарының батырлық эпосы Алпамысты алғашқында Қорқыт жырларының құрамдас бөлігі болған, кейіннен үлкен эпосқа айналған туынды деп дәлелдеді.

«Ана тілі» газеті

Он бес жасында-ақ өзгеше күштілігімен, ақылдылығымен өзі тұстас балалардан ерекшеленеді. Болашақ батырдың алғашқы ерлігі аңшылықта, қауіпті жыртқыштарға қарсы құресте көрінеді. Дегенмен, жас батыр – аңғал, жауы – айлакер, қатыгез, қатал. Бірде Бұқаш ханның анасы тұс көріп, баласының басына түскен қасіретті сезеді. Ол қасына қырық қызы ертіп, баласын іздеп жолға шығады. Өлім халінде жатқан ұлын тауып, оны өзі емдеп жазып алады.

Дерсеканның Тоқтарбай мен Аналықтар сияқты бір балаға зарығуы, сол үшін бар мал-мұлқін сарп етіп, дала кезуі, өулиелерге түнеуі, ақырында оның ұл көру мотивтері ете үқсас. Батырдың өзі жорыққа кеткенде елінің шабылуы, оның тұс көруі, шабылған жұртын көріп зарлауы, оның баласы Ораздың тұтқындалуы, елдегі жауыздық, әке-шешенің жоқтауы, зар жылаған сүйген жарының әрекеттері, батырдың жарасын емдеудегі анасының әдістері, қойшылар ісі қазақ жырларын, өсіресе «Қобыланды», «Алпамыс» батыр жырларын еске салады. Құртқа мен Қарлыға бейнелерінде де үқастықтар көп. Баласыз Байбөрі, Бозмұнайлардың бала тілеуі, той-думаны – бәрі үндес болып келеді.

Академик Әлкей Марғұлан еңбегінде Стамбул университетінің профессоры Орхан Шайых Гокаяйдың зерттеулеріне ерекше мән берілген. Орхан Шайыхтың еңбегіндегі Қорқыт жырларындағы Бамсы Байрақ Байбөріұлының «Алпамыстағы» Байбөріұлы Алпамыс екенін, сондай-ақ «Алпамыстағы» Бадамша қатын мен Қорқыт жырындағы Қысырша қатын екеуінің бір бейне және екі жырда

«Қорқыт ата кітабынан» үзінділер

بىساتە ئېچىگۈلى ئولىندىرىنىڭ ئۆزى مەسى
أپتەنطامىنى

مۇھىم ئەنم ئەنلىكىن ئەرخىز ئۆزۈرۈنىڭ ئۆزى
يېلىنىڭ ئەندىرى دۈرن ئەندىنى ئۆرگۈنىڭ ئۆزى
ئەنلەپ (آقۇرىپ) كىشتەركىن ئەرخىز ئۆزۈرۈنىڭ
ئۆزى مەسىش فەسلامى ئەللىكىن ئۆرگۈپ كۆزىمىش
بىلش ئەرخىز ئەندىرى ئەبا ئەتكۈپ بىرۈزىدە قۇلدۇنى
الۋەرەپەن ئەندىرى ئەنلەپ كىشتەركىشتەركىزىدى
ئەندە ئەنلەپ سارىدى ئەرسەلەنلىك جەنلىك ئۆزى
ئۆزۈل كېلىل (أپول ئۈرۈل) بۇرىشى ئاسى ئەپتەن
بىساتە ئۆزى سۈزۈر ئۆزى ئەندىر ئەنلەپ ئۆرگۈنىڭ
وڭاننى دەۋوشى مەن ئۆرگۈنىڭ ئەنلەپ بىلەنى
بىكىر ئەندەپ ئەسلامى ئەنلىكىن ئەنلەپ ئەنلەپ
ئەسلامى ئەندەپ ئۆرگۈنىڭ ئۆزۈرۈنى ئەنلەپ
أوشاقلىنىڭ ئۆزى ئۆرگۈنىڭ ئۆزۈرۈنى ئەنلەپ
ئەنلەپ بىلە ئەندە ئۆزى ئەنلەپ ئۆرگۈنىڭ ئەنلەپ



CD 01

«Қорқыт ата кітабынандағы» жырлар мазмұны қандай?

Зергер сөз

Әрбір батырлық баяны бір немесе бірнеше талдау еңбектерге арқау боларлық бұл «Қорқыт ата кітабы» жинағы біздің атабабаларымыздың үлттых жазба әдебиетімізге қайталанбас қашшама жау-хар дүниелерді қосып кеткенін айғақтаса керек.

Н. Үркімбай

да Қоңырат руының аты аталаатынына дәлелдер келтіргеніне тоқталып өтеді. Алпамыстағы Гүлбаршының, Қорқыт жырларындағы Бану-Шешектің Ө.Мартұлан одан әрі дәлелдеп бергеніндей, есімдері Сыр бойында ежелден айтылып келген аңыз-әңгімелерге негіз болған. Гүлбаршының атымен аталаатын қала «Баршынкент» те, Баршын сұлуға арнап салынған көркем кесене «Қеккесене» де Сырдария өзенінің бойында екені тарихтан белгілі.

«Қорқыт ата кітабы» сол кездегі оғыз-қыпшақ тайпаларының бәріне бірдей түсінікті ортақ тілде жазылды. «Қорқыт ата кітабының» жырлары оғыз тайпасының тұган жерін, елін, үйін сыртқы жаулардан қорғау үшін қан майданға шыққан алып батырларының ерлігі туралы толғайды. Дастанда ерлік, әділдік, ата-ананы құрмет тұту, адамгершілік, уәдеде тұру сияқты ізгі қасиеттер айтылады. Оның қаһармандары қорқақтық пен опасызызыққа, әдепсіздік пен саңаңдыққа қарсы құреседі. «Қорқыт ата кітабының» қаһармандары мен олардың бастан кешкен оқығалары осы идеяларды аша түседі. «Қорқыт ата кітабының» барлық жырларында оғыздардың бірлігі, достығы, тұтастығы басты мәселе болып табылады. Тарихи әрі әдеби мұра болып табылатын «Қорқыт ата кітабы» – көне оғыз-қыпшақтардың мәдени ескерткіші, түркітілдес халықтардың ортақ мұрасы.

«Қорқыт ата кітабы» осы күнге дейін Дрезден қаласында он екі жырдан (оғыз-намадан) тұратын қолжазба күйінде және Италияда (Ватикан) алты жырдан (оғыз-намадан) тұратын қолжазба күйінде сакталып келеді. «Қорқыт ата кітабының»

негізін құрайтын он екі жырдың әрқайсысы басында жеке жыр ретінде дүниеге келіп, кейін жүйеленгені оның бір-бірімен мазмұндық жағынан өзара байланыспай жатуынан, хронологиялық бірізділіктің сақталмауынан көрінеді. «Қорқыт ата кітабында» өлі күнге дейін өзінің маңызы мен өзектілігін жоймаған философиялық ой-тұжырымдар, мақал-мәтелдер, даналық сөздер көп кездеседі.

Н.Келімбетов. «Ежелгі дәуір әдебиеті»

1

Білу

1. Қорқыт ата туралы не білдіңдер? Қорқыт кім?
2. «Қорқыт ата кітабы» қандай жырлардан тұрады?
3. «Қорқыт ата кітабын» зерттеген қандай қазақстандық ғалымдарды білесіңдер?
4. «Қорқыт ата кітабына» енген жырлар мазмұны қандай?

2

Түсіну

1. Неліктен Қорқыт түркі халықтарына ортақ ұлы ойшыл?
2. Қорқыт ата философиясының мәні неде?

3

Талдау

Венн диаграммасын қолданып, «Қорқыт ата кітабындағы» жырлар мазмұнын батырлар жырымен салыстырыңдар. Жырлар мазмұнының қазақ эпостарымен үқсас болу себептері қандай?

4

Жинақтау

Қорқыт ата туралы мазмұндаудың тірек сыйбасын құрындар.



5

Қолдану

1. «Қорқыт ата кітабында» берілген жырлар мазмұнымен танысындар. Түйінді ойын анықтаңдар.
2. «Қорқыт ата кітабының» зерттелуі туралы қосымша де-ректер тауып, презентация дайындаңдар.

6

Баға беру

«Қорқыт ата кітабының» мәні мен маңызына, құндылығы мен өзектілігіне баға беріңдер.

Артық болмас білгенің

Сан ғасырлар бойы түркітілдес түрлі тайпалардың сүйіп тыңдаған жыр-дастаны «Қорқыт ата кітабы» қайта қолға алынып, бүгінгі ұрпақтың рухани қазынасына айналып отыр. Стамбул университетінің профессоры Эргин Мухарем «Қорқыт ата кітабының» толық мәтінін латын әрпімен транскрипция жасап, бастырып шығарды. Бұл кітапқа қосымша ретінде шығарманың Дрезден және Ватикан қолжазба нұсқаларының көшірмелері де енгізілді.

Европа тілдеріне аудару ісі XIX ғасырдың бірінші жартысында басталған еді. 1815 жылы немістің белгілі ғалымы Г.Ф.Диц бұл шығарманың бір тарауын неміс тіліне аударып, баспасөз бетіне жариялады. Ә.Қоңыратбаевтың аударуымен қазақ тілінде 1986 жылы тұңғыш рет басылды. «Қорқыт ата кітабында» қазақ эпосына тән көркемдік кестелермен қатар қазақ тарихы мен мәдениетіне қосатын деректер де мол. Сондай-ақ, көне әдеби мұрада оғыз тайпаларының этникалық тегі, этнографиясы, мекені, әлеуметтік жағдайы, т.б. мәліметтер көп сақталған.

2015 жылы Франция астанасы Парижде ЮНЕСКО-ның 70 жылдық мерейтойы аясында «Қорқыт ата» кітабының алғаш жарыққа шығуына 200 жыл толуы атап өтілді.

T.Қоңыратбаев. Қорқыт жырларының зерттелуі
<http://emirsaba.org/orit-ata-kitabi.html>



Қорқыт ата кітабынан

Байбөрі баласы – Бамсы Байрақ туралы жыр

Қамғанұлы Баяндыр хан орнынан тұрды. Қара жердің үстіне ақ отауын тіктірді. Айнала қалы кілем төсөтті. Іш Оғыз, Тыс Оғыз бектері Баяндыр ханның сұхбатына жиналды. Бұл сұхбатқа Байбөрі Бек те келді.

Баяндыр ханның қарсысында Қара Қенеұлы Қара Будак, он жағында Қазанұлы Ораз Бек, сол жағында Қазылдық Қожаұлы Бек Игенек тұрды. Байбөрі Бек бұларды көргенде «ah» ұрды, басы айналып кетті, орамалын қолына алып, өксіп-өксіп жылады.

Сол кезде қалың оғыздың арқасы, Баяндыр ханның күйеу баласы Салар Қазан тізерлеп отыра кетіп, көзін тігіп, Байбөрі Бек-тің жүзіне қарады да:

– Байбөрі Бек, неге боздап жылайсың? – деп сұрады.

– Хан Қазан, қалай жылап, боздамайын, ұлда нәсібім жоқ, қарындақ қадірім жоқ. Алла Тағала мені қарғапты. Бектерім, тәжім үшін, тағым үшін жылаймын. Бір күні мен де кетермін, өлермін, орнымда, ел-жұрттыңда қалатын ешкімім жоқ, – деді.

– Мақсұтың осы ма еді? – деп сұрады Қазан.

– Иә, мақсұтым осы, менің де ұлым болса, хан Баяндырдың қарсысында тұрып, құлдық етсе, мен де қарап көңілденсем, қуансам, тірек етсем, – деді Байбөрі Бек.

Мұны естіген қалың Оғыз бектері көкке қарап, қол жайып, дұға қылды: «Алла Тағала саған да бір ұл берсін!» – деп тіледі олар.

Сол кезде Бай Бижан да орнынан тұрды:

– Бектерім, менің де бір тілегім бар. Алла Тағала маған да бір қыз берсін, – деді. Қалың Оғыз бектері қол жайып, дұға қылды: «Тәнірім саған да бір қыз берсін!»

– Алла Тағала егер маған шынымен қыз берсе, күәгері мына сендер, менің қызыым Байбөрі Бектің ұлына үкілі Қертпе бесік қалыңдық болсын! – деді.

Бұдан кейін біраз заман өтті. Алла Тағала Байбөрі Бекке бір ұл, Бижан Бекке бір қыз берді. Оғыз Бижанның қызына Бану-Шешек деп ат қойды. Бұл екі нәрестені бесікте жатқанда атастырып қояды. Мұны естіген қалың Оғыз бектері қатты қуанып, шат болды. Байбөрі Бек көпестерін шақырып, бүйрек берді:

– Ей, көпестер, Алла Тағала маған перзент сыйлады, сол ұлым өскенше Рум еліне барып, ұлымға жақсы тарту өкеліңдер! – деді.

Көпестер жолға шыққан еді. Істамбұлға барып, қолға түспейтін, сирек кездесетін қымбат дүниелер алды. Байбөрінің ұлына



Сөзмаржан

қалы кілем – түрлі түсті ою-өрнектермен безендірілген, қымбат бағалы кілем

сұхбат – 1. Екі немесе одан да көп адамдардың өзара жүргізген әңгімесі. 2. Әңгіме-дүкен құрып отыратын отырыс, жиын. 3. Тілші тарапынан алынатын әңгіме-хабар

дүға – діни. Аман-саулық, сау-саламаттықты тілейтін Құран аяттары

оғыздар – (ежелгі түрікше – оғуз; қазақша – оғыз) – орта ғасырларда Орталық Азияда өмір сүрген түркі тілдес тайпалар. Оғыздар атауын бірқатар зерттеушілер алғашқыда «тайпалар», «тайпалар бірлестігі» деген ұғымды білдірген деп есептеді. Оғыздар жайлы деректер түрлі жазба ес-керткіштерде, шежіреде, жыр, аңыз әңгіме үлгілөрінде «ғұз», «оғыз» деген атаулармен ертеде орта ғасырлардан басталғаны белгілі. Оғыз атауының ұлыстық, тайпалық этномимге айналуы түркі халықтарына ортақ «Оғызнама» жырындағы басты кейіпкер Оғыз қаған есімімен тікелей байланысты. Жырда ол барша түркі ру-тайпаларының аргы атасы етіп көрсетіледі. Уақыт өте келе оның есімі этностық атау мағынасына айналған

арнап теңіз құлышы Бозайғырды алды, қадалуы қатты садақ алды. Одан басқа алты қырлы күрзі, өткір қылыш алды.

Бұлар қайта оралғанша бірнеше жыл өтті. Байбөрінің ұлы бес жасқа, одан онға, одан он бес жасқа толды. Бектердің ішінде қылышқа шалымды, зор денелі, өнерлі, жақсы жігіт болып өсті. Ол заманда ұл балаға бас кеспесе, қан төкпесе, ат қойылмайтын еді. Байбөрі Бектің ұлы бір күні аңға шықты. Алдымен ол өкесінің ат қорасына келді. Атбегі оны қарсы алып, аттан түсіріп, қонақ етті.

Алыстан сапар шегіп, мақсат-мұраттарына жетіп келе жатқан көпестер Қара Дербент аузына жақын келіп қонады. Сол кезде Евнук қаласының көпірлері бұларға шабуыл жасап, бар байлығын тонайды. Көпестердің үлкені қолға түседі, кішісі қашып, Оғызға келеді. Оғыздардың шетінде тігулі түрған көлеңкелі ала шатырлы үйде бір бектің ұлы қырық жігітімен дем алып отыр екен. Оғыздың сол сұлу жігітіне көпес келіп, медет сұрады. Бұл жолы ұғлан ішкелі отырған шарабын ішпей, алтын тостағанын жерге қойды да:

– Не деп тұрсың? Қәне, киімім мен тұлпарымды өкеліңдер! Ей, мені қошеметтейтін жігіттер, мініңдер атқа! – деді.

Көпірлер бір жерде ақша бөлісіп жаттыр екен. Сол араға жігіттердің арыистаны, палуандардың қабланы – бозұғлан келіп жетті. Бір-екі демеп, көпірлерге қылыш сермеді, бас көтергендерін түгел қырып, саудагер көпестердің малын қайтарып өперді. Көпестер риза болып:

– Бек жігіт, сен үлкен ерлік істедің, кел, мына малдан ұнатқаныңды ал, – деді. Жігіттің көзі біресе теңіз тайы Бозайғырға, біресе алты қырлы күрзіге,



Сәзмаржан

күрзі – көне. Салмақты болу үшін бір басына қорғасын құйып жасалған сабы қысқа шоқпар

көпес – меншігінде сауда жасайтын кесіпорны бар бай, саудагер

кәпір – 1. Мұсылман дінінен безген басқа дін-дегілер, дінсіз. 2. ауысп. Оңбаған, қаныпезер, жек-сұрын. Антұрган

ұғлан – ұлан, жас жігіт

медет – көмек

біресе ақ кірісті садаққа, біресе қылышқа түсіп, сол төртеуін де ұннatty.

– Ей, көпестер, мына бозайғырды, күрзі мен қылышты, садақты маған беріндер, – деді. Бұл сөзді естіген көпестер шошып кетті.

– Көп пе қалағаным? – деді жігіт.

– Неге көп болсын, бірақ біздің begimizdindj жалғыз ұлы бар еді, бұл төрт зат соған арнап алынған сыйлық еді, – деді.

– Бегіңіздің ұлының аты кім еді? – деді.

– Байбөрінің ұлының аты Бамсы дейтін еді, – деді олар. Олар мына тұрған жігіт Байбөрінің ұлы екенін білmedі. Жігіт астындағы атын тебініп, жолға шықты. Көпестер артында қарап қала берді.

Көп ұзамай көпестер келді. Бас иіп, сөлем берді. Байбөрінің он жағында отырған бас кескен, қан төккен жігітті көрді де, иіліп ұғланның қолынан сүйді. Бұлар бүйткенде, Байбөрі Бектің ашуы үстады.

– Ей, жындының ұлы жындылар, өкесі тұрғанда ұлының қолын сүйер ме? – деді.

– Хан ием, бұл жігіт сенің ұлың ба еді? – деді көпестер.

– Иә, менің ұлым.

– Хан ием, онда ренжіме, алдымен оның қолын өпкеніміз дұрыс, егер сенің ұлың болмаса, мына малымыз Құржистанға кететін еді, бәріміз тұтқын болар едік, – деді.

– Менің ұлым бас кесті ме, қан төкті ме?

– Иә, хан ием, бас кесті, қан төкті, адам өлтірді.

– Ей, бұл ұғланға ат қояр уақыт болды ма? – деді.

– Иә, сұлтаным, ат қоятын уақыт өлдекашан жетті.

Байбөрі қалың Оғыз бектерін шақыртып, қонақ етті. Қорқыт ата келіп, ұғланға ат қойды.

– Үнімді анда, сөзімді тыңда, Байбөрі Бек!

Алла Тағала саған бір ұлды берді, бақытты болсын!

Ақ туын ұстайтын мұсылмандардың арқасы болсын!

Қарсы жатқан таулардан асар болса,

Алла Тағала ұлыңа өткел ашып берсін!

Қанды сулардан өтер болса, өткел берсін!

Қарақұрым кәпірлерге кіргенде,
Алла Тағала ұлыңа медет берсін!
Сен ұлыңды Бамсам деп айтушы едің,
Мұның аты Бозайғырлы Бамсы Байрақ болсын!
Атты мен бердім, жасын Хақ Тағала берсін! – деді.

Қыз бен жігіт ер жетеді. Бір күні айдалада аң аулап жүрген Бамсы Байрақ бұлақ басында тігулі тұрған қызыл шатырды көреді. Сейтсе, ол Бану-Шешектің шатыры екен. Кең жазира дала «Қыз бөрі» ойыны басталады. Ойын шарты бойынша, қыз қашып, жігіт оны қуалайды. Бамсы Байрақ қызды қызып жетіп, екеуі танысады. Қыз бен жігіт бір-біріне жүзік сыйлайды. Бамсы Байрақ қызды айттыруға адам жіберейін десе, қыздың ағасы Қарашар барған адамдардың басын кесіп, өлтіре береді екен. Құдалыққа Қорқыт атаны жібереді. Қылышпен Қорқытты шаппақ болғанда, Қарашардың қолы қарысып қалады. Содан кейін Қарашар қалың малға: мың үлек, мың айғыр, мың қошқар, мың ит, мың бүрге сұрайды. Қорқыт өз кереметімен бөрін тауып береді. Үйлену тойы болады. Бірақ дәл сол түні жау шауып, Бамсы Байрақты тұтқындалп өкетеді. Ол көп жыл зынданда жатады. Ақыры қобыз тартып, тажайып өнерімен жау қолынан құтылып шығады. Көп қыншылықтар көріп барып, Бану-Шешекке үйленеді.

1**Білу**

1. Бамсы Байрақ туралы жырда не туралы айттылады?
2. Шығарма кейіпкерлері кімдер? Қандай адамдар?

2**Түсіну**

1. Байбөрі Бек неге жылайды?
2. Байбөрі Бек қөпестерін қандай мақсатпен сапарға жібереді?

3**Талдау**

1. Бамсы Байрақты Дерсеканұлы Бұқашпен салыстырындар («Дерсеканұлы Бұқаш туралы жыр» хрестоматияда берілген).
2. Мәтіннен аңызға тән қандай ерекшеліктерді байқадыңдар?

4

Жинақтау

Бамсы Байраққа қандай қасиеттер тән? Топтастыру арқылы көрсетіңдер.



5

Қолдану

1. «Синквейн» стратегиясын қолданып, Бамсы Байрақ образына бесжолды өлең құрастырыңдар.
Бірінші жол – тақырып бір сөзben беріледі (зат есім)
Екінші жол – тақырыпты екі сөзben сипаттау (сын есім)
Үшінші жол – тақырыпқа қатысты қимыл атауынан үш сөз жазу (етістік)
Төртінші жол – төрт сөзден тұратын бір сөйлем.
Бесінші жол – тақырып мәнін ашатын бір синоним сөз.
2. «Дербес пікір жазу» тәсілін қолданып, тапсырмаларды орындаңдар:
 - өзіндік ой-пікірлерінді бір сөйлеммен білдіріңдер;
 - екі сөйлемнен тұратын дәлел келтіріңдер;
 - өз пікірлерінді айғақтайдыны мысалды екі сөйлеммен көрсетіңдер;
 - өз пікірлеріңе қарсы бір сөйлемнен тұратын дәлел келтіріңдер;
 - бір сөйлеммен қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал келтіріңдер;
 - екі сөйлемнен тұратын қорытынды шығарыңдар.

6

Баға беру

1. Жыр мазмұны сендерге қандай ой салды?
2. Бамсы Байрақ образы туралы пікірлерінді білдіріңдер. Оны нағыз батыр деуге бола ма? Батырға тән қасиеттеріне баға беріңдер.

Қорқыт ата туралы аңыздар мазмұнының біз үшін тәлім-тәрбиелік мәні зор. Аңыздардың да ертеғілер сияқты өз құпиясы, терең сырлы бар.

Қорқыт туралы аңыздардан

Қорқыттың өмірге келуі

Қорқыттың туған жері – Қараспан таулары.

Қорқыт туатын күні бүкіл дүние сүмдүк қиналып, азаптанғандай күй кешеді. Аспанды қара бұлт басып, күн күркіреп, нажағай жарқылдаپ, сұрапыл қара дауыл соғады, төңірек астанекестен, алай-дүлей болады. Бір сүмдүктың жақындағанын сезген ел-жүртты қатты қорқыныш билейді. Осы оқиға жайында ел ішінде мынадай өлең жолдары сақталған:

Қорқыт туар кезінде
Қараспанды су алған,
Қара жерді құм алған.
Ол таарда ел қорқып,
Туған соң әбден қуанған!

Қорқыт тауа салсызымен, арқырап соққан жел саябыр тауып, бұлт тарқап, күн сөуле шашады, дүние нұр-шуаққа малынып жүре береді. Табиғатқа жан бітуін жақсылыққа балаған жүрт: «Бұл бала бізді қорқытып туылғаны үшін Қорқыт болсын!» – деп үйғарып, оның есімін Қорқыт қояды.

Қорқыттың дүниеге келуі қандай өзгеше болса, оның бүкіл өмірі де сондай ерекше болды. Бала жасынан үшқан құс, жүгірген аң, соққан жел, жауған жаңбырмен қоса жарысты, айнала қоршаған табиғатпен ортақ тіл тауып, сонымен біте қайнасып өсті.

Жылдар өтіп, ержетіп, тепсе темір үзетін жігіт жасына жеткенде ол бір тұс көреді. Тұсінде оған ұзын асатаяқты, ақ сақалы белуарына түскен өулие қария келіп, былай деп аян береді: «Ей, Қорқыт, тұр орныңнан! Менің айтқанымдай саз аспабын жаса. Бұл аспаптың үлкендігі алты жасар түйенің асықты жілігіндегі болсын. Аспабыңның аты – қобыз. Осы қобыз сенің шабытыңды қияға самғатады, сапар шексен, жолыңа жарық түсіріп, сөуле шашады, өзіңді пәле-жаладан сақтайтын желеп-жебеуші серігің болады».

Қорқыт ояна сала, көрген тұсін ойлайды. Тура өңінде болғандай. Осы арада өзінің жан-жүрегін сиқырлы өуен кернегенін, тілінің ұшына ағындаған өлең-жыр келгенін аңдайды. Ол бірден қобыз жасауға кірісіп, оны тура тұсіндегі өулие шалдың

айтқанында жасап шығады. Бұдан соң музыкалық аспапты қолына алып, құлақ күйін келтіріп, ойнай жөнеледі. Үшқан құс, жүгірген аң, соққан жел тына қалып, барлық тіршілік иесі қобyz үніне, күй сарынына құлақ түреді.



Қорқыт – күй атасы

Қорқыттың аты түркітекtes халықтар арасында әртүрлі аңыздар арқылы жақсы танымал. Қазақ аңызы бойынша Қорқыт – күй атасы, аңыз-адам, қобыз киесі. Қобыздың өуені мен күй сарыны Қорқыт атадан басталады. Бізге Қорқыттың жиырмадан астам күйлері белгілі болғанымен, нотаға түскені – он бір. Олар: «Қорқыт» (үш нұсқасы), «Қоңыр», «Башпай», «Өуіpbай», «Желмая», «Елім-ай», «Халқым-ай», «Сарын» (екі нұсқасы), «Ұшардың ұлуы», «Тарғыл тана», «Байлаулы киіктің зары». Күйлердің шығу себебі миф, аңыз түрінде айтылады. Аңыз бойынша Қорқыт жастайынан адам өмірінің сонша қысқалығына налып, құтылmas ажалға қарсы құреспікі келеді. Өз ойын іске асыру үшін және мәңгілік өмір туралы арман қуған Қорқыт адамдар ортасынан кетеді, бірақ, қайда барса да, оның алдынан көр, өлім шығады: ормандағы құлап, шіріп жатқан ағаш та, даладағы қураган шөп те, тау да, тас та – барлығы Қорқыттың өлім күтіп тұргандығынан хабардар етеді. Қайда барса да алдынан Қорқыттың көрі кездесе берген соң, бұл дүниеде ажалдан қашып, өз жанын алғып қала алмасына көзі

жетіп, ол жер кіндігін іздейді. Сонда жер кіндігі Сыр бойы екен. Ең ақырында ол: «Дүниеде ажалдың құрығы жетпейтін жер жоқ екен. Бәлкім, суға барып отырсам, маған ешкім көр қаза алмас, ажал да батып келе алмас», – деп, Желмаясының үстіне жауып жүрген, суға салса батпайтын, тозбайтын қасиетті кілемін Сыр сұына төсеп, судың бетінде қобызын тартып отырып, «Қорқыт» күйін шығарған екен. «Қайда барсаң да – Қорқыттың көрі» деген халық мәтелі де осыдан қалған. Мұны тығырыққа тірелгенде, бір нәрсеге жолы болмағанда қолданады.

Фасырлар бойы талай-талай қобызшылардың, дарын иелерінің қолынан өткен Қорқыт күйлерінің біздің заманымызға көптеген өзгерістерге ұшырап жетуі заңды құбылыс болып табылады. Сол ықылым заманнан бері Қорқыт өуені мен қобызы оның көзіндегі, киесіндегі халық жүрегінде жасап келеді.

«Ол ең ақырында дүниеде өзгермейтін ешнәрсе жоқ, сынбас темір жоқ, өтпес өмір жоқ деп, мәңгілік өмірді халықтың өн-күйінен іздейді», – деп пайымдайды академик А.Жұбанов. «Жер бетіндегі ең тұңғыш қобызды шырғай ағашынан жасап, күнірене күй шертеді, мұң-наласын ақтарып төгеді. Құдіретті күй сарыны бүкіл жер-әлемді қаптап кетеді. Оны естіген барша жұрт басын ала алмай тыңдаپ, таңырқап қалады. Содан бері Қорқыттың күйі де, қобызы да жер бетін шарлап кезуде. Ал Қорқыт есімі қобыздың ішіндегі, халықтың жүрегінде ұмытылмластай болып сақталған», – деп түйіндейді М.Әуезов.

Артық болмас білгенің

Қорқыт ата ескерткіші – сәулет өнерінің айрықша үлгісі. Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының Жосалы кентінен 18 км жерде, Қорқыт стансысының тубінде орналасқан. Авторлары: Б.Ә.Ыбыраев, С.И.Исатаев. Қорқыт ата ескерткіші темір бетоннан жасалған, биіктігі – 8 м, 4 тік стеладан тұрады. Әрбір стела әр тарақта қаратып тұрғызылған құлпытастарға ұқсайды. Жоғары жағы кеңеіе келіп, шөміш пішінінде түйісетін стелалар қобыз бейнесін де мензейді. Түйісер тубіндегі орталық тесігінде 40 металл тұтік бар. Олар жел соққан кезде қобыз сарынымен үндес дыбыс шығарады. 1997 жылы ескерткішті қалпына келтіру, жәндеу жұмыстары жүргізілді. 2000 жылы кешен жанынан мұражай ашылды. Бұл ескерткіш-кешен құллі түркі халықтарына ортақ қасиетті зиярат орындарының бірі болып саналады.

Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық

«Қорқыт ата кітабында» аңыз-әңгімелерден басқа нақыл сөздер де жиі кездеседі. Бұлардың мәнін жоймағаны соншалық, әлі күнге дейін қолданылып келеді. Бұл нақыл сөздер Берлин кітапханасында сақтаулы.

Қорқыттың нақыл сөздері



Сөзмаржан

Баят – оғыздардың баят рулары мекенде-ген жер

әулие – сәуегей, бай-лыққа қызықпайтын, адап, иманды, дін жолын ұстаган шарапаты бар адам

әзелде жазылмаса – тағдырда жазылмаса

Баят бойында Қорқыт ата дейтін бір ер тұрыпты. Ол кісі оғыз ішіндегі ең білгіші екен. Файыптан айтқан болжамдарының бәрі тұп-тура келіп отырған өулиенің көңіліне тәңірім нұр құйған ғой...

Ол алдымен оғыз қауымының мүшкіл халін айтқан. Нендей іс болса да, әбден таныспайынша, көз жеткізбейінше кіріспейтін Қорқыт атанаң сөзін халық ақыр соңына дейін ұйып тындаған.

Қорқыт ата сөйлейді:

Алла демейінше, іс түзелмес,
Тәңірі бермейінше, ер байымас.

Әзелде жазылмаса, құл басына қаза бермес,
Ажал уақыты жетпейінше, ешкім де өлмес.

Өшкен келмейді, өлген тірілмейді.

Ер жігітке қарақұрым мал бітсе, жияр, көбейтер, талап етер,
бірақ несібесінен артық жемес.

Тәкаппарлықты Тәңірі сүймес.

Көңілі пасық ерде дәулет болмас.

Қара есек басына жүген кигізсөң де, тұлпар болмас.
Күңге қамқа тон жапсаң да, ханым болмас.
Жапалақ-жапалақ қар жауса да, жазға қалмас.

Ежелгі жау ел болмас,
Ежелгі дүшпан дос болмас.

Ескі қамыс біз болмас.
Ескі макта жіп болмас.

Мінген атың қиналмайынша, жол алынбас,
Ер малын қимайынша, аты шықпас.

Қыз анадан көрмейінше, үлгі алмас.
Ұл атадан көрмейінше үгіт алмас.

Ананың көңілі балада,
Баланың көңілі далада.

Иесінің иісін аты білер.

Ұяда не көрсө, ұшқанда соны алады.

Құлан құдыққа түссе,
Құрбақа құлағында ойнайды.

Өтірік сөз өрге баспайды.

Қонағы жоқ қараша үйден құлазыған түз артық.

Мыңғырған мал жиганымен, адам жомарт атанбас.

Ана – ердің серігі, батырдың бағдаршысы, үрпақтың ұлы анасы.

Қанша қалың жауғанымен,
Қар көктемде қалмайды.
Гүл жайнаған қалың да,
Қара күзге қалмайды.

Сауыттың қасиеті қылышпен ұрғанда көрінер,
Аттың қасиеті жаудан алып шыққанда көрінер.

Жердің соны шөбін киік білер.

Жайылым жердің көгорай шалғынын құлан білер.

Айырым-айырым жол сүрлеуін түйе білер.

Тұнде керуен көшкенін қараторғай білер.

Ердің батқанын ат білер.

Ауыр жүктің салмағын тұлпар білер.

1

Білу

1. Қорқыт туралы қандай азыз-әңгімелер сақталған?
2. «Қорқыт ата кітабы» туралы қандай түсінік алдыңдар?
3. Қобыз аспабының дүниеге келуі туралы қандай мәлімет берілген?
4. «Қорқыттың өмірге келуі» туралы мәтіннен азызға тән қандай ерекшеліктерді байқадыңдар?

2

Түсіну

Неліктен азызда «Қорқыттың дүниеге келуі қандай өзгеше болса, оның бүкіл өмірі де сондай ерекше болды» деп айтылады?

3

Талдау

Қорқыттан қалған нақыл сөздерді мазмұндас мақал-мәтедермен салыстырып, талдау жасаңдар.

4

Жинақтау

Қорқыт туралы азыздар мазмұнына сүйене отырып, «Оптимистер», «Пессимистер», «Реалистер» топтық ойынын ойнаңдар. «Оптимистер» – «Қорқыт аңсаған мәңгілік өмір – адамның артына өшпес із қалдыруы», «Пессимистер» – «Қайда барсаң – Қорқыттың көрі», «Реалистер» – «Қорқыт ата нақыл сөздерінің өміршендігі» тақырыбына ой қозғандар.

5

Қолдану

1. Қорқыт атасың өмірге келгені туралы мәтінді мазмұндалап беріңдер.
2. Бұгінгі таңда ешбір өзгеріссіз қолданылатын Қорқыт ата нақылдары туралы ой бөлісіндер, нақыл сөздерін жаттап алыңдар.
3. «Қорқыт ата нақыл сөздерінің тәрбиелік мәні» тақырыбына эссе жазыңдар.
4. Қорқыт күйлерінің таспасын тауып, тындандар.

5. «Қорқыт ата кітабының» зерттелуі, қорқыттану ілімі, ғылыми-зерттеу еңбектер туралы мәліметтер қорын жинақтаңдар.

6

Баға беру

Қорқыт ата мұрасының қазіргі кездегі маңызы қандай?

Түйін

Қорқыт – VII–VIII ғасырлар аралығында Сыр бойында өмір сүрген батыр, атақты ақын, асқан қүйші, аңыз кейіпкері. Ел аудындағы аңыздарда Қорқыт ата өзінің жүйрік желмаясына мініп алып, халқына мәнгі өлмейтін өмір іздеуші, мәңгілік өмір үшін қайсар құрескер сипаттында айтылады. Өмірінің соңында «өлмейтін нәрсе жоқ екен» деген пікірге келген Қорқыт ата мәңгілік өмірді қобыз сарынынан іздейді. Ұлы қүйші, кеменгер жырау ізденген мәңгілік өмір оның өнерінде. Қорқыт атасын сиқырлы қүйлері, үлгілі сездері, мақал-мәтептеге айналып кеткен өлең-жырлары ұрпақтан ұрпаққа ауысып, мың жылдан астам уақыттан бері өмір сүріп келеді. «Қорқыт ата кітабы» – түркітілдес халықтардың, ежелгі тарихын, тұрмысын, әдет-ғұрпым, салт-дәстүрін танытатын құнды тарихи-мәдени мұра.

Әдебиет теориясы

Аңыз және әпсана

Ауыз әдебиетінің бір саласы – аңыз. **Аңыз дегеніміз** – тарихта болған әйгілі адамдар жайында немесе елдің, рудың шыққан тегі туралы, не нақтылы бір жерде өткен оқиғалар жайында тарихи шындыққа негізделген, бірақ уақыт өте келе көркем шығармаға айналып кеткен әңгіме. Аңыз әңгіме ғана емес, өлең, жыр түрінде де болуы мүмкін.

Аңыздар тарихта шын мәнісінде болған оқиғаларға құрылады әрі осы оқиғалар көбінесе нақты бір мекенмен, тау-таспен, өзен-көлмен байланыстырылады. Олар *топонимикалық аңыздар* деп аталады. Себебі олар белгілі бір географиялық нүктенің неліктен олай атала-тынын түсіндіреді. Топонимикалық аңыздарға Бурабай, Баянауыл, Шайтанкөл, Марқакөл, Екібастұз және тағы басқа көптеген жер-су аттарына байланысты аңыздар жатады.

Қазақ аңыздарының үлкен бір тобын *ғашықтардың махабbat хикаялары* құрайды. Бұларға Зарина ханшайымның, Айша бибі арудың, Балқаш қызыдың бастарынан өткен оқиғалары жатады.

Қазақ аңыздарының тағы бір тобы түркілердің оғыз ұлысынан шыққан асқан сөуегей, бақсы, қүйшілік, жыраулық өнердің атасы Қорқыт атымен байланысты.

Ата-бабаларымыздың қаһармандығын паш ететін **батырлар жайындағы аңыздар да** ауыз әдебиетімізде айрықша орын алады. Бұлардың қатарына массажеттер патшайымы Томирис (Тұмар), түріктердің ерлігін баяндайтын аңыз әңгімелер мен Отанын құтқару жолында өз өмірін құрбан еткен бақташы Шырақ туралы, тағы басқа да батырлықты дәріптеген көптеген аңыз әңгімелерді жатқызамыз.

Аңыз белгілі бір адамның атына, іс-әрекетіне байланысты туады. Кейде аңыз әңгімеде шындық оқиға мен қиял-ғажайып оқиға араласып та отырады. Бұл аңыз берегіні жақындалатады. *Ертегінің аңыздан айырмасы – аңыз әңгіме тарихта болған адамға байланысты туады.* Ол адам батыр немесе ел басшысы, шешен би немесе құрескөр де болуы мүмкін.

Аңыздар да ертегі сияқты әңгіме, жыр ретінде үрпақтан үрпаққа жеткен. Қазақ аңыздарындағы Асанқайғы, Жиренше шешен, Қарааш, Алдаркөс, Қорқыт және тағы басқалары қатардағы қарапайым адамдар ретінде суреттеледі. Қазақ аңыз әңгімелерінің де бірнеше нұсқалары кездеседі.

Әпсана дегеніміз – парсы-тәжік фольклор жанры, парсы әдебиетінің ықпалымен түркітілдес елдерде орнықкан сөз. Ол парсы тілінен аударғанда «ертегі» деген мағына береді. Әпсанада аңызға да, миф, ертегілерге де тән жанрлық белгілер ұшырасады.

Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық

Әпсана – қазақ фольклорының ертегіге жатпайтын көне жанрларының бірі. Ол – аңыз берегінің аралығындағы жанр, қарапайым халық прозасының көркем фольклорға айнала бастаған түрі. Сол себепті ол мифтің де, хикаяның да, аңыздың да жанрлық қасиеттерін бойына сіңірген, оларды қорытып, көркемдеген, сөйтіп ертегі жанрына жақындаған. Әпсаналық шығармалар өр дәүірде туып отырады. Сондықтан олардың ішінде өте көнелері де, кейін пайда болған жаңалары да болады. Олар әр дәүірге сәйкес өзгеріп, түрленіп отырады.

С.Қасқабасов. «Миф пен әпсананың тарихилығы»



Тапсырма

Өздерінің түрған жерлерінде мен сол жерден шыққан атақты адамдарға байланысты туған аңыз-әпсаналарды біліп келіңдер.

Ислам мәдениетінің қазақ жеріндегі ірі ошағы Сыр бойы, Отырар, Сайрам, Түркістан (Йасы) қалалары болды. Осы өнірден әл-Фараби, Ахмет Ясауи, Ахмет Иүгінеки, Сұлеймен Бақырғани сыңды ғұлама ғалымдар мен ақындар, Ақсақ Темірдеген атағы әлемге жайлышған әскербасылар шықты. Бүкіл түркі жұрттының рухани атасы, ислам мәдениетіндегі сопылық ағымның өкілі Ахмет Ясауи – қазақ мәдениеті мен тарихында ерекше орны бар айрықша тұлға.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ



ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ
(XI ғ.)

Қожа Ахмет Ясауи – түркітілдес халықтардың аса көрнекті ақыны, есімі ислам әлеміне әйгілі болған ойшыл, дана, түркілік сопылық жолды қалыптастырып, имандылық нұрын шашқан діни ағартушы, Орта Азиядағы сопылық әдебиеттің ірі өкілдерінің бірі.

Ұлы ақын, пәлсапашы, ұстаз Қожа Ахмет Ясауи қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан (бұрынғы Йасы) қаласында өмір сүрген. Зерек те, зерделі Қожа Ахмет бала жасынан білім алуды мақсат тұтқан. Алғыр азамат араб елдерінің білім ордаларын аралап шыққан. Әкесі Ибраһим мен шешесі Қараашаштың ақ тілектерімен білім іздеді, Мерке қаласында ұстаздық етті. Білім арқалап, Түркістанға оралды.

Өзін атақты Арыстан бабтың шәкірті санап, одан рухани білім алған, хикметтерінде рухани ұстазын жиі еске алып отырған. Қожа Ахмет Ясауи «Хикметтерінің» бірінде өзінің өмір жолын баяндай келе, Арыстан бабпен кездесуі туралы:

Жеті жаста Арыстан бабқа қылдым салам,
Мұстафанаң аманатын бер деп маған.
Сол мезетте мың бір зікір еттім тамам,

Зергер сөз

Ахмет Ясауи – тек дін насиҳатшысы ғана емес, сонымен бірге ол адам бойындағы ізгі қасиеттерді көкке көтере мадақтаушы, өз оқырманың сабырлы, жомарт, кішіпейіл болуға шақырған ойшыл ақын.

А.Ясаудің еңбегін адамды имандылыққа, ізглілікке жетелейтін күш, айқын бағдарлама деуге болады.

Н.Келімбетов

Бағалы дерек

Сопылық – ислам дінінде VII–VIII ғасырда пайда болған діни ағым. Сопы деген сөздің шығу тегінде екі түрлі мағына бар. Біріншіден, «суф» – жұн, мата деген мағынаны беріп, жұн матадан тігілген шекпенді софылар киетін болған деседі. Сондай-ақ, «сафос» гректің данышпан деген сөзінен шыққан.

Қожа Ахмет Ясауи соныны жаңы да, тәні де таза адам деп қабылдайды.

Нәпсім тыйып, Аллаға бет бұрдым, міне.
Құрма беріп, басым сипап, назар салды,
Сол сөтте ол дүниеге сапар салды.
Қоштасып бұл әлеммен кете барды,
Мектеп көріп, қайнап толып, тастым, міне,
– дейді.

А.Ясауи 1119–1120 жылдары Түркістанға оралады. 63 жасқа келгенде Мұхаммед пайғамбардың жасынан артық өмір сүруді дұрыс көрмей, соңғы өмірін қылуэтте (жер астындағы мекен) өткізеді.

Оның бүгінгі ұрпаққа жеткен көлемді шығармасы – «Диуани Хикмет» («Даналық кітабы»). Бұл шығарма алғаш рет 1878 жылы жеке кітап болып басылып шығады. Содан кейін ол Стамбул, Қазан, Ташкент қалаларында бірнеше рет басылады.

Ясаудің кітабын тақырыбы жағынан екі топта жіктең қарастыруға болады.

- Сопылық ілімінің мазмұнын өлең түрінде жырлаған хикметтер тобы. Бұған үгіт, насхат, өсиет үлгісінде жазылған тәлім-тәрбие сипатындағы хикметтер жатады.
- Ақынның өз кезіндегі дәуір, қоғам бейнесін жасайтын лирикалық шығармалары.

Ясауи хикметтерінің мәні, философиясының өзегі – адам. Адам «кемелдікке» жетуі үшін қажетті білімді игеруі керек. Бұл білімнің қайнары – хикмет. Хикметтерде адам жаратылышы – Жаратқан иенің ұлылығы көрсетілген. Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінде адамның табиғаты Құранда айтылғандай, су мен топыраққа телінеді. Сопылық мағынада «топырақ» – адамның жаратылыш табиғаты, парасаттылық пен қарапайымдылық.

Даналық ойдан дән ізде

Құл Қожа Ахмет, әрбір сөзің дерктеке дәрмен,
Тәліпперге (шәкірттерге) баян етсем қалмас арман.
Төрт мың төрт жұз хикмет айт ҳақ пәрменімен,
Пәрмен болса өлгеше жырласам мен.

Қожа Ахмет Ясауи



Сөзмаржан

сопы – дін жолына түскен құдайшыл адам, тақуа

хикмет – мағынасы терең сөз. Даналық, данышпандық, керемет, сырлы дүние, қасиет, мазмұнды және ауыр азап, бейнет, сұмдық деген мағынада контекске қарай қолданылады

диуан – кітап. «Диуани Хикмет» – Даналық кітабы

ақиқат – шындық

муштақ – аса ынтызар болу, аңсау, құмарту

Төрт тармақты өлеңмен жазылған бұл шығармасында ақын өзінің бала күнінен пайғамбар жасына келгенге дейінгі өмір жолын баяндайды, тіршілікте тартқан азабын, көрген қайғысын айтады, бұқара халыққа үстемдік жүргізуші хандардың, бектердің, қазылардың жіберген кемшіліктерін, жасаған қиянаттарын сынайды, бұл фәнидің жалғандығын білдіреді.

Ясауи өз хикметтерінде әділдік, мейірімділік, тақуалық, шыншылдық, ойлылық, тазалық секілді игі істермен айналысуға шақырады. Гуманист адам ретінде адами қасиеттерді қастерлеп, ислам дінін ту етіп көтеріп, Мұхаммед пайғамбардың өмірін өнеге тұтып, ғылым, біліммен айналысып, жетімдерге қол ұшын беріп, ғаріптерге демеу болып, адамгершіліктің биік сатысына көтеріліп, өркениетті ел болуды армандаған.

Ахмет Ясауи адамдар бір-біріне қамқор болып, үлкенді сыйлауға, кішіні демеп өсіруге, адал болуға, менмен, көрсекзызар, дүниеконыз болмауға, дүниебайлыққа қызықпай өмір сүрге тиіс, сонда ғана қоғам әділ, халық тарихта ұзақ өмір кешеді деп ой толғайды.

Менмендік, өркөкіректік – адамды аздыратын қасиет. Кейбір хикметтерінде өзінің бүкіл болмысымен топыраққа айналғандығын білдіретін символдық ұғымдар қолданылады: «Басым топырақ, өзім топырақ, тәнім топырақ; Хаққа қауышар ма екем деп – рухым муштақ». Ясауи дүниетанымында өулие – даңғыл жол, өйткені ол – халқына жақсы мен жаманның, ақиқат пен жалғанның арасын айыруға жөн сілтейтін, Алла рақметінің қоғамдағы көрінісі болып табылатын дана тұлға.

Зергер сөз

Жақсыға жүртты бастаған,
Дүниеге құлқы қашпаған.
Шарадан астып таспаған –
Шайхы Ахмет Ясауи.

*Ясауи шекірттерінің
өлеңі*

Ясаудің даналық ойлары Абай ойларымен үндеседі. Ол адамды бес нәрседен сақтандырады:

1. Алланың ақ жолын мойындаудан сақтан.
2. Менмен тәкаппар болма.
3. Дүние-мұлік үшін арынды сатпа.
4. Арамдықтан аулақ бол.
5. Еріншек болма.

Түркітанушы ғалым Н.Келімбетов А.Ясаудің «Даналық кітабындағы» ілім туралы: «Ақынның «Даналық кітабы» атты жыр жинағы арқылы қарапайым халық ислам өлемімен, сол дәүір үшін ілгерішіл санаған сопылық ағымның философиялық ой-пікірлерімен танысты. Әділдік жолына түсу, ақиқатты іздең табу, адамның рухани өмірінің таза болуы сияқты құбылыстарды Ахмет Ясауи ислам дінінің шарттары арқылы түсіндіруге өрекет жасады. Соның өзінде ақын өлеуметтік қайшылықтар мен теңсіздіктерді сынап, халық мұддесін ескергісі келмеген тәкаппар жандарды өшкөрелеп отырады», – дейді.

А.Ясауи өзінің өмір жолын түйіндей келіп, бұл өмірде ақиқаттан артық қасиет жоқ деген қорытынды жасайды:

Қожа Ахмет, басынды елге ие біл,
Ақиқатты ары таза сүйе біл.
Дүниекорлар кетсін бықсып өзімен,
Халық қана дүниеге ие бұл.

Түркістан қаласында жерленген Қожа Ахмет Ясауи «Әзіреті сұлтан» атандып, басына XIV ғасырдың аяғында атақты Ақсақ Темір құмбезді сағана салдырады. Ясаудің дүниетанымы, ілімінің мәні мен маңызы «Диуани Хикмет», «Миратул Қулуб», «Пақырнама» сияқты мұраларынан көрінеді. Қожа Ахмет дүниетанымының мәні – «адамның өзін-өзі тануы» арқылы «Хақты – ақиқатты тануы».

Ахмет Ясауи туындылары – бүкіл түркітілдес халықтарға ортақ мұра.

1

Білу

1. Ахмет Ясауи туралы не білдіндер? Ол кім?
2. Бүгінгі күнге жеткен шығармасы қалай деп аталады?

3. А.Ясауи «Даналық кітабында» қандай игі қасиеттер мен істерді насихаттайды? Қандай жағымсыз қылықтардан сақтандырады?
4. Ясауи кесенесінің тарихы туралы не білесіндер? «Артық болмас білгенің» айдарындағы мәліметпен танысындар.

2**Түсіну**

Ахмет Ясауи неліктен өмірінің соңғы сәттерін қылуеутте өткізді? Не үшін ақиқатты артық көрді?

3**Талдау**

Венн диаграммасы арқылы А.Ясауи ілімін Қорқыт ата тағылымымен салыстырындар.

**4****Жинақтау**

Ахмет Ясауи туралы алған түсініктерінді тірек сыйба арқылы көрсетіндер.

5**Қолдану**

1. А.Ясаудің сопылық ілімі, «Даналық кітабының» философиялық мәні туралы баяндандар.
2. Қожа Ахмет Ясауи туралы білгендерінді «Дана үкілер» техникасын пайдалану арқылы түсіндіріндер:
 - Мәтіннен негізгі (жана) ұғымдарды тауып, оларды алфавиттік ретте жазындар.
 - Мәтіннен сендер күтпеген, сендердің бұрынғы ұғымдарыңа қайшы тұрған ақпаратты табындар.
 - Сендер үшін жаңалық болған мәліметті жазындар.
 - Маңызды өмірлік даналық. Мәтіннің негізгі ойын бір сөйлеммен білдіріндер.
 - Таныс және таныс емес. Мәтіннен сендерге алдында таныс болған және мұлдем таныс емес ақпаратты табындар.

- Иллюстрациялық бейнелеу. Мәтіннің негізгі ойын сурет, сызба арқылы бейнелеп көріндер.
 - Үлгі боларлық қорытынды. Оқыған мәтіннен келешекте қажет болатын маңызды қорытынды шығарындар.
3. «Даналық кітабының» зерттелуі туралы мәліметтер жинаңдар.

6**Баға беру**

Қожа Ахмет Ясауи туралы білгендерінді «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы түсіндіріндер:

Пікір. Мәтін бойынша өзіндік пікірлерінді бір сөйлеммен жазындар.

Дәлел. Өз пікірлерінді бір сөйлеммен дәлелдендер.

Мысал. Пікірлерінді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріндер.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды шығарындар.

Артық болмас білгенің

Арыстан баб – діни аңыздар бойынша Қожа Ахмет Ясауге алғашқы ұстаз болған өулие. Арыстан баб есімі Отырар, Сайрам, Йасы өніріндегі сопылардың рухани ұстазы ретінде кеңінен жайылған. Арыстан бабтың өулиелігін халық мойындаған. Ел арасында «Арыстан бабқа түне, Қожа Ахметтен тіле» деген сөз бар. Ғылыми әдебиетте Арыстан баб жайлы мағлұматтар көп кездеспегенмен, Арыстан баб есімі Қожа Ахметтің «Диуани Хикметінде» жиі аталады. Өлең жолдарынан Арыстан бабтың ұстаздық қызметі айқын байқалады.

Арыстан баб кесенесі – көне Отырар жеріндегі сәулет өнері ескерткіші. Кесене дәлізхана, мешіт, құжырахана, азан шақыратын мұнара сияқты жеке бөлмелерден құралған. Кешенің ең көне бөлігі қабірхана болуы тиіс. Қазір де оның едені басқа бөлмелермен салыстырғанда едәуір биік. Қабір ұстіне алғашқы белгі XII ғасыр шамасында салынған. Мазар XIV ғасырда қайта жөнделген. Қазіргі уақытта Арыстан баб мазарының орнына үлкен кесене салынып, мемлекет қорғауына алынған. Бұл кесене – Орталық Азиядағы кіші қажылыш міндетті өтейтін мұсылмандардың киелі жерлерінің бірі.

<http://www.tarih.spring.kz/kk/history/medieval/figures/page1116/>

Бағалы дерек

«Даналық кітабында» ислам дінінің төрт алтын діңгегі («Мағрипат», «Тарихат», «Хақиқат» және «Шаригат») мадақталады. Мұндағы «Мағрипат» – ғылым-білім; «Тарихат» – пәни жалған қызығынан безіп, о дүниеде жарылқанатынына деген сенім, Құдайға құлшылық етудің жүйесі; «Хақиқат» – хақ шындық, яғни, сопылық ілімнің негізін айтады; «Шаригат» – мұсылмандық жолы, заңы, қағидасы туралы айтылатын парызыды орындау.

А.Ж.Жанатова. Қ.Ясаудің «Диуани хикмет» дастанындағы гуманистік идеялар

Түйін

Қожа Ахмет Ясауи – түркітілдес халықтардың көрнекті ақыны, есімі әлемге әйгілі болған ойшыл, дана, Орта Азиядағы сопылық әдебиеттің ірі өкілі. Оның сопылық ілімнің мазмұны, ғибратты ойлары тұжырымдалған хикметтерден тұратын көлемді шығармасы – «Диуани Хикмет» («Даналық кітабы»).

Әдебиет теориясы

Әдебиеттегі сопылық поэзия

Сопылық әдебиет ішкі рухани тенденция және Жаратқанға құштарлықта бастайтын сөз өнері ретінде VIII ғасырда мұсылман елдерінде қалыптасқан. Ол исламның қайнар көзі саналатын Құран мен оның хадистерінен бастау алады. Иман тақырыбына терең бойлаған алғашқы сопылар жаратылыстың таңғажайып сырлары мен Құранның ішкі мәнін және адамның болмысын ұғынуға талпыныс жасады. Негізгі мақсаты – Алланы еске ала отырып, оның әсем аттары мен сипаттарын білу, оның әмірлерін түсіну және оны сую.

Қазақ жеріндегі сопылық әдебиет Қарахан мемлекеті тұсында дамыды. Ол Ахмет Ясаудің «Даналық кітабында» көріністапты. Түркі тайпалары арасында ислам дінінің таралуына қызмет етті. Ясауи Құран мен хадисте арабша жазылған күрделі ұғымдарды түркі тілінде халық поэзиясы негізінде түсінікті, женіл етіп жеткізе білді. Ясауден кейін хикмет жазу үрдісін оның шәкірттері Ахмет Иұғінеки «Хакім ата», «Ақиқат сыйы», Сұлеймен Бақырғани «Бақырғани кітабы», «Мариям кітабы», т.б. еңбектерінде жалғастырды.

Қазақ әдебиетінде сопылық сарын жыраулар поэзиясында кеңінен көріністапқан.

Қазақ ұлттық энциклопедиясы

**Тапсырма**

Сопылых әдебиет өкілдерінің мақсаты және осы ағымды енгізудегі Ясауи еңбегі туралы әңгімелеп беріңдер.

Артық болмас білгенің

1396–1399 жылдары Әмір Темірдің бұйрығымен Қожа Ахмет Ясауи қабірінің басына кесене түрғызылған. Кесене жобасы Орталық Азия сәулет өнерінде бұйрын-соңды ұшыраспаған шатыр жабу тәсілдері қолданылуымен ерекшеленеді. Кесененің ұзындығы – 65,5 метр, ені – 46,5 метр, мұнараларын қоса есептегенде ені – 50 метр, биіктігі – 40 метр. Орталық бөлмесінің төңірегінде түрлі мақсатқа арналған 35 бөлме орналасқан, олардың біріне Қожа Ахмет Ясауи мүрдесі қойылған. Кесененің ортасында қазандық орналасқан. Мұнда жеті түрлі қымбат металл (алтын, күміс, мыс, мырыш, қалайы, қорғасын, темір) қоспасынан құйылған тайқазан бар.

Әйгілі Ақсақ Темір жасатқан Тайқазан 40 құлақты, салмағы 2 тонна, ішіне 3 тонна су сияды. Тайқазан 1935 жылы Ленинград эрмитажына жіберіліп, 1989 жылы қайта әкелінді.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – Түркістан қаласында орналасқан ортағасырлық сәулет өнерінің ескерткіші.

Қазақ ұлттық энциклопедиясы



Адамгершілік, имандылық, әділдік, инабаттылық мәселелері туралы ой толғайтын хикметтер мазмұнына үңілейік!

Хикметтер («Даналық кітабынан»)

Жеті жаста Арыстанбаб келді маған,
Хақ Мұстафа аманатын берді маған.
Сол сөтінде-ақ қоңлім тауып баян,
Нәпсім өліп, Тәңірі жолына түстім мен де.
Құрма беріп, мейірлене назар салды,
Сол заматта кеудемде бір шырақ жанды.
Еркелете шақырып қасына алды,
Мектеп барып, бес қуанып тұрдым мен де.
Уа, дариға, махаббаттың дәмін таптай,
Жар да сүймей, үйді ойлап, дүние таптай.
Ойсыз, қамсыз, шайтандықтан бойды тартпай,
Жан берерде жанталасқа түстім, міне.
Кәміл пірім қызметінде тынбай жүрдім,
Дамыл таппай, көз ілмей, зырлай жүрдім.
Әзәзілдің арбауына қынбай жүрдім,
Сосын да мен қанат қағып үштім, міне.
Сөзімді айтсам, зейін қояр барша жанға,
Жан жылуын, жүрек отын аңсағанға.
Демеу болсын ғаріп, бақыр, шаршағанға,
Кекірейген кердендерден қаштым, міне.
Қам қоңлідің қайғысына дауа болған,
Жолда шаршап, ашыққанға сая болған.
Мақшар күні махаббат ет, пана болған,
Мейірімі жоқ менмендерге қаспын, міне.
Даналардың айтары келер болды,
Қияметтің қиянаты төнер болды.
Ақымақтар айқаймен жеңер болды,
Бұл не деген замана болды, достар?
Үлкен-кіші адамнан ибалық, әдет кетті,
Қыз-бозбала, жастардан әдеп кетті.
Мінез-құлықты бұзатын әлек жетті,
Бұл не деген замана болды, достар?

Өз көркіңе өзің мәз бола берме,
Өзіңде-өзің сүқтанғаның, сірә, жөн бе?
Алланы айтып, тәубе қылғын, жөнге кел де,
Тұн үйқынды төрт бөліп, алдыңды ойла.
Күмәнсіз той бұл дүниеден барша жанның өтері,
Мал-мұлкіңе мәз болмағын, бәрі қолдан кетеді.
Ата-анаң, бауырлар, қайда кетті ойланшы,
Төрт аяқты ағаш ат саған да бір күн жетеді.
«Дүние-дүние» дей берме, бір Алла болсын айтарың,
Кісі ақысын жей көрме, ысырт көпір бар, байқағын.
Ешкім де саған жолдас боп, бірге еріп кетпейді,
Бірге тұрған бауырың мен аялап сүйген жан-жарың.
Құл Қожа Ахмет, тағат қыл, білмеймін ғұмырың неше жыл,
Не де болса жазмыштың көрерсің басқа салғаны...

Аударған Ә.Жәмішев



Сөзмаржан

хикмет – таңғаларлық ғажайып, керемет

өзәзіл – діни: шайтан, ібіліс тәрізді қаскөй рух, бұл жерде: азғырушы деген мағынада

қынғай – тайсалмау, мойымау, көнбеу

мақшар құні – о дүниедегі сұрақ құні

ысырт (сират) көпірі – о дүниедегі қыл қөпір

тәuba – шүкіршілік ету

төрт аяқты ағаш ат – табыт

жазмыш – әр адамның тағдыры құні бұрын жазылып қойылады деген түсінік

Данаалық ойдан дән ізде

Парасаты жеңсе, адам періштеден де жоғары, ал нәпсісі жеңсе, хайуаннан да те-
мен дәрежеге түседі.

А.Қыраубаева

1

Білу

1. «Хикмет» сөзін қалай түсінесіңдер?
2. Ақынның туған жерге деген сүйіспеншілігі қай жолдарда берілген?
3. Ғұмырдың мәңгі еместігін, өмір сүрудің мәнін қалай су-
реттейді?

2

Түсіну

«Даналық кітабының» мәні неде?

3

Талдау

1. «Даналық кітабының» гибратты ойларын Абайдың «Отыз сегізінші» сөзінің, «Фылым таппай мақтанба» өлеңінің мазмұнымен салыстырындар. Ортақ ойлары туралы пікірлерінді білдіріндер.
2. Оқулық, хрестоматия материалдарын пайдаланып, «Үш түрлі күнделік» толтырындар. Жұмыс нәтижесін талдандар.

Шығармадан ерекше әсер еткен немесе ой салған үзінді, дәйексөз	Жеке түсінік беру: бұл үзіндіні немесе дәйексөзді таңдауга не себеп болды? Осыған байланысты қандай сұрақтар туды?	«Мұғалімге хат» – сұрақтар

3. «Даналық кітабында» адам бойындағы қандай ізгі қасиеттер дәріптеледі?

4

Жинақтау

Оқулық, хрестоматия материалдарын пайдаланып, хикметтердің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.

5

Қолдану

1. Хикметтерді мәнерлеп, түсініп оқындар. Әр шумақта айтылған ойларды сараландар.
2. Топтарға бөлініп, берілген мәтінді «Кубизм» әдісімен талдандар: суреттеңдер, салыстырындар, байланыстырындар, қолданындар, дәлелдендер.
3. Синквейн әдісін қолданып, «Хикмет» сөзіне бесжолды өлең құрастырындар:
Бірінші жол – тақырыптың атауы (зат есім).
Екінші жол – тақырыпты сипаттайтын екі сөз (сын есім).
Үшінші жол – тақырып туралы қимылды білдіретін үш сөз (етістік).

Төртінші жол – тақырыпқа қатысты төрт сөзден тұратын сөз орамы.

Бесінші жол – тақырыптың мәнін ашатын бір синоним сөз.

4. «Имандылық – адам бойындағы ең ізгі қасиет» тақырыбына әссе жазындар.
5. Ахмет Ясаудің қанатты, ғибратты сөздерін қалауларың бойынша жаттаң алындар.

6

Баға беру

Хикметтерде рухани-адамгершілік, имандылық тәрбиесі қалай көрініс тапқан? Шығарманың бүгінгі таңдағы құндылығына баға беріңдер.



Әдебиет теориясы

Перифраза

Перифраза – заттың, құбылыстың тұра атын атамай, суреттеп көрсету, тұспалдап айту дегенді білдіреді. Ондағы мақсат бір сөзді басқа сөзben ауыстырып қана қою емес, бұл ұғымды өз атынан басқаша етіп атау, оны бейнелі етіп сипаттау үшін және қандайда бір эмоционалды-экспрессивті баға беру үшін қолданылады. Бұл, біріншіден, стильдік мақсатта қолданылады, яғни бір сөзді қайталап айта бермес үшін, ойды түсініктірек баяндау үшін, бір ұғымды түрлендіріп, әртүрлі атаулармен атап, жалпы мәтіннің көркемдігін арттырады. Екіншіден, перифразалар заттың, кейіпкердің қасиетін, ерекшеліктерін баса көрсетуде, оқиғаны суреттеуде образдылық жасап, айтылған ойдың әсерлілігін арттырады, сонымен бірге автордың субъективті сезімдерін білдіру үшін қолданылатын стильдік тәсіл болып табылады.

«Қазақ әдебиеті» анықтамалығы



Тапсырма

Ясау хикметтерінен перифразаларға мысалдар келтіріңдер.

XV ғасырда өмір сүріп, терең ойлы толғауларымен өшпес із қалдырған жыраулардың бірі – Шалкиіз. Ішкі тебіренісін сыртқа сарқа шығарып, қоғамдағы құбылыстарға өзіндік баға берген Шалкиіз жыраудың толғаулары да өзгеше.

ШАЛКИІЗ ЖЫРАУ



ШАЛКИІЗ ЖЫРАУ
(1465–1560)

Казак жыраулық поэзиясының өкілі Шалкиіз Тіленшіұлы Жайықтың шығыс жағалауында дуниеге келген. Болашақ жырау мұсылманша жақсы білім, сахара салтымен тәрбие алады. Ұзақ уақыт бойына Ноғайлы әміршісі Темір бидің қадірлі ақылшыларының бірі болған. Шығармаларына қарағанда, жырау билікке араласумен бірге бірде өскери жорықтар сапында, бірде әміршінің нөктері қатарында Қырым, Терістік Кавказ, Дон бойын тегіс аралап шығады.

Шалкиіздің бізге жеткен жыр-толғауларынан жыраудың ел ынтымағын, татулығын тілеп, халықтың болашағына алаңдаушылығын байқаймыз. Толғауларында жақсы мен жаман адамдарды саралап, адам деген ардақты атқа лайықсыздарды мінейді, жалған дүниенің опасыздығын, өткінші елес екенін өкінішпен білдіреді.

Шалкиіз ел басқарған хандар мен қол бастаған батырлардың ерлігі мен асыл қасиеттерін жырлап, елге үлгі етеді. Жыраудың ең көп жырлаған адамы – Темір би. Оның Темірге биге арнаған екі толғауы сақталған.

«Би Темірге бірінші толғауында» күні кеше ғана Темір би сарайында шалқып жүрген атақты жыраудың бүгін тағдыр тәлкегімен түзге тентіреуі, жырауды

Зергер сөз

Шалкиіз новатор еді. Ол қазақ поэзиясындағы философиялық бағыттың негізін салды. Өзінің философиялық-афористік поэзиясы – толғауларында Шалкиіз ойлылықтың, көркемдіктің шыңына шықты.

М.Магауин

Сөзмаржан

новатор – жаңашыл



көре алмаған орда маңындағы «қүйбеңдескен көп жаманның» жанындағы санап, қатты сенген Темір биді бұған қарсы қойғаны суреттеді. Жырау биге деген өкпесін, оның маңындағы екіжүзді қолшоқпарларына деген ашу-ызасын табиғат құбылыстарымен астастыра бейнелейді.

Аспанды бұлт құрсайды –
Күн жауарға үқсайды.
Көлдерде құлар шулайды –
Кекшіліден ол айуан
Соққы жегенге үқсайды, –

деп, жауатын күн алдындағы табиғат суреті мен өзінің көңіл қүйін, соққы жегенін:

Көп ішпінде бір жалғыз
Көп мұңайып жылайды –
Күйбеңдескен көп жаман
Сөзі тигенге үқсайды! –

деген жолдармен суреттейді.

Жақсыңдан мені кем көрдін,
Жаманыңмен тең көрдің...
Сен – алтынсың, мен – пұлмын,
Сен – жібексің, мен – жұнмін.
Сен – сұлтансың, мен – құлмын,
Сен – сұңқарсың, мен – құмын, –

деп, Темірбидің Шалқиізді атақ-дәрежесіне сай құрмет көрсетпей, шетке қаққанын бір жағы өкпе, бір жағы наразылық ретінде білдіреді. Бірақ өзінің ниетін:

Сұлтан ием, сом жүрегім аяман,
Саған дұспан – маған жау.
Керекті күні алдында
Газизлеген сұлтан, жаным аяман! –

деп, оған шын берілгендігін, адалдығын білдіреді.

Сондай-ақ Темірді «арабы торыға», «алдаспанға», «Қағбаға» теңеу арқылы шынайы бас игендігін, пір тұтқандығын, аса қадірлейтіндігін сездіреді:

Алп, алп басқан, алп басқан,
Арабы торым өзіңсің.

Даналық ойдан дән ізде

Шалқиіз жыраудың шығармаларының әр тармағында терең сыр жатыр. Жалпы жыраулық поэзияның дәстүрлік сипаты – ондағы ойдаңың астарланып, тұспалданып берілуінде. Жырау өз толғаулары арқылы тұспалдаپ та болса өз-өзіне баға беріп кетеді. Өз-өзіне баға беруде де терең мән бар. Жыраудың өзін біз көбінесе лирикалық «мені» арқылы танимыз. Осылардың ішінде жыраудың Темір би мен өзін бейнелеуінен сөз зергерлігін анық аңғарамыз.

«Дала даналары»

Жазылсы, алтын, қол кескен,
Алдаспаным өзіңсің!
Сұлтан ием, сен менің,
Бармай тапқан Қағбамсың!

Шалқиіз бұл толғауында ақылғибратқа толы жолдарын Темір биге арнай отырып, оған деген адалдығын дәлелдей түседі.

Ақылсыз достыдан,
Ақылды дұспан артық-ты,
Дұспаныңдан бір сақын.
Елі ішінде айқасып,
Ойнап жүрген достарыңдан мың сақын.
Жоғары қарап оқ атпа,
Жұық түсер қасыңа.

Жаманға сырынды қосып сөз айтпа,
Күндердің күні болғанда,
Сол жаман айғақ болар басыңа.
Жақсы да келер бұ көпке,
Жаман да келер бұ көпке,
Түгел іс қойып болмас бір кепке.

Шалқиіз өзінің **«Арық хан»**, **«Боз ұстінде от жаққан»**, **«Әжіқам, сен Мансұрұлы Тоқусан»**, **«Мен иемнің күнінде»** атты өлеңдерінде Темір бейнесін толықтыра түседі. Темір биге деген мақтандышын жасырмай, Арық хан, Әзике, Мансұр сияқты шонжарларды Темір образына қарама-қарсы бейнеде суреттейді.

Шалқиіз шығармаларында философиялық тұжырым болып келетін өсиет-өнегеге, ақыл-нақылға толы шумақтар молынан кездеседі. Мысалы:

Құсты жисаң, бүркіт жи,
Қыс тоныңды түлкі етер.
Бір жақсымен дос болсан,
Азбас, тозбас мұлкі етер.



Сөзмаржан

кекшілі – қыран құстың бірі, лашын, түйғын

қу – аққу

ғазизлеген – құрметтеген деген мағынада

арабы торым – ауысп.

Асыл тұқымды дегенді білдіреді

алдаспан – ауысп. Нарекссен қылыш

Қағба – мұсылмандардың құлшылық ететін қасиетті орны

кулік – сәйгүлік жылқы

кепке – бұл жерде: бас деген мағынада

жүмле – барлық, барша, күллі

сақын – сақтан

Даналық ойдан дән ізде

Жаман туған бар болса,
Жаман жолдас бар болса,
Жазаны содан көресің.

Шалқиіз

Бір жаманмен дос болсаң,
Күндердің күні болғанда,
Жұмле ғаламға құлкі етер, –
деп, жақсы мен жаманның парқын айырады.

Шалқиіз ақын «*Бар қүшіңді сына май*», «*Қатынасы биік көлдерден*», «*Тобылғының берігі*», «*Бостаны барды теректің*», «*Айдынға шүйсөң, тарлан шүй*», «*Шагырмақ бұлт жай тастар*» атты толғауларында адам бойында кездесетін қадір-қасиет пен қертартпа қылыштарды өмір тәжірибесіне сүйене отырып, өнеге-өситет ретінде қорытады.

Шалқиіз шығармалары қазақ, ногай, қарақалпак халықтары арасына кең тараған. Деректерге қарағанда шығармаларының алғаш қағаз бетіне түсіу – XIX ғасырдың екінші жартысы. Бұған дәлел – жырау өлеңдерінің 1874 жылы жазылған «*Қазақ өлеңдері мен қиссалары*» дейтін көне дәптерде кездесуі. Жыраудың өнегелік мәні зор толғаулары Үбырай Алтынсарин хрестоматиясынан да елеулі орын алған.

Артық болмас білгенің

Шалқиіздің бізге жеткен шығармалары негізінен жыр, толғау дәстүрінде келеді. XIX ғасырдың жетпісінші жылдарының өзінде орыс ғалымдары Шалқиіз сөздеріне көніл бөліп, География қоғамының Орынборлық бөлімшесі хаттарында орыс, қазақ тілдерінде басқан. М.Бекмұхмедов құрастырған «*Жақсы үміт*» жинағында «*Ногайлының батыры Шалгездің Темір ханға айтқаны*» деген тақырыппен берілді. Академик В.В.Радлов Шалқиіз шығармаларының бір нұсқасын түсіндірме сөздер сияқты қосымшаларымен өзінің «*Образцы*» жинағының VII томына енгізген. XIX ғасырдың аяғында Шалгездің кейбір шығармалары құмық ногайлары өлеңдерінің тұнғыш жинақтарында да басылды. Мысалы, М.Оспанов құрастырған «*Ногай және құмық жырлары*» кітабында орын алған. С.Сейфуллиннің «*Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары*» кітабында Шалгездің «*Жуан ханға айтқаны*» еңбегі басылған. Ол жырау туралы қысқа мәлімет те берді. Е.Ысмайылов өзінің «*Ақындар*» кітабында Шалгездің ірі тұлға болғанын көрсетеді. М.Мағауин Шалгездің тәңке-ріске дейінгі жинақтарда жарияланған өлеңдерін түгендеп, 1973 жылы «*Алдаспан*» жинағы арқылы оларды көпшілік назарына ұсынды. Ол өзінің «*Қобыз сарыны*» кітабында жырау мұраларын арнайы зерттеді. Жырау мұрасы «*Бес ғасыр жырлайды*», «*XV–XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы*» жинақтарында жарық көрді.

«Дала ділмарлары» кітабы

Шалқиіз толғауындағы Темір би қандай екен?

Би Темірге айтқан бірінші толғауы

Бағалы дерек

Темір би – Ноғай орда-сының билеушісі. Шалқиіз ұлықтай жырлайтын Темір би 1480 жылы Угре жорығына қатысады, XV ғасырдың 90-жылдары тарих сахнасынан кетеді.

Аспанды бұлт құрсайды –
Күн жауарға ұқсайды.
Көлдерде қулар шулайды –
Кекшіліден ол айуан
Соққы жегенге ұқсайды.
Көп ішінде бір жалғыз
Көп мұңдайып жылайды –
Күйбендеңдескен көп жаман
Сөзі тигенге ұқсайды!
Алп, алп басқан, алп басқан
Арабы торым өзіңсін,
Жазылы, алтын, қол кескен
Алдаспаным өзіңсін!
Білерді білмес не демес,
Сұлтан ием, сен менің
Бармай тапқан Қағбамсың!
Алтынды кесе сары бал
Алсам, мен саған ұсынармын,
Тал мойныма қол артсаң,
Құліктен бек ұнармын.
Көбең семіз торыңмын,
Көп құлыңың бірімін.
Жақсыңдан мені кем көрдің,
Жаманыңмен тең көрдің.
Жақсыңдан мені кем көрсөн,
Жаманыңмен тең көрсөн,
Ұялы берікке қос артып,
Сен есенде, мен сауда
Ырысымды сындаїын,
Сегіз қиыр шартараптан іздермін!
Еділден аққан сызашиқ
Біз көргенде тебінгіге
Жетер-жетпес су еді –
Телегейдей сайқалтып,
Жарқыраған беренді
Теңіз етсе, Тәңірі етті!

Сөзмаржан

құрсау – 1. Бір затты қысып тұру үшін сыртынан айналдыра ұсташқан темір шенбер. 2. ауысп. Қыспақта алу, қысу
берен – 1. Ұңғысы ұзын, шиті мылтық. 2. Пышмақ сияқты қару, қанжар.
3. ауысп. Өжет, еткір сызашиқ – жерден шығатын судың көзі

Сөздің көркі – мақал

Батырлықты айт, ерлікті айт,
Батырлықты айт, бірлікті айт,
Ынтымақ қосып, ел болып,
Жұрт жасаған тірлікті айт.

Бірлік қайда болса, ерлік
сонда,
Ерлік қайда болса, елдік
сонда.

Жақсы адам – елдің ырысы,
Жақсы сөз – жанның
тынысы.

Жақсы туса, елдің ырысы,
Жаңбыр жауса, жердің
ырысы.

Жақсымын деп мақтанба,
халық айтпай,
Батырмын деп мақтанба,
женіп қайтпай.

Жағасына қыршын біткен тал еді –
Жапырағын жайқалтып,
Терек етсе, Тәңірі етті!
Тебінгінің астынан
Ала балта суырысып,
Тепсінісіп келгенде
Тең атанаң ұлы едің,
Дөрежеңді артық етсе, Тәңірі етті!
Тобылғының берегі
Иіл болып беріш бітсе,
Айбар болар терегі.
Атанаң ұлы жақсыға
Малыңды бер де, басың қос,
Бір күні болар керегі.
Бостаны бар-ды теректің,
Болаты бар-ды беректің,
Тұсындағы болған нартың қорлама,
Тұсындағы болған нартың қорласаң,
Табылмас-ты керекте.
Айдын шүйсөң – тарлан шүй,
Көтерілген сона құтылмас.
Жауға кисең – берен ки,
Егеулеген болат өте алмас.
Есендікте малыңды бер де, батыр жи,
Басыңда қыстау іс түссе,
Дұспанның қолы жете алмас!
Бар күшінді сынамай,
Балуандармен күреспе –
Таң боларсың әлемге,
Сөз боларсың күлемге.
Ақылсыз достыдан
Ақылды дұспан артық-ты,
Дұспаныңнан бір сақын.
Елі ішінде айқасып,
Ойнап жүрген достарыңнан мың сақын.
Жоғары қарап оқ атпа,
Жуық түсер қасыңа.
Жаманға сырғыңды қосып сөз айтпа,
Күндердің күні болғанда,
Сол жаман айғақ болар басыңа.
Жақсы да келер бұз көпке,

Жаман да келер бұқ көпке,
 Түгел іс қойып болмас бір кепке.
 Сен – алтынсың, мен – пұлмын,
 Сен – жібексің, мен – жұнмін,
 Сен – сұлтансың, мен – құлмын,
 Сен – сұңқарсың, мен – құмын,
 Жемсауыңа келгенде,
 Сұлтан ием, сом жүргім аяман!
 Саған дұспан – маған жау,
 Керекті күні алдында
 Газизленген сұлтан, жаным аяман!

1**Білу**

1. Шалқиіз жырау туралы не білдіндер?
2. Жыраудың Темір биге арнаған қандай толғаулары бар?
3. «Би Темірге айтқан бірінші толғауында» жырау биді қалай сипаттайды, қандай нәрселерге теңейді?

2**Түсіну**

1. Жыраудың Темір биге толғау арнауының себебі неде?
2. Шалқиіз поэзиясындағы ойлылықтың, ақылдылықтың, кеменгерліктің сипаты қандай?

3**Талдау**

«Би Темірге айтқан бірінші толғауының» тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.

4**Жинақтау**

1. Толғаудың негізгі ойын бір сөйлеммен білдіріңдер.
2. Толғауда айтылған өсиет сөздерді жинақтаңдар.

5**Қолдану**

1. Шалқиіз толғауларының тақырыбы туралы айтып беріңдер.
2. «Би Темірге айтқан бірінші толғауында» қандай өсиет сөздер айтылған? Мағынасын түсіндіріңдер. Басқа толғауларынан өсиет сөздерді тауып жазыңдар.
3. Толғаудан метафораларды тауып, жасалу жолын түсіндіріңдер. Жыраудың тағы қандай көркемдегіш құралдарды пайдаланғанын анықтаңдар.
4. Толғаудың бір шумағын құрылышына қарай талдандар.

5. «Би Темірге айтқан бірінші толғауындағы» Темір обра-зына сипаттама беріндер. Толғаудың философиялық мөнін түсіндіріндер.
6. Толғау мазмұны бойынша берілген кестені толтырыңдар.

Толғау мазмұны	Тілі	Ой-тұжырым

6

Баға беру

Толғаудан келешекте қажет болатын қандай қорытынды шығаруға болады? Ой-пікірлерінді «Ойлан, жұптас, пікірлес» тәсілі арқылы білдіріндер. Ол үшін өркайсысың өз ойларың мен пікірлерінді ауызша немесе жазбаша дайындандар. Содан кейін жұптарыңмен талқылап, пікірлесіндер. Ой-пікірлерінді сынып алдында жарияланадар.

Артық болмас білгенің

Шалқиіз – ертедегі қазақ поэзиясының өлең өрнегін байытқан ақын. Оның шығармалары XIX ғасырдан бері қарай қағаз бетіне түсे бастады. 1875 жылы орыс және қазақ тілдерінде «Императорлық орыс география қофамы Орынбор бөлімінің жазбалары» жинағында жарияланды. Кейін аталған жинақта, «Астраханский вестник» газетінде, Ы.Алтынсариннің «Қырғыз хрестоматиясында» және басқа да жинақтарда, ал кеңес дәүірінде «Ертедегі әдебиет нұсқалары», «Алдаспан», «XV–XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы», «Бес ғасыр жырлайды» жинақтарында жарық көрді. Орталық ғылыми кітапхананың қолжазба қорына 1938 жылы алынған «Шәлгез жыраудың Би Темір ханға айтқаны» аталатын араб әрпімен жазылған 165 жолдық толғауы, сондай-ақ, Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында осы толғаудың араб әрпіндегі 86 жолдық бір жазбасы бар. Ахмеди Есқалиев 1961 жылы тапсырған соңы қолжазба «Шәлгез Құлышашақұлының Темір ханға айтқаны» деп аталады.

Қазақ ұлттық энциклопедиясы



Түйін

Жыраулар поэзиясының көрнекті өкілі Шалқиіз толғаулары өсиет-өнеге, ақыл-кеңес түрінде түйінделген ғибартты ойларымен құнды. Жыраудың ең көп жырлаған адамы – Темір би. Жыраудың Темір биге арнаған екі толғауы сақталған.

Ақтамберді жырау – жоңғарларға қарсы жорықтарға қатысқан батыр, ерлік қимылды аңсаған қаһармандық курестің жалынды жыршысы, замана қауымына танымал жырау, аты өйгілі ақын.

АҚТАМБЕРДІ ЖЫРАУ



АҚТАМБЕРДІ ЖЫРАУ
(1675–1768)

○ Даналық ойдан дән ізде

Ақтамберді жырау эпостық жанр ақыны еді. Өзинің толғауларында ол батырлардың ерлігі мен батылдығын таңдана жырлады.

М.Әуезов

Ақтамберді жырау «Ел аман болсын дәйім» деп туған жер, Отан тілегін бірінші орынға қоя білген. Халқының ер-азаматы, тере-сұлтандары, бай-батыр, жарлы-жакыбайы – түгел бір мақсатта, бір тілекте болса деп арманадайды.

Х.Сүйіншөлиев

Ақтамберді Сарыұлы Сыр суына жақын Қаратату қойнауында дүниеге келген. Ол ойрат-жоңғарлармен күрес дәүірінде өмір сүргендіктен, қонысы ауысып, балалық шағы да, бүкіл саналы ғұмыры да қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аймағында өткен.

Мейірімсіз жақын туыстарының түрткісін жасынан көп көрген жырау:

Жамаулы киім кигенім,
Жарлылық, сенен көремін.
Атадан тудым жалқы бол,
Жақыннан көрдім талқы көп.
Жасым жетпей он беске..,

деп, көрген азабы мен қыншылықтары туралы айтса да, жарқын болашақтан үмітін үзбеген:

Көрғайтын жан адам жоқ...
Қазір өлсіз болсам да,
Үмітім бар ақырдан...
Он жетіге жас жетті,
Көңілім сонда орнықты.
Жауласуға жау емес,
Жақынға қылман зорлықты.

Жыраудың ақындығымен қатар балуандық, батырлық даңқы да қатар шығады. 1723 жылы батыр-жырау өзинің белсенді ісімен де, жалынды жырымен де жоңғарларға қарсы куресті

ұйымдастырушылардың бірі болады, қазақ жасағының алдыңғы сапында шайқасады. Орта Азия хандықтарымен, қалмақтармен арадағы ұрыстарға қатысып, алғашқы кезде жеке басының ерлігімен, соңынан қолбасшылық қабілетімен көзге түседі. Сақа батырлар санатына қосылған кезде атақты «Ақтабан шұбырындының» куәгері болады. Ш. Уәлихановтың «Әрқайсысы әртараттан жортуыл жасаған жонғарлар, Еділ қалмақтары, Жайық казактары және башқұрттар қазақ ұлыстарының үйпа-түйпасын шығарды, малын, жанын айдал әкете берді. ...қақаған қыс, жұт, ашаршылық олардың халін тіпті ауырлата түсті» деп жазғанындей, осы кезде қазақ елі оңтүстікегі қалалар мен ескі мәдениет ошақтарынан айырылып, халықты зар иletken «Ақтабан шұбырынды, Алқақөл сұлама» оқиғасы басталады.

Бұл туралы жырау:

Дұшпаннан көрген қорлығым,
Сары су болды жүрекке.
Он жетіде құрсанып,
Қылыш ілдім білекке.
Жауға қарай аттандым,
Жеткіз деп, Құдай, тілекке, – деп жырлаған.

Аласапыран кезеңде туып, майданда шындалып өскен Ақтамберді жырлары қазақтардың XVIII ғасырдағы жаугершілікке толы өмірін шынайы бейнелейді. Қыын заманның қили кезеңдерін басынан кешірген ақын-жырау қолына найза ұстап, жаумен шайқасады, ерліктің үлгісін көрсетеді. Ақтамберді басынан кешірген сол бір қыын кездерді:

Жапанға біткен терекпін,
Еңсемнен жел соқса да теңселмен.
Қарағайға қарсы біткен бұтақпын,
Балталасаң да айырылман.
Сыртым – құрыш, жүзім – болат,
Тасқа да салсаң, майырылман! –

деп суреттейді. Бұл жыр жолдарынан қайсар мінезді батырдың өз бейнесін танимыз.

Елдің елдігін сақтар, оны сыртқы жаудан қорғар батыр ұлы болғандықтан, Ақтамберді өз толғауларында ерлікті, батырлықты жырлаған. Жігіттің жігіттігі туралы:

Ел шетіне жау келсе,
Алдына, сірә, дау келсе.
Батырсынған жігіттің,
Күшін сонда сынаса! –

деп, жігіттің сыналар шағы осындай қыын-қыстау кезінде деген қорытынды жасайды.

Ақтамберді жырау толғауларынан халқына деген сүйіспеншілігі айқын көрінеді. Ол:

Кеуде бір жерді жол қылсам,
Шөлең бір жерді көл қылсам,
Құрап жанды көп жиып,
Өз алдына ел қылсам! –

деп, халқының басын қосып, ел етуді армандаған.

Халық тағдырын терең ойлаған жырау, елдің ел болуын «халқы тозып кем болмас, өділ болса ұлығы» деп, ел басқарған әкімдердің әділдігімен байланыстырган.

Ақтамберді шығармалары, негізінен, өсiet-нақыл түрінде келеді. Жыраудың «*Түйе мойнын тұз кесер*», «*Күлдір-күлдір кісінетін*», «*Жылқыдан асқан мал бар ма?*» атты толғауларынан қазақ халқының мінез-құлық ерекшеліктері, болмысқа өзіндік көзқарастары анық аңғарылады. Ол жылқыны тіршілік көзі, жігіттің көркі, батырдың жан серігі, жауға мінер тұлпары деп мадақтайды.

Ақтамберді жырларындағы негізгі сарын – ерлікке үндеу, жауға қарсы құреске жігерлендіру. Ол жау қолында қалған жерлерді азат етуді аңсайды, бүкіл қазақ болып бірігіп атқа қонуды, жоңғарларға қүйрете соққы беруді армандайды. Ел қорғау жолында өлген ерде арман жоқ деп білді. «*Күлдір-күлдір кісінетін*» өлеңінде:

Күлдір-күлдір кісінетіп,
Күренді мінер ме екеміз?!

Күрек тісін ақситып,
Сұлуды сүйер ме екеміз?!

Күдеріден бау тағып,
Кіреуке тон киер ме екеміз?!

Жағасы алтын, жені жез,
Шығыршығы торғай көз,
Сауыт киер ме екенбіз?!

Сырттан сауыт киген соң,

Қоңыраулы найза қолға алыш,
Қоңыр салқын төске алыш,
Қол қашырап ма екеміз?!, –

деп өзінің ой-арманын халық арманымен астастырады.

«*Күлдір-күлдір кісінетін*» деп басталатын шығармасы – ақын арманын танытатын, тұлпар мініп ту ұстап, ел шетіне қорған боп ерлік атын шығаруды аңсаған батыр бейнесін тудырған туынды.

Жалаулы найза қолға алыш,
Жау қашырап ма екенбіз?!

«Ақтамберді қолы» деп,
«Жанайдың салған жолы» деп,
Жақсы атанар ма екенбіз?!

...Әділ туған жақсыға,
Екі даугер жүгінер.
Тізесін қисық бүрмаса,
Әділдігі білінер, –

деп, ер азамат бойынан қара қылды қақ жарған әділдікті көргісі келген.

Ақтамберді сөздері – ақыл-нақыл ретінде келетін дидактикалық сарындағы толғаулар. Ол өз жырларында құнарлы да бай жерін, орманды, өзенді өлкесін адаптациялық әдебиеттегенің аңсайды, мал өсіріп, жер өндеген адамның ел дәре-жесіне жеткізетінін насхаттайтын.

Өмірінің соңында жазған «*Балаларыма өсімет*» толғауында бірлік пен татулыққа шақырып, ел амандығын тілейді:

Бірлігіңен айрылма,
Бірлікте бар қасиет.
Татулық болар береке,
Қылмасын жұрт келеке,
Араз болсаң алты ауыз,
Елінде кірген әреке...
Ел аман болсын ылайым,
Тілегім берді бәрін де,
Разымын, Құдайым!
Бар арманым, айтайын,
Батырларша жорықта
Өлмедім оқтан қайтейін!..

Ақтамберді өмір сүрген кезең қазақ тарихында жаугершілікке қарсы құрес-тің «қаһармандық дәуірі» атанғандықтан, Отан үшін кескілескен шайқаста ерлікпен қаза табу сол кездегі өрбір нағыз ержүрек, хас батырдың арманы болған.

Жырау толғаулары нақыл сөздерге, үлгі алар ғибратқа толы болып келеді. Адамның жағымды, жағымсыз мінездері, достыққа беріктігі, ағайынға қайырым-дылығы туралы терең ой қозғайды:

Ағайының көп болса,
Ұлы шерік қолмен тең.
Білімді туған жақсылар,
Аз да болса, көппен тең.
Мінезді болса жолдасың,
Құнде сонар қызбен тең,
Жаман болса жолдасың,
Астыңнан өткен сыйбен тең...

Ақтамберді жырау Жоңгар мемлекеті талқандалып, жаудан босаған шығыс бетке қайта қоныстану кезінде қазақ руларын атамекенге біржола орнықтыру ісіне атсалысады. Өзіне қараған руларды отырықшы етіп, арық, тоған қаздырады, егін ектіреді.

Ақтамберді – тарихи тұлға, ойраттармен құрес дәуірінде атақты Қаракерей Қабанбаймен бірге қазақ қолын басқарған ерлердің бірі. Жаугершілік заманда жауға қарсы аттанған батырлар қатарында ерлік көрсеткені туралы Үмбетей жырау да, Дулат Бабатайұлы да жырларына қосқан. Оның есімі қазақ халқының тарихында аталып, ел аңыздарында орын алған.

Бағалы дерек

Тарихшы Құрбанғали Халид 1911 жылы Қазан қаласынан шыққан «Тауарих хамса» кітабында Ақтамберді жыраудың Қаракерей Қабанбаймен бірге Найманның рубасы кесемі, әскербасы батыры, аруақты ерлерінің бірі болғаны туралы мәлімет берген. Оның көзсіз батыр, қайтпас ер, тәжірибелі қолбасы болғандығын Дулат Бабатайұлы «Еспембет» дастанында Қабанбаймен қатар алып, кеңінен жырлаған. Ақын Сара Біржанмен айтысында Ақтамбердің із елінің атақты ақыны, аруақты батыры деп мақтан етеді.

[https://kk.wikipedia.org/
wiki/](https://kk.wikipedia.org/wiki/)

Артық болмас білгенің

Ақтамберді жырау 1742 жылы Орта жүз ру басшыларының Орынборда ант беру жиналышына өкіл болған. 1738–1752 жылдары қазақ-қалмақ арасында болған қанды қақтығыстардың барлығына дерлік қатысқан. Жыраудың өлі де қолға түспеген толғаулары ел аузында сақталуы ықтимал. Қазіргі қолда бары 300 жолдан аспайды.

Ақтамберді толғаулары мен жырлары «Қазақтың XVIII–XIX ғасырлардағы әдебиетінің тарихынан очерктер» (С.Мұқанов), «Ертедегі әдебиет нұсқалары», «Алдаспан», «XV–XVIII ғасырдағы қазақ поэзиясы», «Бес ғасыр жырлайды» жинақтарына енгізілген.

**«Қазақ әдебиеті»
анықтамалығы**

Бағалы дерек

Ақтамберді жыраудың туған-қайтыс болған жылдары туралы он томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» 3-томында: «XVIII ғасырдың басында туып, осы ғасырдың соңына таман қайтыс болған» деген пікір болғанмен, жыраудың 90 жастан асқаны дау туғызбайды. Ал «Бес ғасыр жырлайды», «Он ғасыр жырлайды» деген кітаптар мен М.Магауиннің «Қобыз сарыны», басқа да зерттеу еңбектерде 1675–1768 жылдар деген мәлімет танымал болғандықтан, осы нұсқа қолданылып келеді. Оның сүйегі ШҚО Абай ауданы Құндызды ауылына қарасты Жүрекадыр деген жотаға жерленген. Сол аймақтағы батыр үрпақтары басына күмбез орнатқан.

«Қазақ әдебиеті» әнциклопедиялық анықтамалығы

Зергер сөз

Ағайының көп болса,
Ұлы шерік қолмен тең.
Білімді туған жақсылар,
Аз да болса көлпен тең.

Жақсысы кеткен ауылдың,
Артынан жақсы шықпаса,
Өртеніп кеткен жермен тең.

Ақтамберді жырау

Ақын арманы қандай екен?



Сөзмаржан

курең – қоңырқай-сарғылт түс. *Бұл жерде: «курең ат» деген мағынада.*

құдері – жұмсақ етіп қолдан иленген қайыс

ақ кіреуке – сырт киімнің бір түрі

тобыршықты (тобыршық) – көне. Садақтың оғын адырнаға тіреп аттын жері

әндіген – көне. Жебениң бір түрі

адырна – садақ ағашының екі басын ұстап тұратын жебені тіреп аттын керме қайысы

тобылғы – ағашы қатты, қызыл курең түсті бұта. Тобылғы сапты қамшы – қолға ұстайтын жері (сабы) тобылғыдан жасалған қамшы

қамшы – өрім мен саптан тұратын құрал

жонсаудай – жоталы жер, жайлы қоныс

саптыаяқтай – саптыаяқ сияқты. Қатты ағаштан шауып жасалған сабы бар ыдыс

Күлдір-күлдір кісінетіп

Күлдір-күлдір кісінетіп,
Күренді мінер ме екеміз?!

Күдеріден бау тағып,
Ақ кіреуке киер ме екеміз?!

Жағасы алтын, жеңі жез,
Шығыршығы торғай көз

Сауыт киер ме екеміз?!

Ор қояндай жүгінтіп,
Аш күзендей бүгілтіп,

Жолбарыстай шұбарды
Таңдал мінер ме екеміз?!

Сол шұбарға мінген соң,
Қоңыраулы наиза қолға алып,

Қоңыр салқын төске алып,
Кол төңкөрер ме екеміз?!

Жалаулы наиза жанға алып,
Жау қашырап ма екеміз?!

Тобыршықты әндіген
Толтыра тартар ма екеміз?!

Тобылғы түбі құралай,
Быттыратып атар ма екеміз!

Жарлауға біткен жапырақ –
Жамылсақ, тоңар ма екеміз?!

Жазыққа біткен бұлдірген –
Сұғынсақ, тояр ма екеміз!

Тобылғы сапты қамшы алып,
Тұмар мойын ат мініп,

Қоныс та қарар ма екеміз!
Ел жазылып жайлауда,

Жақсылар кеңес құрғанда,
Мұртымыз өрге шаншылып,

Бұрын да сөйлер ме екеміз?!

2

От басар орны отаудай,
Қабыргасы халық орнаған жонсаудай,



Ор қояндай қабақты,
Қиған қамыс құлақты,
Сары мысықтай азулы,
Саптыаяқтай ерінді,
Қидасын кәрі жілікті,
Омырауы есіктей,
Ойынды еті бесіктей,
Табаны жалпақ тарланды
Таңбалап мінер ме екеміз?!

Сол тарланға мінген сон,
Өзен де өзен, өзен су,
Өрлерде жортар ма екеміз?!

Аңдысып жүрген дүшпанның
Бұлттан шыққан ай бетті,
Мұнардан шыққан күн бетті,
Айттырса, бермес сұлуын
Аппақ қылышп маңдайын,
Бұғақ қылышп таңдайын,
Қыылдырып қастарын,
Төгілдіріп шаштарын,
Күнінде аламанға
Тегін олжа қылар ма екеміз?!

3

Құлдір-құлдір кісінетіп,
 Қүренді мінер ме екеміз?!

Құдеріден бау тағып,
 Қамқапты киер ме екеміз?!

Өзенге бие байлатып,
 Төскейге орда орнатып,
 Төрткілдең ошақ қаздырып,
 Тәбел бие сойғызып,
 Төменде бидің кеңесін
 Біз де бір құрап ма екеміз?!

Құлаты тауға қол салып,
 Садақтың оғын мол салып,
 Бетпақтың ен бір шөлінен
 Төтелеп жүріп жол салып,
 Қолды бір бастар ма екеміз?!

Майданда дабыл қақтырып,
 Ерлердің жолын аштырып,
 Атасы басқа қалмақты
 Жұртынан шауып бостырып,
 Түйедегі наршасын,
 Әлпештеген ханшасын
 Ат артына мінгізіп,
 Тегін бір олжа қылар ма екеміз?!

Қеуде бір жерді жол қылсам,
 Шөлең бір жерді көл қылсам,
 Құрап жанды көп жиып,
 Өз алдына ел қылсам!
 Асқар бір тауды жайласам,
 Желілеп бие байласам,
 Қунде жиын, қунде той,
 Қызы-бозбала ойнатсам,
 Тентегін түзеп, байқа деп,
 Ішінен биді сайлатсам,
 Құлым бір ұлдай киінсе,
 Қөркемін көрген сүйінсе,
 Атымтай жомарт секілді
 Атағым жұртқа білінсе!
 Өзім бір бөлек жайласам,
 Жігіттен нөкер сайласам,
 Ойпаң жерге он отау,

Сөздің көркі – мақал

Бірлік еткен озар,
Бірлеспеген тозар.

Жері азған елде тоқ-
шылық болмайды,
Ері ынтымақты елде
жоқшылық болмайды.

Берекелі жерден мереке
кетпес.

Берекені көктен тілеме,
бірлігі мол көптен тіле.



Сөзмаржан

қамқапты (қамқа) – зер арапастырып тоқылған жібек мата
шөлең – қуан, шөлейт (жер), сусыз алқап
пір – қолдаушы, қорғаушы әулие атанған қажы, қазірет, ишан сияқты ірі дінбасыларына байланысты ұғым
шілтен – әулие, әнбия. «Ғайып ерен, қырық шілтен» – желеп-жебел, қолдап жүретін көзге көрінбейтін киелі бейне «Шілтеннің тиіп шылауы» – желеп-жебел, батасы тиді. Батырлар жырында жиі ұшырасады
шүләнгір – көне. Шүлән.
шүлен – мырза, дарқан, жомарт кісі

Қыраң жерге қырық шатыр тігіп,
 Қонағымды жайғасам!
 Пышақтан малым кетпесе,
 Қазаным оттан тұспесе,
 Ауылдан топыр үзілмей,
 Ошақтың оты өшпесе!
 Май жемесе қонағым,
 Қан жемесе барагым,
 Он кісіге жараса
 Бір кісіге арнап тартқан табағым!
 Халықта атым білініп,
 Шүләнгір мырза атанар ма екеміз?!

Төскейде кеңес топтанып,
 Жақсылар үйде баптанып,
 Нөкерлер журсе сап түзеп,
 Қос-қосымен шаттанып.
 Қиуадан ақыл алатын,
 Қияннан айла табатын
 Ерлерден салсам нөкерді
 Дүшпаннан кекті алатын!
 Жоны бір жалпақ жотадай,
 Мойны бір жалпақ бұқадай,
 Балуаннан нөкер барлатып,
 Қуреске салар ма екеміз?!

Артықша көзге көрініп,
 Балуаным жықса таңлатып,
 Алмасын арнап суарып,
 Ақ сауыт соқса зергерім,
 Таудағы сала бұғыны
 Аңдып бір атса мергенім!
 Қекорай көктем болғанда
 Қайрауықтың ацы қүйіндей
 Қайырып боздал күйлентіп,
 Боталаған боз іңген
 Азан-қазан, у да шу
 О да бір алса мазамды-ай!
 Алғайдың құба жонына
 Жайылған қойым сыймаса,
 Жұз бүркеншек, жұз қоспен
 Қатар жүріп жинаса!
 Қек алалы көп жылқы

Көлге бір түссе көз жетпей,
 Санап санын алуға
 Есебіне жан жетпей...
 Беглерім мінсе шұбарын,
 Жұлдындай қылып жаратып!
 Елден елді аралап,
 Тектіден текті саралап,
 Беглердің қызын айттырсам,
 Нұсқасын байқап шамалап,
 Сынға толса сияғы,
 Әлбеті шамның шырағы,
 Мұхиттан сүзіп шығарған,
 Қымбатты гаунар бағасы.
 Жұз нарға кілем жаптырып,
 Қазақтан сәнін арттырып,
 Ұзатып алсам сәнменен,
 Қөңілімді хош таптырып!
 Бала берсе тезінен,
 Пірлердің бітсе демінен,
 Шілтеннің тиіп шылауы,
 Артылып туса өзімнен!
 Осындай берген дәuletті
 Көтеріп тұра алар ма екеміз?!

1**Білу**

- Ақтамберді жырау туралы не білдіндер?
- Жырау «Күлдір-күлдір кісінетіп» толғауында елдің бақытты өмірін қандай күйде көреді? Толғау жолдарынан мысал келтіріндер.

2**Түсіну**

«Күлдір-күлдір кісінетіп» толғауының ерекшелігі неде?

3**Талдау**

Жырау толғауының басты идеясы қандай?

4**Жинақтау**

Толғаудағы жырау арманын топтастыру сызбасы арқылы көрсетіндер.

5

Қолдану

- Ақтамберді жырларының мазмұнымен хрестоматия материалдарынан, «Бабалар сөзі» топтамасынан танысындар.
- Толғауды тақырыбы мен өзекті ойына қарай талдаңдар.
- Ақтамберді жырау шығармашылығы, «Күлдір-күлдір кісінетіп» толғауының мазмұны бойынша оңай және қызын сұрақтар кестесін құрастырындар. Кестенің сол жағына өз түсініктерің бойынша оңай, ал оң жағына қызын сұрақтарды көлтіріндер. Оңай сұрақтар дегеніміз – мәтінде жауабы бар сауалдар; ал қызын сұрақтар – жауабы мәтінде жоқ, өзіндік түрғыдан жауап беруге бағытталған сауалдар.

Оңай сұрақтар

Қызын сұрақтар

- Ақтамберді жырау бейнесі туралы үзіндіні толықтырындар.

Жапанға біткен терекпін,
Еңсемнен жел соқса да теңселмен.
Қарағайға қарсы біткен бұтақпын,
Балталасаң да айырылман.
Сыртым – құрыш, жүзім – болат,
Тасқа да салсаң майырылман.

- Жырау шығармашылығындағы елдік рух пен ерлік дәстүрлері туралы айтып беріндер.
- Толғаудың көркемдік ерекшеліктеріне тоқталындар. Теңеу мен әпиттеттерді теріп жазындар.
- Толғаудың үлттық мақтанышқа, ел намысы, халық арманына толы жарқын тұстарын қаастырындар.

6

Баға беру

- Жырау толғауларындағы жақсы мен жаманның орны, ағайынның арақатынасы туралы пікір білдіріндер.
- «Күлдір-күлдір кісінетіп» толғауындағы өмір құбылыстары, адам болмысы, ел мұддесі, арман-тілегі, ер төзімін шындау, жігітті ерлікте сынау туралы ой бөлісіндер.

Ақын өсиеті қандай?



Сөзмаржан

кепиет – бұл жерде:
кесірлік, кесепаттық, жел-
буаздық танытпа деген
мағынада

әреке – бәлелі бүлік,
лаң

тегінді – тегін берілген
зат

Сөздің көркі – мақал

Алтау ала болса,
Ауыздағы кетеді.
Төртеу түгел болса,
Төбедегі келеді.

Тозған қазды
Топтанған қарға алады.

Ынтымақ түбі – игілік.
Тірлік, тірлік түбі – бірлік.

Балаларыма өсиет

Балаларыма өсиет:
Қылмаңыздар кепиет,
Бірлігіңен айырылма,
Бірлікте бар қасиет.
Татулық болар береке,
Қылмасын жұрт келеке.
Араз болсаң алты ауыз,
Еліңе кірген әреке.
Талпынып салдым егінді,
Ішсін деп әркім тегінді.
Ақылың барың ұғарсың,
Ойың болса сөзімді.
Тоқсанға жас келген соң,
Өлім жақын көрінді.
Бар арманым, айтайын,
Батырларша жорықта,
Өлмедім оқтан, қайтейін.
Ел аман болсын ылайым,
Тілегім берді бәрін де,
Разымын, Құдайым.

Артық болмас білгенің

Өсиет – белгілі бір адамның жасы жеткенде немесе жантәсілім алдындағы кейінгі ұрпақтарына, туған-туысқандарына айтып кететін ақыл, кеңесі, өтініші немесе соғы тапсырмасы. Дәстүр бойынша артында қалған адамдар айтылған өсиетті бұлжытпай орындауға тиіс.

<https://atazholy.kz/2010/06/siet/>

1

Білу

1. «Өсиет» дегенді қалай түсінесіндер?
2. Жыраудың ғибраттық ойы қандай?
3. «Бірлік» деген не? Мағынасын түсіндіріндер.
4. Жырау өсиеті бойынша ел тыныштығын сақтау үшін не істеу керек?
5. Жыраудың афоризм сөздерінен ер тұлғасы қалай танылады?

2**Түсіну**

Өлең неліктен «Балаларыма өсиет» деп аталған?

3**Талдау**

Жағымды, жағымсыз қасиеттерді салыстырындар.

4**Жинақтау**

Ақтамберді жырау толғауларын тудырған тарихи ке-
зендей, тарихи оқығаларды зерделендер.

5**Қолдану**

1. Жыраудың өсиетін қара сөзбен жазындар.
2. Дидақтикалық нақыл сөздерінен мысалдар көлтіріңдер.
3. Толғауды көркемдік ерекшеліктеріне қарай талдандар.
4. «Ел намысы – ер намысы» тақырыбында эссе жазындар.

6**Баға беру**

1. Жыраудың қазақ өдебиетіндегі орны мен тарихи тұлғасы туралы қандай қорытынды жасауға болады?
2. Жырау толғауындағы бірлік пен береке туралы пікірле-
рің қандай?

Түйін

Ақтамберді жырлары – қазақтардың XVIII ғасырдағы жаугершілікке толы өмірін шынайы бейнелейтін туындылар. Ақын-жырау қолына найза ұстап, жаумен шайқа-
сады, ерліктің үлгісін көрсетеді, жыр толғап, ел бүтіндігі мен бірлігін жырлайды.

**Әдебиет теориясы****Афоризм**

Афоризм – қысқа сөзбен түйінделген тиянақты, бейнелі ой. Ақтам-
берді жыраудың «Балаларыма өсиет» өлеңі афоризмге құрылған.

**Тапсырма**

Ақтамберді, Шалқиіз шығармаларынан афоризмдерге мысалдар келтіріңдер.

ІІ ТАРАУ

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ЭПИКАЛЫҚ САРЫН

Көркем әдебиет – қоғам өмірінің айнасы.

Қ.Жұмалиев

Әдебиет – ақырат өмірдің сырлы суреті,
халықтың көркем тарихы.

З.Қабдолов

Қоғамда болып жатқан өзгерістерге өзіндік көзқарасын білдіріп, өткен өмірді аңсау сарыны басым болған ақындар шығармаларында замана шындығы айқын көрініс берген. Сондай кең тынысты ақпа ақынның бірі – Мұрат Мөнкеұлы.

МҰРАТ МӨНКЕҰЛЫ



МҰРАТ МӨНКЕҰЛЫ
(1843–1906)

Мұрат Мөнкеұлы 1843 жылы қазіргі Атырау облысының Қызылқоға деген жерінде бай-қуатты отбасында дүниеге келген. Алайда өкесінен ерте айырылған Мұрат ағасының тәрбиесінде болады. Жастайынан өлең-жырға өуес болып, «ақын бала» атанған.

Мұрат Мөнкеұлы – патшаның отарлау саясатына қарсылық білдірген ақындардың бірі. Ақынның «*Уш қиян*», «*Сарыарқа*», «*Қазтуған*» атты толғауларында Ресейдің қазақ жерін отарлау саясаты, атамекенінен айрылған елдің зары мен мұңзы баяндалады. Мысалы, «*Уш қиян*» деген өлецінде:

Еділді тартып алғаны –
Етекке қолды салғаны.
Жайықты тартып алғаны –
Жағаға қолды салғаны.
Ойылды тартып алғаны –
Ойдағысы болғаны.
Маңғыстаудан үш түбек –
Оны-дағы алғаны.
Үргеніш пен Бұхарға
Арбасын сүйреп барғаны –
Қоныстың бар ма қалғаны? –
деп күйзеледі.

Мұрат ақын мұнда құнарлы жерінен айырылған алаш азаматтарын заман тынысын дер кезінде аңғара білуге үндейді, жер

Зергер сөз

Қазақтың тарихын жазған адам Мұрат секілді ақындардың сөзін елеусіз тастай алмайды. Мұрат өлеңдерінде патша хұкуметінің қазақта жұмсаған саясаты айқын байқалады. Хұкуметтің жақсы жерлерді тартып алғаны, ел қамын жегендердің қылғаны, өлтірілгені анық айттылады.

Х.Досмұхамедұлы

тағдыры – ел тағдыры екенін баса айтып, «Еділді тартып алғаны – етекке қолды салғаны, Жайықты тартып алғаны – жағаға қолды салғаны, Ойылды тартып алғаны – ойындағысы болғаны...» – деп, ұлт тағдырындағы трагедиялық кезеңдерді шынайы суреттейді.

Өзі өмір сүрген ортаның әлеуметтік-саяси жағдайын жете түсінген ақын өзін мазалаған ойларын:

Әуелі жеңіп орыс Еділді алды,
Сарытау, Аштарханның жерін алды.
Артынан Еділден соң Нарынды алды,
Тогайдың ағаш-қамыс, талын алды.
...Қуалап Исатайды өлтірген соң,
Заманың содан бері тарылғаны...
Бір қазақ еркек болса – Махамбеттей,
Мұны да айсыз күні жазалады, –

деп қынжыла жазады.

Өлеңдерінің мазмұны ақынның шығыс мәдениеті мен түркі мәдениетін жетік білгендігін, қазақ тарихымен қатар түрік, қарашай, ауған, ноғай, орыс, татар, башқұрт халықтарының тарихымен де таныс екендігін көрсетеді.

Мұрат Мөңкеұлы жастарды Мұса би мен Асан би, Ер Едіге, Қарасай-Қази, Ер Тарғын, Қазтуған сияқты ұлгі-өнеге боларлықтай адамдардың ұлгісінде тәрбиелеу мақсатында олар туралы өлең-толғаулар шығарған. Рухани құндылықтарды сақтап қалу үшін Жиделі-Байсын жеріне көшуді насихаттаған.

Мынау Нарын деген қонысың –
Нарынбай байдың қонысы еді.
Сарықөл, Самар сынды су,
Мынау Самар деген сұыңыз –
Самарбай байдың қонысы еді...

Адамның азған белгісін жырау:

Екі кісі дауласса,
Тату бол деп айтпайды.
Екі айырып арасын,
Арасынан пара алған.
Мұсылманның баласы,
Қашуды қойды арамнан.
Шапағат, қайыр қалмады,

Жақын-жұық жараннан.
 Киім кисе – жені жоқ,
 Етегі бар да, белі жоқ.
 Бармақ сияр жері жоқ,
 Қатпа болған түйедей,
 Киеңкі болған биедей,
 Ел биледі бір сымпыс,
 Екі бұты таралған, –
 деп сипаттайды. Келер заманнан түңілген ақын:

Адыра қалғыр заманның,
 Мен жаратпаймын сүреңін! –

деп қапаланады. Ақынның бұл ұзақ өлеңінің негізгі мазмұндық желісі – жерді сақтап қалу мәселесі. «Үш қиян» өлеңі:

Заманнан заман оралған,
 Дүние шіркін соны алған.
 Адыра қалғыр, бұ қоныс,
 Қайырсыз екен азалдан, –

деп басталады да, заманында Орақ, Мамай, Телағыс, Асанқайғы, Қазтуғандар өткен атақоныстың «адыра қалып», жат жайлағанын жаны күйзеле жыр етеді. Қаруы күшті орыс патшалығының қалың өскеріне төтеп бере алмаған алмас қылышты батырлар заманы өтіп бара жатқандығын айтады:

Тұлпар мініп ту алған,
 Дүшпаның көріп қуанған,
 Алмасын қанға суарған,
 Аруақты ерлердің,
 Абырайын төккен жер.

Мұрат Мөңкеұлы 1906 жылы Жайық бойында Өрлік деген жерде дүниеден қайтады. Ресейге қосылуды қазақ халқының қайғысы деп ұққан Мұрат тәуелсіздікті аңсаған, елдің егемендігін көксеген үлттық ақын дәрежесіне көтерілді.

Зергер сөз

...Қазақ елі елдігінен айырылып, «штатқа» көніп, нағыз болдырып тұрған кезде Мұрат өмір сүрді. Мұраттың заманы – бостандық үшін «егескен ердің бәрі жер тіреген» заман, қазақтың бұрынғы кең қоныстан, сүйкімді әдеттен, еркін салттан айырыла бастаган заманы.

Х.Досмұхамедұлы

Заман, қоғам, адам туралы ақын толғанысы қандай?



Сөзмаржан

Қиян – алыс жер, шалғай; жер түбі
адыра қалу – құру, жоғалу



CD 02

Толғаудағы замана келбеті қандай?

Үш қиян

1

Заманнан заман оралған,
Дүние шіркін соны алған.
Адыра қалғыр бұл қоныс,
Қайырсыз екен азалдан.

2

Қайырсыз неге десеніз,
Асанқайғы, Қазтуған,
Орақ, Мамай, Телағыс –
Қалған екен солардан.
Біз де бір сондай болармыз,
Артық па едік олардан?!

3

Еділдің бойы – қанды қиян,
Жайықтың бойы – майлы қиян,
Маңқыстаудың бойы – шанды қиян,
Адыра қалғыр, үш қиян!
Үш қиянның ара бойынан,
Жеті жұрт кетіп, жол салған.
Жеті жұрттың кеткен жер,
Қайырсыз болған неткен жер?
Адыра қалғыр, көк Жайық,
Көпір салып өткен жер.
Асанқайғы, Қазтуған,
Орақ, Мамай, Телағыс,
Шораның шұбап кеткен жер.

4

Тұлпар мініп, ту алған,
Дұспанын көріп қуанған,
Алмасын қанға суарған
Аруақты ерлердің,
Абырайын төккен жер,

Керегесін кескен жер,
Ердің соны Исатай,
Бармағын тістеп өткен жер.

5

Жеті жұрт көшіп кеткен соң,
Атамыз қазақ баласы,
Қонып, мекен еткен жер.
Мыңдан-мыңдан жылқы айдаپ,
Жұзден-жұзден нар байлас,
Дәулеті қалың біткен жер.
Аузы түкті көуірдің,
Басы шоқты қалмақтың,
Қанын судай төккен жер.
Алма мойын аруын,
Ерлерім олжа еткен жер.
Құндердің күні болғанда,
Таршылықта қалыңды,
Қайырсыз болған неткен жер?!

6

Адыра қалғыр, көк Жайық!
Садағың сала байланып,
Астана жұртын айналып,
Ерлерім еңсеп желген жер.
Мыңдан-мыңдан жылқы айдаپ,
Ақты қойдың өрген жер.
Шалқыған дәулет мол бітіп,
Қызығын жұртым көрген жер.
Емендей белін бүгілтіп,
Жібектей жалын төгілтіп,
Еріні төмен салынған,
Құйрығы гүлдей малынған,
Құдері бел, күпшек сан,
Бедеу атқа мінген жер.
Аузы түкті көуірді,
Ерлерім айдаپ келген жер,
Қысырақтай бөлген жер.
Құндердің күні болғанда,
Таршылықта іліндің,
Жеті жұрт кетіп, бұлген жер!



Сәзмаржан

еңсеу – аңсау, көксеу
кәуір – көне. Жау,
дұшпан. Мұсылмандар
Құдайды бар, бір деп
білмеушілерді осылай
атаған. Қазіргі қолданыс-
тағы мағынасы – кәпір

7

Шаңдаттырып даласын,
Талқан етіп қаласын,
Атамыз қазақ болғанда,
Әлденеше шапқан жер.
Қоралап айдал дұспанды,
Үргеніш пенен Бұхарға,
Әлденеше сатқан жер.
Алтын ала, ақ күміс,
Қарық олжаға батқан жер,
Алтыннан тұрман таққан жер.
Қырғауылдай қызыл нар,
Қыз-келіншек жиылдып,
Қызықпенен артқан жер.
Айыр өркеш, сары інген,
Кілем жауып үстіне,
Қыл арқанмен тартқан жер.
Мыңдан жылқы айдаған,
Жүзден нарды байлаған,
Салтанат түзеп мырзалар,
Тамашаға батқан жер.
Қайырсыз да болып барады-ау!
Атамыз өткен Асан би,
Мұны да құтсыз деп айтқан жер!

8

Мұның құтсыздығының белгісі:
Алты атанаң ар жағы,
Таләкпенің бер жағы,
Сақмардың бойын жайлалаған,
Сарғая бие байлаған,
Ақсуда тайы ойнаған,
Еңсемді көүір басар деп,
Едіге бидің көшкен жер.

9

Қойды мыңдан өсірген,
Жылқыны санға жеткізген.
Арпа, қауын төктірген,
Жеріне жеміс ектірген,
Тоғыз жылдай сарғайып,

Қойына қошқар салмаған,
Еркегі қатын алмаған,
Қабыршақты, Қарасу
Қанатымды залым қияр деп,
Қарға бойлы Қастуған,
Қайғыланып көшкен жер.

10

Табаны жерге тимеген,
Маңдайы күнгे күймеген,
Тұлпардан өзге мінбеген,
Салқындыққа алқара кіс тон киген,
Салтанатқа салпы ерінді нар артып,
Сылқымдыққа жорғадан өзге мінбеген.
Жасқұстың арғы тұмсығы –
Жәңгірдің қала салдырган,
Негіз етіп қалдырган,
Нәріктің ұлы ер Шора
Айқайласып, шуласып,
Баланы көүір сұрап деп,
Мұңайып ханның көшкен жер.

11

Садағын сала байланған,
Астана жұртын айналған,
Жауды көрсө жайнаған,
Жай тасындақ қайнаған,
Мың қалмақты, кез келсе,
Айдарынан байлаған,
Көгендең қойдай айдаған –
Қараша, Қобан қанды су,
Ақтөбе, Бозаң даңды су,
Үш өзен, Самар жанды су,
Бестерек, Еділ бетінен,
Бұлдарған мен Бадашы,
Көп халықтың ішінен,
Бесешкі таудың шенінен,
Билікті көүір алар деп,
Қараның ұлы Сидақтың
Қайғыланып көшкен жер.



Сөзмаржан

алқара кіс – бұлғын
тәріздес жануар
сылқымдық –
кербездік, сәнқойлық

**Сөзмаржан**

көріш – кірпіш
қорамсақ – жебе сала-
 тын арнайы қалта

12

Алты жыл балшық бастырып,
 Тоғыз жыл керіш соқтырып,
 Сусынын шайға қандырып,
 Хандығына жұртын нандырып,
 Адыра қалғыр Аштархан,
 Әз Жәнібек хан салдырып,
 Ақылын көуірге алдырып,
 Айласы құрып, кеткен жер.

13

Бірсіндеп садақ асынған,
 Біріндеп жауды қашырған,
 Қорамсаққа қол салған,
 Қозы жауырын оқ алған.
 Атқан оғы зырқырап,
 Еділден өтіп жоғалған.
 Еділде тұрып оқ атса,
 Жайыққа оғын жоғалтқан,
 Жайықта тұрып толғаса,
 Еділге оғын жоғалтқан,
 Аштарханнан ақырса,
 Атаңа нәлет көуірдің
 Алтын туы жығылған,
 Өгіз тауда өкіртіп,
 Он екі ханды өлтірген,
 Дегеніне келтірген.
 Адыра қалғыр ит Нарын,
 Орақ пенен Мамай да,
 Ойдағы дәурен болмас деп,
 Ойран салып көрген жер.

14

Табаны жерге тимеген,
 Маңдайы күнге күймеген,
 Тұлпардан өзге мінбеген,
 Құрмаласқан құда да,
 Құдайласқан доста да,
 Артығым кетті демеген.
 Жорық жортып жүргенде.

Жылқы еті болмаса,
Өзге азық жемеген,
Боқсақтың бойы боз қамыс,
Жаңбыршының ұлы Телағыс,
Елімді көуір алар деп,
Тыным алмай көшкен жер.

15

Балығы тайдай тулаған,
Бақасы қойдай шулаған,
Жайық пенен Еділден,
Сағыз бенен Жеміңнен,
Тастан көпір салдырып,
Тайсойған мен Қарабау –
Мекен еткен жерлерің,
Шалқып жатқан көлдерің,
Дендерден бергі бауырдан
Қазтуған, Шұбак өткен жер.

16

Ақтөбе мен Қорғанша
Асанқайғы бабаның,
Қызыл тастан үй салдырып,
Он жыл тұтас отырып,
Әңгіме құрып кеткен жер.

17

Қарақұнан Қалдыбай,
Жаңғызғаш Жақсыбай,
Құлектің ұлы Қартқожақ,
Естерекұлы Тарғынның
Тарыққанда ақыл сұрай барған жер.

18

Қалдығайты, Бұлдырты,
Жер реңкін қарасаң,
Көдесінің түбі сайын бір жылқы.
Қарақыпшақ Қобыланды
Тұлпар мініп желген жер.
Аузы түкті көуірді,
Басы шоқты қалмақты,

Ерлерім айdap келген жер,
Қысырақтай бөлген жер!

19

Өлеңтінің аяғы,
Шідертінің қоспасы,
Аңқатының басы тас оба,
Он сегіз жыл атысып,
Орманбет бидің өлген жер,
Он сан ноғай бұлген жер.
Орта бойын сырлаған
Оқ жаңбырдай жауған жер,
Мұсылманның басынан
Дәреже қайтып, ауған жер!

20

Қырық таңбалы Қырымның,
Он таңбалы Ұрымның,
Он екі баулы өзбектің,
Бұрынғы он сан ноғайдың
Кетейін десе жөн таппай,
Адыра қалған үш қиян,
Қол ұстасып жүрген жер!

21

Байекек мешіт салдырған,
Шыңғырлаудың сағасы,
Елек пенен Жайықтың
Екеуінің расы,
Бесобаның даласы,
Айсаның ұлы Әттеттің
Дұспанды қырып алған жер.
Қылышын қанға малған жер!

22

Аққұмдының сағасы,
Есенбайдың құмасы,
Қос Қобданың арғысы,
Ақсудан бергі маң даала,
Қазақтағы Қалқаман,
Ноғайдагы Мұлкаман,

Еламан деген биінен
Енді қалай болар деп,
Тарыққанда ақыл сұрай барған жер!

23

Темірде қырқып күземін,
Тепсендін ногай асқан жер,
Астаусалды, Шытырлы,
Көлденең шыңдың басынан,
Қарақұм Борсық қасынан
Мал суарып асқан жер.
Маңғыстаудың үш түбек,
Үш жұз алпыс өулие,
Бес намаздың жайы үшін
Қадамдап аяқ басқан жер.

24

Ургеніш пен Бұхардан,
Қоңырат, Ташкент, Қоқаннан
Орнықты қоныс таба алмай,
Адыра қалғыр, бұл қоныс,
Асан би шұбап өткен жер,
Ногайлы шұбап босқан жер!

1

Білу

1. Мұрат Мәңкеұлы туралы не білдіңдер?
2. Өлеңде ақын заманның бұзылған себебін қайдан, неден іздейді?
3. Ақын: *Мал мен басты есептеп,*
Баланың санын алғаны –
Аңгарсаныз, жігіттер,
Замананы тағы да
Бір қырсықтың шалғаны! –
деп нені меңзейді?

2

Түсіну

1. Өлең неліктен «Үш қиян» деп аталған? Ақын қандай үш қиян туралы жыр толғайды?
2. «Қанды, майлы, шаңды қиян» деп атау себебі неде?
3. Асанқайғы, Қазтуған, Орақ, Мамай, Телағыс есімдері толғауда қандай себеппен аталады?

4. Неліктен ақын:

*Адыра қалғыр заманның
Мен жаратпаймын суренін! – дейді?*

3

Талдау

Шалқиіз, Ақтамберді жырларының тақырыбын Мұрат Мөңкеұлы толғауының тақырыбымен салыстырып, үқсас-тықтары мен айырмашылықтарын көрсетіндер.

4

Жинақтау

«Үш қиян» толғауының идеясын үш сәйлем арқылы тұ-жырымдап, қорытынды жасандар, мазмұнын тірек сызба арқылы көрсетіндер.

5

Қолдану

1. Ақын шығармашылығы туралы сұрақтар құрастырып, дұрыс жауаптарды бағалаңдар.
2. Толғаудан үзінді жаттандар.
3. М.Мөңкеұлының суреттеу шеберлігі туралы айтындер.
4. «Үш қиян» толғауындағы жер атауларының географиялық сипаттамасын жазып көрсетіндер. Ерекшеліктері туралы айтып беріндер.

6

Баға беру

1. «ПОПС формуласы» арқылы толғау мазмұны туралы ой-ларыңмен бөлісіндер:
 «Менің ойымша ...»
 «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»
 «Оны мен мына мысалдармен, фактілермен дәлелдей ала-мын...»
 «Осыған байланысты мен мынадай шешімге келдім...»
2. Жаңа заман лебіне ақынның көзқарасы қандай?
 Өз көзқарастарыңмен бөлісіндер.

Бағалы дерек

Мұрат Мөңкеұлының «Үш қиян», «Сарыарқа», «Шалгез», «Қазтуған», «Қарасай-Қази», «Орак-Мамай», т.б. толғауларында қазақ халқының бес-алты ғасырлық тарихы, тарихи оқиғалар мен тұлғалар, жер, су, қоныс, жайылым, өріс, құдышқ аттары асқан шеберлікпен баяндалады. Мұрат шығармаларында 150-ге жуық жер, су, қала аттары, 300-ден аса адам аттары кездеседі.

<http://e-history.kz/kz/contents/view/2417>

Жер тағдыры – ел тағдыры ақын өлеңінде қалай көрініс тапқан?

Сарыарқа



Сөзмаржан

талақ – Ислам дініндегі неке бұзу шарты. 1. Неке бұзылды, әйелін таstadtы деген сөз. 2. Безу, аластау – өмір қызығын талақ ету. **Бұл жерде:** елінен, жерінен аластатылды деген мағынада

көмелсіз – **бұл жерде:** көмейсіз деген ауыспалы мағынада, яғни ештеңе алмайтын, дәметпейтін

тәмәмі – барлығы

Біз көштік Сарыарқадан бермен асып,
Көлденең Сағыз бенен Жемді басып.
Ат мініп, киім киіп, тұқым алдық,
Сүйектес жақын жұрт деп араласып.
Сыртымнан бір қыстамай мін тағыпсыз,
Қонаққа сүйте ме екен келген сасып.

Қонаққа сүйте ме екен сасып келген,
Алыстан жақын жұрт деп асып келген.
Тәңір айдал Маңғыстауға еріксіз құды,
Ісім жоқ кісі өлтіріп қашып келген.
Жиенді-нағашылы сүйектес жұрт,
Күн көрдік, көшіп-қонып кәсіппенен.
Сөз айтқан өздеріңе сын емес пе,
Ел едік Беріш, Адай бірге жүрген.

Бағалы дерек

Сарыарқа – қазақтың байлығының көзі ғана емес, сонымен қатар өнер мен мәдениеттің, тарихтың көніші. Абылай заманындағы Бұқар жырау, қаз дауысты Қазыбек би, Шәкес, Шашубай, Доскей, Қасым сынды ақындар, жазушы С.Сейфуллин, композиторлар Тәттімбет, Мәди, Ұлы Отан соғысының қаһарманы Н.Әбдіров, ғалымдар А.Чижевский және Е.Бекетов, қазақтың тұнғыш ғарышкері Т.Әубебекіров – Сарыарқаның танымал тұлғалары. Бұл өнірде Ш.Уәлиханов дүниеге келген. Ғалым Қ.Сәтбаевтың маңызды ғылыми ашылулары Сарыарқа жерімен байланысты.

<https://kk.wikipedia.org/wiki/>

Бұл қоныс жеті жүрттан қалған қоныс,
Ноғайдың көшіп талақ салған қоныс.
Қазтуған, Асанқайғы, Орақ, Мамай,
Біз түгіл солардан да қалған қоныс.
Бұл қоныс жеті жүрттың кеткен қоныс.
Ноғайдың көшіп талақ еткен қоныс,
Көмелсіз қонған елін көп тоздырған
Қайырсыз сол секілді неткен қоныс?!

Әуелде құтты болса неге кетті,
Еңіреп Қазтуғанның көшкен қоныс.
Әуелі жеңіп орыс Еділді алды,
Сарытау, Аштарханның жерін де алды.
Артынан Еділден соң Нарынды алды,
Тоғайдың ағаш, қамыс, талын да алды.
Аржақтан Қайыбалды, Науша қашып,
Тарлықтың сонан бері қабынғаны.
Тәмәмі су мен нуды орыс ұстап,
Қазақтың содан жұтап шалынғаны.
Қуалап Исатайды өлтірген соң,

**Сәзмаржан**

**аңсыз жерде – айда-
лада, андаусызыда деген
мағынада**

Заманның сонан бері тарылғаны.
Ойды алды – үш Оймауыт, тоғыз Торғай
Кең қоныс мұсылманға қалынбады.
Үш қиян – жеті жүртты тоздырган жер
Жер үшін қайыры жоқ тарылмалы.
Шекшекей, Құтым қашып, Әбенди ұстап,
Ерлерге ерегескен не қылмады?!
Ерлігі бір қазақтың Махамбеттей
Оны да аңсыз жерде жазыымдады.

Артық болмас білгенің

Сарыарқа – Қазақстанның пайдалы қазбаларға бай, ірі физикалық-географиялық және табиғи-тариҳи аймағының бірі. Сарыарқа – халықтық атау. Сарыарқаға Қарағанды, Ақмола облыстарының жері толықтай, Торғай, Семей, Павлодар облысының біраз жері кіреді. Қарағанды облысының аумағы, негізінен, Сарыарқаңың орта бөлігінде орналасқан. Сондықтан да жергілікті халық осы өнірді ежелден Сарыарқа, Арқа даласы деп атаған. Сарыарқа атауы «жер бетіндегі өсімдіктері күйгендіктен, сарғайып жататын кең де үлкен жон, жалпақ үстірт, сансыз адырлы қырқа» үғымын білдіреді.

<https://kk.wikipedia.org/wiki/>

Замана хауіп етем қырланғаннан,
Қазақты айналдырды Сырды алғаннан.

Ақырып асау тайдай Орал суын
Кешегі Бекқожа мен Тұрланды алған.
Ерлігі бір жігіттің Өтендей-ақ
Оны да жазым қылды бұлғандаған.
Бұрынғы кеткен жүрттың әдетінше
Адыра құтсыз қоныс кімді алмаған?!
Бұл сөзді бәйіт еттім мұнданғаннан,
Заманға тура билік тыңдалмаған.

Қажы қашты Жалмұхамбет, Беркінменен,
Өзінің кетем деген сертіменен.

Кіндігін, кірін жуып кескен жерден
Қысылмай ер кете ме еркіменен?!
Бұрын да адыра қалғыр құтсыз еді,
Егескен ердің бәрі жер тіреген.
Қонысқа таласасыз бұл заманда,
Біз түгіл Асанқайғы тентіреген.

Бұл сөзді бәйіт еттім мұнданғаннан,
Заманға тура билік тыңдалмаған.

Шұбырып сексен үймен Алдаш кетті,
Көуірдің қорлығына түлданғаннан.
Шұбырып сексен үймен Алдаш кетті,
Тоздырды Сырда шауып Қаныбекті.
Ерлігі бір жігіттің Дәуіттей-ақ
Өлтіртті ол да орысқа ер Бөлекті.
Мақтанса үш Алшынның салмағындей,
Сырттағы Тілеу, Қабақ, қалың Шекті.
Артынан көп өскермен Мәмбет қуып,

Әкелді Орынборға ер Есетті.
Бұл сөзді біреу айтса наңбас едік,
Көзіміз көріп туды сол өсекті.

Әуелі Әлім менен Табынды алды,
Тоздырып ақсүйектің тағын да алды.
Әленді Құсеппенен Сібірге айдал,
Бұл жүрттың қара түгіл ханын да алды.
Қазақтың хан – шегесі, жер – мұрасы,
Тағынан хан тайған соң бақыры қалды.
Ұршықты, Қарашоқы, Бәкі, Балқы,
Машырық, Теке, Сарық, Мәрі халқын да алды.
Баласы мұсылманның нашарланды
Кең қоныс қайдан іздең таптыграды?

Бұл жерден дін мұсылман жеті кетті,
Біреуі екі келіп, екі кетті.
Кеткен жүрт жетеу емес, алтау екен,
Біреуін екі санап, жеті депті.
Әуелі осы жерден ноғай кетті,
Баласы мұсылманның нобай кетті.
Қазтуған, Асанқайғы, Орақ, Мамай
Әрі өтіп Тесіктаудан солай кетті.
Артынан Телағыс пен Нәрік кетті,
Өзіне ерген жүрттың алыш кетті.
Жер қарап он екі жыл желмаямен
Асан би жердің үстін танып кетті.
Ақыр да қыл жалаулы қалмақ кетті,
Қуалап Дәулеткерей солдат кетті.
Су қарап он екі жыл қайықпенен,
Асан би жердің үстін барлап кетті.

Сөзмаржан



шайқыларым (шайқы) – сайқы. Дүние қызығынан безіп, ел кезін жүретін ешкімге зияны жоқ әзілқой, сыйқақшыл, қуақы, дінге берілген адам, диуана

Жылады көшерінде шайқыларым,
Қайғының сонда білдім айтыларын.
Қонысты жүрттан қалған менікі деп,
Бұл күнде ие болған қайсыларың?!
Артынан қазақ жүрті кетем деген,
Соңынан Асан бидің жетем деген,
Айтса да кетем деп ол кете алмаған,

Соңынан Асан бидің жете алмаған.
Саураннан Тезен тауға қайта көшіп,
Әрілеп Тесіктаудан өте алмаған.

Бұл жерге сонан қайтып қазақ қонған,
Әдірә талай жүртқа азап болған.
Бас қосып Кіші жүздің ақсақалы,
Бойына үш қиянның қарап қонған.
Екі адам қарай шыққан ауылынан,
Кеңесіп Әлімұлы, Байұлынан.
Көзіммен көргенім жоқ ешбіреуін
Естімін бұрынғының дабылынан.
Есболай, Кете Әжібай қарай келген,
Қасына батыр Жары Шотан ерген.
Әжібай Сарыарқада қыстап қалып,
Керелді Есболай бай белгілеген.
Қонысқа таласасыз бұл заманда
Жер еді анайы кімнің құлышы емген?

Біздің ел қайтушы еді Сағыз жайлап,
Тепсеке суы шыққан бие байлап.
Қызыл шай, жез самаурын, саздың суы
Сәскеде пісуші еді өзер қайнап.
Шынаяқ, алтын кесе, күміс қасық,
Қыландар құюшы еді көзі жайнап.
Шақырып бір-біріне бие сойып,
Ақсақал тарқаушы еді кеңес ойлап.
Ат мініп алма мойын жібек жауып,
Мырзалар шығушы еді бұлағайлап.
Сыйласқан төре-хандай бір-бірімен,
Жұруші ек ағайынмен күліп-ойнап.
Халқымның салтанаты еске түссе,
Жүргегім өртенеді оттай жайнап.
Құдайдың құллы болсаң, бізге құлме,
Боларсың сенде біздей сорың қайнап.
Ел едік жеті баулы Беріш деген,
Аузымнан сөз шықпайды келіспеген.
Ақты қой, қылаң жылқы, қып-қызыл нар,
Тең түсіп төрт түлік мал тегістелген.



Сөзмаржан

ақты – ақ түсі басым.
Ақты қой
қылаң – ақшыл түс,
боз. Қылаң жылқы

Ел едік біз де өзіндей шалықтаған,
 Мал бітіп қалың қара қалыптаған.
 Ақты қой, қылаң жылқы, қып-қызыл нар
 Тең бітіп төрт түлік мал шауыттаған.
 Жиенді-нағашылы сүйектес жұрт,
 Қалдым ба келемежге зауықтаған.
 Сарыарқа қоныс еді көптен жүрген,
 Толықсып мал мен дәulet кетпей жүрген.
 «Таяқ жер — саяқ жүрген» дегендей-ақ,
 Осындай сезге ілінер шеттеп жүрген.

Наршөккен, Топырақшашты жылқыға жай,
 Саралжын, Маңғытпенен бәрі де сай.
 Сыймаған маң даға сонша малдан
 Құдайым тастамады бір торы тай.
 Алланың құлыш болсаң, бізге құлме,
 Боларсың Құдай қылса, сен де сондай.
 Бар еді төүір қоныс Тайсойғандай,
 Ақ шөбі семіртеді жайған малды-ай.
 Шақырып бір-біріне бие соғып,
 Ақсақал тарқаушы еді жанаralдай.

Нәл етік, зер буынған, мырзаларым,
 Текаппар ен дәuletті көтере алмай.
 Жаққан жоқ біздің елге асып-тасқан
 Ойласаң мұның түбі өлде қандай.
 Құз болса қонушы едік Қаракөлге,
 Ащылы екі жағы жайлыш жерге.
 Қекпегін іргесінен сүйреп жағып,
 Мол дәulet бітіп еді біздің елге.
 Шалқыған шалқар көлдей, қайран жүртім,
 Бытырап қоңсы болды өркімдерге.

Нарқозы – құдығы еді Есболайдың,
 Отырған күнін көріп жарлы-байдың.
 Жылқыны Тұзбұлаққа айдаш тастап,
 Суы еді жалданырған құлыш-тайдың.
 Су ішіп Нарқозыдан шыққан жылқы
 Бәйгел мен басушы еді Жездібайдың.
 Сыймаған ен даға сонша малдан



Сөзмаржан

нәл – етіктің, кебістің өкшесіне желін-бесін деп қағылатын жұқа темір

Тұяғын қалдырмады жалғыз тайдың.
 Алланың құлы болсаң, бізге күлме,
 Билігі Адайда емес бір Құдайдың.
 Базарбай, Қабыршақты, Кенен, Құрмас,
 Адыра құдық еді сұзы сырлас.
 Ат мініп алма мойын, ақ үй тігіп,
 Деменең өлі де бізді кенес құрмас.
 Байұлы он екі ата жұтаса да
 Сартылдаң бұл секілді біздей қылмас.
 Сөзіме жаман кісі түсінбейді
 Аныы ер түсінеп сөзге мұндас.

Қабанбай, Қарақалпақ, Малайсары,
 Кенжеден көрінеді елдің бәрі.
 Су ішіп Қетібайдан өрген жылқы
 Асушы ед басып өтіп Мәтеш байды.
 Бұл күнде айтқанменен нанамысың,
 Кешегі өтіп кеткен біздің жәйді.

Тайсойған, Орал бойы өскен жерім,
 Кір жуып, кіндігімді кескен жерім.
 Құрбымен жағаласып бірге жатып,
 Жарты құрт татулыққа жескен жерім.
 Тайсойған, Орал бойы жүрген жерім,
 Қызығын дәулетінің көрген жерім.
 Ат мініп мырзалардан, нар жетектеп,
 Қызылын өуестікке киген жерім.
 Қиғаш қас, оймақ ауыз, бал тамақты
 Құнінде асаулықтың сүйген жерім.
 Қой соыйп, үй басына ойын қылып,
 Жиыллып жүруші еді қыз бен келін.
 Шалқыған тасқан судай көңілін басып,
 Әркімге қоңсы атанды-ау кербездерім.

Тайсойған, Ойыл, Қиыл, Дендеріміз,
 Қарабау мекен еткен жерлеріміз.
 Жайық пен Қарабаудың тең ортасы
 Тепсеке мал жайылар кең жеріміз.
 Нарға артып толы саба, кілем жауып,
 Жиын-той, қызық еді көргеніміз.



Сөзмаржан

қоңсы – кедей
ауыл, кірме



Сөзмаржан

мұшақат – машақат,
бейнет
баттауық – өсімдік
атауы

Ат мініп арғымақтан бугілдіріп,
Бір озды Байұлында өрнегіміз.
Кең маңдай, кебеже қарын игі жақсы
Бар еді артық туған бегілеріміз.
Ту үстап, қараңғыда жау жайлаган
Көп еді аруақты ерлеріміз.
Тындасаң құлақ салып, жақсыларым,
Әртүрлі мұшақатты сөйлеріміз.
Сағызыды, Топырақшашты баса жайлап,
Құздіктен қайтушы еді елдеріміз.
Адыра мал кеткен соң иесіз қалды,
Қаз қонған баттауықты көлдеріміз.

Төртқұдық, Тұзжағасы, Алдаберген,
Қайран ел қонушы еді көлденеңнен.
Беріштің әр үйіне түскен қонақ
Жылқыдай болушы еді көлге келген.
Бұл құнде елімді айтып зарығамын,
Сағынып қайран жүртты шөлдегеннен.
Шыңырау құдығы еді Жақсыбайдың,
Төрт түлік айналасы малға жайлыш.
Жылқыны көк алалы шатырлатып
Мәңкөт пен өргізетін Қуанбайдың.
Алланың құлы болсаң, бізге құлме,
Билігі Адайда емес бір Құдайдың.
Жоқ еді тәуір құдық Балталыдан,
Боз тепсек жері жақсы, сұы шайдай.
Алланың құдіретіне шараң нешік,
Құдайым жалғыз жылда қылды мұндай.

Жоқ еді тәуір құдық Балталыдан,
Шарт өріс айналасы алты алуан.
Мол дәулет қарағаштай елден кетіп,
Кісімен бірдей болдық жаңа туған.

Сегізбай, Қаратал мен Қөшен, Тымық,
Алқада сөз сөйледім базар қылып.
Қырмызы қызыл гүлдей сан құбылып,
Дос жандар тұрушы еді үйден шығып.
Алланың құдіретіне шара нешік,
Болад деп ойладап па едік мұндай қылық?!

Баймөңке – жер сауырысы, Тілеу, Құлан,
 Қайран ел көшүші еді толықсыған.
 Шай ішіп самаурыннан сөске түсте
 Қөп еді тәкаппарсып мырзасынған.
 Алланың құлы болсаң, бізге күлме,
 Тап болар тасқан елге мұндай ылан.

Дүйсө мен Тоқпақ жайлайды Жездібайды,
 Төрт түлік айналасы малға жайлыш.
 Тай сойып екі кісіге талай берген,
 Сараң деп кетуші едік Мәтеш байды.
 Адайды сегіз арыс араладым,
 Көрмедім сіздің елден өлі ондайды.

1**Білу**

- Сарыарқа туралы не білесіндер? Географиядан алған білімдерінді пайдаланыңдар.
- Орыстың отарлау саясаты қай жолдарда айтылған?
- Толғауда есімдері аталған адамдар туралы не білесіндер?

2**Түсіну**

- Шығарманың «Сарыарқа» деп аталу себебін түсіндіріңдер.
- Жүрттың Сарыарқадан көшу себебі неде?
- Ақын неге қайғырады?
- Ақын неліктен:
*Бұл күнде елімді айтып зарыгамын,
 Сагынып қайран жүртты шөлдегеннен, – дейді?*

3**Талдау**

«Үш қиян» мен «Сарыарқа» өлеңдерінің идеялық мазмұнын салыстырыңдар. Қандай үндестік таптыңдар?

4**Жинақтау**

Өлеңнің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.

5**Қолдану**

- Өлеңде келтірілген географиялық атауларға түсінік беріңдер.
- Өздеріне ұнаған үзіндіні жаттап алыңдар.

3. Теңеу мен эпитеттерді теріп жазындар.
4. Толғау мазмұны бойынша әрбір сұрақ алдыңғы жауаптан туындалап отыратын «6 неліктен?» сұрағын құрастырындар.

6

Баға беру

Ақын келер күннен қандай үміт күтеді? Оның үміті ақталды ма?

Бағалы дерек

Ел ішіндегі әңгімелерде «Сарыарқаның» жырлану тарихы туралы былай айтылады: 1878–1879 жылдың жұтында Мұрат жалғыз түйесін жетелеп, үй ішін алып, Маңғыстауға кетіп, нағашы жұртын паналайды. Адайдың қызыба, желөкпе жігіттері: «Мұрат айтқыш дейді, сонысын байқап көрелік, өзіміздің Арапбаймен, Қашаганмен айттыстырылыш. Мұрат өз ауылында жүргенде елін, жерін, Берішін мақтап дес бермейді дейді. Енді несін мақтайды, жұтаған елін мақтай ма? Қаңғып келіп біздің елден күн көріп жүр, енді айттыстырсақ, ол жеңіледі, дандайсуын қояды», – деп ел арасына сөз жүгіртеді. Мұрат мұны естіп, бір кезеңі келер деп іштей ширығып жүреді. Осыны сезген үлкендер: «Мұндай әңгімені қойындар, Адай-Беріш әрі ағайын, әрі мұндағас елміз. Мұрат – әрі қонақ, әрі жиен. Нагашы мен жиеннің арасындағы айттыс насыраға шауып, арты жақсылыққа апармауы мүмкін, тек жүріндер», – деп қойғызыады.

Сөйтіп жүргенде Адай елінің үлкен жиыны болады. Айтушылардың әңгімесіне қарағанда 9 болыс ел жиналады. Жиын басталарда үлкендер: «Алдымен ақындарды сөйлетеік», – дейді. Сонда елдің Мәтжан деген атақты ақсақалы: «Оларың дұрыс болар. Олай болса, алдымен сөзді әрі жиен, әрі қонақ Мұратқа берелік. Елін, жерін сағынып жүрген болар немесе біздің елдің жігіттерінің сөзі тиіп жүрген болар, өз ақындарымызды кейін көрерміз», – дейді. Ел мұны мақұлдайды. Сонда іштей тынып ширығып жүрген Мұрат осы «Сарыарқасын» жырлайды. Бұл толғау осылайша туады.

Х.Досмұхамедұлы

Артық болмас білгенің

Мұрат Мәңкеұлы майталман жыршы, термеші ретінде де танылған. Мұрын жырау «Мұрат мен көрген ақындардың ішіндегі ең күштісі еді» деп бағалаған. «Өлім», «Қыз», «Арғымақ сыйласп не керек», «Аттан сұлу болар ма?», «Жалғаншы фәни жалғанда» атты термелерінде заман сырына үңліп, өмір мен өлім, жастық пен кәрілік, сұлулық туралы толғанады. «Оқудан қайтқан жігітке хат», «Еліне жазғаны», «Бір досқа» атты хат үлгісінде жазылған үш туындысы сақталған.

Ақын «Қырымның қырық батыры» жырын, Шалқиіз, Қазтуған шығармаларын жеткізушілердің бірі болған. Әсіресе, Махамбет өлеңдерін жеткізуедегі еңбегі ерекше (Махамбет жырлары Қуан жырау – Мұрат – Ұғылман ақындар арқылы біздің заманымызға жеткен). Мұрат Мөнкеұлы шығармалары «Мұрат ақынның Ғұмар Қазиұлына айтқаны», «Ақын», «Мұрат ақынның сөздері», «Бес ғасыр жырлайды», «Алқала-са әлеумет», тағы басқа жинақтарда жарияланған. Б.Қорқытовтың құрастыруымен ақынның жеке жинағы шыққан. Шығармаларын Х.Досмұхамедұлы, С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, А.Тоқмағанбетов, Қ.Жұмалиев, Б.Омаров, Қ.Мәдібай, тағы басқа ғалымдар зерттеген. Кейбір шығармалары орыс тіліне аударылған.

<http://www.ardaktylar.kz/debiet/item>

Түйін

Мұрат Мөнкеұлы – патшаның отарлау саясатына қарсылық білдірген ақындардың бірі. Елінің тәуелсіздігін аңсан, халқының қайғысы мен мұнын, арманы мен болашағын ақын өзінің «Үш қиян», «Сарыарқа» атты өлеңдеріне арқау еткен.

Әдебиет теориясы

Эпитет


Эпитет (айқындау) – грекше «сипаттау» деген мағына береді. Заттың немесе құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз. «Сарыарқа» өлеңіндегі «Қызыл шай, жez самаурын, алтын кесе, күміс қасық, алма мойын, ақ үй, қиғаш қас, оймақ ауыз, бал тамақты» деген сөздер эпитетке жатады. Ал «шалқар көлдей, суы шайдай» – теңеу сөздер.

Тапсырма

Эпитет пен теңеуге мысалдар келтіріндер.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген, ұлы Абай дәстүрін жалғастыруши, әдебиеттегі жана толқын легінің алдыңғы қатарының өкілі, шығармалары өлең, поэма, ән, аударма, әңгімелерден, сондай-ақ философиялық туындылардан тұратын Шекерім Құдайбердіұлы – қазақтың әдеби, мәдени өміріне мол мұра қалдырган ақын.

ШЕКЕРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ



ШЕКЕРІМ
ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ
(1858–1931)

Шекерім Құдайбердіұлы 1858 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы (бұрынғы Семей облысы) Абай ауданында дүниеге келген.

Шекерім – Құнанбайдың бәйбішесі Құңкеден туған Құдайбердінің ұлы, Абайдың немере інісі. Шекерімнің әкесі ерте қайтыс болған соң, атасы Құнанбай жетімдік көрмесін деп, өз бауырында еркін өсіреді.

Оның ерекше зеректігін аңғарған Абай Шекерімді өз қамқорлығына алады. Шекерім «молда сабағынан» басқа орысша да үйренеді. Ол ғылым-білім қуумен қатар, домбыра тарту, гармоньда ойнау, ән салу, саятшылық құру, сурет салу, т.б. өнермен де айналысады. Оның өнеге көрген ортасы Құнанбай ауылшының зиялды тобы, ұлы Абайдың тағылымы болды. Ол жас Шекерімнің азамат және ақын ретінде қалыптасуына ерекше өсер етеді. Абайдың кеңесімен әртурлі кітаптар оқуға машиқтанған Шекерім ақылы кемелденіп, ой-өрісі тереңдеп өседі. Ақындық өнерін де таныта бастайды. Алғашқы өлеңдері Абай үлгісімен жазылып, Абайдан Шекерім ғылым-білім алудың жолын, азаматтық мінезді

Зергер сөз

Шекерім – өз өмірін өзі жазып кеткен адам.
Қ.Мұқаметханов

қалыптастыруды да түсініп өседі. Кейінірек болып болып, ел де басқарады.

Шәкәрім 1905–1906 жылдары басқа елдерді, жерлерді көру, олардың тұрмысымен, мәдениетімен, әдебиетімен танысу үшін Араб, Түрік, Еуропа елдерін аралайды. Меккеге қажылыққа барып, Стамбул кітапханасында болады. Бұл сапар Шәкәрімге өмір, қоғам, жаратылысқа, дүниеге жаңа көзқараспен қарап, баға беруге үйретеді. Кішкентайынан қазақтың бай әдебиетінен нәр алыш өскен ақынның шығыс, батыс әдебиетімен, мәдениетімен танысуы шығармашылық еңбегіне көп өсерін тигізіп, жаңа шығармалар тудырудың себепкери болады.

Шәкәрім өлеңдерінің тақырыбы, көркемдік мазмұны алуан түрлі. Абай өнерінен үлгі алған Шәкәрім өлеңдерінен шығыс, батыс әдебиетінің сарының аңтаруға болады. Ол Хафиз ақынды қадір тұтып, бірнеше өлеңін аударып, өзінің ұстаздарының бірі санаған.

Ақын 1897 жылдың жазылған өзінің алғашқы шығармаларының бірі «*Жастарға*» деген өлеңінде ол өзін ұстазы, ақылшысы Абай дәстүрін жалғастырушы екенін көрсетті, ақын езіне де, өзгеге де Абайды бағыт сілтеуші, жолбасшы ретінде ұсынды. Өлеңде жас ақынның сезімталдығы мен көрегендігі танылды. Абайдың кемеңгерлігін, даналығын, парасатын бағалай білудің өзі Шәкәрімнің осы қасиеттерін дәлелдей түседі. Абай жиренген өсек, өтірік, мақтаншақтық, құлық, арамдық, жалқаулыққа білім жолын қарсы қояды. Шәкәрімнің Абайдан ақыл сұрап, жоғын Абайдан іздеуі өзгеше. Шәкәрім өлеңіндегі Абай – даналық, ақыл, жақсылық иесі. «*Жастарға*» атты өлеңінде ұлы ұстазының өз өмірінде алатын орны мен мәнін, тіпті кейінгі буын жастарға деген өсер-ықпалының орынды бағалап:

Жұз айтқанмен, өзгенің бәрі надан,
Жалыналық Абайға, жүр, баралық.
Мынау Абай – бір ғалым жол шығарлық,
Замандасы болмады сөзді ұғарлық.
Амалы жоқ, айналды енді бізге,
Күн туды етегіне жабысарлық! – дейді.

Шәкәрім мұрасының үлкен бір саласын оның поэмалары құрайды. Ақынның «*Қалқаман-Мамыр*», «*Еңлік-Кебек*» дастандары қазақ халқының тарихын, тұрмысы мен салтын, өдег-ғұрпын қамтитын шығармалар болса, «*Ләйлі-Мәжнүн*» дастаны – шығыс

аңызы желісімен жазылған туынды. Бұл дастандарының барлығының ортақ мазмұны әділетсіз қоғамдағы адал махаббатты, таза сезімді жырлауға құрылған.

«Еңлік-Кебек» дастанында Матай мен Тобықты арасындағы жер дауы, жесір дауынан Еңлік пен Кебек махаббаты ру намысының, мұддесінің құrbаны болады. Шәкәрім дастан сюжетіне Еңлік-Кебек оқиғасын негізге алғып, сол кездегі заман бейнесін, жастар махаббатын көрсете отырып, орын алған трагедияның себебін қоғамдық-әлеуметтік жағдаймен байланыста бейнелейді. Дастанда «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасы, жұтқа ұшыраған ел жайы, жауларын жеңіп, Шыңғыстауға келген Тобықтының осы жерді мекен етіп отырған Найман – Матаймен арадағы жер дауы суреттеледі. Өлімнен таза махаббатты биік қоя білген жастарға ру намысы деген жалған мұддені көтерген «ел жақсыларының» қанды шешімі де тоқтау бола алмайды.

Дастанда ақын Кебекті «мықты болған жас басынан», «жасы бала болса да, жаны отты» деп суреттей келе:

Он бесінде Кебектің аты шықты,
Атты, жаяу – бәріне бірдей мықты.
Көзі өткір, қара торы жігіт екен,
Орта бойлы: тапалдау, кең иықты.
Ел қамы үшін өлуге жанын салып,
Софыс десе тұrmайды, қойса байлап.
Жауға батыл, жақынға және әдепті,
Кішіні іні, үлкенді ағатайлап, –
деп ер Кебектің бейнесін ашады.

Еңліктің ішкі жан дүниесі оның сезінен айқын көрінеді. Әлеуметтік теңcіздік мәселесі де бой көтереді:

○ Даналық ойдан дән ізде

Жаратылысты, адам, қоғамды жасынан Абайша тануға тырысқан, болмыстағы шындықты Абайша бағалаған балғын жас өз бетінше білім алуға, өз бетінше өрістеп, ақындық болжам айтуда жедел машиқтанды. Кейінірек Абайдың даналығы мен сезімталдығын да лирикасына арқау етті. Ақылойы гуманистікпен толысқан, тарих ағымының шекіз екеніне қаныққан, туған жұртын сол келісімді тарих ағымынан орын алуға шақырган ірі ойшыл Шәкәрімді көресіз.

Ш.Сәтбаева

Қыздан сорлы бола ма бұл жалғанда,
Кез болмаса өзінің сүйер теңі? –
деген Еңлік сөзінен сол замандағы қыз баланың орнын байқауға
болады. Өз жағдайы туралы Еңлік Кебекке:

...Ес білмейтін ескіге кез болыппын,
Жайлды білер жақсыға қосақталмай...
...Кер кеткен кеселдігे душар болдым,
Осыдан құтыларлық бар ма лажым? –

дей келе, сақал-мұрттан нышаны жоқ, үйқыдан бас көтермейтін,
күндіз ескі жұрттан асық іздептін, есіктегі күңгө дейін тәжім ете-
тін атастырған күйеуі туралы айта келе:

Мен сорлы емей, кім сорлы, ойла, батыр,
Күйеүімнің болған соң жайы сол-ақ, –

дейді. Еңлік сөзін естіп, көп ойланған Кебек қызға: «жақсы әйел
жаман ерді тұзетпей ме» деп, ақылға салуын өтінеді. Бірақ деге-
нінен қайтпайтын Еңлік:

Өйтіп уағда бермесең, әуре етпе,
Тең көрмесең, телміртіп, тентірепте!
Қайда барсаң обалым жібермейді,
Бірақ осы сөзімді ұмытып кетпе! –

деп қайырады.

Ел татулығы мен бірлігін ойлаған Кебек соғысқа сылтау таба
алмай отырған Матай мен Тобықты арасын бұзып алмаймыз ба
деген уәжіне:

– Эй, батыр, бұл сен аитар сөзің емес,
Уайым қып сескенер кезің емес.
Келер істі жалғыз-ақ Алла білер,
Ол сенің өлшеп сатар бөзің емес.
...Шын сүймесең, сүйдім деп айтпа маған,
Шала сүйген болады құр алдаған.
Ындыныңмен ұнатсаң, бер қолыңды,
Саған сөзім қалмады енді айтпаған, –

деген кесімін айтады. Бұған шыдап тұра алмаған Кебек: «Сен
өлген жерде мен де өлемін», – деп қолын беріп, серттеседі. Алты ай
уақыт өткенде ел арасы бітімге келіп, тыныштық орнай бастаған
соң:

Даналық ойдан дән ізде

Шәкәрім Құдайбердіұлы адам, оның орны мен қызыметі, ісі мен қылышы, ақылы мен ойы, көңіл мен жүрек, түйсік, сезімі жайында, жақсы мен жаман, адалдық пен арамдық... сияқты мәселелер туралы көп философиялық толғаныстар, тебіреністер жасаған. Өсіреле, қазақ қоғамына, оның қауымдық, үлттық ерекшеліктеріне, оқу-білімінің аздығына, үйымшылықтың жоқтығына, керенаулыққа байланысты жайттарды батыл көтерген.

Абайды көп толғантқан оку, ғылым ағарту ісі, алға – болашаққа қарау Шәкәрім поэзиясында түгелге дерлік өріс табады.

М.Базарбаев

Бағалы дерек

1988 жылы Шәкәрім Құдайбердіұлы ресми түрде ақталып, оның өлмес, өшпес мұрасы халқына қайта оралды. Осы жылы ақынның өлеңдері, ән жинақтары жарық көрді. Семейдегі бір жоғары оку орнына, даңғылға, мектепке ақын есімі беріліп, ескерткіші орнатылды. Семей педагогика институты мен Шәкәрім атындағы Семей университетінде шәкәрімтану ғылыми-зерттеу орталықтары жұмыс істейді, «Шәкәрім» және «Шәкәрім әлемі» атты екі бірдей журнал жарық көруде.

*«Қазақ әдебиеті»
анықтамалығы*

Екеуі тәуекел деп кетіп қалды,
Таң атпай-ақ Ордаға жетіп барды.
Ағаштан балаған қып арша жауып,
Бекініп бір дарада жатып алды.

Қызы жоғалғанын естіген шал жылап,
қойшы елге хабар берген соң, Матай жиылдып келіп, ауылға алты ай қыстай кім келіп жүргенін біліп алады. Тобықтыға кісі салса, «Қыз дегенің немене, білмейсіз», – деп елемейді. Бұған «Қыз алды да, жөн жауап бермеді» деп, Матайлар көрші елдің жылқысын шауып алады. Ел арасы қайта бұзылып, наймандар Тобықтыға кісі салады:

Ел бұлдірмей бітелік, жөнге келсін,
Еңлік, Кебек екеуін ұстап берсін.
Шаригаттың әмірімен өлтіреміз,
Малға бітім қылмаймыз, оған сенсін.

Бітімге келмейтінін білген соң, «Тобықтылар Найманды ертіп әкеп, Кебектің жатқан жерін айтып берді». Бұл кезде Кебек пен Еңлік ұлды болып, «екеуі сол баланы қылады ермек». Бірақ жастар бақыты ұзаққа созылмайды, «қайран жастар қапыда қолға түсті».

Еңлік пен Кебектей адаптацияларда иелері өшіккен ел мен қатал заман құрбаны болады. Осындай жауыздыққа, «діні қатты надан жүртқа» айтар ақын сезі:

Жігіттер! Бұл өлеңді жазған мәнім:
Емес қой жастықпенен салған өнім.
Қас қайсы, қаза қайсы, таза қайсы?
Аларсың, көп ғибрат, байқағаның...
Әншнейін әңгіме деп құлақ салма,
Құрғана қызығымен қызын алма.

Гаділ, залым, шафқатлы – мейірімсіз,
Соларды айыра алмай, қапы қалма!

«Қалқаман-Мамыр» дастанында көтерілген тақырып «Еңлік-Кебек» шығармасында жалғасын табады. Дастан кейіпкерлері Қалқаман мен Мамыр да – бірін-бірі шын сүйген ғашықтар, бірақ рулас адамдардың балалары болғандықтан, қазақ салтының құрбандары болған жандар. Шығармада тарихта болған оқиғалар орын алғанымен, ақын сол оқиғалардың, салт-дәстүрдің түп-төркініне үцілуге шақырады.

Орыс, еуропа, шетел әдебиетін жақсы білген Ш.Құдайбердіұлы көркем аудармамен де айналысқан. Ол орыс халқының ақыны А.Пушкин романы желісінде өлеңмен «*Дубровский эңгімесі*» шығармасын жазған. Л.Толстойдың «*Ассирия патшасы Асархаддон*», «*Крез патша*», «*Уш саял*» өңгімелерін аударады. Л.Толстойдың адамзатты сую идеясы өз көзқарасымен үндестік тапқан ақын, «Танбаймын, шәкіртімін Толстойдың» деуден жалықпайды.

Шекерімнің бар өмірі мен өнерінің нысанасы, ақындық арнасы «*Адамдық борышың*» өлеңінен айқын көрінеді:

Өмірінді сарп қыл өлгеніңше,
Жоба тап,
Жол көрсет,
Келешек қамы үшін.
Қайтадан қайрылып
Қауымға келмейсің,
Барыңды,
Нәрінді тірлікте бергейсің,
Фибрат алар артыңа із қалдырсаң,
Шын бақыт,
Осыны ұқ,
Мәңгілік өлмейсің!

Шекерім Құдайбердіұлы Қазан төңкерісінен кейін де өмір сүріп, кеңестік дәуірдің алғашқы аласапыран кезеңінен өтті. Ақын 73 жасқа қараған шағында «Елу бес жыл жинаған қазынамды, оңашада қорытам ойға салып», – деп табиғат тыныштығы аясында өмір сүруге бел байлаپ, Шыңғыс тауына кетеді. Алайда онда да тыныштық таба алмайды. Жан баласына зияны жоқ,

тауда жалғыз жүрген қарт ақынды Қызыл өскер жендеттері атып өлтіріп, денесін құдыққа тастайды. Тек ел тәуелсіздігімен бірге ақын есімі еліне қайта оралды.

Артық болмас білгенің

Шәкәрім өзінің «Мұтылғанның өмірі» атты ғұмырнамалық өлеңінде бес жасында ауыл молдасынан сабак ала бастағанын жазады. Атасы оның көніліне қаяу түсірмей, бетінен қақпай, еркелетіп өсіреді, ол жөнінде ақынның өзі: «Қажы марқұм мені «жетім» деп аяп, қысып оқыта алмай, жетімді сылтау етіп, ойыма не келсе, соны істеп, ғылымсыз өстім», – деп өкіне еске алады. Алайда ақылды бала өсе келе тез ес жиып, жеті жасынан бастап, өлең сөзге бейімділігін танытады.

«Мұтылғанның өмірі» жинағы

Бағалы дерек

Құдайбердіұлының философ, тарихшы, ойшыл ретінде танылуына себепкер болған – «Үш анық», «Мұсылмандық шарты», «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты еңбектері. Олардың жазылуына да Шәкәрімнің ұлы ұстазы Абайдың ықпалы аз болмаған. Шәкәрімнің бозбала шағында оның білімділігін сезген Абай оған қазақтың шежіресін жинауды тапсырады. Абайдың осы тапсырмасын жүзеге асыру жолында Шәкәрім ел ішіндегі түрлі әнгіме-аңыздарды жинаумен қатар, Батыс пен Шығыстың әйгілі ғалымдары Әбілғазының, Жүсіп Баласағұндың, Радловтың, Бerezиннің, Аристовтың, Левшиннің, басқа да қытай, араб, парсы зерттеушілерінің еңбектерімен танысады. Оларда айтылатын түрлі топшылаулар мен тұжырымдарды саралтай отырып, шежіре еңбек жазып шығады. Ш.Құдайбердіұлы – өз өлеңдеріне арнап өн жазған композитор. Оның сезімді жүргегінен жиырмаға тарта әсем өуезді әндер туды.

«Дала данасы» кітабы

Ақынның жастарға ұсынған жолы қандай?

Жастарға

Данаалық ойдан дән ізде

Әкеміздің бір шешесінен туған Ибраһим мырза, қазақ ішінде Абай деп атайды, сол кісі мұсылманша һәм орысша ғылымға жүйрік, һәм Аллахтың берген ақылы да бүл қазақтан бөлек дана кісі еді, ержеткен соң сол кісіден тағылым алышп, әртүрлі кітаптарын оқып, насиҳатын тыңдалап, аз ғана ғылымның сәулемесін сездім.

Шекерім

Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,
Арам айла, зорлықсыз мал табалық.
Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік.
Бір білімді данышпан жан табалық.

Ал енді, олай болса, кімді алалық?
Қазақта қай жақсы бар көз саларлық?
Шын іздесек, табармыз шын ғалым,
Құнде күйлей бермелік бозбалалық.

Сақ болалық, бір шоқып, бір қаралық!
Қарауылдар мезгіл ғой, түр, қаралық!
Жұз айтқанмен, өзгенің бәрі надан,
Жалыналық Абайға, жүр, баралық!

Білімді сол кісіден ізденелік!
«Әдейі іздең біз келдік сізге» делік.
«Өмір зая болмастық өнер үйрет,
Ақылынды аяма бізге» делік.

«Көп құға көзіңізді сұзбе» делік!
«Үқпас деп, бізден үміт үзбе» делік!
«Залымдар заң үйретіп адастырды,
Бізді сал жөнделерлік ізге» делік!

Тапқан іске таласпай, шын көнелік!
Жұртқа құлкі болмалық, жөнделелік!
Арамдықпен, алдаумен күн өткізбей,
Өтірікке өлгенше, шынға өлеңік.

...Құрбыласы құллық пен айла баққан,
Олардан алдамшы деп көңілі қайтқан.
Енді бізге ақылын көрсетіп түр,
Алушы жоқ па екен деп, жастар жақтан.



CD 03

Өлеңнің идеялық
мазмұны қандай?

Данаңық ойдан дән ізде

Үш-ақ нәрсө адамның
қасиеті: ыстық қайрат,
нұрлы ақыл, жылы жүрек.

Білімдіден шықкан сөз –
Талаптыға болсын кез.

Абай

Алмасақ үміт үзер тағы жастан,
Өлсек те үмтүлалық осы бастан.
Өткізе алмай, еліне қайтса көшіп,
Қаламыз асыл түгіл ине алмастан.

Қой, ойлалық, шатылып, шатаспастан,
Оңамыз ба Абайдан бата алмастан?
Асыл алсақ, асылын аямайды,
Келді ғой, өз еліне сата алмастан.

Пұлды өтсе, үміті бар қуанбақтан,
Еңбегім жанды ғой деп жұбанбақтан.
Абай кетсе, осы елде кім қалады,
Не табамыз наданнан сұранбақтан?

Қой, жігіттер, күн болады ойланарлық,
Білім, өдет, ақылды ойға аларлық.
Надандықтан еліріп босқа жүрсек,
Мына заман көрсетер бізге тарлық!

Өзің біліп, біреуге қылсаң жарлық,
Асыл сол – ақыл, білім бойда барлық.
Айла, өтірік, арсыздық өнер емес,
Мен де анаудай болсам деп таласарлық.

Үлкендерде мінез жоқ таңданарлық,
Олардың қылған ісі ұрлық-қарлық.
Арам ойды ақыл деп ардан күсіп,
Түбінде тартқызбай ма ол бір зарлық!

Мынау Абай – бір ғалым жол шығарлық,
Замандасы болмады сөзді ұғарлық.
Амалы жоқ, айналды енді бізге,
Күн туды етегіне жабысарлық.

Пұл асылы табылса, қолға алалық,
Кісі емес ескерусіз бос қаларлық.
Күнде осындей табылмас бізге басшы,
Күн болса кейінгіде қозғаларлық.

Сөздің көркі – мақал

Өнерлі жігіт өрде озар,
Өнерсіз жігіт жер соғар.

Өнерлі өрге жүзеді.

Ынта болса адамда,
Қыын іс жоқ ғаламда.



Сөзмаржан

ғадалат – әділ

Ақыл, білім осындай ар жақтарлық,
Айласыз, өтіріксіз жан сақтарлық!
Үзіп-жұлып ұятызы атанбай-ақ,
Ақылмен жол табалық ел бастарлық!

Осыған қазақ бар ма жанасарлық,
Фылым, өнер, ақылмен санасарлық?
Жұрт алмаса, ақылын біз алалық,
Өзгедей надан емес адасарлық.

...Ойланар уақыт болды бас қосарлық,
Дұспан көп енді бізге жол тосарлық.
Арамдықтан көңілді арылталық,
Ақыл ойлап, алалға қол босарлық.

Мидағы ой-тамыр жол салалық,
Жүрекке оймен сынап апаралық!
Ақ жүректің ғадалат қылған ісін,
Қабылдауға қызығып қозгалалық!..

1

Білу

1. Шекерім Құдайбердіұлы кім?
Қандай шығармаларын білесіңдер?
2. «Жастарға» өлецинде ақын жастарды адам мінезіндегі қандай кемшіліктерден аулақ болуға шақырады?

2

Түсіну


Ақын неліктен:

*Жұз айтқанмен, өзгенің бәрі надан,
Жалыналық Абайга, жур, баралық! – дейді?*

3

Талдау

Шекерім мен Абай ұстанымындағы ұқсастық пен айырмашылықты Венн диаграммасы арқылы көрсетіңдер.



4

Жинақтау

- Ақын туралы берілген мәліметтерді түсініп оқып шығып, баяндаудың тірек сызбасын жасаңдар.
- Шәкәрім шығармашылығына байланысты тірек сызба құрындар.



- Хрестоматияда берілген «Жастарға» өлеңінің толық нұсқасын пайдаланып, ақын өлеңіндегі жастар келбетіне кластер құрындар.



5

Қолдану

- Шәкәрімнің ақын болып қалыптасу кезеңін әңгімелеп беріңдер.
- Шәкәрімнің Абай дәстүрін жалғастыруышы екенін дәлелдендер.
- Ақынның «Жастарға» өлеңіне сатылай-кешенді талдау жасаңдар.
- Өлеңдегі жастар бейнесі қандай көркемдегіш тәсілдер арқылы жасалғанын анықтаңдар.
- Өлеңдегі жастар мен қазіргі жастар келбетіне талдау жасаңдар. Ойларынды «Түйін» кестесін толтыру арқылы түжірымдаңдар.

Менің ойымша...	
Себебін былай түсіндіремін...	
Мына фактімен дәлелдей аламын...	
Былай қорытамын...	

6. Өлеңде көрініс тапқан ұлттық құндылықтарға мысалдар келтіріндер.
7. «Еліміздің болашағы – білімді жастар» тақырыбына эссе жазындар.

6**Баға беру**

1. Шекерім шығармашылығы туралы ойларыңмен бөлісіндер.
2. Жастар қандай болуы керек деп ойлайсыңдар?

Артық болмас білгенің

Шекерімнің әндерін алғаш рет нотаға түсірген – голландық А.Э.Бимбөс. Ол 1919–1922 жылдар аралығында Ақмола саяси бөлімінде нұсқаушылық қызмет атқарып жүріп, қазақ әндерін нотаға түсірумен шұғылданады. Соның нәтижесінде 1926 жылы «Музыкалық этнография» жинағында қазақтың жиырма бес әннің нотасы басылады. Осы аталған жинақтың ішінде «№ 1 Шакарим», «№ 2 Шакарим» деген атпен Шекерімнің екі әні жарық көреді. Бірақ екі әннің де өлеңі нота астына жазылмаған, тек орыс тілінде мазмұны берілген. А.Э. Бимбөс нотаға түсірген «№1 Шакарим» әннің екінші түрі А.В.Затаевичтің 1925 жылы шыққан «Қазақ халқының 1000 әні» жинағына «Тілек бата» деген атпен енген. Ал Шекерімнің «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек» деген әні А.В.Затаевичтің 1931 жылы жарық көрген «Қазақ халқының 500 әні мен күйі» деген жинағында «Шекерім Құдайбердин әні» деген атпен жарияланған. Артына аса бай мұра қалдырыған, ғажайып дарын иесі Шекерімнің әндерін нотаға түсірткен Шекерімнің ұлы Ахат әкесінің «Жастық», «Шын сырым», «Ажалсыз әскер», «Насихат», «Жаңа ойдан шығарған бір бөлек ән», «Кетермін, артымда сөз, әнім қалар», «Тыныштық жоқ, тыным жоқ», «Қалқаман – Мамыр», «Дубровский» деп аталатын он үш әнін өзінің орындауда магнитофон таспасына да жаздырыған. Шекерім сазгер ғана емес, ол музикалық аспаптардың акустикасын жете білетін, әнді қалай орындау көректігін жете менгерген өз дәүірінің озық ойлы, білімді азаматы болған.

<https://kazaksha.info/әдебиет>

Еңлік-Кебек

(поэмадан үзінді)

Әңгіме алдында аз сөз

Бұл әңгіме – 1780 жылы шамасында осы Шыңғыс тауында Матай мен Тобықты арасында болған іс. Шаригатта әкесінің атас-тырғаны жас қызыға неке есепті десе де, өзге дүниелік пайдасын ойламай, жалғыз ғана қызының қамын ойлап берер дегені. Әйтпесе «жас баланы сатып, пайдаланып, кем-кетікке беріп, обалына қал» демейді. Мен соны ойлап, Еңлік-Кебекті соншалық жазалы демеймін.

Откен адам болады көзден таса,
Өлді-өшті, оны ешкім ойламаса.
Ол кетсе де белгісі жоғалмайды,
Керектісін ескеріп, ұмытпаса.
Ақыл деген – денеге егулі дән,
Суғарылса кіреді оған да жан.
Ақылдың өсіп-өніп зораймағы –
Көрген, білген нәрседен ғибрат алған.
Есітіп, біліп, көз көріп, ойға салмақ,
Откен істен адамзат бір ұлгі алмақ.
Қызықпақ не жеккөрмек, жиіркенбек,
Бастан кешкен әр істен белгі қалмақ.
Ақылдың кей іс жауы, кей іс досы,
Бұл екі істен болмайды өмір босы.
Досынды жау, дүшпанды дос көрсетіп,
Көзді байлап нәпсінің қылғаны осы.
Қалмақ жеңіп, қазақтан алған кегін,
Қалқаман қиссасында жазып едім.
«Мың жеті жүз жиырма үшінші жыл
Ақтабан шұбырынды болды», – дедім.
Сырдан қалмақ қуған соң біздің елді,
Күні-түні шұбырып Шуға келді.
Табан тиіп жүре алмай, халі құрып,
Сұлап жатты айнала Саумал көлді.
Сонда Шақшақ Жәнібек сөз сөйлепті:
«Балалар! Осы жолды ұмытпа, – депті,
«Ақтабан шұбырынды» – мұның аты,
Құдай қосса, алармыз біз де кекті!»
Сол жерде тамам қазақ жыласыпты,

Сөзмаржан

нәпсі – құмарлық сезімі, тәбет. Нәпсінің құлы болмау. Нәпсісіне тарту – тек өз керегін ойлау
уағда – уәде
шеп құрып – қатар түзеп

Құдайдан «артын бер» деп сұрасыпты.
 Тыныққан соң қалмақтан кек алуға,
 Сөз байлап уағдамен ұнасыпты.
 Арғындар сол көшкеннен көше берді,
 Батырлары жер шалып, қоныс көрді.
 Есіл, Нұра, Сарысу, Қарқаралы,
 Шалқар көл, Ұлытаудан алды жерді.
 Орнығып қалың арғын сонда қалды,
 Жеті момын олардан өте салды.
 Ор, Елек, Ойыл, Қыл қыстамақ бол,
 Жаз жайлауга Мұғалжар тауын алды.
 Кіші жүз өте көшті Орал жаққа,
 Әбілқайыр хан еді мінген таққа.
 Мың жеті жүз отыз бір шамасында
 Орысқа уағда берген қарамаққа.
 Соны естіп, Жеті момын қайта ауыпты,
 Орыстан көреміз деп бір қауіпті.
 Мұғалжардың құншығыс жағына өтіп,
 Ірғыз, Торғай дейтүғын жер тауыпты.
 Сол жерде жайлап, қыстап жатып алды,
 Қалмақтан барымталап жиғы малды.
 Ұлы жүзде үлкен хан Әбілмәмбет,
 «Қалмақпен соғысам» деп хабар салды.
 Орта жүзден аттанды Сәмеке хан,
 Үш жүзден жиылдыпты бірталай жан.
 Шеп құрып қарама-қарсы соғысқанда,
 Қазақ женіп, қалмақтан кегін алған.
 Сол соғыс – хан Абылай келген кезі,
 Қалмақтың сыбағасын берген кезі.
 Керек болса, оқындар шежіремнен,
 Жазылған сонда анықтап түгел сөзі.
 Сонан кейін қалмақты қазақ құған,
 Жиылдып шаба берді ойдан, қырдан.
 Тарбағатай, Шыңғыстың жан-жағында,
 Қөшпелі көп қалмақ бар бұрын түрған.
 Қырылған соң қалмақтар жаман сасқан,
 Нұржайсаң, Шәуешектен өте қашқан.
 Атақоныс – Арқаны босатып ап,
 Қазақ келіп, қалмақтың орнын басқан.
 Қалмақты шабысуға Мамай келген,
 Босап қалған Шыңғысты көзі көрген.

Бағалы дерек

Кенгіrbай би Жандос-ұлы 1735 жылы Ұлытаудан ағып шығатын Кенгір өзенінің бойында дүниеге келіп, 1825 жылы Шыңғыстауда 90 жасқа келіп қайтыс болған. Ол он жеті жасында уәжді кесім айтып, Абылай ханның көзіне түсіп, би атанады. Ұлы Абай: «Кенгіrbай би ел басшысы болмаса, тоғықты әркімге сіңіп, телім болып кетер еді», – деп бағалаған.

Е.Сыздық

**Сөзмаржан**

**Арғын, Тобықты,
Матай, Жеті Момын,
Жуантаяқ, Атығай,
Қарауыл, Бәсентін –** ру аттары

**Сөзмаржан**

**жын – ескілікті ұғым
бойынша зиянды рух.
Бақсының жыны қоз-
ды.**

Барған соң Жеті момын жақсысына,
«Хан Шыңғыс босады» деп хабар берген.
Момынның жартысы айтқан «барамыз» деп,
«Атақоныс Шыңғысты аламыз» деп.
Атығай, Қарауыл мен Бәсентиін,
Көшпепті «біз осында қаламыз» деп.
Тұысқанын қия алмай, «жүр, – деп, – сен де»,
Көп айтқан Кеңгіrbай мен Қараменде.
Бос тұрган соң Шыңғысқа Матай қонған,
Біздің ел өне-міне деп жүргенде.
Тобықты, Қанжығалы көшкен сонда,
Озге Момын көше алмай қалған онда.
«Шыңғысты Матай алды» дегенді естіп,
Қанжығалы қалыпты орта жолда.
Келгені Тобықтының осы маңға,
Мың жеті жүз сексенге тақалғанда.
Елді бастап әкелген Мамай батыр,
Орда, Қекен, Ашысу, Догалаңға.
Әр топта да батыр бар некен-саяқ,
Сөйтсе де батыры көп Жуантаяқ.
Қырды алып, Бөктерге таласыпты,
Матай-Сатай дегенді тыңдамай-ак.
Қабекең де өрлепті Шидің бойын,
Шөбі шүйгін жер ғой деп малға тойын.
Кейде жау боп Матаймен, кейде бітіп,
Есіл-дерті – Шыңғыста, айтпайды ойын.
Қалқаман мен Мамырды жаздым бұрын,
Оқығандар, байқадың оның сырын.
Енді айтамын Еңлік пен Қебек сөзін,
Тағы сынап көріңіз мұның түрін.
Ту тіккен Тобықтының қос басшысы –
Жуантаяқ Тоқтамыс деген кісі.
Жамағайын жақыны сол кісінің,
Бар екен Қебек деген бір інісі.
Ол Қебек мықты болған жас басынан,
Тоқаң да тастамайды өз қасынан.
«Жасы бала болса да, жаны отты» деп,
Артық көріп не сабаз жолдасынан.
Он бесінде Қебектің аты шықты,
Атты жаяу бәріне бірдей мықты.

Көзі өткір, қараторы жігіт екен,
 Орта бойлы, тапалдау, кең иықты.
 Ел қамы үшін өлуге жанын салып,
 Соғыс десе тұрмайды қойса байлас.
 Жауға батыл, жақынға және әдепті,
 Кішіні іні, үлкенді ағатайлап.
 Ол кезде балгер болған Нысан абыз,
 Шын дәүлескер бақсының өзі нағыз.
 Жыны айта ма, кім білсін, шыны айта ма,
 Айтқаны келеді деп қылады аңыз.
 Кебек батыр өз бақтын сынамаққа,
 Әдейі іздеп келіпті балгер жаққа.
 Оңашада жалынды абызға кеп,
 «Бал ашып бер, – деді де, – біздің баққа»:
 «Ей, абыз! Аш балынды, қобызының тарт,
 Алар ақын бар болса, мойныма арт.
 Балыңа не түссе де, жасырмай айт,
 Жалғыз-ақ сол арасын қыламын шарт».
 «Шырағым, бал аштым деп мал алмаймын,
 Ол үшін саған ақыл сала алмаймын.
 Жаман айтсам жабығып қала көрме,
 Жынның сезін жасырып қала алмаймын».
 Соны айтып қобыз алды Кебекке арнап,
 Шақырды жындарының атын зарлап.
 Қара қалмақ Қорқыттың күйін тартып,
 Қобызына өн қосып кетті сарнап.
 Темір масақ жабырлап тұр сылдырлап,
 Екі көзі бақсының тым бүлдырлап.
 Індын қойып тыңдасаң сарнағанын,
 Сақтанбасаң алғандай ақылды ұрлап.
 Мұндың қоңыр дауысы шықса зарлап,
 Іктиярсыз кетеді бой шымырлап.
 «А» дейді де, тыңдайды анда-санда,
 Құлағына кеткендей жын сыбырлап.
 Екі көзін қан жауып, өңі қашып,
 Сұп-сұр болып, алартып көзін ашып.
 Шұлдір-шұлдір сөйлесіп жыныменен,
 Өзін-өзі тоқтатты өзөр басып.
 Нысан абыз қысылышын батқан терге,
 Қарады да сөйледі Кебек ерге:

Даналық ойдан дән ізде

Бұл жыр бізден кейін де жырлана береді. Әр кездің жаңа ақыны өзінше өрнектейді. Бірақ келер үрпақтың жадында осы Еңлік-Кебек махаббатының алғашқы жыршысы бол Шәкәрім тұрады. Мұхтар аға тұрады, сұрлана қарап, сұмырай заманға лагнет айтып.

Т.Молдагалиев

«Ажалың биік қабақ сұрлау қыздан,
Батырым, ондай жанға көңіл берме.
Бұл сөзді өз ойымнан айтпаймын құр,
Жын шіркін осылай деп айтқызып тұр.
Қара жартас түбінде кез келеді,
Шырағым, сондай қыздан сақтанып жүр.
Әдейі іздең бармассың, кез боларсың,
Кез болсаң, алыс емес, тез боларсың.
«Сақтыққа қорлық жүрмес» деген бар ғой,
Сақтанбасаң, артқыға сөз боларсың».
Оны есітіп Кебек кетті өз жайына,
Батса да балгер сөзі шымбайына.
Ойланбай, біржолата кетті ұмытып,
Деді де: «Жынның сөзін тыңдайым ба?»
Мұнан кейін азырақ заман өтті,
Салқын түсіп, қар жауар мезгіл жетті.
Қарашаның алғашқы қары жауып,
Кебек батыр құс алып аңға кетті.
Қойтастан бір тұлқі алды інге тығып,
Ойлады кетейін деп Ханға шығып.
Сонарда ізге түсіп келе жатса,
Бір тұлқі және қашты жатқан бұғып.
Қамшылап күрең атты жамбасына,
Тұлқіден бұрын шықты Хан басына.
Жел шығып, боран болып кеткен екен,
Аң қуған аңғал батыр аңдасын ба.
Құс тұлқіні көрген соң кетіпті ұшып,
Бір жерге жарқ-жүрқ етіп қалды түсіп.
Бораннан байқай алмай өтіп кетті,
Тұлқіні жатса-дағы бүркіт қысып.
Таба алмай олай шауып, бұлай шауып,
«Құсымнан айырылдым» деп қылды қауіп.
Құс өбден тұлқіні жеп тойған кезде,
Алыпты құн батқан соң өзөр тауып.
Бүркітті бөлеуіне бөлеп алды,
Аяң-бұяң еткенше тұн бол қалды.
«Ел жатпай бір ауылға қонаїын» деп,
Шыңғыстың бектерімен қайта салды.
Бораннан байқай алмай баар бетті,
Тұн ішінде адасып Кебек кетті.
Осы Хақан өзеннің аяғында,



Қыстаған бір Матайға келіп жетті.
Белдеуге атын байлады Қебек сері,
Боз қырау бүркыраған аттың тери.
Осы күнгі Boқтыбай қыстап жұрген,
Қара жартас – Қебектің келген жері.
Сол үйге кіріп келсе «Кеш жарық» деп,
Жатпақ түгіл болған жоқ тамағын жеп.
Ол кезде шай болмайды, сусыны – құрт,
Ұсынды қарсақ жон қып езіп әкеп.
Шал мен кемпір, тағы бір малшы бала,
Бар екен бір бойжеткен қызы және.
Киіз үй, малды айнала шарбақ қорған,
Там, қора жоқ, кісісі төртеу ғана.
Құрт ішіп өбден көңілі жайланған соң,
Бекітіп шарбаққа аты сайланған соң,
Үй иесі қонақтан жөн сұрады,
Асын жеп әңгімеге айланған соң.
Кебек айтты: «Аң қуған Тобықтымыз,
Мен Қебекпін дегенмін, білемісіз».
«Атым – Қебек» дегенде жалт қарады,
Бағанағы айтылған бойжеткен қыз.
Бай қайтадан сөз сұрап қайырмады,
Әлгі қыз Қебектен көз айырмады.
«Қарағым, қонағыңа төсек сал», – деп,
Үй иесі жатуға дайындалды...
Тұн ортасы ауғанда шал да жатты,
Қорылдап қатты үйқыға өбден батты.
Үйдегілер теп-тегіс үйықтаған соң,
Кебекті келді-дағы қыз оятты:
«Ей, батыр, сен жатырсың үйқың қанбай,
Мен жұрген бір сорлымын бағым жанбай.
Көрінгенге көз сұзген көрсекқызыар,
Әдепсіз қыз дейсің ғой әлдеқандай.
Оз әлімше сынадым мен де сені,
Сен қалай деп ойладың, айтшы, мені?
Қыздан сорлы бола ма бұл жалғанда,
Кез болмаса өзінің сүйер теңі?
Атым – Еңлік, мына шал – менің әкем,
Малы көп, бірақ еркек баладан кем.
Жасында бұл да өзіңдей батыр еді,
Кор болып, осы күнде әркімге жем.



Сөзмаржан

тасыр – бұл жерде:
алды-артын ойламайтын
есерсоқ деген мағынада

Данаңық ойдан дән ізде

Әткен адам болады
көзден таса,
Өлді-өшті, оны ешкім
ұмытпаса.
Ол кетсе де белгісі
жоғалмайды,
Керектісі ескеріп
ұмытпаса.
Шекерім

Нағашым – байжігітте ер Қабанбай,
Шешемді де берген жоқ бай таба алмай.
Ес білмейтін ескіге кез болыппын,
Жайды білер жақсыға қосақталмай...
Нышаны жоқ бет аузында сақал, мұрттан,
Бұрын да естуші едім жайын сырттан.
Тұн болса үйқыдан бас көтермейді,
Күндіз асық іздейді ескі жүрттан.
Бетіне тумай тұрып түскен әжім,
Күнгे де есіктегі қылды тәжім.
Кер кеткен кеселдіге душар болдым,
Осыдан құтыларлық бар ма лажым?
Оң қолының бармағы тағы шолақ,
Бармақсыз қол ұстауға қандай олақ.
Мен сорлы емей, кім сорлы, ойла, батыр,
Күйеуімнің болған соң жайы сол-ақ.
Көп жігіт жүр сыртымнан қылышп кеңес,
Мен ұнасам, «алмаймын сені» демес.
Солардың біреуімен кетер едім,
Байқаймын, бәрі менің теңім емес.
Көрсекзызар, лап бергіш әр елде көп,
Атын атап не керек «пәленше» деп.
Аз күндік өзіл іздеп жүргенім жоқ,
Өнімсіз іс болмайды өмірге сеп.
Бүгін мұнда кез болдың Құдай айдал,
Атынды естіп жүруші ем сырттан сайлап.
Тасыр болса, талғамай тап берер деп,
Тұні бойы сынадым сізді абайлап.
Мен татысам, жігітсің маған татыр,
Міне, осындағы ішімде қайғым жатыр.
Ойнас емес, өмірлік жолдасым деп,
Беремісің үәде, Кебек батыр?»
Кебек мұны есітіп көп ойлады,
Асықпай біраз гана еп ойлады.
«Тұні бойы қыз мені сынапты фой,
Мен де мұны сынайын деп ойлады»:
«Ей, Еңлік! Сөзің рас, нандым саған,
Бәрін үқтый, жерім жоқ байқамаған.
Артқы өмірді өзір біз қоя тұрып,
Ойнап-құлсек қайтеді біраз заман?
Қаза келсе малдыдан мал таймай ма,



Сөзмаржан

**аужал емес – қорек
емес**

Сөздің көркі – мақал

Ұят жүрген жерде
Абырой төгілмейді.
Абырой бар жерде
Ар шапаны сөгілмейді.

Абырой – ар енбегі.

Абыроныңды жасыннан
сақта.

Ажал жетсе батырдан жан таймай ма?
Азар болса, күйеуің жастау шығар,
Жарлы байып, жас өсіп қартаймай ма?
Жас түзеліп, түрленіп ержетпей ме,
Бойындағы балалық бір кетпей ме?
Асыққандық емес пе мына сөзің,
Жақсы әйел жаман ерді түзетпей ме?
Талпынғанмен тағдырды бұра ала ма,
Құдай қоспай, басымыз құрала ма?
Аз күн қызық қөрелік онан-дағы,
Бұл дәурен бір қалыпты тұра ала ма?»
Еңлік айтты: «Таң қалдым бұл сөзіңе,
Үқсамайды түндегі міnezіңе.
Егерде біреу айтса ұнтар ма едің,
Талап қылма, талпынба деп өзіңе...
Аз күндік арам жүріс аужал емес,
Бермесен үағданды мұлде кесіп.
Өйтіп үағда бермесен, әуре етпе,
Тең көрмесен телміртіп, тентірепте!
Қайда барсаң обалым жібермейді,
Бірақ осы сөзімді ұмытып кетпе!».
Еңліктің бұл жауабын есіткен соң,
Кебек батыр тағы бір ой ойлады:
«Ей, Еңлік! Айтқан сөзің – сөздің шыны,
Сөйтсе де бір сөзім бар, тыңда мұны.
Соғысқа сылтау таппай отырғанда,
Бұлдірмелік Матай мен Тобықтыны.
Онсыз-дағы біріне-бірі қырын,
«Ала ғой» деп береді кім жесірін?
Адам түгіл, мал үшін ел шабады,
Қыз болсаң да білесің елдің түрін.
Мен сені алыш жөнелсем осы түнде,
Жиылмай ма бар Матай жалғыз күнде?
Тобықтыдан жылқыны тиіп алыш,
Басталмай ма бітпестей бұлік мұлде.
Барымта алмай бітімге көнсө елің,
Қанша мал алса аярым жоқ қой менің.
«Қызды қайтар, әйтпесе бітпейміз» деп,
Жатып алса, табамыз қайтіп жөнін?
Матай алса, Тобықты тек жата ма,
Азбын деп, жанын аяп ар сата ма?

Ауыл шауып, мал алып, қан төгілер,
 Ойла! Қалып жүрмелік теріс батаға!»
 «Ей, батыр, бұл сен айттар сөзің емес,
 Уайым қып сескенер кезің емес.
 Келер істі жалғыз-ақ Алла білер,
 Ол сенің өлшеп сатар бөзің емес.
 Кімнің көзі жетеді күні ертеңге,
 Теңін тапқан сені мен жалғыз мен бе?
 Ел шабысып кетті ме соның бәрі,
 Алып қашып алды ғой талай пенде!
 Мал аямай пейілді салсаң кеңгे,
 Жаразтырар табылар аға-женге.
 Жер өртеуге жетеді бір шағым қу,
 Кім кепіл бола алады осы екі елге?
 Бұлт шықпай жауа ма құры желге,
 Бізсіз де таласады жалғыз белге.
 Құдай жөнін берейін деген болса,
 Көнер өлде, «мал алып, біт» дегенге.
 Сен мені бүгін алып кет демеймін,
 Осы екі елдің түбіне жет демеймін.
 Шын ішің сүймей, сыртың сүйген болса,
 Әуре боп, саған уағда ет демеймін.
 Шын сүймесең, сүйдім деп айтпа маған,
 Шала сүйген болады құр алдаған.
 Біндыныңмен ұнатсаң, бер қолыңды,
 Саған сөзім қалмады енді айтпаған».
 Кебек те отыр еді азар шыдал,
 Сөзін айтып болғанша қызды сынап.
 «Сен өлген жерде мен де өлемін» деп,
 Қол алысып біржола кетті құлап...



Сәзмаржан

ЫНДЫНЫҢМЕН – ШЫН
КӨНГІЛІҢМЕН

1

Білу

- Шекерім Құдайбердіұлы «Еңлік-Кебек» поэмасын кімнің ақыл-кеңесімен жазған?
- Абайдың Шекерім шығармашылығына тигізген әсері туралы айтып беріңдер.
- «Еңлік-Кебек» поэмасының оқиға желісі қандай? Хрестоматияда берілген поэмалық жалғасымен танысындар.
- Шекерімнің «Еңлік-Кебек» поэмасында қандай мәселе көтерілген?

2**Түсіну**

- Шыңғыс тауына Матай елінің келу себебін түсіндіріндер.
- Аңға шыққан Қебектің адасуына не себеп болды?
- Неліктен рубасылары екі жасты өлімге қияды?

3**Талдау**

- Еңлік пен Қебек заманы мен қазіргі заманды салыстырындар.
- Венн диаграммасы арқылы Қыз Жібек пен Еңлік, Қебек пен Төлеген образдарын салыстырындар.

**4****Жинақтау**

Поэманиң тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.

5**Қолдану**

- Поэманиң мәнерлеп, түсініп оқып шығындар.
- Дастанға кіріспе ретінде берілген тарихи оқиғаларға тоқталындар.
- Оқулық пен хрестоматиядағы поэманиң біріктіре оқып шығып, «Еңлік-Кебек» дастанының мазмұны бойынша тақырыптық жоспар құрындар, сюжеттік-композициялық құрылышына талдаңдар.
- Дастан кейіпкерлері туралы кесте толтырындар:

Дастан кейіпкерлері	Портреті	Мінезі	Іс-әрекеті

- Дастан мазмұны бойынша диалог құрастырындар.

6. Шығармада Кебек пен Еңлік бейнесі қандай көркемдегіш тәсілдер арқылы жасалған? Еңлік бейнесін талдаңдар.
7. Дастанда қазақ халқының қандай салт-дәстүрлері көрініс тапқан?
8. Таңдауларың бойынша шығарманың кез келген үзіндісіне өзгерістер енгізіп, қайта өндеп жазыңдар.
9. Поэма желісі бойынша кесте толтырыңдар.

Поэмада суретtelген оқиға	Кейіпкерлердің іс-әрекеті

10. Дастан мазмұны бойынша «Әдеби шенбер» үйымдастырыңдар:
 - 1) Талқы себепшісі – дастан мазмұны бойынша бес сұрақ құрастырады.
 - 2) Белгілеуші – шығарманың ең маңызды деп санайтын бөлімін анықтайды, ойын дәлелдейді.
 - 3) Байланыстырушы – орын алған оқиғаны өмірмен байланыстырады, дәлелдейді.
 - 4) Қорытындылаушы – дастанда көтерілген мәселені қорытындылайды.
11. «Саған айттар сырым бар» тақырыбында достарыңа хат жазыңдар.

6

Баға беру

1. Еңлік пен Кебектің өліміне себеп болған жайттар туралы ойларыңмен бөлісіндер. Дастан неліктен трагедиямен аяқталады?
2. Дастан кейіпкерлеріне, авторға қандай сұрақтар қояр едіндер? Автор шешімімен келісесіндер ме?
3. Қенгірбайдың орнында қандай шешім қабылдар едіндер?
4. Егер автор орнында болсаңдар, шығарманы қалай аяқтар едіндер?
5. Шөкөрім осы поэма арқылы не айтпақ болды? Дастанды оқи отырып, сендер қандай ой түйдіндер? Пікірлеріңмен бөлісіндер.
6. «Кейінгілер сөзімді оқыр. Бірі ұнатар, бірі сынап күлер. Сонда менің зарланумен өткенімді түсінер. Дүниенің рахатына сенім жоқ екенін түсінгелі басымды тауға да, тасқа да ұрып, ғаделет іздең алқынғанымды білер. Қайран

қу дүние, барлық арманыма жеткізбесінді білгем. Әттең! Тағы да әттен! Абай ағам секілденіп «қолымды кеш сермеппін». Ырду-дырдумен, ел ішінің ұсақ-түйегімен, ата жолы деп билікке араласып, алтын уақытымды босқа өткеріппін. Енді амал нешік. Менен кейінгілер қаулап өсіп кел жатқаны ғана қоңілге медет. Мен жетпегенге солар жетеді деп үміттенем. Уақытым тарлығынан кейінгі жылдары ойыма келгеннің бәрін, нақ сол сәттегі қоңіл құймен қағаз бетіне түсіре бердім. Оным ала да, құла да шыққан болар. Менің бүгінгі жеткенім осы болды. Ақтығыма, қазағыма адалдығыма, оған жарқын күндер тілегеніме сеніндер, халқым».

Шекерім ойы туралы пікірлерің қандай?

Бағалы дерек

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» – қазақ халқының тарихындағы аңы қасірет, Отан басына күн туған аса қайғылы кезең. Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін Үш жүздің дербестеніп, бір-бірінен алшақтануы Қазақ хандығының әскери-саяси қуатын әлсіретti. 1723 жылдың көктемінде жайлauғa көшуге қамданған бейқам қазақ еліне жонғарлардың қалың қолы тұтқылдан шабуыл жасады. Екпіні қатты шапқыншылар Қазақстанның оңтүстік аудандарындағы бейбіт елді аяусыз қырғынға ұшыратып, Түркістан, Сайрам, Ташкент қалаларын басып алды. Жонғарлардың жойқын шабуылының нәтижесінде қазақтар шайқас даласында мындаған жауынгерлерінен айырылды, ал қорғансız халықтың шығыны одан да көп болды. Қорғануға мұршасы келмеген ел, әсіресе, Талас, Боралдай, Арыс, Шыршық, Сырдария өзендері бойында көп қырылды. Тірі қалғандар атамекенін тастап шықты. Тарихта бұрын болып көрмеген алапат құбылыс – қазақ халқының үдерे қашқан босқыншылығы туды. Шұбырган халықтың басым көпшілігі Сырдан өтіп, Алқакөлге жетіп құлады. Кейбір тайпа-рулар Қызылқұм, Қарақұм ішіне сіңді. Осы тұста халықтың жүргегінде мәңгі сақталған аңы зар мен ауыр мұнға толы «Елім-ай» әні дүниеге келді. Бөгенбай, Қабанбай, Саурық, Жәнібек, Малайсары, Абылай, Әбілқайыр бастаған қалың ел жонғарларға қарсы майдан ашып, ұлы жеңіске жетті.

«Қазақстан тарихы» кітабы

Түйін

Шекерім Құдайбердіұлы – ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор. Абаймен замандас әрі інісі, әрі ол негізін салған реалистік әдебиет дәстүрлерін жалғастыруши. Құдайбердіұлының қalamынан терең ойлы, сыршыл лирикалық өлеңдер, «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Нартайлақ-Айсұлу» сияқты оқиғалы дастандар, «Әділ-Мәрия» романы және басқа да прозалық туындылар, аудармалар, тарихқа, философияға қатысты еңбектер, сазды әндер туды.



Әдебиет теориясы

Психологиялық параллелизм

Егіздеу немесе параллелизм – екі үдай нәрсені, құбылысты, үғымды, сезімді қатар қойып, жұптап суреттеу. Параллелизм – бір-біріне үқсас құрылымды сөйлемдер мен сөз тіркестерінің, формалас сөйлем мүшелерінің қабаттаса қатар қолданылуы. Егіздеудің екі түрі болады: біріншісінде – сөйлем құрылышы жағынан біркелкі келеді, екіншісінде – психологиялық тұтастық көрініс табады.

Психологиялық параллелизм – адамның көңіл күйін табиғат құбылыстарымен салыстыра егіздеу. Адам өзінің басындағы қайғы, мұң-шерін табиғаттағы басқа нәрсемен қатарластырып, егіздең баяндайды. Мысалы:

Кек ала бұлт сөгіліп,
Күн жауады кей шақта.
Өне бойың егіліп,
Жас ағады аулақта.
Жауған күнмен жаңғырып,
Жер көгеріп, күш алар.
Ақжан жасқа қаңғырып,
Бас ауырып, іш жанар.

Абай

Ақын жаздағы жаңбыр мен адамның көз жасын қатар суреттей келіп, екі түрлі шындықты танытады да, шынайы философиялық түйін шығарады.

3. Қабдолов. «Сөз өнері»



Тапсырма

Көркем шығармалардан психологиялық параллелизмге мысалдар келтіріндер, жауаптарынды дәлелдендер.

ІІІ ТАРАУ

МАХАББАТ ЖӘНЕ АБЫРОЙ

Адамның көңілін женілдетер, жанын жібітер махаббаттан артық күш жоқ,... Махаббатты осындай құдіретті етіп, дүниедегі ең ұлы күш – жаратылыстың өзі жаратқан. Сондықтан да махаббаттың алдында кім болса да әлсіз, амалсыз.

I. Есенберлин

Кең даласында алаңсыз өмір сүріп, мал бағып жатқан бейқам халқын: «Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты, Өткізбей қараңғыда бекер жасты», – деп жырымен жұлқылап оятып, оларды білімге, ел үшін пайдалы іс-әрекетке шақырған ақын, көркемсөз шебері, қоғам қайраткерінің шығармашылық өлемі қандай?

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ



МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ
(1885–1935)

Міржақып Дулатұлы қазіргі Қостанай облысының Жангелдин ауданына қарасты Қызыбель аулында дүниеге келген. Әкесі Дулат аймағына аты шыққан шебер, ер-тұрман жасап, етік, мәсі тіккен. Шешесі Дәмеш ойын-тойдың көркі, өнші кісі болған. Әкесі балаларын жастайынан оқуға береді. Алғашқыда бала Міржақып ауыл молдасынан оқып, хат таниды. Молдадан екі жыл оқығаннан кейін, 1897–1902 жылдары ауыл мектебінде орысша оқытатын Мұқан мұғаллімнен дәріс алады. Бұл мектеп Міржақыптың білімін толықтырумен қатар, азамат ретінде қалыптасуына да аса зор ықпал жасайды. Мұқан мұғалім ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин іргетасын қалаған оқу орнының, дәлірек айтқанда, Торғай қаласындағы уездік орысқазақ мектебінің түлегі болатын. Өз шекірттеріне де ол осы рухта тәлімтәрбие, терең білім береді.

1904 жылды Міржақып Омбы қаласына келеді. Осында ұлт зиялышарының ұстазы Ахмет Байтұрсынұлымен кездеседі. Бұдан кейінгі уақытта бірі – ұстаз, бірі – ізбасары ретінде жұптарын жазбайды. 1905 жылды Міржақып А.Байтұрсынұлымен бірге Қарқаралыдағы саяси-бұқаралық жұмыстарға қатысады. 1905 жылды

Зергер сөз

Қазақта бұрын роман жок еді. Біздің арамызда қазақша бірінші роман жазып шығарған Міржақып Дулатұлы болды... Оның «Бақытсыз Жамал» деген романы 1910 жылды басылып, жарыққа шықты.

А.Байтұрсынұлы

патша өкіметіне қазақ халқының атынан петиция жазушылардың қатарында болады.

М.Дулатұлы 1906 жылы Петербургке барып қайтады. Бұл сапарынан ол саяси күрескеге ғана емес, шабытты ақын болып оралады. 1907 жылы Петербургте шыққан «Серке» газетіне «*Жастарға*» атты өлеңін, буркеншік атпен «*Біздің мақсатымыз*» деген мақаласын жариялады. Мақалада Міржақып қазақ халқының басындағы қызын жағдайдың анық себептерін саралап, отарлық саясатты әшкере лейді.

1909 жылы Петербургте М.Дулатұлының «*Оян, қазақ!*» атты өлеңдер жинағы жарық көреді.

Халық тағдыры М.Дулатұлының прозалық шығармаларына да арқау болды. «*Бақытсыз Жамал*» романы – қазақ өдебиетіндегі көркем прозалық үлгіде жазылған түңғыш роман.

«*Бақытсыз Жамал*» романының оқиғасына арқау болған мәселе – ескі әдет-ғұрыптың қыспағына түскен қазақ қызының тағдыры, сүйгеніне қосылып, бақытты өмір сүруді армандаған бойжеткеннің трагедиялық жолы. Шығарма сол кезеңдегі қазақ даласының шынайы тыныс-тіршілігін көрсететін эпизодтан басталады. «...Жайлауға жаңа көшіп қонған ауыл. Саумалқөл маңына жағалай тігілген киіз үйлер. Бие байлан, қымыз сапырған жайма-шуақ ауыл адамдары. Қыстай араласа алмай, сағынысқан жүрт енді бірін-бірі қонаққа шақырып мәз. Үй жағалап қымыз ішкен жастар... Осылайша жайбарақат жатқан ауылға патша ұлықтары келе жатқаны туралы хабар тарайды. Абыр-сабыр басталады. Ауыл сыртына үй тігіледі. Арнайы үйге келіп түскен екі ұлықты «ләббай, тақсыр» деп

Даналық ойдан дән ізде

Міржақып Дулатұлы – еуропалана бастаған қазақ зиялұларының алғашқы қатарынан көрінген ұлы тұлға. Ол мүлгіп жатқан ұлттық намысты оятуды мақсат еткен «*Оян, қазақ!*» жинағымен ел-жүртқа үлкен ой салды. Сол себепті «*Оян, қазақ!*» – қазақ өдебиетіндегі тарихында болсын, қазақ халқының азаматтық тарихында болсын биіктен орын алатын шығарма.

Т.Кекішев

1909 жылы қазақ даласын дүр сілкіндірген үш кітап шықты. Оның бірі – Абайдың өлеңдер жинағы, екіншісі – Ахмет Байтұрсынұлының «*Қырық мысалы*», үшіншісі – «*Оян, қазақ!*» атты Міржақып Дулатұлының қазақ елінің манифесіне айналған публицистикалық-лирикалық жинағы. «*Оян, қазақты!*» ел қазақтары Құрандай жаттады.

М.Әбсеметов

күткен ауылнайдың сөзінде де ерекше бір мақтаныш сезіледі». Міржақып Дулатұлы осы шағын көріністі суреттеу арқылы өз заманының тұрмыс-жағдайын, адамдардың психологиясын дәлме-дәл береді. Ауыл адамдарының өзара өңгімелерінен, ауылнай бастаған белсенділердің іс-әрекет, мінез-құлықтарынан жазушы мол сыр ұқтырады. «...Дәл осындай абыр-сабыр сөтте ауыл қазағы Сәрсенбайдың әйелі босанып, дүниеге қыз бала келгені туралы қуанышты хабар жетеді». Дүниеге келген бұл сәби – романның бас кейіпкері Жамал. Табиғатынан зерек жаратылған Жамал молдан ескіше, жаңаша оқып, хат таниды. Түрлі қисса-дастандарды көп оқиды. Бірқатарын жатқа да айтатын болады. Сөйтіп елдің көзіне түсіп, қыз айттырам деушілердің назарына ілігеді. Жамал он бес жасқа келеді, сол елдің қызының алды болды. Бұл артықшылығының үстіне сөзге үста болып, өз ойынан шығарып, елең де жазатын болды. Ел ішінде «Сәрсенбайда бек көркем бір ақын қыз бар» деген сөз жайыла бастады. Көркіне ақылы сай болып бойжеткен Жамалды Байжан деген бай баласы Жұманға айттырады. Әйелінің қарсылығына қарамастан, Сәрсенбай болашақ құдасының байлығына қызығып, құдалыққа келіседі. Бірақ бай баласы топас, нашар болады. Жамал оны менсінбейді. Бір тойда оқыған, мәдениетті, жаңаша киінген, сыпайы, өдепті Фали деген жігітпен танысып, көңілдері жарасады. Арада біраз уақыт өтіп, қыздың Жұманға ұзатылар шағы туғанда, Жамал Фалимен қол ұстасып, қашып кетеді. Жастарды құдалау басталады. Аяқ астынан Фали ауырып, қайтыс болады. Қайғыға батқан Жамал көп ұзамай Жұманға ұзатылады. Адам төзгісіз қорлық пен ұрып-соғудан өбден қажыған Жамал бір боранды түні үйден қашып шығып, жолдан адасып, үсіп өледі.

Роман трагедиямен аяқталады. М.Дулатұлы бұл оқиғаны қазақ даласындағы әлеуметтік мәселе дәрежесіне көтереді. Сол арқылы қазақ қыздарының бас еркі, жастардың өз қалауымен өмір сүру қажеттігі туралы ой ұсынады. Жазушы үшін әйелдің бас бостандығы, өзінің сүйгеніне қосылып, өмір сүрге мүмкіндік алуды ең бір түйінді мәселе болды. Ол әйелдің арын аяққа басатын ескі әдет-ғұрыпқа қарсы шығады. Міржақып Дулатұлының романдағы Жамал бейнесін сомдаудағы жаңалығы да өзінің осы идеясына негізделеді. Романдағы Фали – сол замандағы оқыған, мәдениетті жастардың жиынтық бейнесі. Сырт келбетіне ақылы сай жігіт – Фалидың әрбір іс-әрекетінен, сөйлеген сөзінен, жазған хаттарынан бұл қасиет айқын аңғарылады. Ал шығармадағы Байжан бай, оның баласы Жұман, Жамалдың өкесі Сәрсенбай, үлкен шешесі

Қалампыр – бас пайдасын ғана ойлайтын таяз адамдар. Оларға ізгілікten гөрі байлық пен шен-шекпен мақтанышы қымбатырақ.

«Бақытсыз Жамал» романы – сол кездегі тарихи-әлеуметтік шындықты шынайы да көркем бейнелеуімен, авторлық идеяның айқындығымен өзінен кейінгі қазақ прозасының өркендеуіне дәстүрлі жол көрсеткен, үлгі болған шығарма.

Міржақып Дулатұлы 1928 жылдың аяғында бір топ қазақ зиялдарымен бірге қамауга алғынады да, он жылға сотталып, 1935 жылы тұтқында қайтыс болады. 1988 жылы ақын есімі ақталып, М.Дулатұлының шығармалары халқымен қайта қауышты.

Артық болмас білгенің

Міржақыптың атын алты алашқа таратқан «Оян, қазақ!» болатын. «Оян, қазақ!» жинағы Қырым, Кавказ, Түркияға дейін тарап кетеді. Бұл жинақ Түркияның бостандығы үшін күресіп жүрген қайраткерлердің қолдарына да түседі. Ол Міржақып Дулатұлын ұстаз тұтқан, азаттықты аңсаған азаматтардың қатарында болған Түркияның тұнғыш президенті Мұстафа Кемал Ататурк еді. Ататурк 1917–1918 жылдары билікке келгенде досы, профессор Тайыр Шағатайға тапсырма беріп, «Оян, қазақ!» кітабын түрік тіліне аудартқан. Осы кітапқа еліктеуден «Оян, түрік!» деген кітап та шықкан. Ал Жақаңның «Оян, қазағы!» Ататуркің үстелінің үстінде тұратын болған. 1994 жылы Түркияға шақыртумен барып, Стамбул университетінде Міржақып туралы баяндама оқыдым. Баяндама сонында бір түрік ақсақалы келіп қолыма түрік тіліне аударылған «Оян, қазақ!» кітабын ұстады. Кітап 1930 жылдары Анкара қаласында шықкан екен...

Жақаңдарға (М.Дулатұлына) «Серке» газетінің екі нөмірін шығарысуга үлкен көмек көрсеткен татар баспағері Әбдірашид Ибрағимов құфынға ұшыраған соң Жапонияға қашып кетеді. «Серке» газетінің барлық мұрағатын бірге ала кетеді. Сол жақта жапон зиялдарымен арасады. Жапондар «Серке» газетінің екі нөмірімен таныса отырып, Міржақыптың «Оян, қазақ!» кітабынан қатты өсерленген. Міржақып бір өлеңінде жапон ерлігін де жырлаған. Сол кездің өзінде Жапонияда Міржақып туралы көптеген мақалалар, зерттеулер шығады. Жақаңа еліктеп, «Оян, жапон!» деген кітап жарық көреді. 1997 жылы ғалым Уямо Томохико жапон тілінде Міржақыптың саяси көзқарасы туралы диссертация қорғаған.

*Mіржақыптанушы ғалым М.Әбсеметов.
«Аңыз адам» журналы*

Қазақ өміріндегі әлеуметтік мәні зор мәселелердің бірі – әйел теңсіздігін арқау еткен, рухани тенденция, бостандықта үмтүлған қазақ ұлтының күрескерлік болмысын танытумен ерекшеленген, сол кездің өмір шындығын шынайы бейнелеген роман мазмұны қандай екен?

Бақытсыз Жамал

(романнан үзінди)

Сөз басы

Мир-Якуб – төмендердің аласасы,
Сөзімнің бар ма, жоқ па тамашасы.
Жылтырап тесік моншақ жерде қалмас,
Қазақша бір роман жаза салшы.
Үш жүзге біздің қазақ бөлінеді,
Осылай шежіреден көрінеді.
Саны көп, сапасы жоқ һеммеден бос,
Фылымға мойынсұнбай ерінеді.
Шет шығып сахарадан баспас қадам,
Болады бүйтіп жүріп қашан адам?
Бейхабар ғаламдағы хикматтан,
Тұтқындағы қапастағы күні қараң.
Болмайды кемшіліксіз ھешбір халық,
Бәрінен кейін қалған қазақ анық.
Басқа жүрт біз секілді жалқау емес,
Фылыммен қараңғыны етер жарық.
Шығып жүр ھәр халықтың талаптысы,
Болмай ма талаптанған өлі-ақ кісі.
Қазақта жазылмайтын бір ауру бар,
Келмейді мінін айтсаң жаратқысы.
Кеудесін мырза десең көтереді,
Бардай-ақ құрт ауруы жетеледі.
Шегінер халық пайдасы деген іске,
Деп айтшы осы сөзді бекер еді?
Оқуға емес жүрттың бәрі құмар,
Оқығаны романды не деп үтар?
Демеймін жалпақ жүрттың бәрі кеще,
Мағынасын түсінетін бар да шыгар.
Сонда да жүрттың бәрі біле бермес,
Сөз болар жақсы-жаман бәрі кекес.

**Сөзмаржан**

һәмме – әмбе, түгел, барлық. **Бұл жерде:** әмбеге аян дүниеден құр қалған деген мағынада

бейхабар – хабарсыз, дерексіз

хикматтан – кереметтөн

қапас – тар жер
һешбір, һәм, һәр, һеш, һәркім, һешкім – деген сөздердің басқы дыбысын алып оку

Мақсаты романның – халық түзетпек, Жазылған еріккеннен ертегі емес. Жамалдың жайын жаздық бұл кітапта Бақытсыз бір қызы екен осы шақта. Біреуге хас нәрсе емес һәм болған іс, Жайылған бұл бір ғұрып һәр қазақта. Айырсын оқушылар мағынасын, Жайғана хикая деп қарамасын. Көрген кім шаригаттан деген сөзді: «Қор етіп өйел халқын аямасын». Сатады қызды қазақ мал орнына, Алмайды халал жұпты жар орнына. Әйелді хайуанға қисап етіп, Тұтады өзін ерлер хан орнына. Байқашы өзің-өзің отчет беріп, Бақытсыз Жамал қызды оқып көріп. Қазақтың һәр жерінде бар емес пе, Хисаплап уақыфанды көрсөң теріп? Бұл сөзді оқып көрер қолына алған, Иншалла, хақиқат-дүр, емес жалған. Тыйылып мыңдан бірі қияннатаң, Көрсө екен ғайіблөрін һәркім қылған. Қазақша роман жоқ басылған көп, Бұл күнде халық ішінде шашылған көп. Кәдәри-хәл білгенімше мен де жаздым, Тілеймін болса екен деп асырған көп.

**Сөзмаржан**

қисап етіп – есебінде қараяу, үқсату
хисаплап – есептеп
хақиқат-дүр – ақиқатасыл

кәдәри-хәл – әлім келгенше

зекет – 1. *діни*. Шарифтің бойынша жоқ-жітік, кемтар, кедей адамдарға берілетін садақа. 2. *тарихи*. Қоқан хандығы кезіндегі малға салынған салық

...Оқушылар! Хикаямыздағы оқиғалар жоғарыда айтылмыш Сәрсенбайдың үйішіндегі кісілерден басталғаны себепті, Сәрсенбайдың кім екендігін һәм нендей кісі екендігін жазамын. Сәрсенбай һеш бір ғылым оқымаған момын, мал баққан кісі еді. Атасынан артық дәulet қалмаса да, берірек келген соң малы да жақсы болып, жылқысы жүзден асып, екі жүз, үш жүзден қой да бітіп, қатардағы малды үйінің біріне қосылып еді. Бірақ мал жағынан көңілі хош болса да, Сәрсенбайдың жамағаты Қалампыр ғұмырында бала көтермей, бұл екеуі балаға мұқтаж еді.

Бағалы дерек

«...Бұл кітабы да елге тез тарап кетті, бізге көршілес тылдан келушілер сылтау тауып, қалап әкеттін болды. Жамалдың өлеңмен баяндайтын аянышты өмірінен қыз-келишектер өз бастарынан кешкен қайғысын, мұн зарын көрді. Романды оқығанда олар көз жастарын тыя алмай, үнілеп отыратын. Үлкендер жағы кешкі отырыстарда «Бақытсыз Жамалдың» хикаясын әңгімелесе, ал жастар жиын-тойларда кітаптағы өлең-жырларды өнге қосып айтатын».

Г.Дулатова

Сәрсенбай бір тоқал алуды ойлайтын, бірақ Қалампырдан аса алмай, әне-міне деп жүретін. Бір күні бір құрдасы қымыз ішіп қызып отырып, әзілмен болса да, шынымен болса да: «Әй, қубас! Сонша малды айдал жүрсің, дұрыстап зекет бермейсің, қажыға бармайсың, кім үшін жинап жүрсің? Қалампырдан қорқып, тоқал да алмадың», – деген сөздері жанына батып еді.

Ертеңіне бір-екі ағайындарын шақырып алып:

– Міне, мен сіздерді шақырғаным, «ұмітсіз-шайтан» деген, «мал бітпес жігіт болмас, құрарына қара, үл таппас қатын болмас, тұрарына қара» деп, бұл уақытқа дейін сабыр етіп едім. Жасым болса қырықтың екеуіне келді, Қалампыр да биыл отыз үште. Қатыным, Пайғамбардың сұннәті ғой, сен рұқсат

бер! Ағайынным, мен енді бел байладым. Сіздер осы жұмысты қолға алындар, – деді. Қалампыр қанша ұнатпаған болса да, Сәрсенбаймен басқалар бірауызды болып уағда қылғанын көріп, іші суып, қолдан еш нәрсе келмесін біліп:

– Не қылсандар ықтияр. Өуелінде мен де тоқал алма деген жерім жоқ, маған несін айтасындар?! – деп түсі бұзылып, үйден шығып кетті.

Мұнан кейін көп уақыт өткізбей, Сәрсенбай өздеріне қырық шақырым жерде Сайболат деген елде тұрған, кейіннен опат болған Жарас деген молданың он төртке жетіп тұрған қызын айттырады. Малын түгел беріп, келесі жылы алып та қойды. Марқұм Жарас молда тірі уақытында Шолпанды өзі оқытып, Құраннан екі шығып, хат танып қалған еді. Қалампыр әр уақыт Шолпанды күнде стікпен сезімен де, қолымен де ренжітіп жүрді.

Шолпан он жеті жасқа келгенде, қыз бала туды. Сәрсенбай қырық беске келгенде ғұмырында бірінші көрген баласы осы еді. Ол зор қуанышта болып, шілдеханаға қанша қыз-бозбала жиып, ойын ойнап, қыз бала демей, көл басына шақырып той қылып, баланың есімін Жамал қойған еді.

Данаалық ойдан дән ізде

Махаббат – әуелі адамның адамдығы, ғылым деген нәрселермен байланысты.

Абай

Махаббатсыз дүние бос, хайуанға оны қосындар.

Абай

Достық пен махаббат – осы екі ұлы сезім адамды мүлде өзгертіп жібереді.

Ж.Поль

VII

Жамал кәмелетке жеткен соң, күйеуінің нашар екенін біліп (қатта бір тойда көрсө де керек), қоңіліне күннен күнге уайым, қайғы түсे бастады...

Ата-анасы зарыққанда көрген баласы екенін де ойлап, не себепті жаман күйеуге бергеніне қайран қалып жүрді. Өзі теңдес қыздардың күйеулерін салыстырып қарағанда, Жұманнан нашар жері жоқ еді. Басқа шет елдерден күйеуіне разы болмай, екінші жігітпен қашып кетіпті дегенді естігенде, ішінен ойлап: «Олар да мен секілді бейшаралар той», – деп аяушы еді. «Олар секілді бір жігітпен көңіл қосып қашсам, пәленшешенің қызы қашып кетіпті деген сөз болып, атамның сүйегін сындырғандай боламын. Разы болып, Жұманға барсам, ғұмырымша қор боламын той», – деп қайсысын істеуге ақылы жетпей, бағзы уақыттарда түн бойы ойлаумен ұйықтамай да шығушы еді. Әр уақыт осындай уайымда болған соң, Жамал жүдеп те кетті. Ата-анасы:

– Қарағым, сен неге жүдеусің? – дегендеге:

– Жай басым ауырады, – деп қоюшы еді. Жамал осындай уайымдарда болып жүргенде, бір күні Байжаннан Сәрсенбайға: «Биыл баламды ұрын жіберемін», – деп сөлем келді.

Бұл хабарды естігеннен кейін Жамалдың қайғысы бұрынғыдан үш есе артты деуге лайық болды. Жамал қанша ішінен қапаланса да, басқа бір кісіге айтуының ебін таба алмай, бір күні қолына қағаз бен қарындаш алышп, «тым болмаса көңілімдегі қасіретімнің оннан бір бөлігі шықпас па екен» деп, өз басындағы халіне бір азырақ өлең жазып еді.



Сөзмаржан

ықтияр – әр адамға тән ерік, қалау
күндестьік – бәйбіше мен тоқалдардың бірін-бірі көре алмаусы

кәмелет – жетілген, то-лыққан кез, өсіп ержеткен шақ

сүйек сындыру – ата-анасын ұятқа қалдыру

 **Даналық ойдан дән ізде**

Қызды сүйген жігіт қандай азапқа болса да көнуге бар, ал баласын жақсы көрген ана баласы үшін жан қиудан тайынбайды.

I.Есенберлин

Шешесі Жамалдың бір қағаз жазып отырып, қасына бір хат танитын кісі барса, жасыра қойып жүргенін көруші еді. «Бұның жазып жүргені немене?» – деп, Шолпан азырақ шубеланып, Жамалға білгізбей, ондаша Жамалдың қалталарын ақтарып, онан еш нәрсе шықпаған соң қағаз, кітап салатын сандықшасын қараса, бір кітаптың арасынан мынау өлең шықты. Манағы Жамалдың жазып жүргені сол екен.

Алланың рақматына созамын қол,
Адасқан мен бір ғаріп таба алмай жол.
Ашылып біздің басқа түскен тұман,
Шаттықпен өткіз деймін – тілегім сол.
Сыртым сау, ішім түтін қапалықта,
Бұл құнде көңілім жүдеу, қасіретім мол
Тереңге түсіп кетем, ұстар тал жоқ,
Бір Алла, жалғыз өзің жәрдемші бол!
Бақшада сайрап жүрген сандуғаш ем,
Кез болды мен сорлыға құрылған тор.
Көл болып көздің жасы өткенім ғой,
Болмаса арылмаған маңдайда сор.
Жайлайған аққу едім шалқар көлді,
Бұл құні көрініп түр жаман да зор.
Оралдың ілер деуші ем ақыны,
Шынымен жапалаққа болам ба қор?!
Мен қайран, атам малға сатқанына,
Бір тазды жалпақ елден тапқанына.
Аты өшіп, тумай кеткір Жұман деген!
Мал беріп, мені өзімсіп жатқанына.
Атанып бай баласы қара басқыр,
Жұманның не берерсің мақтанына?
Қазақтың құллі ғайып ғадетінде,
Түскенім бар қасқырдың қақпанына.
Атама мен не жаздым қор қылғандай,
Болмаса бір мінезben жақпадым ба?
Жасымнан тәрбиелі хан қызындай,
Қасірет ақырында тартқаным ба?
Әлпештеп ұлдан артық қызы басымды,
Өсірген атама обал артқаным ба?



Сезмаржан

ұрын жіберу – қүйеу-
дің тойдың алдында
қалындыққа келуі
шубелану – күмәндану,
сезіктену, күдіктену
ғаріп – мұсәпір, міскін,
бейшара

Бұл сөзді оқып көрген соң, анасының көзінен азырақ жас кетіп, қызының мұндай қайғыда жүргенін біліп, әлгі қағазды да орнына салып қойды. Енді Шолпан Жамал қанша уайымда болса, соңша қайғыра бастап, бір күні түнде төсекке жатқан соң Сәрсенбайға сөйледі.

– Құданың құдіреті, өуелде сен тіл алмай, баланы мұнша қайғы-қасіретке салдың, міне, көрмеймісің, Жамалжан өзді-өзінен азып, жүдеп кетті. Осы қалпымен қор болып кетсе, екі дүниеде бізге разы болар ма, біздің ата-аналық хақымыз мойнымызда емес пе? – деді.

Сәрсенбай не айтарын білмей:

– Сөйтіп жүр ме, сөйтіп жүр ме? – дей берді. Шолпан ашуланып:

– Сөйтіп жүрмей құрысын, өз басында еркің жоқ, өркімнің қыздырған тіліне еріп, ақырында Жамалдың көз жасына қалып отырмыз. Ата-бабаң істемеген істі қыламын деп би болғансып, бір жылдың ішінде, қане, шыққан мүйізің? – деді. (Сәрсенбай өуелі таласып болмай қалғаннан кейін, келер сайлауда құдасының себебімен би болса да, бір жылға жетпей съезд уақытында бір кісіні боқтап, қамшымен салып қаламын деп, билігінен түсіп қалған еді).

Сәрсенбайдан берекелі жауап шықпаған соң, Шолпан тағы да сұрады:

– Енді өстіп Жамалды сүймеген кісісіне береміз бе? – деп. Сонда Сәрсенбай қайраттанып:

– Осы ит не былшылда отыр? Құдайдың жазғанынан артық не қыламыз, екінші кісіге береміз десен, Байжан болыстармен қосылып, біздің жанымызды қоя ма? Малымыздан құрық, басымыздан сырық түсіре ме? «Катын – дүшпан» деген осы, болмаса бұл сөзді айтар ма едің, – деді.

Сәрсенбайдың жуас, қорқаңтығы Шолпанға бұрыннан мәлім, өм бұл сапарда да пікірі тамам көрініп қалған себепті, енді бұл тұста Сәрсенбаймен ақылдасып, бастарына түскен уайымды бөлісуден үміт үзіп, сол түннен былай Жамал хақында Шолпан онымен ешнәрсе сөйлеспейтін болды.

VIII

Бас аман, малы түгелдердің көңілі шаттықта, Жамалдың көңілі һемән қайғыда болумен біраз уақыт өтіп еді. Жамал қанша қайғылы болса да, сырын халыққа білгізбес үшін, һем жабыққан көңілін көтеру үшін, қыз-бозбала жиналған ойын-тойдан



қалмаушы еді. Және де Жамал болмаған ойынның қызығы аз секілді көрінуші еді.

Қыс ортасы болған еді. Бір күні сол елде бір байдың баласы болмай жүріп, жамағаты ұл тапқанға, қыз-бозбала үшін ұлкен мәжіліс-шілдехана болды. Атырабындағы ауылдың қыздары тамам келіп, Жамал да өзір болды.

Ағаш үйдің кең бір бөлмесіне төрінен есігіне шейін халық толған еді. Бұл елде ойын-сауық өлі қалмаған, болғанға бір қыз, бір жігітten қатар отырғызатын әдет бар еді. Жиылғандар бірі өлең айтып, екіншілері қалжындастып, ойын өлі қызып бастала қоймаған уақытта есіктен:

«Кеш жарық!» – деп, бір-екі жігіт кіріп келді. Бағзы бозбалалар:

– Міне, бір сыпайы жігіттер келді. Қай жерге отырғызамыз? – деп ақылдаса бастап, көп кешікпей біреуін Жамалдың қасына өкеліп отырғызды.

Бұл жігітті біздің Жамал танымайтын еді. Ләкін Жамалдың қасына отырғызудан бір тәуір жігіт екендігі аңланды. Бұл жігіт отырып болған сон, үйдегілерге қысқа-қысқа сөзбен амандасып, соңынан Жамалға қарап:

– Сіз де сәлеметсіз бе? – деп қойды. Бұл жігіт орта бойлы, қияпatty, бетінде азырақ қорасан дағы бар, жаңа мұрт шығып келе жатқан, сөйлеген сөзі сыпайы, өдепті, киімі ногайшалау Фали есімді бір зат еді. Қөлденеңнен қарап салыстырғанда бұл үйдегі жігіттердің абзалы Фали, қыздардың абзалы Жамал секілді көрініп, екеуінің қатар отырулары да бек жарасып кетті.



Сөзмаржан

һәмән (һаман) – ұдайы, үнемі, әмәнда
жамағат – аздаған жақындық, алыс туыстық
қорасан – 1. Шешек ауруын тұнғыш рет емдел жазған өулие адамның аты. 2. Сол адам атымен аталған ауру аты

Фали бір болыста басқа ауылнайға қарашан Дүйсебек деген кісінің баласы еді. Жасынан талапты болып, Қызылжар, Троицкідегі медреселерде оқып жүріп жөне де частный учительден оқып та орысша азырақ сөйлеп, жазарлықтай шамасы бар еді. Мұсылманша жақсы оқыған болса да, елге шығып молда болмай, соңғы уақыттарда оқуды да қойып, азырақ саудаға айналысып еді. Атасы бай адам болмаса да,

Фали инабатты жігіт болып, әрдайым алыс-беріс істерінде уағдаласында опашыл болғандығы көрінгенге байлар шамалап несие беруден тартынбаушы еді. Әуелгі уақыттарда оқуда болып, бұл уақыттан саудамен жүрген себепті елде тұруынан тұрмауы қөбірек болып, өзін халық, халықты өзі анық танымайтын да еді. Тек сыртынан Дүйсебектің баласы талапты, еті тірі жігіт, қысы-жазы үйде отырмай оқу оқып, кәсіп қылады деуші еді. Жаңада өткен бір жәрмеңкеде алыс-берістерін бітіріп, бір-екі жұз теңгелеп пайда қылып, үйіне қайтып, ағайынды аралап амандықта жүргенде, осы ойынға кез келген еді. Фали Жамалмен қатар отырған соң, бір-бірінің халін һәм кім екендіктерін сұрап-білісті. Фали Жамалдың бұрынғы көріп жүрген жігіттерінен сөзге ұстарақ, сұраған сөзіне толық жауап қайтарып, һәм өзі де ләzzатты сөздер сөйлей бастағанға маңайындағылардың не істеп, не сейлеп, не ойнап жатқанын естімеген секілді ұмытып, шын ықыласпен кеңеспек те еді. Әртүрлі ойын болып, ақырында «Бұғыбай», «Мыршалай – мырыш» деген ойындар тамам болған соң, бір жігіт бір белбеуді есіп алып:

– Енді, өлеумет, өлең айтасындар, айтпайсындар, айтпағандарыңа мінекей, – деп, қолындағы есілген тоқпақтай белбеуін көрсетіп, қорқытып, аралап жүре бастады. Білген қалдарынша Фали мен Жамалдан басқа бозбалалар өлең айтып жатса да, өлеңдері қашаннан бері айтып келе жатқан ескі өлеңдер еді. Енді өлең айтуға рет өуелі Фалиға, сонан соң Жамалға келіп еді. Фали домбыраны өкеліп ұстатқанның соңында: «Менің өлең айту әдетімде жоқ еді, білмеуші едім», – деп күлімсіреп отырып:

– Қайыр, енді көңілдеріңіз қалмасын, – деп көркем әнмен домбыраға дауыс қосып сөйледі:

Ал сөйле, келді кезек енді, Фали,
Керілмей ұста қолға домбыраны!
Рух берген мәжіліске, қызмет көрсет,

Сайратып тіл мен жақты болса халі.
 Өнерің болса ішінде шығар сыртқа,
 Бұл жерде жасырудың болмас мөні.
 Қандырып құлақ құрышын тыңдаушының,
 Жарайды, міне, жігіт, десін пәлі.
 Секілді райхан гүл бақшадағы,
 Уылжып жігіттіктің тұрған шағы.
 Таба алмай айтар орын жүруші едің,
 Естіртші жас елдердің болса әні.
 Нақышпен сандуғаштай жұз құбылтып,
 Даусыңды түрлендірсөң келер сәні.
 Жастыққа сауық-сайран еткен күнің,
 Емес пе жігіттіктің раушаны?
 Тыңдаушы асыл сөзді табылғанда,
 Айтушы тартынар ма және тағы.
 Қадірлес құрбыларың жиналғанда,
 Тарқасын разы болып сынбай сағы.
 Жасымнан елде жүрмей, өстім шетте,
 Демесін кәне елді сағынғаны.
 Құрбыңа жатырқамай аш сырыңды,
 Жүйріктей бауыр жазып бабындағы.
 Ұмытпа мысалды да деп айтылған,
 Тұлкіні тазы алады табындағы.
 Болады не нәрседен және де ескер,
 Жігітке абыройдың табылмағы.
 Емес пе екі журек бірдей келсе,
 Арада махабbat оты жағылмағы.
 Мінеки, домбыраңыз, тоқтадым мен,
 Сөйлесін сұлу Жамал жанымдағы!

Фали бұл арада айтып болдым деп, домбыраны Жамалға ұсынғанда, отырған халық: «Мырза, тағы айта түсіңіз?», – деп өтініш айтқан соң, Фали тағы да мынау өлеңді айта бастады:

Жақсы қыз баға жетпес бір гаунар тас,
 Он алты, он жетіге жеткенде жас.
 Жаннэттың пісіп тұрған алмасындей,
 Қол жетпес, қандай жігіт ләzzат алмас.
 Сұлу қыз рақаттың кілті емес пе?
 Қолына түсіре алсан, бардағы аш.
 Тізілген меруерттей отыз тісі.

Нұрлы жүз, жайнаған көз, қылған қас.
 Шекеде кәмшат бөрік, киген асыл,
 Сылдырлап алтын шолпы, иықта шаш
 Бұралған тоты құстай мүшелері,
 Бозбала сұхбатасқан болмай ма мас.
 Қатасыз осы айтқандай болып тұrsa,
 Жолында сондай қыздың қияр ем бас...

Фали бұл өлеңді айтып болған соң, отырған ретінше Жамал айтты:

Сөйле, тілім, шешіліп осындайда,
 Құрбылармен бір жерге қосылғанда.
 Отырмассың үнемі төрде бүйтіп,
 Еріксіз-ақ қоярсың тосылғанда.
 Емес пе едік, яптырым-ау, кеше бала,
 Білетүғын жастықпен есті шала.
 Белгісі жоқ еken ғой өткен күннің,
 Қатар түзеп қыз болдық, міне, қара!
 Қыз байғұс ел-жұртына келген қонақ,
 Мысалы, қызғалдақтай ғұмыры шолақ.
 Құн келер өз басынан ерік кетер,
 Қалалық осындайда күліп-ойнап...

IX

Бұл күні Фали мен Жамал өбден сөйлесіп, өрқайсысы хал-ахуалын біліскең еді. Иштерінен бір-біріне ұнғандығы білініп, «бір көрген біліс, екі көрген таныс» мұнан былай да кез келіп жүрерміз деп, бұл сапарда айырылысқан еді. Фали өлі қалың бер-меген бір талапты жігіт болғанға, Жамалдың күйеуіне наразылығына қарай екі тараптан да бір-біріне махаббат байланды деуге лайық болды.



Сөзмаржан

тамам болу – түгесу,
таусылу
жаннат – адап мұ-
 сылмандар жаңының о
 дүниеде рақатта болатын
 мекені деген түснік
қатасыз – қатесіз
хатта – әлбетте

Не үшін десеңіз, екеуінің де сол ойын болған түндегі сөздері көңілдерінен кет-пей һемән бірін-бірі ойлайтын болды. Мұнан кейін Фали Сәрсенбайдың үйіне бір-екі мәрте келіп кеткен уақытта, Фали мен Жамалдың бір-біріне көз қарауларын байқап түрған кісі болса, екеуінің де көздерінде: «Мен сені жаным-тәніммен сүйемін» деген жазуды оқығандай болар еді...



Осылайша Фали, Жамал дос болып, әрбір лайықты уақыттарда жолығып, сұхбаттасып жүріп, қыс өтіп, жаз да келді. Бұл екеуінің көңілдерінде бір ғана ой бар еді. Бірақ бір-біріне бұл күнге шейін айтуда әрқайсысы өздеріне сенбеген се-кілді болып, үндемей жүруші еді. Бұл ойын Жамал сөйлесе, Фали қабыл алуы, Фали сөйлесе, Жамал қабыл алуы шүбәсіз болса да сөйлеуге екеуінің ойындағы мақсаттары бір болған секілді қауіптері де һәм бір еді. Жамал мен Фали аз күнгі ойын-күлкінің қызығымен өздерін дүниедегі бақытты адамдардан санап жүргенде, бір күні бұларға үлкен қасіретті хабар естілді: «Байжан мен Сәрсенбайдың арасындағы уағдалары болып, енді бір айда Жұман күйеу үрын келіп, қалыңдық ойнайды», – деген өсек расқа шықты. Бұл ренішті хабар бұл күнге шейін Жамал мен Фалидың іштерінде сақтап жүрген сырларын бір-біріне білдіруге себеп болды. Бұл айта алмай жүрген сырлары – екеуі қалай ғұмырлық жолдас болып, Жұманнан Жамалды құтқару екен.

Бірақ әрқайсысы да өздерінен басқа ешбір жәрдемші болмағанға текке халыққа масқара болып, мақсатқа жете алмай қаламыз той деп қорыққан екен. Енді мынадай «Жұман келеді» деген хабар аныққа шыққан соң, дүниеде бірінен бірі бөлек тұрудан қапаста жатқанды артығырақ көріп, не болса да, екеуі қосылуға бір жол қарамақшы болып, енді қай күні

бір жолықса, бұрынғы іштегі жұмбақ болып жатқан сырларын таласып сөйлемекші болып тұрғанда, Жамалға Галидан бір хат та келіп жетті. Оқып көрсө, бұл еді:

Тұра алмадым толықсып хат жазбасқа,
Зылиқа мен Жұсіпті қосқанындай,
Ішкі сырды білгізіп замандасқа.
Екі қоңіл бір жерде қосылса егер,
Не қызық бар жаһанда онан басқа?!..

Бұл хатты Галидан Жамалға алып келген жігіт әр уақыт бұл екеуінің арасында осындағы құпия хабарлар һәм хаттар тасып жүретін, Галидың бір анық сенген кісісі еді. Бүгін бұл хатты Жамалға тапсырып:

— Жауабын ертеңге шейін даярлад қоярсын, мен бір ауылға барып қайтамын, — деп кетіп қалды. Жамал бұл хатты үш-төрт мәрте оқып шығып, бір қызып, бір суып, Жұманға барса, ғұмырынша қайғы-қасіретте өтетінін ойлап, Галимен қашса, не түрлі ұят-машақаттар болып, ақыры нешік болатынына көзі жетпей, аз дағдарып, көзінен моншақ-моншақ жастарды төгіп алды. Біраздан соң тағы да қайраттанып: «Төуекел, Алла басқа салған соң, не де болса көтердім, Галимен ғұмырымша қол ұстасып жүрсем де арманым болмас», — деп ойлады.

Егер де Галимен қаша қалса, кім тілектес, жәрдемдес боларын ойлағанда, өзінің шешесі Шолпаннан басқа ешкім көзіне қорінбеді. Шешесіне сиынатын себебі оқушыға да мәлім. Шолпан өуелден Жамалды Жұманға беруге разы болмай, Сәрсенбайға тілін алғыза алмай қойған еді. Екінші, Жамал ержеткен соң Жұманға көңілі наразы болып жүргенін де сезіп, хатта сол мезгілде Жамалдың жазып жүрген өлеңін де тауып алып оқиды деп жоғарыда жазып едік. Үшінші, Жамал мен Галидың жақын болып жүргендерін біліп, көріп жүрсе де, білмегенсіп жүруші еді. Жамалды Галиға лайық көрген секілді болып, Галиды шын ықыласымен баласындағы жақсы көруші еді. Ұзын сөздің қысқасы, ақырында Жамал Галидың жазған сөздерін қабыл алып, қарсы жауап та жазып, ертеңінде манағы жігітке тапсырды...

Х

Фали бұл хатты оқығаннан кейін сол күні өзіне сенімді құрбылары Жұніс, Нұрмаш деген жігіттермен күн батқаннан тұн ортасына шейін ауылдан аулақ бір оңаша жерде ақылдасқан еді.

Сөздің көркі – мақал

Жақсы ниет –
Жарым ырыс.

Кен болсан, –
Кем болмайсын.

Қайырымдылық жасасан, –
Қайырын өзің көресің.

Кішіпейілділік –
Кісінің көркі.

Адамгершілік болмай, –
Әділдік болмас.

Фали:

– Мінекей жігіттер, бала жастан бірімізге «сен деспей» ойнап өскен құрбы едік. Қазір де мен мынандай бір қиялға түсіп түрмyn. Айтқан сертіне қыз жетіп, мен жетпей қалсам, маған тірідей өлім ғой деп ойлаймын. Мен тәуекел деп бұл іске басымды байладым, сендер не ақыл айтасыңдар? – деді. Әлгі жігіттер:

– Оның бізге несін айтасың, біздің сенен аянар еш нәрсеміз жоқ. Бұл заманда қыздың басында ерік бар ғой, азар болса малын алар, кім қызды тегін береді, – дегеннен кейін Фалидың қуанғаннан екі көзі жайнап кетіп:

– Не қылса да осы іске бір өнер-қайрат ете көріндер, – деп, ертең тағы да ақылда спақшы болып тарқасты. Бұл үшеуі ертеңіне һәм бас қосып, бұл жолғы мәслихаттары: өуелі Фали Жамалға барып, оңашада өбден сөйлесіп, қай күні қашатындарын уағдаласуға қаратты.

Көп кешікпей Фали да бір күн түнде, Сәрсенбайдың аулының тұсындағы бір сайда, сүйіктісі Жамалмен келешекте бірге рақат ғұмыр өткізулерінің желісін сөйлеп түр еді. Дүниеде бұл екеуі үшін бір жақтан істің ақыры нешік болады деген үлкен қорқыныш, екінші жақтан дүшпанның қолына түспей құтыламыз ба деген қуанышпен жүректері лұпілдеп, бірінің қолы бірінің мойнында болып, екі ғашық бір ойда еді...

Жамал Фалиға айтты:

– Анау күнгі саған жазғаннан кейін менің өңім де бұзылып жүрсе керек, апам оңашада қайта-қайта: «Қарағым, неге мұнша сарғайып кеттің, сырынды айт, бөтен ойың болса, менен жасырма, мен сенің біреуге қор мұқтаж болмағаныңды ойламасам, саған жамандық тілер деймісің?» деген соң және апама сенген соң, бар сырымды сөйлеп едім: «Олай болса, қарағым, бетіңнен жарыл-қасын. Фалиды мен жек көрмеймін, бірақ қайтейін, Құдайтағала сені бір жаманға байластырып қойған соң», – деп жылап та жіберіп, ақырында өзі бізді шығарып жібермекші болды, – деді. Бұған Фали да бихисап қуанышпен, екеуі ендігі жексенбіге осы сайды белгі қылышп, уағда байласты.

Фали үйіне келіп, өзінің бұл іс хақында ақылдас болып жүрген құрбыларымен сөйлесіп, келер жексенбіге ат сайландыра

даярлана бастады. Екі дос – Жұніс пен Нұрмаш Фалиды шығарып салмаққа бұлар да даярланып, сенбі күні «не болса да ертең болады» деп, жас жүректері дамылсыз соғуда еді. Фали даярланғанда Жамал да қарап жатпай, ақырғы сырын туған анасы Шолпанға айтқанның соңында, Шолпан да разы болып, жол қамын ойлай бастаған еді.

Жексенбі күні де болып, ел жатқан уақытта Фали, Жұніс, Нұрмаш үшеуі, ерлеген бір ат жетегі бар, жолықпақшы болған сайда даяр болған еді. Бұларға әрбір өткен минут сүрленген жылдай болып: «Қашан келеді, қашан келеді?», – деп қарап тұрғанда, бүркенген екі өйел көрінді. Келсе, Жамал мен оның шешесі екен. Бұлармен Шолпан амандастып болған соң:

– Шырақтарым, енді Аллатағала қайырлы сапарын беріп, мақсаттарыңа жеткізсін, қайда жүрсендер де аман жүріңдер. Қазір де ешкім көрген жоқ, тоқтамай жөнеліңдер, – деп Жамал мен Фалидың беттерінен сүйіп, жыламсырап қоштасып, жастар аттарына мініп жөнелгенде біраз арттарынан қарап тұрып, үйіне қайтты...

Фалидың достарымен ақылдасқанда Жамалды алыш барып, жатпақшы жері – дуанда өзі бірге саудалас болып, несие алыш жүрген Фатихолла бай еді. Қазірде ауылдан былай бес-он шақырым шыққан соң, арттарынан қуған ешкімнің дыбысы жоқтығына көз жетіп, тағы да ақылдасып, сол өуелгі планы бойынша жұз жиырма шақырым жердегі қалаға тартпақшы болды.

Бұл түні күн шыққанша елу шақырым жүріп, адам жоқ бір қыстауға келіп, жасырынып жатты. Күн батып, ымырт жабылғанша бұларды ешкім көрмей, енді тәуекелдеп, таң атқанша дуанға жетпекші болып, Фали мен Жамал жүріп кетіп, Жұніс пен Нұрмаш елге қайтты.

Фали, Жамал қалаға саламат жетіп, Фатихолла байдың үйіне келді. Бастаң-аяқ оқиғаны Фали Фатихолла байға айтқаннан кейін, Фатихолла бай өуелінде осындей қазақтың қызды жастай құда болып, біреуге беріп қоятын жаман ғадетін жек көргендігі себепті жөне де Фалидың һәм тәуір көретіндігінен бұл екі мұсәпірді қабыл алды. Фатихолла бай өзінше тәуір пікірлі ғана, өзі айтқан сезін болдыруды жақсы көретін бір татар еді: «Әйдә, Фали! Син бір де қорықма, алнамділле, біznің қораға рұқсатсыз ешбір степной қырқызыларың кірә алмас. Әгер де киліп скандал чығармақчы бұлсалар, прямо частьқа заявить итіп, жилкөлерін қашытартмыз», – деп Фалиды қайраттандырып қойды.

Бір қонғаннан кейін Фали Фатихолла баймен ақылдасып, құрмұнда келіп қарап жатқанның мәнісі болmas, «ұлықтан

Сөздің көркі – мақал

Ақылың болса, арынды
сақта,
Ар-ұят керек өр уақытта.

Ұлық болсан, кішік бол.

Мал сақтама, ар сақта.

Жақсы атың «мәңгігे
қалсын» десен,
Сүрінгенді сүйеп қой.

Азаматтық жасай
алмаған адам –
Бұл өмірге келмеген
адаммен бірдей.

Жамалдың басына ерік алалық», – деп адвокатқа арыз жаздырып, крестьянский начальникке Жамалды кіргізді. Арызында: «Мені жеті жасымда атам қазақ ғұрпыша бір қазаққа малға сатқан еken, бұл күнде кеміл жасқа толып көрсем, күйеуім өзіме ұнамағандығы себепті həm мені атам ықтиярсыз бермекші болған себепті, өзімнің сүйген жігітіммен қашып келдім. Мархамәтшылық жүзінен мен мазмұнаның көз жасын құрғатып, басыма ерік беріп қияннattan қорғасаңыз еken», – деген сөздер жазылған еді.

Бұл арызды ілтифатқа алтып, начальник Жамалдың қолына: «Кімге барсаң да ықтияр», – деген қағаз беріп, болысқа həm былайша қағаз шығарды:

«Жамал Сәрсенбайқызына ешкім қиянат, жәбір қылмасын! Сүйген күйеуіне баруға өзіне ерік берілді. Қалыңмал хақында дау болса, волостной съезге саларсың», – деп.

XI

Жамал қашқан күні таңертең Сәрсенбай намазға төсектен тұрып, тұндік аштырып, азан оқып болғаннан кейін, Жамалдың жоғын көзі көріп, қатындарынан:

– Жамал қайда кеткен? – деп шүбәланып сүрай бастады. Шолпан да еш нәрсе білмегенсіп:

– Жамалжан тысқа шыққан шығар, – деп тұрғанда Сәрсенбайдың бәйбішесі:

– Ойбай, бетім-ау бір сүмдық болған еken ғой, Жамалдың ілулі тұрған киімдері қайда? – деп, сол минутта Жамалдың қашқаны мәлім болды. Үй іші сасып, ренжуде болып, сол сағатында ауыл да жиналышп, ақылдаса бастады, біреулері:

– Өзінің күйеуі алып кеткен шығар, – деп, көбі:

– Жоқ, мұны Дүйсебектің қу баласынан басқа ешкім өкеткен жоқ. Өздерің де соны патшаның баласындағ өлдеқандай көріп тым еркінсітіп жіберіп едіңдер, ал енді қайтер екенсің, – деп, Сәрсекеңнің жалғыз басын даң қылды. Сөйтсе де мәслихаттасып: «Осындағ мағлұмсыз біздің баламыз, сіздің келініңіз Жамалды біреу тұнде алып кетіпті, енді не қыламыз?», – деп Байжанға кісі жіберді. Және бір жағынан астыртын Галидың аулына да кісі

Даналық ойдан дән ізде

М.Дулатов «Бақытсыз Жамал» романын жазу үстінде қазақтың өзіне дейінгі дәстүрлі әдебиетіне сүйенген. ...Қазақтың арыдан беріге дейінгі фольклоры мен маржан әдеби жауһарлары тоғызып, романның көркемдік тіліне, стиліне, формасы мен құрылышына қызмет еткен. Жаңғыртып, дамытып, өзіндік іздениспен қантандырған.

Н.Айдархан

жіберді. Қешке таман Галиларға кеткен жігіт бүгін түнде Фали, Нұрмаш, Жұніс үшеуінің жақсы аттарына мініп, үйлерінде жоқ болып шыққан хабарын алып келген соң, шұбесіз істің анығын біліп, Байжанға екінші кісі жіберді:

– Мінеки, Дүйсебектің баласы алып кетіпті, ендігі ақылын өздеріңіз білеңіз, – деп. Бұл күн осылай хабарлармен өтіп, екінші күнде Байжан жиырма жігіт ертіп, «бәлемнің шаңырағына қобыз тартайын» деп, Сәрсенбайдың аулына келіп түсті. Бұл өткен түнде Нұрмаш пен Жұніс те үйлеріне келіп жеткені мағлұм болып, аттары сүмектей болғаны әркімге көрініп

қалған еді. Байжан істің анығын білген соң, жолдастарынан бес кісіні түнде аттандырып, Галилардың аулынан жылқы алдыруға жіберді һәм болысқа кісі жіберіп жазды:

– Мінеки, осындай оқиғалар болып қалды, билеріңізді алып мұнда келіңіз! – деп, Байжанның барымтаға аттандырған жігіттері ат, айғыр, ту биеден он екі жылқы алып һәм жолдан Сәрсенбайдың бір қысырағының үйірін қоса айдал барып та қалды. Құллі жиылстың расходы Сәрсенбайдың мойнында болып, қорыққаннан бірауыз сез қарсы айтуға хәлі де жоқ еді, хәттә жан-жаққа шаптырып жатқан аттар да Сәрсенбайдікі еді.

Үш-төрт күннің ішінде бір болыс елдегі керекті кіслер жиналып, бір үлкен съезд болды. Байжанды жақсы көргендер халық жиналған жерде:

– Миңе, жұрт бұл секілді тентекке тізгін беріп жібере берсе, жұрттың қойнындағы қатынын да өкетер, мұндай болмасқа тыю салып, біреудің ақ баталы жесірін қайтарып өперу керек.

– Біреуге болған қиянат ертең екінші кісінің басына келмей ме, мұнымен халық арасы бұзылып, жұрттықтан шықпаймыз ба? – деп уағыз сөйлей бастады.

Кешке таман іңде уақытында Байжан болыс писірді, осы жиылдықса келген бес биді һәм указной молда Ахметжанды оңаша, ауылдың сыртына шақырып алып:

– Енді ертең не болса да бір іс қылышыздар, мен қазір де малға бітпеймін. Мыналардың бізге барып қалған он жақсы жылқысы бар, бұл мал менің жауымға қайтарылып берілгенше өздерің олжа қылыштар, мен кешіктірмей сатып жіберемін. Сіздер бір жолға

**Сөзмаржан**

мазмұна – мазлұма (мазлұм) деген сөз өзгеріске түсken. Мазлұм – қиналған, жәбірленген, нашар, мұсөлпі адам. «Мархабат етіп, мен мазлұманың (жәбірленушінің) көз жасын құрғатып... қорғасаңыз екен» деген мағынада. Міржақыптың «Біз көндік мұндай халге құдай салды, панасыз мазлұммың мен бір зарлы» деген өлеңі бар

лан қылды – дау шығарды

шаңырағына қобыз тарту – бұл жерде: жынынайқа жасап, пәле салағын деген мағынада

писір – писарь – хатшы

менің намысымды жоқтап не дегенімді істеп беріңіздер. – деді.

Бұлар да «олжа» деген сөздің қарасын көрген соң, мұрттарынан күліп:

– Енді қалай қыл дейсіз? – деп сұрады. Байжан айтты:

– Сіздер өр қызметтің басындағы кісілерсіз, мінеки, болыс пен писір ұлық жағынан бұл туралы нендей іс болса да дұрыстап тұrap.

Билер ертең Сәрсенбай, Дүйсебектердің мұнан сұрайтын жылқыларын отказ етіп, қыз бен жігітті шығарып жіберген екі жігітті соларды тауып әкеleуге міндетті қылышыздар, тауып әкелмесе, түрмеге отыруға бұйырыңыздар! Ал Ахметжан молда, сіз бұл қыз бен біздің Жұман екеуіне алып қашудан он күн бұрын неке оқылған еді деп книгеңізге жазып, бізге күөлік беріңіз, – деді. «Сіз мұндай жұмысты болып тұрғанда өтірікке де болса кіріспей болмас», – деп разы болысты.

Сол жерде Байжан қалтасынан суырып, әрқайсысына елу теңгелеп төрт жүз теңге ақша берді...

1**Білу**

1. М.Дулатұлы туралы не білдіндер? Қандай шығармалардың авторы?
2. М.Дулатұлының азаматтық, саяси көзқарасының қалыптасуына қандай себептер ықпал еткен?
3. «Бақытсыз Жамал» романы қандай оқиғаларды суреттеуден басталады?
4. Шығарманың басты кейіпкерлерін атаңдар.
5. Роман оқиғасы орын алған орта туралы не білдіндер?

2**Түсіну**

1. «Бақытсыз Жамал» неліктен қазақтың тұңғыш романы болып саналады?
2. Қалампир Байжанмен құда болуға неліктен келісе кетті?

3. Жамал өзін қай кездері бақытты сезінді? Неліктен?
4. Сәрсенбайдың болыс сайлауына тұсу себебі неде?
5. Шығармадағы табиғат көріністері нені білдіреді? Суреттеген оқиғалармен үндестігін табыңдар.

3**Талдау**

1. Жамал образын Еңлік бейнесімен салыстырыңдар.
2. «Жамал трагедиясы – бүкіл халықтың трагедия ма, әлде бір қыздың бас қайғысы ма?» мәселесі негізінде «Т» сыйбасын толтырыңдар және топта талқылаңдар.

Халықтың трагедия**Жеке бастың қайғысы**

3. Роман кейіпкерлерінің іс-әрекетін теріп жазып, автор мінездемесімен салыстырыңдар.

4**Жинақтау**

1. Әр кейіпкер туралы топтастыру жасаңдар: қылышы, әрекеті мен оның себебін ашуға тырысыңдар.
2. Шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтаңдар. «Еңлік-Кебек» дастанымен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беріңдер.
3. Романдағы кейіпкерлердің бейнелерін Жамал мен Фали образдары төңірегінде жинақтап, кластер құрыңдар. Әр кейіпкердің рөлі туралы топта талқылаңдар, баяндаңдар.

5**Қолдану**

1. Романның әр бөліміне тақырып қойыңдар, неліктен осылай атағандарыңды түсіндіріңдер.
2. Роман кейіпкерлері туралы кесте толтырыңдар:

кейіпкерлері	мінездеме	портреттік сипаттамасы	іс-әрекеті

3. Романдағы мақалдарды жазушы қандай мақсатта қолданған? Мағынасын түсіндіріңдер.
4. Романнан кейіпкер мінезін ашатын үзінділерді теріп жазыңдар. Тура және жанама мінездеуді жіктеңдер.

5. Шығарманы композициялық құрылышына қарай талдаңдар, сюжеттік желісін анықтаңдар.
6. Романдағы көркемдегіш құралдардың қолданысын талдаңдар.

мысалдар	психологиялық параллелизм	перифраз	сатира	ирония	гротеск	элипсис

7. «Сол замандағы қазақ түрмисынан менің түсінгенім», «Маған ұнаған роман кейіпкері», «Жамал мен Фали – әділетсіз қоғамның құрбандары» тақырыптарының біріне ессе жазындар.

6**Баға беру**

1. Жамалдың бақытсыздығына, ажалына кім кінелі деп ойлайсыңдар? Жағдайды өзгерту үшін сендер қандай шешім ұсынар едіңдер?
2. Сүйгеніне қосылған жандар бақытты болуы тиіс. Неліктен Жамал мен Фали бақытты бола алмады? Пікірлерінді білдіріңдер.
3. Романдағы қазақ түрмисына тән мінез, қылық, әрекеттер мен салт-дәстүрлерге өз көзқарастарынды білдіріңдер.
4. Романың «Бақытсыз Жамал» деп аталу себебі туралы ойларыңмен бөлісіңдер.
5. «Бақытсыз Жамал» романы, роман кейіпкерлері туралы пікірлерінді «ПОПС формуласы» арқылы білдіріңдер. Бірінші сөйлем: «Менің ойымша, ...»
Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»
Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»
Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»
6. Романнан алған әсерлеріңмен, шығарманы оқу барысында туындаған ойларыңмен бөлісіңдер.



Түйін

Міржақып Дұлатұлы – қазақтың аса көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері, ақын, жазушы, көсемсөз шебері, әдебиеттің әртүрлі жанрына қалам тартқан қаламгер. М.Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романы – қазақ әдебиетінде көркем прозалық үлгіде жазылған тұнғыш роман.



Әдебиет теориясы

Сатира мен ирония

Сатира – қаламгердің суреттеп отырған оқиғаны, құбылысты немесе кейіпкерді өткір сынға алып, әжуага айналдыратын көркемдік бейнелеу тәсілі. Сатираның мысал, эпиграмма, памфлет, фельетон, пародия, шарж, карикатура, анекдот сияқты жанрлары бар. Драматургияда сатира комедия жанрынан көрінсе, көркем прозада сатиралық әңгіме, повесть, романдар жазылады. Сатиралық шығармаларда әсірелеу (гротеск), тұспалдау (аллегория), юмор (достық рәуіштегі құлқы), ирония (женіл әжүа), сарказм (аңыз мысқыл, кекесін) т.б. бейнелеу тәсілдері кеңінен қолданылады.

Ирония – көркем шығармадағы сырты сыпайы, іші толған аңыз құлқы, мысқыл болып келетін өрнектеу тәсілі. Ежелгі Грекияда жанр ретінде туындағанымен, әдебиеттің дербес тегі ретінде Ежелгі Римде кең қанат жайды. Петронийдің «Сатирикон», Апулейдің «Алтын баспақ» романдары осы тұста жазылды. Орыс әдебиетінде алғашқы сатиралық шығармалар XVII ғасырда дүниеге келді. Қазақ сатирасы халық ауыз әдебиетінен бастау алады. Алдаркөсे туралы аңыз әңгімелерде аңыз мысқыл, улы кекесін, сынап-мінеу сарыны басым болса, Қожа-насыр туралы құлдіргі әңгімелер достық рәуіштегі сын, астарлы әзілге құрылады. Тазша бала туралы немесе өтірік өлеңдерде әсірелеу, гротеск тәсілі мол кездеседі. Қазақ фольклорында ұлттық ауыз әдебиетінде ғана кездесетін Шықбермес Шығайбай, Қарабай сияқты сараң байлардың типтік бейнелері жасалған.

«Қазақ әдебиеті» әнциклопедиялық анықтамалығы



Тапсырма

«Бақытсыз Жамал» романынан сатира мен иронияға мысалдар келтіріңдер. Сатира жанрының ерекшеліктерін көрсетіңдер.

«Өз елінің бағасын білген адам ғана басқа елді қадірлей алады», – деген сөздерін өмірінің қағидасы еткен жауынгер-жазушы Әлемі қандай?

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ



БАУЫРЖАН
МОМЫШҰЛЫ
(1910–1983)

Бауыржан Момышұлы 1910 жылы Жамбыл облысы, Жуалы ауданында қарапайым отбасында дүниеге келген. Әке сінен хат таныған Бауыржан көрші ауылдағы орыс мектебінде, Жамбыл қаласындағы Аса интернатында білім алғып, бастауыш мектепті бітіреді. 1921 жылы Шымкенттегі жеті жылдық мектепке түсіп, оны 1928 жылы аяқтайды. Жиырма жастан асқан кезде ол міндettі өскери қызметке шақырылып, өзінің болашағын Қызыл Армиямен мәңгілікке байланыстырады.

Екіншідүниежүзілік соғыс жылдарында командир ретінде даңқы шыққан қазақтың батыр ұлдарының бірі Бауыржан Момышұлы соғыс басталысымен 316 атқыштар, кейіннен 8-гвардиялық дивизия құрамында майданға аттанды. Мәскеу түбіндегі кескілескен ұрыстарға қатысты. Дивизияның батальон, полк командири болды. 1944–1945 жылдары осы дивизияны басқарды. Құзғі, қысқы алапат шайқастарда өз батальонын 27 рет шабуылға бастап шыққан, бес рет жау қоршауын бұзып, жауынгерлер құрамын аман-есен дивизиясына қайта қоса білген Бауыржанның атағы аз уақыттың ішінде-ақ шартарапқа жайылып үлгерді.

Қандай жағдайда жүрсे де үлтжандылығын танытып, үлттық намысты қорғай

Зергер сөз

Отанға деген сүйіспеншілік – еліміздің келешегіне, оның кемел үрпағына біздің аманат етер ең қасиетті өсietіміз деп білейік. Отанын Бауыржан Момышұлындаң суюді өнеге етіп қалдырған басқа қаламгер жоқ.

Н.Назарбаев

білді. Соғыс жүріп жатқан кездің өзінде аты аңызға айналған Бауыржанның өмірін, ерлік істерін арқау еткен А.Бектің «*Волоколамск тас жолы*» атты кітабы жарық көрді. Кейінгі дәуірде де ол туралы Ә.Нұршайықов «*Ақиқат пен аңыз*», К.Серікбаев «*Менің өмірімдегі Бауыржан Момышұлы*» (орыс тілінде) атты кітаптар жазды. Оның қаһармандық ерлігі жайлы «Қазақфильм» киностудиясы «*Ел басына күн туса*», «*Бауыржан*» көркем фильмдерін жарыққа шығарды.

Бауыржан Момышұлы – әскери қызыметкер, ержүрек батыр, даңқты қолбасшы ғана емес, сонымен қатар қазақ әскери прозасының негізін қалаған жазушы, Қенес Одағының Батыры, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Қолбасшы ретіндегі ерліктері, батырлығы аңызға айналды. Ол өз шығармаларын қазақ, орыс тілдерінде бірдей жазды. «*Офицер күнделігі*», «*Жауынгердің түлгасы*», «*Майдан*», «*Генерал Панфилов*», «*Төлөген Тоқтаров*», «*Куба әсерлері*», «*Ұшқан үя*», «*Ел басына күн туса*», «*Адам қайраты*», «*Артымызда Москва*», «*Қанмен жазылған кітап*» атты кітаптары жарық көрді. Жауынгер-жазушы шығармалары басқа тілдерге аударылды.

«Бауыржан Момышұлы – өз өмірбаянын өзі жазып кеткен адам, өз шығармаларында туып-өскен ортасы, алған тәрбиесі мен шығармашылық жолы шеберлікпен баяндалған. Жазушының туындыларында халқымыздың әдет-тұрпы, салт-дәстүрлері ұлттық болмысымызбен астасып жатады. Б.Момышұлы «*Ұшқан үя*» повесінде балалық шағында көзімен көрген, өзі куә болған, есте қалған оқиғалар арқылы әлеуметтік кезеңді, өзі өмір сүрген қоғамдық өмірді шыншылдықпен суреттейді, ес біле бастаған кезінен мектеп табалдырығын аттағанға дейінгі өмірін әсерлі әңгімелейді. Тұлға ретінде қалыптасуының басты негізі өзінің түлеп үшқан үясы екендігін баса көрсетеді.

Повесте қазақ ауылшының көрінісі байыпты да терең бейнеленеді. Шығармада кеңестік идеологияның ыңғайына бейімделген, идея үшін бояланған, қазақ өміріне қысынсыз келетін, ойдан құрастырылған оқиғалар кездеспейді. Откен оқиғаларды әңгімелейтін шығарманың құндылығы да, өміршенждігі де тарихи шындықтан, тарихи оқиғалардан алшақ кетпеуінде десек, Бауыржан Момышұлы да өзі өмір сүрген дәуірді шыншыл суреттеп, бастан өткенді ой елегінен өткізіп, өмір сыйлаған қуанышты, қындықтарды шыншылдықпен жаза алды.

Бағалы дерек

Бауыржан Момышұлы өзінің әскери қызыметінде 11 ай қызыл әскер, 14 ай взвод командирі, 9 ай атқыштар полк штабының бастығы, 6 ай республикалық әскери комиссияның аға нұсқаушысы, 5 ай батальон орынбасары, 8 ай атқыштар полкінің командирі, 3 ай дивизия командирінің орынбасары, 6 ай дивизия командирі, 5 жыл әскери академияда қолбасшы болды

«Қазақстан тарихы»

«Үшқан ұя» повесі қамтитын уақыт кезеңі – Қеңес өкіметі қалыптасуының алғашқы жылдары. Повесте сол замандағы қазақтардың өмірі, оның ерекшелігі айқын көрсетілген.

Автор қазақтардың өміріндегі үлкен бетбұрыстың басталуын, атап айтқанда, егіншілікке, отырықшылыққа бірте-бірте көшуді суреттейді. Жазушы нақты материал арқылы қарапайым еңбек адамдарының қарым-қатынастарынан туған қазақ және орыс халықтарының достығын көрсетеді.

«Үшқан ұядығы» жылы сезім, шуақты көңілдің нұрынан жараптан образ деп, Бауыржан Момышұлының әжесі Қызытумастың образын айтамыз. Бауыржанның әжесі айнала ортасын, аңы өмірдің, қатал тағдырының азап-зардабының бәрін бастан кешсе де, соған төтеп берген, ақылды, қайса, саналы да саялыш өзиз ананың образы болып шыққан дей келіп, ғалымсыншы М.Қаратаев әжесінің немересіне дарытқан асыл қасиеттеріне былай тұжырым жасайды: «Болашақ батырдың ең алғаш дүние тануына, характерінің жастай қалыптасып, адал, табанды, ержүрек боп өсуіне игі әсер еткен осы әже. М.Әуезовтің «Абай жолы» романындағы Зере сықылды Бауыржанның әжесі де қазақ халқының қашаннан өмір қазанында қорыған ұзақ тәжірибеде шындалған даналық ұғымдарын, ізгі салтдәстүрлерін бойында сақтаған адам, өмірдің сұлулығын, еңбектің поэзиясын, достық пен бірліктің, адамгершілік пен адап семьяның қадірін, қажеттігін үғынған жан және осы үрпақтарды өз төңірегіне, өсіреле сүйікті немересінің жүргегіне бала кезінен бастап еккен ана».

(Г.Ерімбетова)

Сөздің көркі – мақал

Әдепті бала өсірсөн,
Ауылдың абыроны.
Ақылды жігіт өсірсөн,
Атырабыңың абыроны.

Мен де қазақын жаралған сүйек-еттен,
 Менде ар бар, менде ой бар жан тебіренткен.
 Халқымның қарапайым бір ұлымын,
 Жанымды арым үшін құрбан еткен, –
 деген жауынгер-жазушының өмір жолы үлгі, іс-әрекеті тағы-
 лымға толы. Алматы мен Астана қалаларында Б.Момышұлы
 атында көшелер, мекемелер бар. Жамбыл облысында, Алматы,
 Астана қалаларында батырга арналып ескерткіш қойылған.

○ Даналық ойдан дән ізде

Адамның бойындағы құрметтеуге тұратын ең ұлы қасиет – өз Отанына деген ма-
 хаббат.

Йоганн Вольфганг фон Гёте

Момышұлына

Бүркіттей сесті,
 Бурадай сұсты тұр-тұсің,
 Жайраңдап күлмей,
 Сармойнақ бидей,
 Жұртыңың жырттың жыртысын.
 Ажалдай үстем,
 Қатерлі құштен қаймықпай.
 Барыңды салдың,
 Жаныңды шалдың,
 Ұлт үшін!
 Басқұрдай бекем,
 Қасқырдай қайсар, ағам-ай!
 Атағың қалды,
 Мақалың мәнді данадай.
 Өңіңнен үскін,
 Көзіңнен үшқын көруші ем,
 Тұлпарға қаққан,
 Шағылда шапқан тағадай.
 Нөсердей ойдың
 Қөсемдей толғап түйінін,
 Шытырап сыртың,
 Бытырап мұртың,
 Аяғындай бүйінің.

Қылыштай өткір,
Күмістей таза күйінде,
Жасындай текті,
Басылмай кетті күйігің!..

Қ.Илиясұлы



Артық болмас білгенің

Екінші дүниежүзілік соғыс басталысымен, Бауыржан даңқты генерал-майор И.В.Панфиловтың басшылығымен Алматы маңында жаңадан жасақталған 316 атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанады, батальон, полк командирі қызметтерін атқарады. Соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарады. 1941 жылғы күзгі, қысқы кескілескен шайқастар кезінде өз батальонын 27 рет шабуылға бастап шықты. 5 рет қоршауды бұзып, негізгі жауынгерлік құрамымен аман-есен дивизиясына қосылды. Жауынгерлік іс-қимылдарға қатысты ұрыстан шығу, шегініс жасау тәсілдерінің арнайы тарау болып әскери жарғыға енуі, тактикада «ошақты» және «икемді қорғаныс» ұғымдарының қалыптасуы Бауыржан Момышұлының осындаи тәжірибелерінің жиынтығы болып табылады. Оның қолбасшы, терең ойлай білетін әскери маман ретінде талантты соғыста полк, дивизия

басқарған жылдары кеңінен ашылды. Бауыржан Момышұлы жау шептеріне ішкерлей еніп, ұрыс жүргізу теориясын соғыс тәжірибесінде алғаш қолданушылардың және оны дамытушылардың бірі болды.

Бауыржан Момышұлы – өскери педагогика мен өскери психология саласында баға жетпес мұра қалдырған дара тұлға. Оның атақ, даңқы, батырлығы А.Бектің «Волоколамск тасжолы» атты кітабында суреттелді. Кітап неміс, чех, иврит, ағылшын, француз, т.б. шетел тілдеріне аударылды. Соғыстан кейін Бауыржан Момышұлы Кеңес Армиясы Бас штабының Жоғары өскери академиясын бітіреді. Өскери-педагогикалық жұмыспен айналысып, Кеңес Армиясы өскери академиясында сабак береді. 1956 жылы полковник атағымен демалысқа шыққан Бауыржан Момышұлы бірыңғай шығармашылық жұмыспен айналысады.

«Қазақстан тарихы» оқулығы

Бағалы дерек

Ержүрек сардардың батырлығын танытқан майдандар аз емес. Солардың ең ерекшесі – 1941 жылдың күзінен басталған Мәскеуді қорғау шайқасы. Ол кезде ол 19-шы гвардиялық атқыштар полкінің командирі болған. Жасаған ерлігі мен батырлығы, өзіне жүктелген міндеттерді абыраймен атқарғаны, шешуші кезде жылдам түрде нақты шешім қабылдай білгені үшін Ленин орденімен марараптталады.

1945 жылдың ақпаны мен наурызында Латвия жеріндегі Приекуле стансысы маңында болған шайқаста ол басқарған дивизия жаудың қорғаныс шебін тас-талқан етеді.

1942 жылдың қазанында Бауыржан подполковник шенін алады. Ал сегіз айдан соң полковник шеніне көтеріледі. 1945 жылдың 21-қаңтарында Бауыржан Момышұлы Бірінші Балтық жағалауы майданының 6-шы гвардиялық өскерінің 9-шы гвардиялық атқыштар дивизиясының командирі болып тағайындалады.

Бірінші дәрежелі «Қызыл Ту орденімен» (2 рет), «Ленин», «Отан соғысы», «Өскери шайқастағы еңбегі үшін» ордендерімен, «Мәскеуді қорғағаны үшін» медалімен марараптталған. 1990 жылы 11-желтоқсанда Елбасы Н.Назарбаевтың ұсынысымен «Бауыржан Момышұлына Ұлы Отан Соғысындағы ерліктері үшін «Кеңес Одағының Батыры» атағын беру туралы» жарлық шықты.

<http://bm.kaznpu.kz/>

Бауыржан Момышұлының балалық шағы, өскен, тәрбие алған ортасы суретtelген шығарма мазмұны қандай?

Ұшқан ұя (повестен үзінди)

Менің бабам Имаш мың да тоғыз жұз он бірінші жылы тоқсан жасында дүние салған. Орта бойлы, орақ мұрын, от жанарлы сол шымыр шалдың төртінші перзенті – менің әкем Момыналы еken. Оны жүрт Момыш деп кеткен.

Әжемнің аты Қызтумас еді. Қартайғанда сары кемпір атанған. Жарықтық аса ажарлы, ақ дидарлы кісі еken. Ондай ару ол кезде ел арасында некен-саяқ. «Ұл біткеннің бәрі қазанның түп қүйесіндегі әкесіне тартып қара болды, қызы жағы өзіме тартып аққұбаша ажарлы шықты», – деп отыратын еді жарықтық. Әжем өзінің ұлдарына өңшең аққұбаша аруларды айттыруға ынтық болған. Соның кесірінен менің әкем Момыш отыз үш жасына дейін салт басты, сабау қамшылы жүріпті.

...Әкем содан айтыс қыып, әндептіп жүре-жүре отыз үш жасында Байтана руынан Әбдірахманның Рәзия атты қызына үйленіпті. Ол менің шешем еді. Ол кісі мен үш жасқа толар-толмаста қайтыс болған. Анамның қандай кісі болғанын тек әжем мен әкемнің әңгімелерінен ғана білемін.

Момыш әкемнің айтуынша, мен мың да тоғыз жұз оныншы жылдың қысында, ескіше декабрьдің жиырма төртінде туыппын. Әкем ол күні Әулиеата шаһарында еken. Мен тұған соң Имаш бабам жан-жаққа кісі шаптырып, әкеме де хабаршы жіберіпті.

Біздің ауылдың Байтоқ деген кісісі алпыс шақырым Әулиеатаға ат сабылтып жетіп, әкем жатқан үйге кіріп келіп, бір ауыз сөз айтуға дәрмені келмей, Момышты құшақтап, жылай беріпті. Әкемнің қарындасының үй-іші үрпісіп, бір жаманат хабар жеткен еken деп, қорқып қалады. Ақыры бәрі Байтоқты жүлмалай, «не боп қалды, айтсаңшы» деп тақақтағанда ғана Байтоқ:

– Жеңешем ұл тапты, – депті.

Үрейден үрпіскен жүрт енді мәз-мәйрам болып, қуаныштары қойындарына сыймай, Байтоққа сүйіншісін беріп аттандырыпты.

Әулиеатадан әкем қайтып келгенде, ағайын-жекжат құтты болсынға жиналышп қалған еken.

– О, Момыш, балаңның бауы берік болсын!

– Ақментей бабасындаі батыр болсын!

Сөздің көркі – мақал

Ұяда не көрсөн,
Ұшқанда соны ілерсің

Баланың бас ұстазы –
Ата-анасы.

Ата салты дегеніміз –
Халықтың салты,
Адалдық пен
ақтықтың салты.

Отбасы – ар-намыс, қуаныш
пен бақыт,
тілек пен үміт үясы.

– Ақмоладағы Батыр бабасындай морт болсын!

– Бәйдібек батырдың өруағы қолдасын!

– Домалақ-анамыз жар болсын! – десіпті.

Сөйтіп, шілдехана тойға ұласыпты. Той соңында Имаш атам алақан жайып, ел қарияларынан бата сұраған екен.

– Төл немерең – бел немерең ғой. Бата жөні де өзіндікі, – десіпті ақсақалдар. Сонда Имаш бабам былай деген екен:

Алатаудың қыраны мол еді,
Қырағы болсын, құлымын.
Қойнауы суға мол еді,
Бұлағы болсын, құлымын.
Елінің тілегі зор еді,
Шырағы болсын, құлымын.
Ата тілегі оң еді,
Құмары болсын, құлымын.
Бұл жер батырлар төрі еді,
Сыңары болсын, құлымын.

Жарық дүниеге келгеніме екі-үш ай болғанда, шешем мені күн көзіне шығарып, Имаш атамның алдына әке ліпті. Атам ерте көктем алдында ағаш отырғызып жүр екен.

– Атасының қолын ұзартып, қолқабыс беруге келді, – депті шешем ізетпен иіліп.

Атам еміреніп, мені алақанына алыпты. Қолыма жас бұтақ ұстатьп:

Құрық деп берсем, құл болма,
Шыбық деп берсем, шіл болма.
Бәрінен де, шырағым,
Баяны жоқ ұл болма,

– деп келініне мені қайтарып берген екен.



Атасымен алғашқы дидарласуның құрметіне деп, алғашқы өситет өмірлік өнеге болсын деп, әкем сол күні кешке мал сойып, ауыл ақсақалдарының басын қайта қосыпты...

Мен туғанда, әкем елуді еңсеріп қалған кісі екен. Әжем жарықтық әкемді балаларымның ішіндегі еті тірісі осы болды деп отыrap өді. Әкем өз бетінше талпынып жүріп, ескіше сауатын ашып алыпты.

Содан өле-өлгенше өз бетінше оқып-тоқыған адам. Ол есеп-қисапты тәуір білетін. Тіпті орыс алфавитін де ежіктеш шығара беруші өді. Жас күнінде ағаш ұстасы болыпты, етікші де атаныпты, тәуіппілдігі де бар екен. Әсіресе, зергерлікті жақсы көрген. Біздің елде одан өткен зергер ұста болмаған. Жігіт күнінде қыз-келіншектің көңілін аулау амалымен үйренген зергерлік өнерін әкем қартайғанда тастамаған. Мұнда ол соққан сақина-білезікті салып жүрген көзі тірі кемпірлер бар. Ал, ол кемпірлер бір кездे уылжыған жас өді ғой.

Әкем өз жанынан өлең шығарып, жиын-тойда айтысқа да түсіп жүріпти. Ескі ақын-жыраулардың термелерін, қиссаларын жақсы көріп тыңдайтын. Бірақ жатқа айта алмаушы өді.

Момыш әкем ат жалын тартып мініп, бозбала халге жеткенде, Имаш бабам шаруа билігін соның қолына беріпти. Ауылдағы келін-кепшікті бір шыбықпен айдайтын адудынды Қызтумас өжемнің өзі де:

— Момыштан сұрандар, Момыш біледі, — деп отырады екен.

Ағайын-туған арасындағы алыс-беріс, көші-қон мәселесі, астой, дау-дамай — бәрі-бәрі Момыштың араласуынсыз шешілмеген. Өлдеқалай ол жол жүріп кетсе, сапардан қайтып келгенше тірлікті соған қаратып, жолын күтіп отыратын болған. Имаш бабамның көзінің тірісінің өзінде біздің шағын ауылды Момыш ауылды дейді екен.

Шаруамыз шап-шағын өді. Біздің үйдің іші қартайған Имаш бабамнан бастап, есін енді-енді біліп келе жатқан баласына дейін жеген нанын табан ақы, маңдай терімен тапқан. Ешкімді жалда-маған, ешкімге жалданбаған.

Жас кезінде әкемді әйелдер жағы «Молда бала» дейді екен, кейін «Ұста бала» дейтін болыпты. Ал, әжем оны «Қара қатпа» деуші өді. Әкем орта бойлы, арық қара кісі өді. Маңдайы жап-жазық, қасы қалың, көзі шұңгіл өді. Сол арықтығына қарамай, керемет күшті болатын. Әжем оны «Тарамыс» деп те атайдын. Сол күштілігіне бола атаса керек.

Мен бірде өжеме:

- Неге «Тарамыс» дейсіз? – деппін, өкемді кемсіткен екен деп.
- Не десе де шешемнің еркі, – деп күлді өкем.
- Қарай гөр, мына жаманды, өкесіне болысып жатыр-ей, – деп өжем өтірік ашуланған болды.

Әлі есімде, бір рет өкемнің Момынқұл дейтін інісі өжеме:

- Қойшы, апа! – деп дауыс көтеріп қалып еді, өжем тарс кете жаздал:

– Сен тұрмақ, Момыш маған осы күнге дейін бетіме тік қарап сөйлеген емес. Сен қайдан шықтың, иттің күшігі! Жоғал, көзіме көрінбе! – деп үйден қуып шықты.

– Не бол қалды? – деп өкем кіріп келді, өжем оны аймалап, арқасынан қағып:

– Анау інің көргенсіздеу бол бара жатыр. Жөнге сал туысқа-ныңды, – деді.

– Мақұл, апа, сазайын тарттырайын. Бірақ ұрмай-ақ қояйын, мақұл ма, апа, – деді.

– Мейлің, – деп күрсінді өжем.

Момынқұл көкем сол түні қой қорада түнеп шықты.

Таңертең өкем оны жақсылап сөгіп салып, басқа бір ауылға бір аптаға аттандырып жіберді. Сол екі ортада өжем енді Момынқұлын сағынып:

– Әй, әлгі тентек неме қашан келеді? – деп қайта-қайта сұрай бергені ғой, жарықтық.

* * *

Ол кезде біздің елде хат жазып, қара танитын адам некен-саяқ. Молда дейтін молдалардың өзі құранның о жер, бұжерінен шала-шарпы жаттап алғаны болмаса, нағыз дүмшелер. Ал, Момыш болса, өз бетінше тырмысып сауатын ашқан кісі, сонысымен бүкіл аймақта әйгілі, сыйлы адам еді. Жаңадан билік құра бастаған орыс әкімдері алым-салық қағаздарын шығарып, қол қою, бармақ басу деген әдетке айналды. Шағым жазу, арыз жазу салт болды. Ал, қара танымайтындар арыз жазып бер деп өкеме келеді. Өкемнің әділдігіне сенеді.

Ояздың қасында о кезде тілмаш болар еді. Тілмаш дегенің – елді билеп-тәстеген сүмпайының өзі. Соның аузы дуалы. Ұлыққа не десе – сол болады. Арызды тілмаш оязға не деп аударып жатқанын сауатсыз қазақ қайдан білсін. Әкемнің айтуына қарағанда, тілмаш дегенің пара жегіш, дауласкер, екі жақты бірдей сорушы

жемқор болған. «Сенің сөзінді сөйлеймін» дейді де, ұлыққа әңгіменің өнін айналдырып жеткізе береді...

Ол кезде өрбір үш жылда ояз болыстар мен билердің төтенше съезін шақырап еді. Оның қарсаңында сайлау науқаны сапырылсып, екі ұдай тартыс, жік-жік айттыс, пара беру, жала жабу, бірін-бірі тірсектен қағып, орга жығу, айла-тәсіл, құлық-сұмдық, болыстыққа талас өрттей қаулай берер еді...

Бір жолы өңшең атқамінер пысықтар сайлау алдында жиналыш алып, қатты сассын. Жандары алқымға келіп, қиналыш, тығырыққа тіреліпті.

– Ойбай, қағаз тоқтап қалды! Қағаз тоқтап қалды! – дейді ғой бір-біріне қатты сасып. Асу бермес асқар белдің алдында амалы құрығандай боп тұрған кездері екен. Ішінде әкемнің нағашысы Байтана Текебай би де бар екен. Ол кісі қайта сайланудың сары уайымымен аһылап-ұхілеп, берекесі кете беріпті. Оязға дер кезінде мына қағаз бармайтын болды деп қатты қайғырғаны сонша, соны көріп менің әкем Момыш:

- Не бол қалды? Неге қиналдыңыз? – деп сұрайды.
- «Жартыны» ешкім жаза алмай қойды ғой, Құдай-ау, – депті би.
- «Жарты» дегені 1/2 екен.
- Мен жаза аламын, – депті менің жиырма төрт жасар әкем.
- Сен жаман неме, не жазып жарытамын дейсің. Екі күннің жүзі болды, ол қыын жазуды мына оқыған молдалардың өзі түсіре алмай отыр, – деп Текебай сене қоймайды.
- Мен жазып берсем, қайтесіз, – депті әкем.

Әкемді салы суға кетіп отырған молдалардың ішіне алып барады.

Сонда Момыш 1/2 деп жазып, жарты дегеннің осы екенін түсіндіріп беріпті, қанша күн басы қатып, қамалыш отырғандар өні кіріп, қайта тірліп, қуанып, құнжыңдасып, әкеме тәнті болып қалса керек...

Әкемді жиырма сегіз жасында ауылдың старшыны сайлапты. Он жеті жыл старшын боп тұрып, он сегізінші жыл дегенде бұл дәрежесін өз ықтиярымен құрдасы Ереш деген кісіге берген екен. Әкем жарықтық өмірінің ақырына дейін ел арасында «Тура Момыш» атасын кетті. Қанша жыл аз ауылдың кішігірім әкімі болса да, бүйірі томпайып, мал біткен емес. Бар байлығы жалғыз аттан артпапты.

Әйтсе де кедейдің қолы жомарт. Әкемнің қызғаншақтық, бақталастық дейтін қу мінезі жоқ, қолы ашық кісі болған. Бары болса, кісі шақырып, той-томалақ өткізуғе құмар боп тұrap еді. Дүние, мал жиюды жек көретін...

Қайран, балалық-ай десенші! Алыста қалған арайлы адаптадарым менің. Онда мен кіп-кішкентай сәби едім. Ал айнала таулар да, үйлер де, қойтастар да, жылқылар да – бәрі-бәрі үлкен болатын. Адамдардың бәрі «айналайыннан» басқа сөзі жоқ, кілең мейірімді жандар болып көрінетін... Қария кісілердің сақалынан қасиет-қадір белгісі көрініп тұrap еді маған. Ер мінез жігіттердің кесек тұлғаларынан, шашбаулары сылдыраған қызы-келіншектердің жүріс-тұрысынан мен адамзаттың асқақ сұлұлығын түйсіксіз байқағандай болармын. Солардың бәрі мені аймалап, сую үшін жаратылған жандар сияқты сезілуші еді.

Ол-ол ма, анау асқар таулар, етектегі еңісті шексіз дала, көгілдір аспан, түнде жымыңдаған жұлдыздар, толықсып туған ай, жасыл жайлау – бәрі-бәрі тек мағанғана елжірей қарап, меніғана аймалап өлдилейтін сияқты еді. Дүние сенің сәби кезіңмен көргендегідей өмір бойы қайырымды, аспаны – құмбез, желі – жібек, әдемі ертек болып тұра берсе, кәне.

Тек оқта-текте ауылдың үстін, тау бектерін тұнжыр бұлт торлайтын. Бұлт сонда үн-түнсіз шаруақор менің өкеме ұқсайтын. Ал күн күркіресе, апамның ересек балаларына ақырып-зекіргені есіме түсіп, жым боламын. Жаңбыр жауса, жас баланың көз жасындаі, кімді аятынымды білмеймін, өлдекімге жаным ашып, жылағым келер. Биелер шұрқырап, құлыштар құтырып, ауылды айнала шауып, еріксіз елеңдетеді. Ала-құйын айдалаға сен де жүгіре жөнелгің келеді. Енді бірде аспанға аң-таң боп қарап қаласың. Буда-буда бұлттар жалы желбіреп шауып бара жатқан асау



айғырлар сияқты. Кейде шөгіп жатқан түйелер сияқты. Кішкентай қолдарынды созып, сол керемет дүниеге ұшып барып, әлгі қаннатты тұлпардың жалынан сипалағың келеді. Баланың бақытты шағы сол кереметке сенгенінде шығар. Кейін есейе келе әлгі бұлтың су екенін, күннің қызыуымен бу болып ұшатынын білу қандай қаталдық.

Ертексіз өскен бала – рухани мүгедек адам... Ал менің көрі апам Қызтумас маған ертекті көп айтатын, әлди әнді көп айтатын. Арада неше заман өтті! Қызтумас апамның сүйегі әлдеқашан қурап кетті, ал әлди ән айтқан үні әлі түр құлағымда. Бөстекке отырып алып, басымды бауырына қызып, көрі алқанымен арқамнан томп-томп қағып қойып:

- Балам менің қайда екен?
- Қыздарменен тауда екен.
- Тауда неғып жүр екен?
- Алма теріп жүр екен.
- Алмасынан көнеки?
- Жаңа теріп жүр екен.

Қызыл алма қолында,

Қыз-бозбала соңында, – деуші еді-ау.

Кейде қиястықпен қыңқылдаپ мазасын ала берсем, алдына алып отырып:



Жылама, бөпем, жылама,

Жілік шағып берейін,

Жілігінің майы жоқ,

Жіпке тағып берейін.

Көк сиырдың сүтінен,

Көже жасап берейін.

Оның тұзын кім татар?

Жыламайтын ұл татар,

– деп мәпелейтін еді. Сол кезде әдемі әнге елтіп жатып, балбырап ұйықтап кетер едім.

Қайран сол балалық, қайта келермісің, сен! Кей кезде сол бір алаңсыз балалығынды аңсап, еріксіз сағынасың. Әлдеқайдан асыр салып, жол шаңын бүркүратып, тұлымын жалбыратып, екі бетін албыратып, дүниені

даңғыратып, сол балалығым шыға келетіндей, айналаңа жалтақтай беретін кездерің жиі болады. Алайда бал балалық қайдан келсін?! Ойыңа сол шақтардың өрнектері ғана, үзік-үзік бөлшектері ғана, сапырылысқан ретсіз саздары ғана оралады. Сен соны тұшынасың да тамсанасың. Тамсанасың да еріксіз жымиясың. Осы сөтте бір шеттен балалық дәуірдің бір елесі де жымиып тұргандай сезіледі.

* * *

Әлі есімде... Әкемнің кенже інісі мені оң алақанына тік тұрғызып алыш, алты қанат үйдің ортасында арлы-берлі жүріп алды. Мен болсам зәре құттым қалмай қорықсам да, тіземді бүкпей қаздыып тұра беріппін. Қекем: «Қаз! Қаз!» – деп өзімен-өзі. Атамның ескі тұлқі тымағына отырғызып, мені керегеге іліп қойған да сол қекем ғой. Өзі киізге жайғасып алыш, ұзақ уақыт өуестікпен өурелеп еді. «Ал, кәне, балапаным? Қанаттанып қашан ұшасың?...» – деп қояды. Мен қынқылдаш жылай бастағанымда, «дуана келіп қалады» деп қорқытқан... Содан бастап, қекемнің көзіне тұспеуге тырысатынмын...

* * *

Әкем базардан келе жатқан. Үлкен өпкем мені әкемнің алдынан алыш шықты. Әкем қоржынды тұзулеп, ерге мені отырғызды. Жалма-жан ердің қасынан шап беріп ұстай алды. Әкем ат тізгінің жетектеп келеді.

Үйге дейін отыз шақты қадам болса да, мен ердің екі жағына алма кезек ауытқып, қоржын ішіне сырғып түсе бердім. Әкем рахаттана құліп алыш, қайтадан ерге отырғызады. Өпкем болса қатарласа жүріп: «Қорықпа, қорықпа! Берік отыр!» – дейді. Бұл менің ат жалына алғашқы қол артуым еді.

* * *

Тағы бір жай ойыма оралады... Киіз үйдің төрінде бір топ ауыл ақсақалдары жамбастай жайғасып, баппен қымыз ішіп отыр екен... Әкем дастарқан шетінде қымыз құйып отыр. Ол мені ымдап шақырды да құлағыма: «Сен немене, аталарыңа сөлем беруді ұмытпа дегенім қайда?!» – деп сыйырлады. Мен қатты қызарақтап, үйден шыға жөнелдім. Сыртта біраз тұрдым да, нық басып, үйге қайта кірдім. Қөвшілікке қол қусырып тұрып: «Ассялама-лейкүм, аталар», – деп, әр сөзді қадап-қадап айттым. Бұған, әрине, бәрі құлісіп жатыр. Әйткенмен мені араз етіп алмау үшін бәрі де бір ауыздан: «Әлейкүм салам!» – десті. Сонан соң әрқайсысы

мандайымнан сипап мақтайды. Жақсы сөзге мәз болып, мен әкемнің тізесін ала жайғасамын. Ол басымнан сипап отырып: «Жарайсың, балам! Үйге кіргенде өрқашан ұлкендерге сөлем беруді ұмытпа. Әдепті бала сөйтеді», – дейтін.

* * *

Әкем маған ата-тегіміздің аты-жөнін үйретуші еді.

- Кімнің баласысың? – деп сұрайтын ол.
- Мен Момыштың ұлымын.
- Момыш кімнің баласы?
- Момыш – Имаштың баласы.

Осылайша жеті атаға дейін жетелеп отырып санатады. Ал келген қонақ, ең алдымен, атымды сұрайтын. Сонан соң менің жеті ата жөніндегі білімімді тексеретін. Елтанудың басы ең алдымен осылай басталатынын ол кезде кім білген.

* * *

Кавказды аралаған кезімде үш құн қатарынан ашық аспан астында тұнегенім бар. Сонда ұзақ уақыт үйқым келмей елес қуып, өмір өткелдерінің теңізіне жүзіп кеткен кездерім көп болды...

Сол сәтте тағы да бала кезім ойға оралып еді...

Онда мен бесте ме, әлде алты жаста шығармын. Әжеммен бірге жатушы ем. Әже құшағы қандай ыстық, қандай мейірбан десенші. Көзім үйқыға кеткенше, әжем айналып-толғанып, арқамнан қағып жатқаны. Еркелеп жатып, қалғып кеткенінді өзің де аңғармай қаласың. Бір құні тұн жарымында оянып кеттім. Орнымнан сездірмей түрдым да, әжемнің төсегінен алыстай бердім. Ондағы ойым қораның екінші бетіндегі әкем жатқан үйге бару еді. Екі үйдің ортасында иін тіресіп, мойындарын қекке созған күйі маңғаз түйелер жатыр екен. Жұндері ұлпілдеп, тұнгі самалға желпілдегендей сезілді. Түйелердің арасымен жүріп келе жатып, мен мамық жұнді ақ ботаның қасына еріксіз тоқтадым. Осы жерде отырып, жұлдызды аспанға телміріп ұзақ қарағаным есімде. Ай мені еркелете күлгендей сезілді. Ал қаз тізілген түйелердің өркеші тау жоталарында көлбендей көрінгендей еді. Тұннің тымықтығы сонша, мен боталардың баяу демін айқын естіп түрдым.

Мен әкеме келе жатқанымды ұмытып, осы жерде таңырқап тұра беріппін...

* * *

Кейде менің өнеге алған, тәлім үйренген, дәріс оқыған ұстазда-рымды еске түсіріп, ойға бататыным бар. Сондай шырын шақтарда ең алдымен ата-аналарымның бейнесі елестейді. Солардың уағызы басымырақ бола береді...

Өйткені есейе келе көрген көп ұстаздарым талай-талай тағы-лығы бой ұрғызғанымен, солардың бірде-бірі нақ өзімнің өжем-дей, өке-шешем мен ауылдың қадірлі ақсақалдарындай өсиет айдынына жүздіре алған жоқ, молынан құлаш сермете алған жоқ десем, ардақты ұстаздарымның көңіліне келмес. Бұл сезім өзіме қанымның тартқанынан немесе жақынның сезімімнің бөлекті-гінен, өлде ата-анаға деген парызымның молдығынан ғана туып отырған жоқ. Өмір шындығының өзі ақиқатқа бас ұрары даусыз. Дүние тарихы, жаратылыш шежіресі, жан-жануар болмысы жай-лы алғашқы өңгімені өжемнен естігенімді, адамзат қауымының

қалыптасуы туралы түңғыш мағлұматты өжемнен алғанымды қалай ғана ұмытар-мын... Иә, өлемнің пайды болуы, тірлік дамуы, адамзаттың шығуы, өмір жайлы шынайы сезіммен азаматтық тұрғысын-дағы жан баурайтын ақыздарды айтқан; ненің жақсы, не жаман екенін, нені сүйіп, неден аулақ жүруді үйреткен; ар заңының, әдеттің жинағынан алғашқы тарауларды таныстырған да, ең алдымен, ата-ана, ағайын-туған еді. Әрине, ол кезде мен де өзге сәбілер сияқты өжем айтқан ертегі мен ақыздардың түпкі байыбына бара бермейтінмін, өке өңгімесінің өсиетін ұға бермейтінмін және үлкендердің талай-талай өнегесін орындаі бермейтін-мін... Ол кезде мені қызықтыратыны ерте-гі-ақыздардың ғажайып оқиғалары еді... Енді, міне, есейіп ер ағасы болғанымда ойласам, мен сол өңгімелерден адамзат өресінің өрісін тани берген екем ғой...

Менің ұстаздарым өріптен бастап бу-ынға дейін, сонан соң ақ қағазға қалам-мен өрнек жазуға дейін үйретті. Келе-ке-ле жүйелі оқып, есепті жүйрік шығаруға қол жетті... Ал өмірдің өзі ше? Осынша

Сөздің көркі – мақал

- Ата-ананың қарызы –
Ұрпақтың өмірлік парызы.
- Ақ жауалығы ананың –
Ақ көрпесі баланың.
- Ана алақанының аясы –
Ақ шынардың саясы.
- Атадан – өсиет,
Анадан – қасиет.
- Ата көрген оқ жонар,
Ана көрген тон пішер.
- Өке – балаға сыншы.
- Әкеден – ақыл,
Анадан – мейір.
- Өке жүргегі таудан үлкен,
Ана жүргегі теңізден терен.
- Әжемді тыңдағаным –
Әзімді танығаным.

CD 04

Бала Бауыржан тың-
даған аңыз-ертеғілер
мазмұны қандай?



ғұмырымның ішінде түрлі-түрлі күрделі жағдайда; толқымалы тоқсан сырлы кезеңде кездесіп дидарласқан, тағдырлас болған, табақтас болған адамдар ше? Мамыражай сөттерден мазасыз майданға көшіріп, қоған көбік шашқан өмір дариясының бір толқынынан екінші толқынына аямай лақтырған уақыт ше? Осының бәрі де менің тірлігімдегі тірек болған, жүрек болған, қол ұшын берген, қорған көрсеткен ұстаздарым деп білем. Осындай уақыт талқысы ғана, өмір откелдері ғана, тірлік тізбегі ғана менің әжемнен үйренген «жақсы», «жаман», «макұл», «немақұл» деген сөздердің байыбына терең бойлата алды.

Әжемнің «осылай болған екен» деген сөздері мені бірде ғасырлардың шынырауына сапар шектірсе, бірде құс қанатында демеп ілгері үмтүлдүрды, биікке самғатты...

Үй іші қоңыр салқын екен. Әжем қос сабаумен тулақты кезек-кезек тарсылатып жұн сабап отыр. Сабау дыбысына құлақ тоссаң, әлдебір өуен сазын ойнағандай сезіледі. Екі әпкем мен жиен қызымыз біреуі жұн тасып, екіншісі тулаққа төсеп, үшіншісі үршық ііріп көмектесіп жүр... Мен дүниені қөшіріп жіберердей ентелей келіп, әжемнің иығынан сілкілей беріппін:

– Әже, әже, тоқташы! Не үйренгенімді айтып берейінші.
– Құлымның-ау, сабыр етші. Мен жұнімді сабап болайын. Соナン соң асықпай тыңдаймын ғой, – дейді әжем еркелетіп.

Енді менің екпінім бәсендеп, әжемнің қасына отыра кеттім де, жұн шашып ойнай бастадым. Кіші әпкем түйдекті жұлып алыш, итеріп жіберді. Қатты ызаланып, мен оны «маймылсың» деп келе-межеддім. Әпкем өкпелеп, жағымнан тартып жіберді.

– Неге маймыл дейсің?
– Өйткені сен маймыл – мешін жылы туғансың.
– Ал онда сен доңызысың. Өйткені сен доңыз жылы туғансың! – деп әпкем маған тілін шығарып, келеке етті.

Мен шыдап тұрайын ба, ызага булығып, әпкеммен жүлкыса кеттім. Әжем мейірлене күліп, екеумізді арашалап жүр.

– Құрманқұл қай жылы туған? – деп сұрадық біз.
– Тауық жылы, – деді әжем.
Құрманқұл тұлымы желбіреген жіп-жіңішке нәзік қыз еді.

Бәріміз енді оны «жұнін жүлған тауық» деп мазақтадық.

Құрманқұл сөз таба алмай жылап жіберді...

Сонда ғой, әжемнің бәрімізді отыртызып, ыстық күлше үlestіргені...



CD 05

Қарлығаштың құйрығы
неге айыр? Масаның
неге тілі жоқ?

...Жыл басы тышқаннан басталатыны содан, құлыштарым. «Түйе бойына сеніп, жылдан құр қалыпты» деген мақал осыдан шыққан ғой. Қейде «түйедей бойың болса да, тышқандай ақылың жоқ» деп неге ұрсады дейсің адамдар. Бұл «бойыңа сенбес, ойыңа сен, мақтан сөзге ерме, мағыналы тірлікке ер» дегені. Сондықтан түйеге ұқсап, орынсыз тұксие бермендер, шырақтарым. Ақылға жүгінідер, – деп күліп еді әжем.

Осы сәтте үйдің шаңырағынан бір қарлығаш ұшып кірді.

Мұны сезген ұядығы шақалақ балапандар аузын ашып, қорек тілей бастады. Бәріміз де төбеге қараппыз. Қарлығаш төбедегі ұясының шетіне жайғасты да, балапандарын кезектеп жемдей бастады. Алғашқы шақалақтың аузына жем тастап жіберген қарлығаш қайта ұшты. Қарлығаштың аспанға тік атылып, қанат қақпай қайтадан төмен құйылғаны шаңырақтан айқын көрініп тұр. Қөп ұзамай ол екінші балапанға жем өкелді. Осылайша қалқып ұшып, қайта кіріп қанаты талды ма, ақырғы балапанын жемденген қарлығаш енді ұя аузында отырып тарана бастады. Шіркіннің сүйкімдісі-ай. – Фью-ю! – деп ыскырып жібердім де, әжемнің сабауын ала салып, қарлығашқа сілтеп ұркіттім.

– Е-е! Жаман бала болмасаң етті! Бұзақының тірлігі ғой мынауың, – деп әжем қолымнан ұстай алды. – Қарлығашқа неге тиесің? Бұның киелі құс екенін, адамның досы екенін білмеуші ме ең, сен бейбақ? Балапанын емін-еркін ұшырып, бақытын тапқанша, бұл құс менің үйімнің төріндегі ең қадірлі қонағым ғой... Қонағыма қол көтергенің – мені де сыйламағаның емес пе, шұнағым, – деп ұялтып тастады.

Қыздар мені мұқатқанына мәз болып күліседі. Сонда әжем мені бауырына тартып, маңдайымнан иіскең былай деп еді:

– Қоя қой, құлымым. Кел, алдымға отыршы, мен саған қарлығаштың құйрығы неге айыр болғанын, масаның тілі неге жоқ екенін айттып берейін.

Мен қуанып кеттім. Өйткені әжемнің өңгімесі ерекше баурап, жанымызды жайлап алатын...

1

Білу

1. Бауыржан Момышұлы кім? Ол туралы не білдіңдер?
2. «Ұшқан ұя» шығармасы кімнің атынан баяндалған?
3. Бауыржанның атасы кім? Әкесі кім? Қандай адам болған?
4. Анасы туралы не айтасыңдар?
5. Бала Бауыржан кішкентай кезінде қандай болды?
6. Бала Бауыржанға Имаш бабасы қандай бата берген?

7. Әңгімеде өжесі туралы не айттылған? Ол қандай кісі болған?
8. Өжесі айтқан аныз-әңгімелер, ертегілер мазмұны қандай еді?
9. Жазушы бала кездерінің қандай елестерін есіне түсіреді?
10. «Үшқан ұя» қандай шығармаға жатады? Ұзіндіден үлттық тәлім-тәрбиенің қандай үлгісін байқадындар?
11. Ауыл тіршілігі қалай суреттелген? Оқиғалар қай кезеңді қамтиды?
12. Жазушы балалық шағының күндері туралы қалай еске алады? Қандай оқиғалар есінде қалған? Оқиғалар тізбегін құрындар.
13. Өжесі айтқан қандай бесік жыры есінде сақталып қалған?

(2)**Түсіну**

1. Шығарма неліктен «Үшқан ұя» деп аталған?
2. Өжесі қандай себеппен Бауыржанның әкесін «Тарамыс» деп атаған?
3. Әкесінің «Тура Момыш» атану себебі неде?

(3)**Талдау**

1. Жазушы шығармасының ерекшелігі неде, өдеби жанрдың қай түріне жатады?
2. Бауыржанның балалық шағы мен қазіргі заман балаларының өмірін салыстырындар.

(4)**Жинақтау**

1. Бала Бауыржанға тән қасиеттерді топтастыру сыйбасы арқылы көрсетіндер.
2. Әңгіменің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.

(5)**Қолдану**

1. Әскери жазушы туралы бір-біріңмен сұхбаттасындар. Жазушының қандай қасиеттеріне аса көңіл аударап едіндер?
2. Тарихи деректерді пайдалана отырып, Б.Момышұлы туралы әңгімелеп беріндер.
3. Жауынгер-жазушының нақыл сөздерін үнтаспадан тыңдал, жаттап алындар.
4. Оқулық, хрестоматияны пайдаланып, шығарманы түсініп оқындар. Сюжеттік жоспарын құрып, мазмұндан беріндер.
5. Повесті өздерің негізгі деп санайтын бөліктерге бөліндер. Әр бөлікке атау беріп, мәтін бөлігінің мазмұнын ашатын

сұрақтар құрастырындар. Сұрақтарыңды бір-біріне қоюп, қысқа да нұсқа жауап алындар.

6. Қызтумас өженің азыз-әңгімелерін, ертегілерін үнтаспадан тыңдал, өз мәнерлеріңмен мазмұндаңдар.
7. Шығармадан тұра және жанама мінездеуге мысалдар келтіріңдер.
8. Қазақ ұлтына тән көрініс тапқан құндылықтар туралы айтып беріңдер. Мысалдар келтіріңдер.
9. Шығарма эпизодтары бойынша «Үш қадам» кестесін толтырындар.

1-қадам Шығарма эпизодтарында көтерілген мәселелерді анықтаңдар	2-қадам Шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасы қандай? Неліктен?	3-қадам Казіргі заманда бұл мәселелер өзекті ме? Неліктен?

10. «Менің жанұям» тақырыбына әссе жазындар.
11. Бауыржан аталарыңың нақыл сөздерін жаттап алыңдар, орнымен пайдалана білуге үйреніңдер.

6

Баға беру

1. Бауыржан туылғанда берген көпшіліктің, атасының батасы қабыл болды ма? Ойларыңмен бөлісіңдер.
2. «Ертексіз өскен бала – рухани мүгедек» деген автор пікірімен келісесіңдер ме?
3. Бала Бауыржанның батыр Бауыржанға дейінгі өмір жолын символды түрде қалай бейнелер едіңдер?
4. Әдебиетші Ж.Дәдебаевтің: «Болашақ батырдың ең алғаш дүниетануына, харakterінің жастай қалыптасып, адал, табанды, ержүрек бол өсуіне игі өсер еткен – осы өже. М.Әуезовтің «Абай жолы» романындағы Зере сықылды Бауыржанның өжесі де қазақ халқының қашаннан өмір қазанында қорытылған ұзақ тәжірибеде шындалған даналық ұғымдарын, ізгі салт-дәстүрлерін бойында сақтаған адам, өмірдің сұлулығын, еңбектің поэзиясын, достық пен бірліктің, адамгершілік пен адал семьяның қадірін, қажеттігін ұғынған жан және осы ұрпақтарды өз төңірегіне, өсіресе, сүйікті немересінің жүрегіне бала кезінен бастап еккен ана», – деген пікірі туралы ойларыңды білдіріңдер.

Данаңық ойдан дән ізде

Бұл Бауыржанның балалық шағын баяндаған, өскен, тәрбие алған ортасын суреттеген өмірбаяндық шығармасы. «Ұшқан ұяда» Бауыржан Момышұлының өзіндік көркем суреттеуі көзге түседі. Қалың халық ортасында, қаралайым семьяда туып өскен, жастай шешесі өліп, ақылды ана, қарт ана, үлкен шешесінің қолында тәрбиеленген Бауыржанның жасынан сезімтал, елгезек, ойшыл болып өскенін көреміз. Бала кезінен көрген-білгені, өмірден алған әсері жүргегіне жазыла берген тәрізді де, қар суындаи бойына сіңе берген тәрізді, енді келіп сол жан түкпіріне іркілген қор есейген шағында, өмірдің ауыр кешүйен өткен шағында бұлақ суындаи қайнап, бүркүлдап сыртқа шықкан тәрізді. «Ұшқан ұяны» қызығып оқисың, сүйсініп оқисың. Бауыржанның жастық шағын өз басынан өткергендей сезімге беленесін.

*Белгілі ғалым-сынышы
М.Қаратасев*



CD 06

Б.Момышұлының
нақыл сөздерінің тәлім-
тәрбиелік мәні неде?

Бауыржан Момышұлының нақыл сөздері

Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындықтың белгісі.

Ел дегенде еміреніп, жүрт дегенде жүгініп қызмет еткін!

Отан үшін отқа тұс – күймейсің.

Опасызда Отан жоқ.

Елсіз ер болмайды, жүртсyz жігіт болмайды.

Отіріктің балын жалап тірі жүргенше,
шындықтың уын ішіп өлген артық!

Ерлік – табиғат сыйы емес, саналы өскери тәрбиенің жемісі, Отан алдындағы қасиетті парызынды орындау үшін адамзаттың ең асыл сезімімен жігерленіп, өзінді саналы түрде қауіп-қатерге бас тігуге мәжбүр етудің нәтижесі.

Ана үшін аянба – ант ұрады.

Бала үшін аянба – бетің күйеді.

Ел үшін аянба – ерлігіңе сын.

Жүрт үшін аянба – жігіттігіңе сын.

Қайратыңа әдісінді жолдас ет,

Әдісіңе ақылынды жолдас ет.

Қырағының өзі де, көзі де батыр.

Ел дегенде езіліп, жүрт дегенде жүмылып қызмет ет.

Жерге тер төгіп, халыққа қан төгіп қызмет ет.

Сабырлық алдында дүшпан сасады,

Сабырсыздан береке қашады.

Сын – ерді шыңдайды,
Қорқақты қинайды.

Ежелден ел тілегі – ер тілегі,
Адал ұл ер боп туса – ел тірегі.

Өмір үшін өлгенше күрес.

Батылдық – есеппен қимылдауды тәуекелмен үштастыру.
Тәуекел есеппен ақталады.

Бақаның бағынан сұңқардың соры артық.



Түйін

Бауыржан Момышұлы – даңқты қолбасшы, ұлтын сүйген патриот, қаламды қару еткен қайраткер жазушы. «Қанмен жазылған кітап», «Ұшқан ұя», «Жонарқа», «Төлеғен Тоқтаров», «Бір түннің оқиғасы», «Генерал Панфилов», «Москва үшін шайқас», «Олар менің есімде», «Ел басына күн туса» атты туындыларды дүниеге әкелген қаламгер.



Әдебиет теориясы

Эллипсис

Эллипсис дегеніміз – сөйлем ішінде немесе өлең шумағында атап айтпаса да түсінікті кейбір сөздерді әдейі жазбай тастап кету. Эллипсис кейде эвфемизмнің де орнына қолданыла береді. Эллипсис адамның ішкі халін, көңіл күйін, шытырман психологиялық ірімдерін аңғарту үшін де жүмсалады.

3. Қабдолов. «Сөз өнері»



Тапсырма

Б. Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасынан эллипсиске мысалдар келтіріндер, қолданылу мақсатын түсіндіріндер.

«Атырауға барсаң да, Арқа мен Алтайға барсаң да, алдыңынан Мұқағали шығады. Мұнайшы да Мұқағали әнін салады, балықшы да, малшы да Мұқағали жырларымен айта алмай жүрген ойларын жүртқа естіртеді... Тарбағатай мен Атырауда, Баянауыл мен Қазығуртта жүрсө де, қазақ атаулы үйірілген құлындаид Құқағали жырымен табысып, шұрқырасып жатқаны. Нағыз өнер құдіреті деген осы. Мұндай ақыны болған халық – бақытты халық», – деп ақын Фариза Онғарсынова айтқандай, біз де ақын әлемімен қауышуға асығайық!

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ
(1931–1976)

Қазақтың ақыық ақыны Мұқағали Мақатаев Алматы облысы Райымбек ауданы Шалкөде ауылында туған. Балалық шағы Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарының қыыншылықтарымен дәл келгендіктен, болашақ ақын өмірдің аңы-тұщысын ерте татады: ерте есейіп, арба айдалап, соқа салып, тырма тартып, шөп шауып, масақ терді. Өзінің балалық шағын ақын:

Бәрі есімде мекен-жай, тұрағым да,
Тек есте жоқ құлдім бе, жыладым ба?
Балалық шақ жармасып жүретүғын,
Өтіз жеккен соқаның құлағында.

Зергер сез

Мұқағали Мақатаев – біздің замандағы ғажайып ақындардың бірі.
Ә. Тәжібаев

Мұқағали Мақатаев – қазақ тарихындағы ең оқырманы көп, қалың халықтың басты жанашыры болған суреткер. Ол – ең алдымен ақын. Қазақ жырының құдіреті.

Ф. Онғарсынова

Қарсы жауға біз де шықтық түренмен,
Аңыздардан тере жүріп масақты.
Рас, рас, көзімізден жас ақты,
Бірақ, со бір дауыл жылдар, от жылдар,
Бәрімізден бір-бір батыр жасапты, –
деп суреттейді.

Олең жазуға деген құштарлығы М. Мақатаевты қаламгерлікке жетелейді, өсіресе, газет-журнал саласында жемісті еңбек етеді, Қазақстан Жазушылар Одағында жауапты қызметтер атқарады.

Даналық ойдан дән ізде

Ақынмын деп қалай мен
айта аламын,
Халқымның өз айтқанын
қайталағым.
Күпі киген қазақтың қара
өлеңін,
Шекпен жауып өзіне
қайтарамын.
М. Мақатаев

Мұқағали лирикалық өлеңдерімен бірге «Ақ қайың әні», «Ару-ана», «Мавр», «Аққулар үйиқтағанда», «Қырандар, қош болындар», «Чили – шуагым менің», «Шекарада», «Большевиктер», «Өмірдастан», «Арман», «Шолпан», «Досыма хат», «Отаным, саган айтам», «Райымбек! Райымбек!», «Қашқын», «Жер үстінен репортаж», «Алтай-Атырау», «Моцарт. Жан азасы» атты поэма-толғаулар жазды.

М. Мақатаевтың «Аққулар үйиқтағанда» поэмасы – адам мен табиғат, мейірімділік пен зұлымдық, қасиет пен қасірет тақырыбына арналған шығарма. Аққу – киелі құс. Халқымыз құс төресі саналатын аққуды ежелден қастерлеп, пәктік пен сұлулықтың белгісі деп, оған ешқашан оқ атпаған. Аққу туралы ел аузында аңыз-әңгімелер де көп сақталған, ақын-жазушыларымыз да туындыларын арнаған. М. Мақатаев өзінің поэмасында адам табиғаттың перзенті бола тұра, өз баласы үшін қатыгездікке барып, қаталдық танытып, қасиетке оқ атқаны туралы баяндайды. Ананың балаға деген ұлы махаббатының күшін көрсетеді. Ауру баласының жанын алып қалу үшін тәуіптің: «Аққуменен баланы аластандар», – деген сөзіне сенген ана «Жетімкөлге» келіп, аққуға оқ атады. Аққуды атқан ана ажалға қарсы тұра алмайды, өліп жатқан ұлын көрген ана есінен адасады, көз алдынан аққудың жайрағаны, сыңар аққудың өлі аққуды қимай айналуы, құлағынан аққудың арман-әні кетпейді. Жағалауын жасыл жалбыз жапқан Жетімкөл жетімсіреп қала береді, көлге аққулар оралмайды.

Өмірді сүюдің ғажайып ұлгісін көрсеткен, халқымыздың салты мен дәстүрін, нанымы мен сенімін қастерлеуді, өмір мен өлімді, қуаныш пен қайғыны жырға қосқан Мұқағали Мақатаев – Ә. Қекілбаев сөзімен айтқанда: «адамдар арасындағы, өмірдегі, табиғаттағы жарастық пен келісімнің жыршысы».

Ақынның драмалық туындылары Райымбек Сейтметовтің «Дарига жүрек», Оразбек Бодықовтың «Жан азабы», «Соңғы ән», Болат Атабаевтың «Қош, махаббат!» қойылымдарымен белгілі.

Аудармашылық – ақын өнерінің бір қыры. Орыс тілінен қазақшаға көптеген шығармалар аударды: Шекспирдің сонеттерін, Дантенің «Құдіретті комедиясын», Уолт Уитменнің өлеңдерін қазақшалады.

Мұқағали Мақатаев – қазақтың лирик ақыны, Мемлекеттік сыйлықтың иегері.

Артық болмас білгенің

«Соғысқа дейінгі жылдар алаңсыз өтті. Сүркия соғыс бейнет пен еңбектің қамытын мойнымызға ерте кигізді. Ат соқаға екі баладан отыратынбыз. Таңың атысынан тұннің ортасына дейін төрт ат соқаға мініп, күні бойы изенделеп, митындалап, соқа құлағына жармасып, егістік жерді шаң жұтып жүріп жырттық. Жер жыртып жүргенімізде оқу басталып кетті. Бригадир бізді мектепке жібермеді. Сонымыздан бізді ізденеп келген ешкім болмады. Бір күні Мұқағали: «Ең алдымен оқу керек. Шолпан жүлдyz тua бәріміз үйымдастқан түрде ауылға қашайық. Мектепке барған соң ондағылар ара түсіп, қорғап қалады», – деді ойлы пішінмен. Келісілген мезгілде бұталардың қалқасымен қашып келеміз. Аспаз көріп қалып, бригадирге айттып қойыпты. Бригадир қара билемен қуып жетіп, жатар орнымызға қайта алып келді. Келе сұрақтың астына алды: «Бастаған қайсыларың? Қане, айтындар!» – деді қамшысын үйіріп. Біз үндемедік. Басымыз салбырап тұра бердік. Сол кезде Мұқағали қасқая қарап алға шықты. Бригадирге тесіле қарап:

Барлығы Отан үшін, майдан үшін,

Қызу еңбек қарқындал қайнау үшін... – деп бір тоқтады. Сосын: «Әрине, еңбек еткен жақсы, бірақ біз оқуымыз керек, білімсіз елдің күні не болмақ?» – деп сөзін жалғады. Бәріміз «оқимыз!» деп шу ете қалдық. Ертесінде біздерді жұмыстан босатты. «Ауыл, қайдасың?» деп жаяу тарттық. Мұқағалидың бір ауыз өлеңі мен сөзі, қайсар мінезі біздің сабақты жалғастыруымызға себеп болды».

Ә.Асанов. «Мұқағали» журналы

Даналық ойдан дән ізде

...Менің қымбатты достарым! Егер сіздер шынымен менің өмірбаянымды, творчествомды зерттемек болсаңыздар, онда мен не жазсам, соның бәрін түгел оқып шығуды ұмытпағайсыздар. Мені өз өлеңдерімнен бөліп қарамауларынызды өтінем. Естеріңізде болсын, менің өлеңім жеке тұрғанда түк те емес. Біріктіріп қарағанда ол поэма іспетті. Басы мен аяғы бар. Ол кейде құлімдеген, кейде түнілген жанымның құдды дауысындей...

Сондықтан мен өлеңімнің «Менім» арқылы жасырмай, жаппай өмірімнің шежіре-сін жасап шықтым. Жанымның мұңы мен қуанышы – бәрі сонда. Солар басқа жүректерге өз сәулесін түсіруге тиіс деп ойлаймын... Естерінде болсын, әрбір өлеңім өз орнында тұрсын. Яғни, жылына және бойына қарай, сонан соң көз алмай оқындар. Сюжетіне көніл аудармай-ақ қоюларыңа болады, ал композициясы мен архитектоникасына зер салындаршы. Егер мені содан таппасаңдар, онда ақын болмағаным!

Мұқағали. Күнделік

Мұқағали Мақатаев «Аққулар үйиқтағанда» поэмасын бір түнде жазып, ертеңіне Ғабит Мұсіреповке келіп, оқып беріпті. Ғабит Мұсірепов поэманды мұқият тыңдал, Мұқағалидың арқасынан қағып: «Өте жақсы», – деп бағасын беріпті, ақынға алтын қалам сыйлапты. Қасиет пен қасіреттің белгісіне айналған поэмамен танысадайық!

Аққулар үйиқтағанда



CD 07

Жетімкөл неге жетім-
сіреп қалды?

Өзен де жоқ сыймаған арнасына,
Жылға да жоқ далаған жалғасуға.
Таста тұнған жаңбырдың тамшысындай,
Қалай біткен мына көл тау басына?!
Мөлдірейді, қарайды қарға, шыңға,
Жалғыздықтан жамандық бар ма, сірә?
Қанша ғасыр өтті екен, қанша заман?
Қанша үрпақ кетті екен, қаншама адам?
Қанша шырша есті екен, құлады екен,
Жетімкөлге қараудан шаршамаған?
Жетімкөлден су ішкен қанша марал,
Қанша киік қалды екен сай-салада?



Бағалы дерек

Аққулар – қазтәрізділдер отряды, үйрек тұқымдасының жататын сымбатты құстар. Аққудың алты-жеті түрі бар, оның бесеуі Солтүстік жартышарды мекендейсе, біреуі экватордың онтүстік бетін қоныс етеді. Қазақстанды мекендейтін екеуі – сыйырлақ және сұңқылдақ аққулар.

Кіші аққу тундрадан қыстайтын жерлеріне үшқан кезде Қазақстанда кездеседі. Мойны мен денесінің ұзындығы тең әрі іліп келген. Денесі созылыңқы, басы онша үлкен емес, тұмсығы тік әрі жалпақтау келеді. Қыскә сирағы денесінің арт жағында орналасқан. Қауырсыны тығыз әрі үлпілдек мамықты шымқай ақ түсті (Австралия мен Тасманияда шымқай қара). Салмағы 5–10 кг, ең іріci 13 кг-ға жетеді. Қанатының ұзындығы 150–180 см. Тіршілігінің көп уақытын суда өткізеді, жақсы жүзеді, бірақ сұнғи алмайды, құрлыққа сирек шығады. Аққу жұп құрып тіршілік етеді.

«Қазақстанның құстары»

Қанатынан үзіліп өн-самалы,
Қаншама аққу кетті екен – аңсаған өн?
Ортаймаған Жетімкөл толмаған да,
Болған өмір үқсайды болмағанға.

Сызат та жоқ бетінде, сызық та жоқ,
Айдынына аққуы қонбаған ба?!

Қызығыштары қиқулап, қорғағанда,
Сорлағанға үқсайды, сорлағанға,
Шүрегейлер айдынын қорлағанда,
Көкқұтандар қанатын қомдағанда...

Беу, дүние-ай, аққулар оралғанда,
Айдын көлдің иесі жол алғанда.

Жетісіп бір Жетімкөл қалушы еді-ау,
Тынушы еді-ау, теңсеген қара орман да.

Таянғанда аққулар қонар маңға,
Басуши еді-ау, байызын бар арман да!

Қанатынан аққудың балапандап,
Ән ұшатын сымпылдалап таң атарда.

Сүйінші бер дегендей бір толықсып,
Сыйырлайтын Жетімкөл Алатауға.

Тына қалып бұлбұл да жаға-талда,
Қарайтұғын айдынға, ақ отауға.

Таң мен күннің арасы таянғанда,
Таудың басы алаумен боялғанда,

Тірлітін таудағы бар тіршілік,
Қанатынан аққудың оянған ба?!

Көмейінде тәтті үні былай қалып,
Жаға-талда жас бұлбұл түр ойланып.

Жетті аққулар.

Түгендер Жетімкөлін,

Жағалауда ұшып жүр шыр айналып,
(Бірден көлге қонбайды құлай барып.)

Сондайтұғын, аққулар сондайтұғын,
Асығыстық оларда болмайтұғын.

Қомағай көкқұтандар секілденіп,
Жалп беріп, жағаға кеп қонбайтұғын.

Сондайтұғын, аққулар сондайтұғын,
Ақ мұсін айдынға кеп орнайтұғын.

Әлдилеп ақ төсінде, бермей тыным,
Ақ айдын, ақ мұсінін тербейтұғын.

Даналық ойдан дән ізде

Махаббат бір аққу құс
емес пе: өзі де сөнді, әні
де сәнді. Дүниеде аққудан
әдемі құс бар ма? Сон-
дай-ақ, махаббаттан әде-
мі, одан қымбат адамға
сезім бар ма?

I.Есенберлин

Бұл көлге мылтық алған саятшы емес,
Тірі жан аяқ басып келмейтүғын.
Аққулар аман-есен қайтқанынша,
Суына Жетімкөлдің шөлдейтүғын.
(Суымен сырқаттарын емдейтүғын.)
Ұрпақтан-ұрпақ алып жалықпастан,
Сондай бір дәстүр бар-ды қалыптасқан.
Заманнан-заман өткен, жаңарған жүрт,
Аққуын айдын көлдің налытпастан
Дәстүрін аттамаған, анық басқан.
Сондай бір дәстүр бар-ды жарық шашқан,
Бір ұрпақ бір ұрпаққа алып қашқан.
Қайсыбір қызын-қыстау ай, құндерде,
Шойырылтып, түссе-дағы қайғым белге,
Алаңсыз аққуымды атпасын деп,
Жатқа да дастарқанды жайдым төрге,
Аққулар үйиқтағанда айдын көлде...
...Оралмады аққулар осы маңға,
Жылдар өтті, байғұстар шошыған ба?
Жетімкөл жетімсіреп қала берді.
Арман-ай, аққуимен қосылар ма?!

II

Бала жатыр төсекте, албыраған,
Әке жатыр еденде, қалжыраған.
Тұн күзетіп ана отыр, қос жанары
Шарасыздан шаршаган, жаудыраған.
Тұні мынау – тамыздың маужыраған.
Тауың анау – шымылдық салбыраған.
Биік барып, жаралған жер бетінен,
Сол байырғы Жетімкөл келбетімен.
Айдынында аққулар үйиқтап жатыр,
Сайдан соққан самалмен тербетілген.
Жер бетінде тыныштық, көл бетінде,
Қауышыпты қара орман, көл де, тұн де.
Бала жатыр төсекте күйіп-жанып,
Баласының ана отыр күйін бағып.
Қайдағы бір қатыгез, сұрқай ойлар,
Миын қарып барады, миын қарып.
«Сарқытындаі өлімнің қалған қарға,
Екеу болса, дүние-ай, арман бар ма!..»





Аракідік назарын аударады,
Төрт бүктеліп еденде қалған жарға.
Қауіптеніп тұндерге, таңдарға да,
Үн шығармай ішкүса, зарлауда ана.
«Мана, күндіз, төүіп шал не деп кетті?!
Әлде өтірік, әлде шын демеп кетті...
«Аққұменен баланы аластандар», –
Деді-дағы жәйімен жөнеп кетті...»

– Тұрсаңшы, таяу қалды таң атуға,
Неткен жансың санасыз жаратылған?!
Манағы төүіп шалдың айтқан сөзі,
Ұмытылып кетті ме санатыңдан?
...Айналайын аққудың қанатынан,
Қайтеміз, ол да адамға бола туған.
Жетімкөлге барып қайт таң жамылып,
Таң атқанша қалай да тауға ілік.
Біреулердің көзіне түсіп қалып,
Дүрліктірме жұртыңды, салма бүлік!
Кім білсін, мүмкін, бәрі жалған үміт...
– Апыр-ай, қалай барам, қалай барам?!
Атармын аққу құсты қалай ғана?!
Айдынның аққулары үйиқтағанда,
Өрген мал, өскен шырша абайлаған,
Барлығы қасиетке қарайлаған
Оқ атам қасиетке қалай ғана?..
Бармаймын, бараалмаймын, қалайбарам?!
Адуынды жан екен алған жары:
– Жалғыз үлдан артық па, жалған бәрі!
Балам өлсе, бақыттың керегі не?!
Топан су басып кетсін қалғандарын.
Перзент сұрап несіне армандаңың?!
Құрысын онсыз сенің жанған бағың!
Мылтықты өкел!
Атты ертте!
Жалған бәрі!

...Оятып дүниені дел-сал қылып,
Тамыздың таңы да атты тамсандырып,
Сай-сайдан бошалаған бозала таң,
Таудағы тіршілікке өн салдырып,



Сөзмаржан

байыз – сабыр, дегбір
сарқыт – бұл жерде:
 жалғыз деген мағынада
тәүіп – ел арасында әр
 алуан ем-дом жасайтын
 емші, бақсы-балгер
адуынды – азулы,
 өжет, өткір

Еміндіріп, еріксіз қарсы алдырып,
 Бұлбұлға дүниеге жар салдырып,
 Тамыздың таңы да атты тамсандырып.

Қасқа таң.
 Бұлбұл үні.
 Көл бетінде,
 Аққулар үйиқтап жатыр тербетіле.
 Бас бағып жағада отыр жалғыз ана,
 Таңданып тәқаппар құс келбетіне.
 Тығып ап тұмсықтарын мамығына,
 Айдын – төсек, аспанды жамылуда.
 Арша, шырша, жартастар жағадағы,
 Сұғынып, бәрі көлге табынуда.
 Аласұрып, қан ойнап тамырында,
 Ана-жүрек тыптыршып, қабынуда,
 Не қыларын біле алмай, жабыгуда.

Асқар белден күн нұры шашырады,
 Шашырап, ол да көлге бас ұрады.
 Құс аппақ, айдын аппақ, нұр да аппақ,
 Аппақ нұр аппақ нұрға қосылады.
 Көл – көкке, көк көлге кеп асылады,
 Үйқысы аққулардың ашылады.
 Сұлулыққа сұқтанып, қашып өлі.
 Ана-жүрек солқ етіп, басылады.
 Қызғанып, қызығыш байғұс шыр айналды,
 Абыржып ана-көңіл мың ойланды.

Фазиздің көзінде емес, көңілінде,
 Айдын көл астан-кестен лайланды.
 Дәстүр, ырым, жәйімен Құдай қалды,
 Жалғыз ұлдан басқасы былай қалды.
 Айдынның аққуының орынынан
 Көргендей, көзі тұнып, құмайларды.

...Аққулар...
 Аққу мойын, сүмбе қанат,
 Алаңсыз тарануда құнге қарап.
 Айдынның еркелері, білмей тұрмын,
 Етермін тағдырынды кімге аманат?!
 Жаны сұлу ақ еркем, ары сұлу!

Сөздің көркі – мақал

Айдындағы аққуды,
 Ақылды мерген атпайды,
 Ақ еркесін айдынның,
 Атуға қолы батпайды.

Аққу көлін аңсайды,
 Адам туған жерін
 аңсайды.

Аққуды атпа,
 Досынды сатпа.

Аққу құсқа оқ тисе,
 Қанатын суға тидірмес.

Бір мамығы майысса ауырсынып,
 Тарақ етіп тұмсығын, тарайды кеп,
 Тарайды кеп, тарайды қауырсынын,
 Құм тұрса да бір түйір ауырсынып,
 Жаны сұлу ақ еркем, ары сұлу!
 Ақ қанатын сабалап, асыр салып,
 Бірде суға сұңгиді басын малып.
 Ойнасыншы, ойнасын ерке құстар,
 Тыныштығын олардың қашырмалық.
 Мерген отыр жағада.
 Ей, ақша бұлт,
 Жаулығыңмен оларды жасыр барып.
 Бас бағады шыршаның қалқасынан,
 Қаруынан қолында қан сасыған.
 ...Ал, аққулар,
 Аққулар тарануда,
 Сусып түсіп, су моншақ арқасынан.
 Қарайды ана шыршаның қалқасынан.
 «Сірә, сорлы жоқ шығар менен өткен,
 Құлымның қасынан неге кеткем?!
 Ошақ қасы, от басы, көрмеппін ғой,
 Дүние-ау, сен осындай керемет пе ең?!»
 Ана отыр. Озбыр ойлар қамалауда,
 Қамалауда, әлдекім табалауда.

...Аққулар ақ айдынды қалдырды да,
 Тартты кеп, ана отырган жағалауга.
 Шошымай шолжаң өскен батырларың,
 Ана отырган шыршага жақындалды.
 Көзі тұнған бейбағың, топ аққуға,
 Білмей қалды мылтықтың атылғанын.
 Көздің алды көк тұтін, ақыл жарым
 Білмей отыр жаңағы тыныштықтың,
 Сұт ұйыған тегешін сапырғанын!..
 Ию-қиу көл маңы, астан-кестен,
 Жер айналып, тау құлап, аспан көшкен.
 Жаңғырығып, жар салып, жартастар тұр,
 Жетімкөлдің қайғысын бастан кешкен,
 Көріп-біліп, таныпты тастар да естен.
 Алып аспан астына сия алмай бір,

Айдын көлін аққулар қия алмай жүр.
 Мәлдіреген Жетімкөл көкке қарап,
 Мәлтілдеген көз жасын тыя алмай тұр,
 Айдын көлін аққулар қия алмай жүр.
 Сан айналып, сұңқылдаш үшты-дағы,
 Сапар жолға мезгілсіз түсті-дағы,
 Бетін түзеп, батысқа бағыт алып,
 Қарғыс атқан мекеннен күсті бәрі.
 Тау жаңғыртып, тамаша құстың өні,
 Қош айтысып көлменен, үшты бәрі.
 Көл бетінде көлбендер, жаралы аққу,
 Ұша алмайды, ұшпақ бол күш қылады...
 Сыңар қанат сынық құс байлауда тұр,
 Тағы бірі айдында жайрап жатыр.
 Қан аралас қалқыған мамығымен,
 Жетімкөлдің толқыны ойнап жатыр.
 ...Қасиетке оқ атып, жойған пақыр,
 Қалай алып кетерін біле алмастан,
 Сүле-сопа, жағада ойлауда құр.
 Жетімкөлден сөн кетті мана тұнған,
 Аққу кетті, өн кетті қанатында.
 Асқар-асқар таулардан асып өрі,
 Шың-құздардың үн қалды қабатында.
 Аққу өні естілмей қалатын ба?
 Алатаудан үзілтіп, Қаратаяға,
 Жаңғырығып жартастар таратуда...

III

Жетім көлдің басында жылқы жатқан,
 Дөңге шығып, қарт тұрған жылқы баққан
 «...Апыр-ай, бұл кім болды, таңсәріде,
 Қөргенсіз, көл басында мылтық атқан?!
 Құстардың зәре-құтын шырқыратқан,
 Негылған қаныпезер құлқы қатқан?!
 Мылтықты атарлықтай көлге келіп,
 Апыр-ай, жоқ еді ғой елде желік...»
 Мылтық даусы, құстардың шулағаны –
 Шыдамын алды қарттың бермеді ерік.
 «Бұл маңың адамы емес, сірө-дағы,
 Білейін, табайын да бір амалын.



Сөзмаржан

сүле-сопа – селқос бей-жай, еш нәрсеге көнілі жоқ

кәззап – онбаған, сұрқия, жексүрүн, алаяқ

Қаруы бар кәззапқа құрықпенен
Үмтылса, қалай қайрат қыла аламын?!
Жөн болар алыс тұрып сұрағаным...»

...Аққу үркіп, батысқа бет түзеген,
Қамшы басты атына, шыдамады.
Алыс тұрып, ақырды қыр басынан:
«Берекесін бұл жердің кім қашырған?...»
Өндім бе, тұсім бе деп таңданады,
Көз алмай орамалды ұрғашыдан,
Көз алмай сүле-сопа тұлғасынан:

– Ей!

Кімсің?

Тірісің бе?

Жаның бар ма?

Аққуды неге атасың, арың бар ма?!
Тастағын қаруында, келгін бері,
Келгін бері, кеуденде жаның барда!

...Байғұс әйел үн-тұнсіз жылап тұрды,
Қарттың үні мең-зең ғып құлаққа ұрды.
Қолындағы мылтығын құлаштап кеп,
Бөгелмей, Жетімкөлге лақтырды.
Қартқа қарай ақырын аяңдады,
Қарусызға қарт келді, аянбады.

...Көзінен жас, көңілінен зар төгіліп,
Болған жәйтті келіні баяндады.

– Әй, балам!..

Болмады ғой, болмады ғой...

Қасиет кетті көлден, сорлады ғой.

Тәуіптің айтқанының бәрі өтірік,

Атқа мін, ауылға қайт, олжаны қой!..

Мін атқа. Қайт ауылға тағат қыл да,

...Білмеймін, сор аттың ба, бақ аттың ба?!

Аққуға кезенерде, ырым жасап,

Тым құрса, саусағында қанаттың ба?

– Әлек боп, арпалысып сор-қайғымен,

Жоқ ата, жасамадым ондайды мен...

Жасымнан естігенім бар-тын еді,

Әйтеуір аққу атқан оңбайды деп...
 – Солай, солай...
 Аманат бір Құдайға...
 Қай-қайдағы түседі құрғыр ойға...

...Ат басын шұғыл бұрып, тайып тұрды,
 Қарт тастап нелер сұмдық сырды бойға.
 Бәрі ұмыт: бақытың да, байлығың да,
 Құлкі шаттық, күйзелткен қайғы, мұн да.
 Жетімкөл жетімсіреп қалып қойды,
 Бір өлі, бір тірі аққу айдынында...
 Бар өмірден көңілі шайлышуда,
 Байғұс ана еркінен айрылуда.

Әлденеден сүм жүрек сескенеді,
 Аракідік әлдене ес береді.
 Табиғаттың, таудың да, аққудың да,
 Байғұсқа болмай қалды еш керегі.
 Келеді ана, сезбейді ештеңені.
 Бай ұмыт, өлсіз жатқан бала да ұмыт,
 Қайтқан құстай алыстап барады ұміт.
 Көліменен қоштасқан аққу үні,
 Құлағына келеді аракідік.

Өмір емес – өмірі, қораштанған,
 Байғұс ана тірлікten қалыс қалған.
 Келеді ана, қарабет қарақшыдай,
 Ел мен жерден біржола аласталған
 Аппақ нұрды көре алмай ақ аспаннан,
 Тұн-тұнекте бейне бір адасқан жан.
 ...Абыр-сабыр, үй маңы дүрбелең-ді,
 Алғаш ана абыржып, білмеген-ді.
 Ат үстінен түсе алмай қатып қалды
 Мелшиіп, білмей тіл мен үн дегенді
 Білмейді, қайда келді, кімге келді.
 Өң бе, тұс пе, әйтеуір таласуда,
 Өлі менен тірінің арасында.
 Отыргандай Жетімкөл жағасында,
 Аққу жатыр көзінің шарасында.



Сөзмаржан

аракідік – ара-арасында, анда-санда

Аунап түсіп атынан, үйіне енді,
Есіне алып ерін де, баласын да.
Өліп жатқан ұлына қарасын да,
Қалсын ана Жетімкөл жағасында,
Өлі менен тірінің арасында.

...Аппақ нұрмен шомылтып айналаны,
Ақ сәулемен айдынның ойнағаны,
Көз алдында...
Құлақтан кетер емес,
Таңда бұлбұл тамылжып сайрағаны,
Көз алдында – аққудың жайрағаны.
Сыңар қанат, сынық құс – жаралы аққу
Өлі аққудан кете алмай айналады.

Ақ төсек – аппақ айдын, аққу – бала,
Жаралы аққу секілді жаттың ба, ана?..
«...Мына жатқан Жетімкөл, мына аққуды,
Өз қолыммен өлтірдім, аттым жаңа,
Жоқ!
Мен емес... Мен атпадым...
Кеше гөр, кешіре гөр, жаратқаным?!»
Фазиз ана, ербендең екі қолы,
Жиылған жүртқа қарап алақтады.
Құледі, бірде жылап, зарланады,
Көкке қарап, бекерге қарманады.
Бірде үнсіз, мелшиіп тың тыңдайды,
Құлағында аққудың арман-әні.
Алдымен жүрт үн-түнсіз таңданады,
Қыбыр-сыбыр артынан жалғанады...
Бірде ана көкке жайып алақанын:
«Қазір, ботам...
Мінеки, таң атады...
Қазір, ботам, аққумен ұшықтаймын...
Жазыласың құлышын... балапаным!
Қасиет!..
О, қасірет!
Осындей ма ең?!

Сорымның қалыңдығы шашымдай ма ең!..
Қасиет!..
Қасиеттер ұшып кетті,

Қасірет!..
 Қасымдағы досымдай ма ең!..
 Қасиет... Қасірет...
 Қасірет... қасиет...»



Сөзмаржан

Эпилог – автордың шығарма соңында жазған қорытынды сөзі

Эпилог

...Сол кеткеннен мол кеттім, оралмадым,
 Жерді аңсаймын...
 Жалғыз-ақ сол – арманым.
 Қын екен, қимасың екі бірдей,
 Көз алдында ғайып бол жоғалғаны...
 Көрдің бе бір-біріне дәп келуін,
 Бір қырсық бір қырсықпен шектелуін?
 Балам-ай, мынау өмір-дарияның,
 Білмейсің қайда екенін өткелінің.
 Аққулар...
 Аңыз көп қой олар жайлы,
 Көзіңмен көргеніңдей бола алмайды...
 Тек қана тыныштықта ұйықтайды олар,
 Шошыса, екінші рет оралмайды.
 Орнында екен Жетімкөл, жоғалмапты,
 Ортаймапты немесе тола алмапты.
 Жағалауын жауыпты жасыл жалбыз,
 Қасиетті аққулар оралмапты.

1

Білу

1. М.Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы «Не білемін?», «Не білдім?», «Не білгім келеді?» сұрақтарына жауап беріңдер.
2. Ақын қандай поэмалар жазған?
3. Ақын сөзіне жазылған қандай өндерді білесіңдер?
4. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын мұқият оқып шығындар. Поэмада Жетімкөл табиғаты қалай суреттелген?
5. Бала қандай күйде жатыр еді?
6. Көл жағасында отырған ана қандай күйді басынан кешіреді?
7. Аққуды атқан ана қандай қасіретке ұшырады?
Ана үйге оралғанда қандай жағдайға душар болды?
8. «Кие» деген сөзді қалай түсінесіңдер?
9. Аққу туралы қандай өнер туындыларын білесіңдер?

2

Түсіну

1. Жетімкөл неге жетімсіреп қалды?
2. Аナンың аққуды атуына не себеп болды?
3. Аққуды атқан ана кінелі ме? Бұл шешімге ана қалай келді?
4. Поэма қандай мәселені көтеріп отыр?
5. Жылқышы қарттың: «Аққұға кезенерде ырым жасап, тым құрыса, саусағыңды қанаттың ба?» – деген сөзі нені білдіреді?
6. Поэма неліктен «Аққулар ұйықтағанда» деп аталған?

3

Талдау

Поэма кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін салыстырындар.

4

Жинақтау

1. Поэманиң тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.
2. «Фишбоун» немесе «Балық қаңқасы» өдісіарқылы поэмада көтерген басты мәселелерге дәлелдемелер келтіріп, қорытынды жасандар. Оны жұпта, топта талқыландар.



5

Қолдану

1. Поэма мазмұнын игеруге арналған тапсырмаларды орындаңдар:
 - поэманиң бірнеше мағыналық бөлікке бөліндер.
 - әр бөліктің негізгі ойын білдіретін сөз тіркесі мен сөйлемдерді табыңдар.
 - шығармадағы барлық кейіпкерлерді атаңдар.
 - поэмадағы оқиға орын алған жерді анықтаңдар.
 - поэманиң аяқтаудың нұсқасын ұсынындар.
2. Поэмаға мазмұндық жоспар құрындар.

Тақырыбы	Негізгі оқиғалар

3. Шығарманың сюжеттік-композициялық құрылышын талдаңдар.
4. Поэмада қолданылған өдеби-теориялық ұғымдарға талдау жасаңдар:

Поэмадан үзінді	Эпитет	Тенеу	Психологиялық параллелизм	Эллипсис

5. Шығарма кейіпкерлеріне мінездеме беріңдер:

Поэма кейіпкерлері	Іс-әрекеттері, адами қасиеттері

6. Поэма мазмұны бойынша «б неліктен?» тақырыбына сұрақ құрастырып, оны жұпта, топта талқылаңдар.

6

Баға беру

1. Бала өліміне не себеп болды деп ойлайсындар? Баланы емдеуге болар ма еді?
2. Ананың орнында қандай шешім қабылдар едіңдер?
3. Өмірдегі қасиет пен қасірет туралы не білесіңдер?
4. Қазіргі заманда жылқышы қарт сияқты табиғат жана-шырлары бар ма? Поэмада көтерілген экологиялық мәселе туралы не айтасындар?
5. Топтарға бөлініп, «Ойлаудың алты қалпағы» өдісі арқылы поэма идеясы бойынша ойларынды білдіріңдер.
 «Ақ қалпақ» → поэмада көтерілген проблемаға қатысты деректерді талассыз көлтіреді;
 «Сары қалпақ» → сөтті, жағымды кезеңдер туралы айтады;
 «Қара қалпақ» → көтерілген мәселенің сөтсіз тұстарына тоқталады;
 «Көк қалпақ» → талдау жасайды, топтар Не үшін? Неге?
 Неге байланысты? деген сұрақтарға жауап іздейді;
 «Жасыл қалпақ» → «ақылға сыйымсыз» идеялар мен болжамдар айтады;
 «Қызыл қалпақ» → оқиғаны оқу барысында бастан кеширген сезімдерін тұжырымдайды.



Түйін

Мұқагали Мақатаевтың «Қарлығашым, келдің бе?», «Дарыға жүрек», «Аққулар үйінде», «Шуағым менің», «Соғады жүрек», «Шолпан», «Жырлайды жүрек», «Өмір – өзен», «Өмірдастан» және т.б. жыр жинақтары, сондай-ақ, «Қош, махабbat!» атты прозалық кітабы да бар. Біршама өлеңдеріне ән жазылды. Өзін аудармашылық қырынан да сынап көрген Мұқагали Дантенің «Құдіретті комедиясының» «Тамұқ» бөлімін, Шекспирдің «Сонеттерін», Уолт Уитменнің өлеңдерін қазақ тіліне аударды.



Әдебиет теориясы

Монолог, диалог

Монолог – (грек – *mōnoiōigos*, *mōnō* – бір, *logos* – сөз) драмалық шығармадағы, сондай-ақ басқа әдеби шығармадағы кейіпкердің ішкі көңіл күйін білдіретін толғай сөзі, кейіпкерді сөйлету тәсілі. Монолог – кейіпкердің өзімен өзі сырласып, ойланып-толғанғандай болып айтатын сөзі. Басқа біреу ол сөзді естітіндей болса да, жауап қайыру деген болмайды, бірыңғай бір кейіпкердің сөзі ғана беріледі. Монолог сол адамның ішкі сырын, көңіл күйін, психологиясын терең ашып көрсетуге өте ыңғайлышты. Монологте кейіпкердің түйінді ой-тұжырымдары айтылып, оның тағдырына байланысты маңызды кезеңдегі жай-күйі айқын аңғарылады.

Диалог (грек – *dialogos*) – әдеби шығармада екі кейіпкердің немесе бірнеше адамның сөйлесуі, оларды сөйлестіру тәсілі. Драмалық шығарма түгелдей дерлік диалогке, сөйлестіруге және жеке кейіпкерді сөйлетуге, монологке негізделіп құралады.

Диалог – кейіпкерді жай бірінен кейін бірін сөйлете беру емес, ол сөйлесетін адамдардың қарым-қатынасының қалай шиеленісіп, қалай өзгеріп, өрістеп отыратынына сәйкес беріледі және бір кейіпкердің айтқан сөзі екінші кейіпкердің айтатын сөзіне тұрткі болып, келесі сөйлеуші жауап қайыра сөйлейді. Диалог арқылы кейіпкерлердің ішкі сыры аңғарылады, яғни әр кейіпкердің сөз салтауынан, оның ой-толғанысынан, сөйлеу өзгешелігінен жан дүниесі айқын елес береді. Жазушының шеберлігі де оның әр кейіпкерді мінездітіміне, ой-өрісіне орай сөйлетуінен көрінеді.

«Қазақ әдебиеті» анықтамалығы



Тапсырма

Көркем шығармалардан диалог пен монологке мысалдар келтіріндер.

Шығармаларына замана көріністерін, қарапайым адамдар тағдырын арқау еткен қаламгер туралы ой қозғайық!

ДУЛАТ ИСАБЕКОВ



ДУЛАТ ИСАБЕКОВ
(1942 жылы туған)

Дулат Исабеков 1942 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. Еңбек жолын қазақ радиосында аға редактор, «Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушісі, «Жалын» баспасында аға редактор болудан бастаған. Қазақ КСР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитетінде аға редактор, Қазақ теледидарының бас директоры, «Жазушы» баспасының директоры, Қазақстан Жазушылар Одағының хатшысы болып қызмет атқарған.

Жазушының алғашқы әңгімесі «Шойынқұлақ» деп аталады. Дулат Исабековтің повестері ішінде «Гауһартас», «Сүйекши», «Кеш туган жүлдіз», «Тіршілік», «Дермене» секілді шығармаларын ерекше атауға болады.

Дулат Исабеков «Ректордың қабылдауында», «Анасын аңсаган қызы», «Әпке», «Ертеңді күту», «Ескерткіш операциясы» комедиясы, «Ескі үйдегі еki кездесу», «Кішкентай ауыл» секілді пьесалары арқылы қазақ драматургиясының дамуына үлкен үлес қосты.

«Әпке» пьесасында шешесі қайтыс болған Қамажайдың інілерін, сіңлілерін бағып-қағып жеткізуі туралы баяндалады. Дулат Исабеков – Мемлекеттік сыйлықтың, «Құрмет» орденінің иегері.

Зергер сөз

ХХ ғасырдың 60-жылдарынан қазақ прозасының дамуына өз үлесін қосқан қаламгерлер қатарында ерекше орны бар жазушының бірі – Дулат Исабеков. Д.Исабеков прозасы қазақ әдебиетіне соны кейіпкерлер, қайталанбас типтер мен характерлер, әсіресе, қарапайым ауыл адамдары образдарының тұтастай галереясын әкелді.
А.Танжарықова

Қазақ қызының бауырмалдық ниеті мен пейілінің символы болған «Әпке» пьесасының мазмұны қандай?

Әпке
(драмадан үзінді)

ҚАТЫСУШЫЛАР:

Қамажай – басты кейіпкер

Омар – тете інісі

Тимур (Тим) – ортанишы інісі

Ермек – ең кіші інісі

Нәзила (Наз) – сіңлісі

Гауһар – Нәзиланың құрбысы

Кәмила (Кама) – Тимурдың сүйген қызы, кейіннен әйелі

Сұлтан – Тимурдың досы

Сұлухан (Светлана) – Сұлтанның қасындағы қыз

Қабен – Қамажайды ұнататын жігіт

Көрші әйел

Бірінші акт

*(Сахна төрінен Қамажай мен Қабеннің түлгалары көрінеді.
Қараңғыдан шығып, олар бері жақындайды).*

Қабеннің дауысы.

«Мен сені үш күн бойы күттім. Адамды осылай қорлауға бола ма? Балалар оянып кетеді деп телефон соқтырмайтын өзің. Сондықтан бір парақ қағаз жазып отырмын. Қымбаттым-ау, күтудің де, шыдамның да шегі болады ғой. Неге келмейсің? Мені ұнатпайтын болсаң, құндіз телефонмен сөйлескенде оныңды ашып айт. Кісіні әуре-сарсаңға салып қойғаның не? Бүгін тағы да күтем. Екеуміз өүелгі келіскең жерде. Отінемін, жүздесіп кет. Бүгін, сөз жоқ, келгейсің. Отіне, асыға күтем. Соңғы рет».

Қамажай.

Бір алапат сезім кіріп кеудеме,
Жұлқынғанда айта алмадым деп «неге»?
Өмір деген жалғыз сенің үйің бе?
Халат тастап, далаға жүр, киін де, –
Деді маған ыдыс жуып жатқанда.
Ән естілді,
Көктем кеткен жақтан ба?..
Дала кезген самал болып кеттім мен,

Оралдым ба баяғы бір шақтарға,
Толқын болып тулап шықтым далаға.

(Екеудің қол ұстасады. Бірақ ұстасқан қолдары еріксіз ажырай береді.)

(Қамажайдың үйі. Шашылған, бей-берекет көрініс. Қамажай, Омар, Тимур, Нәзила, кішкентай Ермек. Ортада Тимур отыр. Ол ішкенге үқсайды. Алдында бөтелке.)

Тимур. Кетіңдер. Бәрің де кетіңдер. Маған ешкімнің де қажеті жоқ. Өйткені мен де ешкімге қажет емеспін. Анам болса, бүйтпес едіңдер!

Қамажай. Саған не болған? Не айтып тұрғаныңды білемісің өзің?

Нәзила. Білмейді. Ол бүгін тұңғыш рет азамат болып, арақ ішіп келіп отыр. Азамат болғаныңыз құтты болсын!

Тимур. Батыр қаранды, сайрамай! Әзілінді көтерер жайым жоқ. Бағана жұмыстан шаршап келгенімде бірінді таппадым. Құдай сендерге тек тіл берген.

Қамажай. Темір-ау, үйде болмасақ, қыдырып жүрген жоқпызғой.

Тимур. Қыдырып жүрсіңдер. Паркте. Жігітпен. Осы үйдің қамын ойлайтын жалғыз мен бе?

(Әкелері кіреді. Бәрі тұрған орын-орындарында қимылсыз қалады).

Тимур. Мм. Наз... Қыдыр аралап жүр екен десем, әкеміз екенсізғой.

(Әкелері үй ортасына кеп, бәріне үнсіз көз тастайды).

Тимур. Жылаған баланың үніне қарайламап едіңіз, енді не іздеп жүрсіз? Құдайға шүкір, ержеттік. Даусымыз да шықты, дауласып та жатырмыз. Қөзіңіз өтіп кетер, сұқтанбай тез кетіңіз. Кетіңіз, кетіңіз!...

Қамажай. Тимур...

(Ол жайлап басып шығып кетеді. Оның соңынан әпкесі жүгіреді).

Тимур. Әпке-е! Әпке!

(Ермек оянып кетеді де, сыртқа жүгіреді).

Ермек. Әпке. Әпке.

Қамажай. Ермекжан, әпке дегенің қалай? Мен сенің мамаңмын.

Ермек. Жоқ, сен менің әпкем екенсің. Менің мамам өліп қалған. Сен әпкем екенсің, әпкем екенсің!

Қамажай. Жоқ. Мен сенің мамаңмын. Әпке деме, мама де, мама де...

(Стол басында Қамажай, сіңлісі, сіңлісінің құрбысы тамақ ішпін отыр).

Нәзила. Илансаң бар ғой, әпке, таңертеңнен бері Гаунар екеуміз дым сызған жоқпыз.

Қамажай. Немене, ақшаларың болмай қалды ма?

Нәзила. Жоқ, өзің берген бір сом ақшам да болды. Гаунар да құралақан емес. Уақыт жоқ. Ательеге барып едік, қырғын, адам көп екен, шаршап өле жаздадық. Так что, әпкешка, бүгін алдымызға күнжара қойсаң да жей береміз.

Қамажай. Ақшаларың болмаса, ательеге неге барып жүрсіңдер?

Нәзила. Бұрынғы, ақшалы кездерім еске түсіп... Ательеге ақшалы адамның баруы жақалық емес. Қолыңдан келсе, ақшасыз барып көр (*Күліп*). Жай айтқаным ғой. Әпке деймін, ательеге марқизет түсіпті. Гаунарда азын-аулақ ақша бар екен, мен одан қарыз ала тұрмақ едім. Жете алмағанымыз да дұрыс болды. Әйтпесе, кейін қайдан тауып берер едік.

Қамажай. Неге? Тауып береміз... Тимур ертең айлық алады.

Нәзила. Оның айлығы өзінен артылмайтын болды ғой. Өткен жолы мен оны паркте бір қызбен көргем. Меніңше, финанс жағын сол кісі басқаратын болуы керек. Ал, енді, іске кірісілік.

(*Екі құрбы сықылықтай күліп, тамақтан қарбытып жеуге кіріседі*).

Қамажай. Ойбай-ау, сендердің қарындарыңың аш екенін білмей қалдым ғой, тамақты мол жасайтын едім. Әлгі Темір бір жолдасымды ертіп келем деп еді. Сол екеуінің... Жарайды, сол екеуінің сыбағасын салып берейін.

Гаунар. Жо-оқ, апа, керек емес. Бізге осы да жетеді.

Қамажай. Азаннан бері дым сызбасандар, қайдан жетсін. Оларға котлет қуырып бере салармын. Әкеліңдер ыдыстарыңды.

Нәзила. Біздің әпкешка бала сияқты. Не айтсаң, соған сене береді.

(*Үйге Темірбек және гитара ұстаган бір жігіт пен екі қызы сау етіп кіріп келеді. Бәрі көңілді. Қамажай тамақ қамын ойлап, аңырып түрьип қалады*).

Нәзила. Әпкешка, котлетті көбірек қуыр.

Тимур. О-о, біздің үйде той боп жатқан-ау шамасы. Мамуля, мен білмейтін бұл қандай той?



Сәзмаржан

дым сызбау – тамақ ішпен
күнжара – майлы дақылдардың майын алғаннан кейінгі мал азығы ретінде пайдаланатын қалдығы
марқизет – жұқа, бағалы кездеме
финанс – қаржы, қаржат

Қамажай. Ә-ә... той емес... Жай, өзіміз. Жігіттер, қыздар, жоғары шығындар. Ермекжан, сен өз бөлмене бара ғой, кәне. (*Ол кетеді*) Ал, төрлетіңдер.

Тимур. Ма-муля, біздің үйде той жоқ дейсің, неге той жоқ? Той бар. Енді болады. Бүгін екі жылдан бері бір заводта істеп келе жатқан менің ең жақсы досым Сұлтанның туған күні. Және ол біздің босағаны бірінші рет аттап отыр. Демек, біздің үйде бір емес, екі той өтуі тиіс. Ал, Қәмила, шығар сумқадағыларды.

Қәмила. Құп болады.

Қамажай. Тимур-ау, мыналарың... Құнібұрын неге айтпадың? Ұят боп қалды-ау, ә? Ылғи да асығыс. Тым болмаса, телефонмен бір ауыз айта салсаң етті.

Тимур. Ничего, ничего, мамуля. Қуаныш атаулының ойда жоқта болғаны жақсы. Құні бұрын білген қуаныш – қуаныш емес. Эффектің аз болады. Ал Сұлтан, бұл кісі – менің әпкем, өзім мамуля деп атап кеткем. Мына қызы – қарындастым, оның қасындағысы – подружкасы. Екеуі институтта бірге оқиды. Ал мына екі қызы – Қәмила және Светлана. Қазақша аты – Сұлухан. Аты не очень удачный ат. Сондықтан Светлана деп кеткенбіз. Все, мы уже знакомые, моя миссия окончена, теперь прошу за стол.

Қамажай. Ал, туған күнің құтты болсын, інішек. Қуаныштымыз. Темірбекжанның досы болсаң, менің де туған інімсің. Ал, өздерің отыра тұрындар, мен барып котлет... імм... тамақ дайындал жіберейін.

(*Шығып кетеді*).

Тимур. Наз, сен де осы үйдің қонағымысың? Мамуляға барып, көмек бермейсің бе?

Нәзила. У-у неткен байлық. Ал, біз Гаянап екеуміз ақшаның жоқтығынан күні бойы тамақ та іше алмадық.

Тимур. Байлық еш уақытта жұртқа бірдей бөлінбейді.

Нәзила.

Таба алмай жүрген асыңың

Ит жегенің көресің...

Ретсіз бөлген дүниенің

Айтшы, Құдай, төресін...

Тимур. Тоқтат, тілінді кесіп, отварной язық жасаймын.

Нәзила. Таптырмайтын деликатес.

Менің тілім, міне (*Тілін көрсетеді*).

Кішкентай-ақ. Төртеуіңе жете қояр ма екен? Жарайды. Өзіңе закуска



Сөзмаржан

эффект – нәтиже, салдар

миссия – міндет

отварной язык – пісірілген тіл

болғанша, ас үйге барып бірдене өзірлесейін, жоғары мәртебелі тақсыр... (*Иіліп тағым етеді*).

Тимур. Жоғалт көзінді.

Нәзила. Құп болады, құп болады. Көзімді жоғалтайын (*Лып етіп шыга жөнеледі*).

Тимур. Сендер оның сөзін көңілдерінде алмай-ақ қойындар. Ол былай... аздал... ненормальныйлау.

Светлана. Дегенмен, бізді ұнатпай қалғаны анық. Тілінің уы бар қызы екен.

Кәмила. Қазіргі заманда жұрттың бәріне ұнай беру шарт емес. XX ғасыр – ғылыми-техникалық прогрестің ғасыры ғана емес, субъективті пікірдің ғасыры. Біреуге ұнау үшін өрекет жасау бекершілік.

Сұлтан. Біреуге ұнамауды мақсат ету де адамды рухани түйік-тыққа итермей ме?

Кәмила. Сен мені түсінбей қалыпсың. Біреудің қас-қабағына қарап, соның ақылымен өмір сұру, қайткен күнде де өзі жайлы жаман пікір қалдырмауға тырысу – адамды ой бостандығынан айырады. Ал, ой бостандығы болмаған жерде... айтталық, сен қолыңа гитара ұстап, туған күнінді думандатып, маған қарсы дау айтып отырғаныңа қарамастан, тіпті он екі мүшесі сау, қаланың ортасынан алған үш бөлмелі пәтеріңе, жергілікті комитеттің мүшесі екениңде қарамастан, мына сен... сыртын терімен қаптай салған тұлыш болар едін.

Сұлтан. І-імм. С-солай де. Ашулануға тұрарлық нәрсе екен. Бірақ жақын досымның үйіне бірінші рет келіп отырғандықтан, шаңырақтың шырқын бұзғым келмей отыр. Дегенмен, айта қойшы, жұрттың бәріне бірдей ұнамауды мақсат еткен адам ғана ой бостандығының иесі санала ма? Объективті пікір деген бар ғой.

Светлана. Жоқ.

Сұлтан. Қалайша? Объективті пікірді жоққа шығарғың келе ме?

Светлана. Жоққа шығарғым келмейді. Өйткені ол болған емес. Объективті пікір деген – субъективті пікірлердің жиынтығы.

Сұлтан. Ал, әйтпесе, XX ғасырдың жойқын нигилисі арамызда жүр екен ғой. (*Гаухарға қарап*). Бұған сіз қалай қарайсыз, қарындас?



Сәзмаржан

- делікатес – таңдаулы тағам, жеңік ас
- закуска – басытқы, жеңіл тағам
- прогресс – өрлеу, ілгерілеу, алға басу
- субъективті – сыртқы дүниен танып білетін, оған әсер ете алатын немесе шындықты мойындағышын, табиғат пен қоғамдық өмірдегі занылықты жоққа шығаратын көзқарас
- объективті – әділ ақиқат, шындық көзқарас

Гауһар. Мен бейтаныс адамдардың алдында пікір айтпаймын. **Сұлтан.** Бұл да өзінше жаңалық еken. Қалыс қалудың сөті табыла кеткен түрі ғой.

Тимур. Жолдастар, айтысты тоқтатуларыңды өтінемін.

Светлана. Жо-оқ, жалғастыра берсін. Мен үшін өте қызық. Меніңше, дастархан басындағы адамдардың сөзінен-ақ, бүтін бір қоғам мәдениетінің даму деңгейі көрінеді. Білімді жастардың айтысы да, тартысы да әлеуметтік биіктен басталуы керек. Объективті және субъективті пікір дегенді мен де күнде естіп, сол сөзді өзім қолданып жүрсем де, анығына жете алмаймын. Сұлтан, ол жөніндегі сенің ойың қалай?

Сұлтан. Сен өз сұрағыңа өзің жауап беріп отырысың ғой. Мен өз пікірімді айтсам, демек ол субъективті пікірім, ал қөвшілікке үнайтын ойымды айтсам, ол объективті пікір.

Кәмила. Бұл – слишком арифметикалық жауап. Екіні екіге қосқанда төрт болады деген сияқты. Бұлай бастауыш мектептің оқушысына ғана түсіндіру керек. Айтпақшы, жақында бір бала мұғалімнің: «Екі алмаға үш өрікті қосқанда қанша болады?» – деген сұрағына ойланбастан: «Компот болады», – деп жауап беріпті. Мен сенің жауабыңа толық қанағаттана алмадым. Әлгі баланың жауабы сияқты жаңа мотивировка жоқ.

Сұлтан. (*гитарасын қағып-қағып жіберіп*) Мен үшін бұл соншалық маңызды мәселе емес.

Кәмила. Неге? Біздің әрбір құбылысқа деген өз пікіріміз болуы керек. Онсыз адам болудан қаламыз. Өз пікірі, өз ойы болмаған адам алдына ешқашан мақсат қоя алмайды. Демек, ол өз бақытты үшін қалай құресуді, өз ғұмырын қалай құруды да білмейді.

(*Нәзила үстел үстіне ыдыстарды қояды*)

Сұлтан. Ал, сен өзің, сен өзің білесің бе?

Кәмила. Білемін. О-о, мен жақсы білемін. Мен өз бақыттым үшін құресе аламын.

Сұлтан. Ал сен сол «бақыт» дегеннің не екенін білемісің?

Кәмила. Оны да білемін. Бақыт деген.... Бақыт деген мына сендер түсінетіндегі ылғи қуаныш, ылғи сәттілік емес. Бақыт деген – азап.

Темірбек. Аз-ап (*Күледі*).

Кәмила. Иә, азап. Бірақ ол – бос сергелден, күйбең тіршіліктің азабы емес, үлкен мақсатқа баар жолдағы азап. Циалковский, Достоевский, Королев...



Сөзмаржан

НИГИЛИСТ – жалпы қабылданған барлық құндылықтарға күмәнмен қарайтын адам
МОТИВИРОВКА – ынталандыру

Қалай ойлайсындар, олардың барлығы рақат тұрмыс кешті дей-сіндер ме? Олардың бүкіл ғұмыры азаппен өтті. Адамзат үшін, ғылым үшін азап шекті. Міне, бақыт деген – сол.

Сұлтан. Дұр-ыс. Олардың барлығы ұлы жаңалық ашты. Ал сен ше? Сен қандай жаңалық ашасың?

Кәмила. Мен ешқандай жаңалық ашпаймын.

Сұлтан. Соңдағы сенің айтпағың не? Жаңалық ашпайсың, диссертация қорғамайсың, демек, азаптанбайсың. Сейте тұрып, «өз бақыттым үшін күресе аламын» дейсің. Ол қандай бақыт, қандай күрес?

Кәмила. Ол – өз дегенімізше өмір сұру. Адам адам болып жаралғалы сол үшін күресіп келеді. Олар не үшін күресті, не үшін құрбан болды? Сол күрес атаулыны қарулысы бар, қарусызы бар, бәрін жиып-теріп келіп, келесі үрпаққа қалдыру үшін ғана ма? Жо-жоқ. Сол күрестер мен жеңіс атаулының жемісі – мына бізбіз. Алдыңғы үрпақ соңғы үрпақтың бақыты үшін мәңгі күресіп келеді ғой, солардың тыныш үйқысы үшін, солардың бейбіт тіршілігі үшін, керек болса, солардың бейғам өмірі үшін күресті ғой. Сол бақытты үрпақ – мына біздерміз. Біз қалауымызша өмір сұруге тиіспіз.

Сұлтан. Тырнақтап жиганымызды етектеп төгіп алмаймыз ба?

Кәмила. Төкпейміз.

Нәзила. Өмір көрсетер оны. Жалпы, жалынды сөйлеген адамнан күдіктенемін. Өйткені, олар көп ретте жалған айтады. Меніңше, бақыт деген – сөз бен істің бірлігі, демек, жалған сөйлемеу. Біз дастарқан басында ғана ақылдымыз, дастарқан басында сұлу сөйлеуді өбден менгергенбіз. Ал өмірде сол айтқанымыздың бірде біреуін орындаі алмаймыз. Сөзіміз бен ісіміз алшақ. Бұл – бақыт емес, сор.

Светлана. Бұл сіздің өмірден түйген философияңыздан гөрі бізге деген күдігіңізге көбірек үқсайтын сияқты. Қама дұрыс айтады. Әңгіме жаңалық ашуда емес. Менің атам 1918 жылы Ақтөбеде ақтармен шайқаста қаза тауыпты. «Баламның бақыты үшін» депті. Баласы, яғни менің өкем Отан соғысында Сталинград түбінде белгісіз төмпешік болды. «Балаларымның бақыты үшін» деп мерт болыпты. Енді... енді біз неге бақытты тұрмыс құрмаймыз? Бүгін бір, екі үрпақ ғұмырын қиғанда келмейтін ол не деген бақыт?..

(Осы кезде Қамажай тамақ әкеліп үстелге қояды).

(Қамажай еден жуып жүр. Үйге Тимур кіріп келеді. Әлі ренжулі. Шкафты ашып, ақ көйлегін, костюмін киеді).

Қамажай. Қайда жиналдың? Тамақ ішпейсің бе?

Тимур. Жаңа асханадан ішкенмін (*галстугін байлайды*).

Қамажай. Жұмыстан шаршап келеді деп...

Тимур. Рахмет.

Қамажай. Омар Ленинградқа үшады еken. Жетекшісі шақыртылты.

Тимур. Тағы да ақша құртады десеңші.

Қамажай. Өз стипендиясы өзіне жетеді ғой...

Тимур. Жолына жетер. Одан соң не іstemek?

Қамажай. Енді... бір мәнісі табылар. Диссертацияны абыроймен қорғап шықса...

Тимур. Эй, қайдам. Қөп болды сандалғанына. Платон болам деп жүр ме еken?

Қамажай. Платон болмаса да, азамат болар. Ағаң ғой, әйтеуір.

Тимур. Бір жолдасымның үйіне баруым керек еді. Қолың тисе, мына костюмді үткітеп қойши.

Қамажай. Ойымнан шығып кетіпті ғой...

(*Тимур бәтеңкесін қолына алып, әрі-бері қарайды*).

Тимур. Жұртқа көрсететін жөнді бәтеңкем де жоқ еken ғой, өзі.

Қамажай. Ертеңгі айлығыңа алайық. Өзің таңда... Несі бар?

Тимур. Ертеңгі жалақымды қарызыма берем.

Қамажай (*селт emin*). Қарыз. Қарызы несі? Оны неге алыш жүрсің?

Тимур. Ә-ә... Бір шаруаға қажет бол қалып еді...

Қамажай. Бір шаруаға... Омар Ленинградқа жүретін еді...

Тимур. Жүрсе қайтпекпін? Естідім ғой, естідім ғой, неменесіне қайталай бересің? Барсын.

Қамажай. Барады ғой, барады... Неге зіркілдейсің? Не бол кеткен саған, бұрын мұндай мінезің жоқ еді ғой. (*Нәзила мен Гаунар кіреді. Екеуде көңілді. Тимурды көріп, құлқілерін тыя қояды*).

Нәзила. Ә, сен үйде ме едің? Жұмыстан қашып жүрсің бе?

Тимур. Иә, қашып жүрмін.

Нәзила. Сыртта өнеуқұнгі бас ауруы бар қыз күтіп отыр.

Тимур. Мені кім күтіп тұрғанында шаруаң болмасын.

Нәзила. Устіндегі көйлегі ғажап еken. Біздің атымыздан құтты болсын айта бар. Гаунар екеуміз марқизетке жете алмай жүрсек, ол шифоннан тіктіріпті. «Байлық не дегізбейді, жоқшылық не жеткізбейді», – деген осы ғой.



Сөзмаржан

стипендия – оқу орындарындағы студенттерге ақшалай берілетін жәрдем

диссертация – ғылыми дәреже алу үшін көпшілік алдында қорғайтын ғылыми-зерттеу жұмысы

шифон – жұқа, жұмсак, жібек мата

Тимур. Иә, солай.

(Есікке беттейді. Нәзила сықылықтай күліп, оған сірінке ұсынады.)

Нәзила. Мә, сірінке ала кет (лақтырады).

Тимур. Оны қайтем?

Нәзила. Бізді өуелгіде танымай қалып, темекі тұтату үшін сірінке сұраған.

Тимур (*Тимур ойланып тұрып, жердегі сіріңкені алады*). Қыршақы (Шығып кетеді).

Нәзила. Бұгін күн қандай тамаша. Әпке, бізben бірге қыдырсаң қайтеді? Институттың қырық жылдығын атағалы жатырмыз. Алматы телестудиясы арнайы хабар жүргізеді. Бұгін репетиция болады. Солардың ішінде бір комментатор жігіт бар екен. Сол жігіт біздің Гаунараға ғашық болып қалыпты.

Қамажай. Бір-ақ күнде ме?

Нәзила. Жо-жоқ он бес минуттың ішінде.

Гаунар. Рас, рас. Менің адресімді сұрады. Ол, ол ма, хабар жүргізгенде мені көбірек көрсетуге үде берді. Бізben бірге болсаңыз, комментатордың маған деген ықыласының арқасында бүкіл республикаға көрінесіз. Рас айтам.

Қамажай. Солай деңдер (*Қыздарга қосылып, ол да құледі*). Одан қашан қайтасындар?

Гаунар. Тұнгі сағат оннан қалмаймыз.

Қамажай. Мен бармай-ақ қояйыншы. Комментаторларыңа ұнамай қалсам, сендерді де көрсетпей қояр. Үйде болайын.

Нәзила. Шынымен, бармайсың ба?

Қамажай. Жоқ, өздерің-ақ бара беріңдер.

Нәзила. Олай болса... (*Шкафқа барып, көйлегін алады*). Мынаны бар ғой, ә, бүрмесін ұзартып, білдірмей қайта тіге салынышты. Ертең театрға осыны кимесем, басқа көйлегім жоқ қой.

Қамажай. Жарайды, жарайды.

Нәзила. Әпке десе, сен ренжіп тұрған жоқсың ба?

Қамажай. Мен бе? Мен не деп ренжимін? Денің сау ма?

Нәзила. Алтын әпкесінен сол (*Бетінен сүйіп, екі қызы шығып кетеді*).

Қамажай шкафтан Тимурдың костюмін алып, тазалай бастайды. Үтікті қызызырып, дәкені сулап жүргізе бергенде, сырттан Ермек жылап кіреді. Ол үтікті тастай салып, інісіне жүгіреді.

Қамажай. Құлымым, не болды, кім тиді саған, ә?

Ермек. Мұрат ұрды.

Қамажай. Ол сені неге үрады?

Ермек. Ол айтады, менің папам өскери үшқыш дейді.

Қамажай. Несі бар, оның папасының өскери үшқыш екені рас.

Ермек. Мен айттым, менің де папам үшқыш дедім.

Қамажай. Иә, ол да үшқыш. Бірақ ол... Мараттың папасындағы өскери үшқыш емес.

Ермек. Неге?

Қамажай. Құлымым-ау, жұрттың бәрі өскери үшқыш бола берे ме? Жарайды, шешініп, тынығып ал. Далада күн шыжып тұр. Саған қазір салқын компот берейін.

Ермек. Жоқ, ішпеймін.

Қамажай. Неге?

Ермек. Сен шыныңды айтпасаң, ештеңде де ішпеймін.

Қамажай. Ермекжан, сен не деп отырсың? Менің саған нені айтуым керек?

Ермек. Марат айтады, папаң сендерді тастап кеткен дейді. Ол ешқандай да үшқыш емес дейді. Ол өтірік айтады ғой, ә?..

Қамажай. Кейін, кейін түсінесін, құлымым. Кейін, кейін...

(Оны құшақтаган күйі басқа бөлмеге алып кетеді).

(Үйде Омар, Нәзила, Гаунар. Қамажай кіріп келгенде, Нәзила орнына үшып тұрады).

Нәзила. Жолдастар! (Қамажай аңырып тұрып қалауды). Біздің әпкейдің жеке мәселесін қарауға арналған үй жиналысын ашық деп жариялаймын. Тұрлі себептермен жиналысымыздың екі адам қатыса алмай отыр. Тимур қызбен кездесуге кетті. Ермек тұнгі сағат он бір болғандықтан, жиналысқа қатыса алмайтындығын мәлімдеп, үйиқтауға кетті. Жиналыс ашық дегендеріңіз қол көтеріңіздер! (Өзі бастап, бәрі қол көтереді.)

Қамажай. Ойбай-ау, сендердің бұларың не? Мен... сәл кешігіп қалғаным...

Нәзила. Жолдас Оспанова, отырыңыз.

Қамажай. Мыналардың дені сау ма? «Оспановасы» несі? «Әпке» немесе әлгі «мамуля» демеуші ме едіңдер?

Нәзила. Сіз бұл жайында өзіңізге сөз берілгенде айтасыз. Сонымен, іске кірісілік. Осы шаңырақтың белді мүшесі, әрі басшысы Оспанова Қамажайдың өзге отбасы мүшелерімен ақылдаспай, өз бетінше жұмысқа орналасқаны бәріміздің ашуымызды қоздырғаны белгілі. Бұл мәселе жөнінде кімнің қандай ойы бар?

Гаунар. Мен Қамажай апайды ертеңгі жұмыс күнімен құттықтаймын. Бірақ бізге айтпағанына өкпелімін.

Омар. Фылыми тұрғыдан қарағанда, өрбір адам өз қоғамына қай жағынан болса да пайдалы болуға тиіс. Өйткені қоғам – адам ойының жемісі. Қол еңбегі мен ой еңбегінің арасында айырмашылық жойылып, еңбекті творчество деп қарастыра қалыптасып келе жатқан жаңа психологияның түсінідегі...

Нәзила. Сіз халық университетінде лекция оқып тұрған жоқсуз, сондықтан нақты сөйлеңіз.

Омар. Фылымға негізделмеген дәлел әлсіз болады, сондықтан сіздерге түсініктірек болсын деп...

Нәзила. Иә, әйтеуір, тез айтып болшы.

Омар. Бұл кісінің жұмысқа орналасуы заңды, бірақ біз үшін тым күтпеген жай. Демек, біздің отбасымызда шығын көп те, кіріс аз деген сөз. Бұл кісі финанс тапшылығын ескеріп, ұлттық табысқа өз үлесін қосуды ойлаған. Өзіміздің әлсіздігімізді, финанс тапшылығын сезіну – бізге рухани соққы. Ал бұл кісінің әйтеуір бір кезде қоғам өміріне араласуы керек екенін ескеріп, кәсіп таңдау жағына өз басым қарсы екенімді білдіремін. Бұл мәселені өз қабырғамызбен кеңірек ойласып, жедел шешім қарастыру керек.

Нәзила. Болдың ба әйтеуір?

Омар. Болдым.

Нәзила. Онда тезірек отырыңыз.

Камажай. Е-е, міне, гәп қайда? Сендер менің жұмысқа орналасуымды намыс көріп отыр екенсіндер ғой. Бұларың дұрыс емес. Сонда мен үйде қол қусырып отыра бермекпін бе?

Нәзила. Жоқ, сіздің «кондуктор боламын» дегеніңіз ұнамайды.

Гауһар. Иә, иә.

Омар. Иә, иә.

Камажай. Бұларың дұрыс емес. Жұмыстың жаманы жоқ, оның үстіне өжептәуір жалақы алыш тұрсам, біз үшін тым артық бола ма? Ермекжан есейді. Үйде өзі қала тұрады. Кейде өзіммен бірге алыш кетермін. Биыл мектепке барады. «Ұзартылған күн» деген бар екен ғой, соған берерміз. (*Үйге Тимур мен Сұлтан кіреді.*)

Сұлтан. Сәлеметсіздер ме?

Барлығы: Сәлеметсіз бе?

Камажай. Тұн жарымда қайда жүрсіндер? Тұрлерің қату ғой. Тыныштық па?

Сұлтан. Тыныштық. Отken жолы үятты бол қалыпты. Сіздерден кешірім өтінемін.

Камажай. Иә, айып бізде де бар. Үйге келген қонақты қуып шыққандай болдық. Қарындастың балалық жасаса, кешірерсін. Отрындар, неге состыып қалғансындар? Қазір шай қоямыз.

Нәзила. Сіздің ерте тұрып жұмысқа баруыңыз керек қой. Үйықтамайсыз ба?

Қамажай. Жұмыссызың-ақ ерте тұруға үйренгенмін ғой.

Тимур. Жұмыс? Ол не жұмыс?

Нәзила. Сіздің мамуляның, құрметті тақсыр, ертеңнен бастап, жұмысқа шығады. Автобустың кондукторы. Айлығы өжептөуір. Тоқсан сайын төленетін сыйлық ақшасы тағы бар.

Тимур. Мамуля, рас па?

Қамажай. Рас, рас.

Тимур. Ал біз ше?

Қамажай. Бізі несі? Онда не болушы еді?

Тимур. Біз дегенім... ім-ім...

Қамажай. Әй, сендерге не болған? Сөздерінде береке жоқ қой. Бір нәрсені бүлдіргеннен саусындар ма?

Тимур. Мамуля, біз... мен үйленемін.

Қамажай. Үйленемін?

Сұлтан. Иә, үйленеді.

Нәзила. Осыған жетіп тындым де. «Прощай, оружие».

Қамажай. Кімге?

Тимур. Камага.

Қамажай. Мен, мен...не дейін.... Бақытты болындар. Бірақ...

Тимур. Мамуля, Ом, Наз, Гауһар, сен де. Сендер немене, менің үйленгеніме қуанбайсындар ма? Бәрің құшақтап, былай... бетімнен сүйіп, құттықтайдын шығар деп алыш-ұшып келсем... Қайғылы хабар естігендей, тұнжырадындар да қалдындар. Мен сендерге бөтенмін бе? (*Білегіне маңдайын қойып, қабыргага сүйенеді*).

Қамажай. (*Көзіне жас алып*) Теміржан, қой, қарағым! (*Келіп, оны құшақтап маңдайынан сүйеді*.) Сен... сені бөтен деп... Тойды жасаймыз, дүрілдетіп тұрып жасаймыз. Ақша деген табылады...

Тимур. (*Басын көтермей*). Менің Госстрахта ақшам бар...

Қамажай. Госстрах?

Нәзила. Вот страховщик. Зәлімін қарашы өзінің.

Қамажай. Теміржан, көтер басынды. Иә, жөнделіп тұр. Тоқтатындар күлкіні. Енді ағаңың алдына бар. Ең өуелі соның рұқсатын алуың керек.

Тимур. Мен өзім де солай етейін деп едім. Батылым жетпеді. (*Омарга жақындаиды*). Ом, рұқсат бересің бе?

Омар. (*Галстүгін түзеп*). Отбасы – кішігірім мемлекет. Оны басқару үшін жалғыз махабbat жеткіліксіз. Отбасы басшысының бойында ұстамдылық, көрегендік, кешірімділік, мейірбандық

сияқты көптеген компоненттер жинақталуы тиіс. Оған қосымша, отбасы басшысы нәзік дипломат болғаны да жөн. Егер осы қасиеттер...

Тимур. Ом, бұл сенің рүқсат бермеймін деген сөзің емес пе?

Омар. Егер осы қасиеттер адам бойында қалыптасқан болса....

Тимур. Қалыптасқан.

Сұлтан. Қалыптасқан, қалыптасқан. Үш айдан асты.

Омар. А?... Мұндай жағдайда мен өз тарапымнан інімнің үйленуіне рүқсатымды беремін.

Сұлтан. Ура, жолдастар!

Нәзила. Гип-гип, ура!

Қамажай. Сұлтан-ау, сонда той қашан болмақшы? Асығыс емес пе, әйтеуір?

Сұлтан. Асығыс емес. Дайындалуға уақыттарыңыз бар. Үш күннен соң.

Қамажай. Үш күннен соң? Ойбай-ау, асығыс болғанда қандай болмақшы сонда? Енді қайттім? Дайындалу керек, оны-мұны сатып алу керек... Ертең жұмысқа шығатын едім...

Нәзила. Бір күнге сұранасыз да.

Қамажай. Шықпай жатып па? Қызық болды-ау өзі. Телефон соғып ескертейін десем, өлі ешқайсысын да танымаймын. Ертең ерте тұрып, барып айтартмын енді.

Сұлтан. Сонымен, ертең автобустар кондукторсыз жұмыс істейді.

(*Тұн. Бақ ішіндеңі сәкіде Қабен отыр. Сагатына қарайды. Темекі тұтатады. Орнынан тұрып, әрі-бері жүреді. Қамажай Қабенге келеді*).

Қабен. Япыр-ай, сен, шынымен, келдің бе?

Қамажай. Қөріп тұрсың ғой.

Қабен. Кейде өз көзіңде сенбейтін кездерің болады екен. Сені көрмегелі қашан. Осы күндердің бәрінде де менімен бірге болдың, **Қамажай.** Айтшы, сен мені ойладың ба?

Қамажай. Қолым тимеді.

Қабен. Тамаша. Айта бер, сен қандай сөз айтсаң да, тыңдай беруге дайынмын. Мұнда келіп отыршы. Қамажай, мен бар ғой, мен... қалай айтсам екен... «Жақсы көремін» десем, оны қазір екінің бірі айтатын болды. Сенің... сенің жүлдізың менімен егіз жаралған сияқты. Сен болмасаң, мен өзімді жалғыз қалған жетім баладай сезінемін. Сенесің бе осыған?

Қамажай. Е-е-е. Болмайды. Сен мені адастырып барасың ғой.

Қабен. Болады. Болады, Қамажай. Айтшы, сен бес минут тыптыныш отыра аласың ба? Жарайды, үш минут.

Қамажай. Әрине.

(Осылай ұзақ отырады. Жарық сөнеді. Қабен мен Қамажай есік алдына келіп тоқтайды).

Қамажай. Міне, енді үйге де келдік. Енді қоштасайық.

Қабен. Бірнеше күн бойы жолыңды тосқанымда маған арнағаның осы бір-ақ сағат болғаны ма? Біраз жүре тұрсақ қайтеді?

Қамажай. Жоқ. Мен болмасам, кішкентайымыз үйіктамайды.

Қабен. Ал... менің... әлгі сөзіме сол күйі жауап бермедің ғой.

Қамажай. Қабен... ол... ол қиын сияқты. Бір сағатқа қиып тастап кете алмай тұрган інілерімді өмір бақи қалай қиямын. Мен... мен олардың өпкесі емеспін, анам көз жұмған сәттен бастап, мен оларға ана болғанмын. Саған үйлену керек... Ал, маған інілерім мен сіңлімді тәрбиелеу керек.

Қабен. Қамажай, сен уайымшылсың. Қойшы, осындей сөздерінді. Екеуміз үй болған соң кішкентай Ермекті қолымызға аламыз.

Қамажай. Маған қалғандары да кішкентай.

Қабен. Онда бәрін де қолға аламыз.

Қамажай (құліп). Жо-жоқ. Ол болмайды. Мұлде қисынсыз.

Қабен. Сен жасыңа жетпей егделікке бас ұрмасаңшы. Көрілік қайда қашады дейсің?

Қамажай. Мен сені тусінемін. Бірақ, амалым не? Үйдегі тәртеуі төрт азамат болмай, өз басымның қамын ойлауға хақым жоқ. Өз жөнін тауып, әке кетті, талқаны таусылып, шеше байғұс арманда ол кетті. Тағдырдың соққысынан есендіреген естерін жинап, көкіректерінен қайғы ұмыт бола бастағанда: «Не болсаң, о бол», – деп өз жөніме мен кетсем, олардың күні не болмақ? Жо-жоқ, Қабен, кешір мені. Бақытыңа кедергі болғым келмейді. Сенің жолың басқа. Інілерімнің біреуі шығып қалса, үят болар. Таңтерең ерте жұмысқа баруым керек. Өмірімде бірінші рет (құледі). Балалардың тамағы бар, жуатын киімі бар. О-о, тірлік деген бастан асып жатыр.

Қабен. Жұмысқа өзім-ақ орналастыратын едім ғой.

Қамажай. Егер жұмысқа сен орналастырсаң, мен саған борышты боламын. Тұрмысқа шықпаймын деп айту қиын бол қалады.

Қабен. Мүмкін, әлі де ойланарсың?

Қамажай. Ойланып болғаным осы.

Қабен. Тағы да күте тұрайын.

Қамажай. Жоқ, күтпей-ақ қой. Ал, сау бол. Қош. Қош.

1**Білу**

- Дулат Исабеков туралы не білдіңдер?
- «Әпке» драмасының кейіпкерлерін атаңдар.
- Қамажай іні-сіңлілерін бағып-қағуда қандай қиындықтардан өтті?
- Қамажай анасының аманатын орындағы ма, арманы орындалды ма?
- Қамажай бауырларына аналық жылу берे алды ма?

2**Түсіну**

- Қамажай өзінің інілері мен сіңлісінің болашағы үшін базын бейнетке тігіп, бар қиындыққа төзеді. Мұның сыры неде?
- Шығарма неге «Әпке» деп аталған?
- Қамажай бейнесі сендерге қандай ой салды?

3**Талдау**

Пьеса кейіпкерлеріне тән қасиеттерді топтастыру сырбасы арқылы көрсетіндер.

4**Жинақтау**

Пьесаның тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.

5**Қолдану**

- Пьесаны рөлдерге бөлініп оқып шығындар.
- Хрестоматия материалдарын да пайдаланып, пьеса кейіпкерлеріне мінездеме беріндер.
- «Синквейн» өдісін қолданып, «Әпке» сөзімен бес жолды өлең құрастырындар:

Бірінші жол – тақырыптың атауы (зат есім).

Екінші жол – тақырыпты сипаттайтын екі сөз (сын есім).

Үшінші жол – тақырып туралы қимылды білдіретін үш сөз (етістік).

Төртінші жол – тақырыпқа қатысты төрт сөзден тұратын сөз орамы.

Бесінші жол – бір сөз – тақырыптың мәнін ашатын синоним сөз.

- «Дербес пікір жазу» тәсілін қолданып, пьеса мазмұны бойынша тапсырмаларды орындаңдар:
 - өзіндік ой-пікірді бір сөйлеммен білдіріңдер;

- екі сөйлемнен тұратын дәлел көлтіріңдер;
 - өз пікірлерінді айғақтайтын мысалды екі сөйлеммен көрсетіңдер;
 - өз пікірлеріңе қарсы бір сөйлемнен тұратын дәлел көлтіріңдер;
 - бір сөйлеммен қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал көлтіріңдер;
 - екі сөйлемнен тұратын қорытынды шығарыңдар.
5. Шығармаға драмалық туындыларға тән сипаттар болынша өдеби талдау жасандар.
 6. «Ата-ананың қадірі» тақырыбына эссе жазыңдар.

6**Баға беру**

1. Пьеса кейіпкерлері туралы қандай ой түйдіңдер? Пьесадағы қай кейіпкер ерекше ұнады? Себебін түсіндіріңдер.
2. Адамның бақыты дегенді қалай түсінесіңдер?
3. «Қазақша аты – Сұлухан. Аты не очень удачный ат. Сондықтан Светлана деп кеткенбіз» деген пікірге қосыласындар ма?
4. Егер автор болсандар, пьесаны қалай аяқтар едіңдер?
5. Шығармадағы материалдық және рухани құндылықтар туралы ойларыңмен бөлісіңдер.

Бағалы дерек

Алматыдағы Ұлттық кітапханада көрнекті жазушы-драматург, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, халықаралық ПЕН-клуб сыйлығының лауреаты Дулат Исабековтің Ресейдің «Художественная литература» баспасынан шыққан 4 томдық таңдамалы шығармалар жинағының тұсауқесері өтті. Аталмыш 4 томдыққа Д.Исабековтің оқырманға кеңінен таныс және ТМД елдері мен әлемге тарапып үлгерген таңдаулы прозалық және драмалық шығармалары енген. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Э.Нұрпейісовтің алғы сөзімен басталған аталмыш туындыға жазушының прозалық және драмалық шығармаларынан өзге шетел сыншыларының да пікірлері еніп отыр.

qazaquni.kz

Зергер сөз

Жазушы үшін шығармаларының халық ықыласына бөленіп, өз оқырманың тапқанынан асқан бақыт болмаса керек. Бірақ, ол бақыт тек шынайы таланттарға ғана бүйірған. Олардың ішінде сөз жоқ Дулат Исабеков те бар.

Х.Есаман



Түйін

Дулат Исабеков – жазушы, драматург, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының, платиналы «Тарлан» сыйлығының лауреаты. Алғашқы әңгімесі «Жолда» деп аталады. «Бекет», «Ащы бал», «Мазасыз күндер», «Қара шаңырақ», «Тіршілік» повестер мен әңгімелердің, «Қарғын» атты романның, «Ректордың қабылдау күндері», «Әпке», «Ертеңгі күту», «Мұрагерлер», «Алыстан келген ананас», «Кішкентай ауыл», т.б. пьесаларының авторы.



Әдебиет теориясы

Драмалық туындылар

Драмалық туындылар – көркем шығармалардың бір түрі. **Драма** – сахнада ойналатын, диалогке құрылған көркем шығарманың түрі, әдеби жанр. Драмалық туындыларға пьеса, комедия, трагедия жатады. Драмалық туындылар, яғни пьесалар театр сахнасына қоюға арнап жазылады. **Комедия** – драмалық жанрдың негізгі бір түрі, өмірдегі келеңсіз, жағымсыз құбылыстарды құлқілі етіп бейнелейтін сахналық шығарма. **Пьеса** – театрда көрсетуге арналған драмалық шығарма. **Трагедия** – соңы қайғылы оқиғамен шешім табатын драмалық шығарма.

Драмалық туынды құрылышындағы ерекшелік – оның кейіпкерлердің диалогі мен монологіне құрылуы. Диалог те, монолог те пьесадағы тартысқа қатысушы адамдардың алуан мінезін, көзқарас-мақсатын айқын танытатындей болуы керек. Қысқа түсіндірме түрінде келетін автор сөзі **ремарка** деп аталады.

Пьесаның тағы бір ерекшелігі – оқиғаны, тартысты сахналық қойылым барысында актерлердің ойныны арқылы көрermenнің көз алдында дәл қазір, осы сәтте етіп жатқандай етіп танытуы.

Драмалық шығармаларда коллизия деген ұғым бар. **Коллизия дегеніміз** – тағдырдың құрбандықты талап етуі. «Әпке» драмасында Қамажай бауырларының қамы үшін жеке басының бақытынан бас тартады, жар сую, махаббат сезімін құрбан етеді.

«Қазақ әдебиеті» анықтамалығы



Тапсырмалар

1. Драмалық шығармаларға мысалдар келтіріңдер.
2. *Драма, коллизия, тартыс* сөздерімен бестармақ құрастырып, жұпта, топта талқыландар.

IV ТАРАУ

**ҚИЯЛ МЕН
ШЫНДЫҚ**

Қыран жетпеген жерге қиял жетеді.

Халық даналығы

Шындық – суреткердің ұлы міндеті.

Бауыржан Момышұлы

Қан майданда Отанын ерлікпен қорғап, қазақтың жауынгерлік рухын әлемге паш еткен, сол ерлікті ақ қағазға қара сиямен айғақтаған, әдебиетіміздің тарихында өзіндік із қалдырыған Тахауи Ахтанов – есімі елімізге белгілі қаламгерлердің бірі.

ТАХАУИ АХТАНОВ



ТАХАУИ АХТАНОВ
(1923–1994)

Тахауи Ахтанов Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шетырғызы ауылында дүниеге келген. 1940 жылы Абай атындағы Алматы педагогикалық институтына оқуға түседі. Екінші курста оқып жүргендеге, өзі сұранып майданға аттанады. Болашақ жазушының алғашқы әдеби көркем шығармалары өлең, очерк түрінде майдан газеттері беттерінде жарияланды.

1948 жылы өскер қатарынан босағаннан кейін әдеби еңбекпен айналысады. Алғашқы өлеңдері «*Жастар даусы*» деген жинақта жарық көрді.

Жазушының өнімді де жемісті еңбек еткен жанрлары – проза мен драматургия. Қаламгердің «*Сәүле*», «*Ант*», «*Өке мен бала*», «*Махаббат мұңы*», «*Күтпеген кездесу*», «*Арыстанның сыбагасы*», «*Күшік күйеу*» сынды драмалық туындылары, «*Шырагың сөнбесін*» атты романы бар.

1956 жылы Екінші дүниежүзілік соғыс тақырыбына арналған «*Қаһарлықүндер*» романы жарық көрді. 1966 жылы «*Дала сырый*» повесі үшін авторға Абай атындағы Мемлекеттік сыйлық берілді. Бұл шығарма кейін толықтырылып, «*Боран*» романы атауымен қайта жарыққа шықты.

Л.Н.Толстойдың «*Азапты сапарда*» трилогиясын, М.Горькийдің өңгімелерін,

Зергер сез

Талант деген қыран сеқілді, қанатты нәрсө! Тахауида да қос қанат бар: бірі – реализм, бірі – психологизм. Тахауи өзінің сез өнеріндегі қазіргі бигінне осынау қос қанатымен парлап, самғап шықты.

3.Қабдолов

А.С.Пушкиннің «*Алтын әтеш туралы ертегісін*», С.Бабаевскийдің «*Алтын жүлдөзди жігіт*» романын қазақ тіліне аударды.

Тахауи Ахтановтың «*Күй аңызы*» – баспасөз бетінде жарық көрген алғашқы өңгімесі. Өңгіменің негізгі тақырыбы – өнер құдіреті, Естемес күйшінің ауыр тағдыры. Шығармада күйші Естемес пен жас жігіт Оразымбеттің жолдағы өңгімесі мен бастан кешкен оқиғасы туралы баяндалады. Күйші Естемес пен оның жанында жүрген жас жігіт Оразымбет екеуі жол жүріп бара жатып жолаушылап, Ипан тауының баурайындағы жалғыз қараша үйге тоқтайды. Үй иесі ботасынан айырылып, суалып кеткен нардың жағдайын, өздерінің ауыр күйлерін айтады. Сол үйдегі жас қыз Жаңылға ғашық болған Естемес шалдың тілегін орында, өзінің мүңгілі да зарлы күйі арқылы ботасы елген нардың тақырдай қатып қалған қайыс жонын жұмсартып, тіршілікке нәр бергендей болады. Күй соңында күйші қатып қалған нарды идірсе де, қыз оған заманының өткендігін білдіреді. Осы күй осыдан кейін «Наридірген» деп аталып кеткен.

Тахауи Ахтанов – XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ сөз өнері тарихына прозалық, драматургиялық туындыларымен елеулі үлес қосқан көрнекті қаламгер, жазушы-драматург, шығармашылығы айрықша дара тұлға.

○ Даналық ойдан дән ізде

Қазақ халқының дарынды үлдарының бірі, кешегі қан майданда Отаның қорғап, замандастарымен қатар қазақтың жауынгерлік рухын көтерген, сол ерлікті қарымды қаламының күшімен ақ қағазға айғақтаған, әдебиетіміздің тарихында айтарлықтай із қалдырған Тахауи Ахтанов есімі елімізге, алыс-жақын шет жүртқа көптеп әйгілі.

Ш.Елеуkenov

Тахауи Ахтановтың әдеби мұрасы – қазіргі Тәуелсіз Қазақстан Республикасының жаңа тарихында да мындаған, миллиондаған оқырмандары үшін ескірмейтін рухани құндылық қазынасы. Қөрнекті қаламгердің проза, драматургия, әдеби сын салаларындағы туындылары – әлем өркениеті кеңістігіндегі кең танымалдылық деңгейіне көтеріле бастаған ұлттық сөз өнерінің құнды қазынасы.

T.Тебегенов

○ Багалы дерек

Тахауи Ахтановтың қоғамдық және шығармашылық еңбегі жоғары бағаланып, II дәрежелі Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз (екі рет), Еңбек Қызыл Ту, Құрмет Белгісі ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталған. Қаламгерге Қазақстаның Халық жазушысы атағы берілген.

<http://ikaz.info>

Ботасы өлген аруананың тарамыс болған терісіне жан беріп, суалып біткен желінің сұтке толтырған өнер қасиеті, күй құдіреті қандай?

Күй аңызы



Екі салт атты адырдың басына желе-жортып шықты да, аттарының басын іркіп, алақан астынан алысты шолды. Төмен қарай көлбеп бара жатқан кең жа-зықтың шетінде мұнартып, оқшау тұрган жалаңаш тау көрінді.

— Анау Ипан тауы ғой, — деді жас жігіт қамшымен нұсқап.

Жас жігіттің даусы аңсағанын көргендей қуанышты шықты. Оның астында жа-лын өрген қылаң бесті, үстінде өңіріне зер ұстаган көк мақпал қамзол, талдырмаш белін қызыл құдері белбеумен қынай буған, басында тәбесін көк мақпалмен тыстаған құндыз бөрік. Тек ер-тұрманы ғана жұптынылау. Бір кезде көк сауырлад, жez шегені тізілте қаққан ері басқа біреудің астынан ауысқан сияқты, өбден тозып, бояуы оңып, жарғақтанып кеткен. Ердің артындағы ұзын қызыл қоржыннан шекпен қап кигізген домбыраның мойны шығып тұр. Оның қасындағы күрең атты — жасы елуді алқымдаған, әдемі дөңгелек қара сақалды, биік дөңес мұрынды, кішілеу, өткір қоңыр көзі биік қабағының астында терең ұялаған қағылез кісі. Бұл — осы өңірге аты кең жайылған Естемес күйші еді. Ол маңдайына тосқан қолын түсіре берді де, етсіз салалы саусағымен қамшысының ұшын қағып алды.

— Бұл маңдағы ауыл көшіп кеткен-ау, — деді Естемес ойланғандай болып.

— Неге? Ауыл ылдидә. Ипанның етегіндегі қайнарда болар, — деді жас жігіт.

Сәздің көркі – мақал

Өнерлі жігіт өрде озар,
Өнерсіз жігіт жер соғар.

Өнерлі өрге жүзер.

Ақыл көпке жеткізер,
Өнер көкке жеткізер.

Бағалы дерек

Халық күйшілері өз шығармаларында адамдарды («Құдаша», «Айжан қызы», т.б.), жануарларды («Ақсақ құлан», «Боз айтыр», т.б.), құстарды («Аққү», «Қоңыр қаз», т.б.), табиғат құбылыстарын («Ақборан», «Көбік шашқан», «Сары өзен», т.б.) суреттейді. Бұдан басқа күйлер мазмұнына, харakterіне қарай тарихи күйлер («Ел айырылған», «Ногайлының босқаны», т.б.), лирикалық күйлер («Ақфелен», «Байжұма»), аңыз күйлер («Наридірген», «Қорқыт», т.б.), қаралы күйлер («Салық өлген», «Бозінген», т.б.), арнау күйлер («Абыл», «Дайрабай», «Ғазиз», т.б.) сияқты тақырыптарға бөлінеді.

«Ана тілі» газеті

– Қыбыр еткен бір қара көрінбейді. Бұл ауылдың малы әрі Ипан аспай, бергі осы бозда жайылатын еді ғой.

Жаңа ғана Ипанды көргенде бала-пандай талпынып сергіген жас жігіт енді басылып қалды.

– Иә, мал көрінбейді, – деді ол даусы солып.

Еstemес жас жігітке өнді жылдып, есіркей қарады.

– Шаршадың білем, ә? Оқасы жоқ, ел болмаса да, қайнарда ат шалдырып, тыңдайып алармыз. Ол сәл күрсінгендей болды. – Қүйшінің өмірі – осы. Қамшыны тастай беріп, домбыра ұстайсың. Домбырадан босап кетсе, қолың тағы да тізгінде болады, солай, Оразымбет шырағым. Ал, аттың терін басайық.

Енді екеуі асықпай аяңмен келеді. Еstemес қайтадан сөз бастады.

– Қарағым Оразымбет, маған ергенің жыл болып қалды. Құлағың сақ, қолың жүйрік жігітсің. Түбі жақсы күйші



Сөздің көркі – мақал

Өнерлігे өлім жоқ.
Өнерлінің қолы алтын,
Өлеңшінің сөз алтын.
Өнерлі бала сүйкімді.

сен боларсың. Бірақ күйімді ұлгі етсөң де, менің өмірімді ұлгі етпе. Жас елуге келді. Менің өмірім тұрлаусыз болып барады. Қанша ел көрсем де, жер көрсем де, қайтып оралар бір қазығым жоқ. Жар сүймей, бала сүймей кетіп барам. Енді бір айналғанша қарттық келеді. Нағыз отбасының жылуын аңсайтын кез сонда бolar.

Естемес ауыр күрсініп қойды. Оразымбет ұстазын аяп кетті. Қабагы кірбіңсіз, көңілі ашық көрінген ұстазын іштей кемірген зор уайым бар екен.

– Сізге қарттық қайда, Есеке? Әлі де біреуді айттыруға болады ғой. Алпыстағы Тұлкібай да былтыр қызы алған жоқ па? – деді ол ұстазының көңілін аулап.

Естемес аңы мырс етті:

– Аңғыртсың-ау. Немді көріп, құда тулем? Қүйге қызы берген қазақты әлі көргенім жоқ.

Осы әңгімeden кейін екеуінің де көңілі жүдеп, үнсіз келе жатты. Қенет суалып қалған жырадан жалғыз нар көрінді. Жолаушылар үйреншікті мал емес, жапанда жалғыз қалған адам көргендей әлденеден тітіркеніп, аттарының басын тежеп, іркіліп қалды.

Нардың түрі жүдеу, бүйірі солып, өркеші қамшылар жағына қисая бастаған. Тамыры қураған ағаштай семіп, кішірейіп бара жатқан ірі тұлғасы, күйіс қайырмай, қыбыр етпей тұрган мұсәпір бейнесі, әсіресе, телміре қараған жасқа толы үлкен мөлдір көзі екі күйшіге қатты өсер етті.

Оразымбет үрниіп нарға қадалып қалған Естемеске бұрылды.

– Есеке, дұға оқып жіберіңізші. Елсіз далада мал кейпінде жын-шайтан жүреді деуші еді.

Сөзмаржан

тізгін – аттың басын тежеу, игеру үшін пайдаланылатын, ұштары жүгеннің ауыздық шығыршығына екі жағынан байланған шыжым қайыс

інген – қос өркешті түйенің ұргашысы

аруана – сыңар өркешті ұргашы сүтті түйе

шылбыр – жүгеннің шығыршығына бір жағынан тағылған жіп



Өз сезінің соңын көміп, нар боздал қоя бергенде, Оразымбет «астапыралла» деп күбірлеп, кеудесін ұстады. Ішінен дұға оқып тұр ма, өлде айуанмен үнсіз тілдесіп тұр ма, Естемес бұған бұрылған жоқ. Нар аяғы жерге кіріп кеткендей ырғала ауыр қозғалып бұрылды да, теңселе аяңдал кете берді. Төбе құйқанды шымырлатып, зарлап, боздал барады.

– Ботасы өлген бозінген, – деп күбірледі Естемес атын тебініп қозғала беріп. Ойынан енді ғана сергіп, Оразымбетке бұрылды. – Көрмейсің бе, ботасы өлген ғой аруананың. Зары қандай аңы еді. Түйе деген жануар баласын адамнан артық жоқтайды.

– Мен қорқып қалдым, – деп Оразымбет шынын айтты. – Киелі шығар жануар.

Естемес аз уақыт үн шығармай, іштей ыңылдан, толқып келе жатты. Қенет атының шылбырын Оразымбетке тастай беріп, қолын кейін созып, қызыл қоржындағы домбырасын суырып алды.

Естемес домбыраның құлағын бұрап, күйге келтіріп алыш, машиқты өуенмен қағып-қағып жіберді. Епті ұзын саусақтар пернені жоғарыдан тәмен бірнеше қайтара жүгіріп өтті. Бірақ мұның бәрі жаттанды сарын еді. Аздан кейін қүйші қолы күрмеліп қалғандай бір пернені басып, жалғыз ішекті шерте берді. Белгісіз тың өуен дүниенің табалдырығынан аттап ете алмай, қиналған түрі бар. Оразымбет те демін ішіне тартып, ұстазының дидарына ынтыға қарап қалған: жаңа бір қүйі сарайының есігін ашқанша асыққан сабырсыздық бар өңінде. Ат жалына еңкейіңкіреп барып, Естемес ырғалып, кеудесін көтере беріп, тың күйді бастап кетті. Майда ырғакты, жұмсақ өуен бояуы оқып кеткен шүберектей күзгі да-ланың ұстінде қалықтай берді. Сөл бәсекедеп барып, домбыраның кеудесінен екі-үш ырғалып, өрең суырылып көтерілді де, ар жағы мұнды сазға, майда ырғакқа ауысты. Қөнілі жүдеу бейшараны жұмсақ алақанмен маңдайын сипап, алыстағы бір болмашы үмітті нұсқағандай елес берді. Қүй шым-шымдап ішке кіріп, көңілді босатып, қабақ астында қатып қалған жасты жібітіп, енді бір кез майда рақат самалмен желліп, сергіткендей болды.

Оразымбет тарамыс денелі, қатқыл өнді, егде кісіден дәл осындағы жүрек қылын шертетін нәзік қүй шығады деп ойламап еді. Ол ұстазының бетіне қарап, оны жаңа көргендей болды. Терең әжімді, ашаң жүзіне жастық, балғын нұр жүгіріп, кішілеу өткір көзі дымқыл тартып, Естемес балқып тұр екен. Салалы ұзын саусағы буынсыз болып кеткендей, жібектей майысып, жыпылдалап барады. Жаңағы бір сезімтал майда өуендей қайталап келіп, енді

көтеріле бергенде, өрге шыға алмағандай тайғанақтап, күй сазы қайта шегінді. Тағы да бір-екі рет талпынып барып, булығып қалды. Естемес ыза болғандай, домбыраны қатты бір қақты да, бұрылып, артындағы қоржынға салып қойды. Қүйге еліккен Оразымбет үстазының қолынан үстап алып:

– Есеке, ар жағын... – деді дауыстап. Естемес еңкейіп, атының тізгінін қолына алды.

– Ай, шырағым-ай, мені қинайтын да сол ар жағы ғой. Бұл өзі көптен көңілді тербел жүрген бір күй еді. Дәл осы арадан аса алмай-ақ қойдым. Қашан кемеліне келтіргенше, күйді көп алдына салмаған жөн. Халықтың құлағын қажаған күйші күйден садаға кетсін. Қашаннан өдетім: күйімді өбден нақыштап алғанша, жанға естіртпеуші едім. Ең аяғы қасымдағы жолдасым сенен де бүгіп, осы күйді оңаша толғап жүр едім. Жаңағы бір оқиғаның қозғап жібергені ғой. Ар жағын алып кетем бе деп едім... Әлі де бір тұртқи жетпей жатыр-ау. Естемес көңіл толқуын баса алмай, аз бөгеліп, қайтадан сейлемеп кетті:

– Күй деген де ойдан туады. Қолың қанша жыптылдағанмен, көңілің қуыс болса, күй шықпайды. Жаңағы жарты күй осы жас-қа келгенше ойланып-толғанып, түйгенім сияқты көрінеді өзіме. Қам көңілді жұбатсам деген бір арман еді. Естемес ауыр бір күрсініп, ойынан қалт сергіді. – Нарымыз үзап кетті ғой, кәне. Сол ойсылқараның соңынан ерелік, бір қараға жеткізер, – күйші атын тебінді.

Нар соңынан өудемжер еріп отырған екі атты Ипан тауынан бергі ылдидары қайнарда жұптыны ғана жалғыз қараша үйді көрді. Нар үйге жеткенде, басына үкілі тақия киген талдырмаш денелі қыз шығып, бүйдасын шешіп, есік алдындағы қазыққа байллады. Екі атты да сау етіп келіп, «Хабарлас-ау» деп, аттан тұсті. Қыз бала қаймықпай, жолаушылардың қасына келіп, ізетпен үйге шақырып, белдеуге өзі байллады.

– Әкемнің ұлы жоқ, айып етпеніздер, – деді даусы сыңғырлап.

«Дауысының әсемін-ай, құлақты қытықтап барады. Әрі еркін, әрі ибалы, мінезі де онды екен», – деді Естемес ішінен.

Тұндігі бүркеулі қаракөлеңке үйдің ішінде жалғыз шалдан басқа адам жоқ екен. Ол орнынан тұрып, қонақтардың сөлемін алып, екі күйшіні төрге отырғызды.

– Жаңыл-ай, қалқам, тұндікті ашшы, – деп дауыстады. – Ал, жол болсын, шырақтарым?

– Әлей болсын. Біз ел аралап жүрген күйші боламыз. Менің есімім – Естемес. Мына жігіт – Оразымбет күйші.

– Өзім де шырамытып отыр едім. Ана жылы ел осы қайнарда отырғанда, екі күй тартып, құлақ құрышын бір қандырып кетіп ең-ау!

Осы кезде үйге Жаңыл кіріп, төменгі жаққа келіп отырды. Естемес қабақ астымен қыздың тұлғасын шолып өтті. Жасы он алты-он жетілер шамасында болар. Қою қара қасты, мәлдірекен қара көзді, дөңгелек жүзді, қара торының сұлуы екен. Үстіндегі жалаң көк көйлегі тозған. Шынтағындағы білдіртпей салған жамауын да күйші көзі шалып қалды. «Оттең, үлде мен бұлдеге ораса, жанып-ақ кетер едің-ау», – деп қояды Естемес ішінен. Шал арғы-бергі елдің хабарын сұрастырып отырғанда да, күйші пейілі түсіп, сөз арасында қызыға қарай берді. Тіпті бұл үйдің жолаушыларға сусын ұсынып, қазан астына от жағуды ұмытып кеткені де есіне қелмеді.

Шал аз уақыт түйиқталып, төмен қарап отырды да, бір кезде басын көтеріп алды:

– Естемес шырағым, – деді. – Өлімнен ұят күшті. Сен келгенде, бір тостаған сусын тауып бере алмай жерге қарап отырмыз.

– Жоқ, ақсақал, сіз қиналмаңыз.

– Неге қиналмайын, қарағым. Биылғы жұт елді титықтатып кетті ғой. Арқалайтын да, асырайтын да жалғыз нарымыз анау жатқан. Ауыл көшерде бошалап кетіп, ботасыз қайтты. Суалып қалды. Қаңсытып, таңдайды кептіріп отыр, – деп шал ауыр күрсінді. Содан кейін қызына бұрылды. – Жаңыл қалқам, қайнардан су әкеліп бер. Қонақтар шөлдеген шығар.

Жаңыл иіліп, тостағанмен су ұсынғанда, Естемес тағы да ұзағырақ қарады. Қыз көзіне көзі түсіп кеткенде, жүрегі бұлк ете қалды. «Сақалды басыммен сабырдан айырылғаным қалай?» деп кейіді өзіне. Бірақ қөңілі құрғыры өлденеге талпынып алды барады. Сонау бір жастық шағы қайтып оралғандай еліге құмартады. Талайдан аңсанын көргендей көз жазғысы келмейді.

«Атастырған адамы болмас, ейтсе, шалды жүртқа тастап кетпейді ғой. Және ұзатылар уақыты да жеткен ғой», – деп ойлады ішінен. Қүйші осы күнге дейін аумалы-төкпелі халге түсіп, қыл үстінде тұрғандай қалтырайды. «Кім біледі, жер ортасынан асқанда, тәңірінің сарғайтып барып бұйыртқаны осы болар», – деген де ойға тіреліп, қайта ауытқиды. Қөңіл



Сөзмаржан

тұндік – киіз үйдің шырағына жабылатын төрт баулы киіз

үлде мен бұлде – қымбат мата, ылғи асыл киімдер

пейілі түсіп – ықыласы, назары ауды

жұт – аштықтан, сұықтан малдың қырылуы, мал өлімі, індет

Сөздің көркі – мақал

Өнер білсөң – өлмейсің.
Өнерлінің өзегі толмас.
Өнер – таусылмас азық.
Жұтамас байлық.

аптығын басу үшін, Естемес домбырасын алып, ақырын шерте берді.

Ойланып қалған шал басын көтеріп алып, тағы да тіл қатты.

– Апрыым-ай, осы мал жарықтықтың күйге елігетіні болады деуші еді. Естемес шырағым, өнерінді салып көрсөң қайтеді? Хақ тағала көз жасымызды көрсө, кім біледі, нарымыз иіп кетер. Салшы өнерінді, қарағым. Қолымнан келсе, не сұрасаң да берейін.

– Не сұрасам да бересіз бе? – деп, Естемес жалт етіп, Жаңылға көз тастады.

– Беремін, қарағым.

Жаңыл сыйылып, үйден шығып кетті.

– Ақсақал, сіз де елде жоқ қолқа салып отырысyz. Мен де елде жоқ қолқа салайын. Осы күнге дейін жар сүймей келе жатыр едім...

Шал Естеместің қолқасын түсініп, төмен қарап, ойланып қалды.

– Апрыым-ай, мынауың, шынында да, елде жоқ қолқа екен, – деді ол сәлден кейін. – Ай, бірақ сен де бір азаматсың ғой. Баламды қор қылмассың. Сөзім – сөз. Өнерің жетсе, тілегінді бердім, қарағым.

Сол кезде Жаңыл есіктен қарап:

– Екі күйші өнерлерінді бірдей салындар, – деді.

– Мейлі, болсын. Кәне, Жаңыл, қарағым, нарыңды түрғызып, шелегінді тоса бер, – деп, Естемес домбырасын үстап, орнынан тұрды.

Жаңыл нарды үйге жақынырақ әке-ліп байлады. Шал тулақ алып шығып, нардың алдына төседі. Естемес «кепкен шандырынды жібітіп алар ма екем» деп сынағандай, нарды шолып өтті. Түйенің ендігі түрі манағы көргеннен белек. Балшықтан құйғандай денесінде қыбыр еткен тірлік белгісі жоқ. Басын манағы

Сөзмаржан



қолқа салу – дос, жолдас адамдардың бір-бірінен бір нәрсені қалауы, сұрауы

тулақ – үстіне жүн сабау үшін немесе төсөу үшін жүні алынбай қатырылған шикі тері

келген жағына бұрып, сонау алыс адырға құрғақ, жансыз көзін қадап, қатып қалған. «Апым-ай, мына жануарды жібіту қын болар» деп, секем алып қалды Естемес. Осы кезде Жаңыл келіп, түйенің мойнынан құшақтап, басынан сипады. Нар сонда ғана селт еткендей болды. Естеместің көзі тағы да Жаңылға тусты. «Мал баласына осылай пейілің түскені... жас та болсаң, аса мейірбан боларсың» деп ойлап, құшшінің іші жылып кетті. Жаңыл қарындағы шелегін алып, түйенің желініне тосып, саууга ыңғайланды. Қүйшінің жіті көзі қыздың әр қимылын қапысыз бағады. Бай ауылда күң, сауыншы аталатын еңбек әйелінің әр қимылында жарасымды ширақтық, әсем ептілік барына сүйсіне қарайды. Жаңыл бұрылғанда байқады, қызы жүзін ай бетіндегі мұнарадай бір мұң шалып тұр екен. Естемес ішінен: «Қасымда тұрсаң да, алыстағы арманым екенсің, қүй қанатымен қуып қорейін», – деп Жаңылға телміре қарап сөл тұрды.

Күйші жүгіне беріп, «я, сәт» деп, домбыраны қағып-қағып жіберді.


Жасы үлғайып, қимылы ауырладап кеткен ұстазының жас жігіттей құлшынып шыға келгеніне, Оразымбет таңырқай қарады. «Бір жылдан бері мен андамаған мінезін осы бүгін көрсетті-ау» деп ойлады. Әншнейінде жайғасып, малдасын құрып, тіпті шынтағына жастық қойдырып тартатын қүйші, қазір бір тізерлеп, тулақ үстіне жүгініп отыра кетіп, сілтей жөнелді. Домбыраны қатты қағып, нарды бір елең еткізіп алды да, қүйді бастап кетті. Алғашқы ырғағынан-ақ, Оразымбет бұл жол үстіндегі өзі тыңдаған қүй екенін танып, «Есеке-ай, манағы тірелген жерінде тағы да тайып, туlamасаң не қылсын», – деп сескеніп қалды. Бірақ Оразымбет бұл күдігін тез ұмытты. Ол енді алғашқы рет тосян қүй орындағандай көз шарасы үлкейіп, ерні түріліп, елтіп қалған. Қүйшінің мына тартысы бөлек еді. Енді манағы мұңды өуеннің мағынасы артып, аяғы арманға ұласып барады. Жібек сазды ырғактың арасында домбыра ақырын ғана күрсініп алғандай болады да, қайтадан сергіп, балапандай талпынады. Оразымбет лыптылдаған қанат сусылын естігендей де болды. Діріл қаққан қүй тарауға, майда қоңыр сазды сарынға ауысты да, ақырында, көтеріле берді. Қүйшінің саусағы домбыраның сағағына таман келіп, безек қағып, қүй аз бұлқынып, жоғары өрледі де, сұрырылып барып, асқақтап жүре берді. Қүйшінің қиналған жерден



Сөзмаржан

- жоны** – арқасы, ту сырты
- мая** – сыңар өркешті түйенің үргашысы
- қара нар** – түйенің күштісі, мықтысы

сергіп, балапандай талпынады. Оразымбет лыптылдаған қанат сусылын естігендей де болды. Діріл қаққан қүй тарауға, майда қоңыр сазды сарынға ауысты да, ақырында, көтеріле берді. Қүйшінің саусағы домбыраның сағағына таман келіп, безек қағып, қүй аз бұлқынып, жоғары өрледі де, сұрырылып барып, асқақтап жүре берді. Қүйшінің қиналған жерден



өтіп кеткенін сезіп, Оразымбет: «Ah, сабазың, шыңыраудан суырып шығарды-ау», – деп сүйсінді. Алдынан кең өріс, алыс қиян ашылғандай оның да бойы сергіп қалды...

Естемес құйге елігіп, өзге дүниені ұмытып кетті. Талайдан бері арқаны құрыстырып, қеудені кернеп, булықтырып жүрген нәрсе түйіні шешіліп, қыртысы тарылып, жанын сергітіп, әсем сазды құй болып дүниеге келе жатыр. Сарылтып іздегені оңай табылып, шиеленісіп қинағаны тез шешіліп, құйші қөңілі де құй қанатына ілесіп, алысқа самғады. Сөл иіліп, талдырмаш тұлғасы әсем ма-йысқан қызы бұлдырап, алыстап, биіктеп кетеді. Сонау көкжиектен, сағым арасынан сыңғырлап күліп, еліктіре шақыргандай болады. Құйші қөңілі соған талпынады.

Естемес қиялынан сергіп, нарға қарады. Нардың тақырдай қатып қалған қайыс жоны жұмсарып, қан жүгіргендей. Денесіне тіршілік дірілі еніп, бір-екі рет қозғалып, теңселгендей де болды. Жаңағы қадалған қырқадан басын бері бұрып, үлкен көзі жасқа толып, жаудырап тұр екен. Құйші осы кезде құй ырғағын баяулатып келіп, ақырын дірілдетіп көтерді де, ботадай боздатып жіберді. Анадан айрылған жас ботаның алғашқы зарлы үні үзіліп-үзіліп шығады. Аруана осы тұста бір ыңғыранды. Естемес оны да домбыраның шегіне іліп әкетті. Құйшінің көзі Жаңылға түсті... Қызы нардың емшегін қысып ұстап, қатып қалыпты. «Апыр-ау, бұл неге саумай тұр», – деп ойлады Естемес. Нардың желіні тырсиып барады. Естемес қыздың өдейі саумай тұрганын байқады. «Екі

күйші, өнерлерінді бірдей салындар» деген қыз сөзінің астары енді ашылып, есіне қайта тұсті. Дір етіп, бір шошынып қалған күй өлгі тапқан жайма шуақ биігінен төмендеп, қайтадан мұңлыша ауысып, күніреніп барады. Сәлден кейін жалт еткен арманынан айырылып қалғандай күй тағы бір талпынды. Еstemес Жаңылға енді бір қарағанда, сығымдал қысқан сүйріктей ақ саусақтың арасынан шым-шымдал сүт тамып тұрды. Қүйшінің де көзінен жас тамып кетті: «Заманым өткен екен ғой», – деп ах ұрып, жалт бұрылды да:

– Ар жағын сен тарт, – деп саңқ етіп, домбыраны Оразымбетке тастай берді.

Оразымбет домбыраны алдып, жалғастырып тарта жөнелгенде, нардың сүті де шелекке сауылдан құйыла берді.

Біз қайдан білейік, ел: «Наридірген» күйі осылай туыпты деседі.

1

Білу

1. Аңызға айналған қандай күйлерді білесіндер?
2. «Күй аңызы» әңгімесіндегі ботасы өлген аруана Еstemес күйшіге қалай өсер етті?
3. Еstemес күйшінің күй өнері туралы пікірі қандай?
4. Оразымбет кім? Қандай адам?
5. Жаңыл туралы не айта аласындар?
6. Әңгімедегі қария қандай адам?
7. Еstemестің жүрегін бұлк еткізіп, көңілін өлденеге талпынтықан не?
8. «Екі күйші, өнерлерінді бірге салындар» деген қыз сөзінің астарында не жатыр?
9. Күйші Еstemестің «Заманым өткен екен ғой» деп ах ұруы нені білдіреді?

2

Түсіну

1. Әңгіменің «Күй аңызы» деп аталу себебі неде?
2. Неліктен Оразымбет ұстазының құлшынысына таң қалды?
3. Қыз неге түйенің иіп түрғанын білдірmedі?

3

Талдау

1. Еstemес пен Оразымбетті салыстырындар.

2. Шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекеті мен портреттік мінездемесін салыстырындар.

4

Жинақтау

Жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы білімдерінді жинақтай отырып, тәмендегі кестені толтырындар:

Білемін	Білгім келеді	Үйrendім

5

Қолдану

- Шығарманы мазмұндаудың жоспарын құрындар.
- Кейіпкерлерге тұра және жанама мінездеме беріндер.
- «Наридірген» күйін өз беттеріңмен тауып, тындандар.
- «Өдебиет лотосын» өткізіндер:

Автор	Шығарма атанды	Кейіпкерлер	Оқиға желісі	Қолданылған тәсіл	Көркемдегіш күралдар	Қазірі өмірмен салыстыру

5. Топтарға немесе жұптарға бөлініп, «Күй азызы» әңгімесіне кешенді талдау жасаңдар.

Тақырыбы:

Идеясы:

Композициясы:

- оқиғаның басталуы
- сюжеттік байланысы
- шарықтау шегі
- шешімі

Поэтикалық тілі:

Кейіпкерлері:

Образ сомдау шеберлігі:

6. Әңгіме әпизодтары бойынша «Үш қадам» кестесін толтырыңдар.

1-қадам Әңгіме әпизодта- рында көтерілген мәселелерді анықтандар	2-қадам Кейіпкерлер қарым-қаты- насы қандай?	3-қадам Қазіргі өмірде бұл мәселелер өзекті ме? Неліктен?

6

Бага беру

1. Кейіпкерлер іс-әрекетіне көзқарастарың қандай?
2. Оқиға шешімі сендерді қандай ойларға жетелейді?
3. Қүйдің нар идірген құдіреті туралы ойларыңмен бөлісіңдер.

Артық болмас білгенің

Белгілі зерттеуші Хайлолла Жұзбасовтың пікірінше, домбыра сөзі «дөпбұра», «дәлбұра», «дембұра» деген сөздердің тізбегі арқылы жасалған. Бұл – белгілі бір логикаға бағындырылған қызығылықты жорамал. Тағы бір болжамды этнограф Ерік Кекеев еңбектерінен табуға болады. Фалымның пікірінше, «том» деп түюлі жұдырық немесе қолдың саласы айтылады. Кейіннен бұл түбір ұяңданып, «домға» айналған, «быра» тіркесі бір нәрсені шерту, тарту, дыбыс шығару, яғни домбыра сөзі «қолдың саласымен немесе бес саусақпен ішекті шерту» деген мағына береді.

«Күй» сөзі түрік тілдерінің деректерінде XI ғасырдан бері белгілі. Махмұд Қашқаридың әйілі «Диуани лұғат ат-түрік» атты сөздігіндегі «қөк» (қазақта күй болып айтылады) деген атау аспапты музыканы да, әнді де білдіреді. Осы күнгі татар тілінде де «күй» сөзі аспапты музыка мен вокалдық музыкаға ортақ қолданылады. XVI ғасырдан бермен қарай «күй» сөзі тек аспапты музыканы ғана білдіретін мағынаға ие болды. Ен далада күн кешкен елдің аузынан шыққан «күй» деген сөздің аспаптық музыкаға тән атау екені, оның түп-тамыры одан да арғы замандарда жатқаны XIV ғасырдан бері белгілі. Осыған дәлел байырғы заманда 600 жыл бұрын тасқа салынған суреттің табылуы. Сондай-ақ, «күй» сөзінің көнелігін білдіретін тағы бір дерек – қазақта «Ақсақ құлан» атты күйдің болуы.

«Халық қазынасы» кітабы

**Түйін**

Ақын, жазушы, драматург, мемлекеттік сыйлықтың иегері Т.Ахтанов – «Күй аңызы», «Қаһарлы күндер», «Дала сыры», «Сәуле», «Боран», «Ант», «Әке мен бала», «Махаббат мұны», «Күтпеген кездесу», «Арыстанның сыбағасы», «Күшік қүйеу» шығармаларының авторы. «Күй аңызы» – өнер құдіреті туралы әңгіме.

**Әдебиет теориясы****Гротеск**

Гротеск – шынайы, нақтылы өмір мен фантастиканың шарпысүйнан, әдепті және таңғажайып оқиғалардың, кейіпкерлердің тоғысүйнан тұратын, жақсы мен жаманды, қайғы мен құлқіні, т.б. шендерестіруге құрылатын, әжүа, құлкіге ерекше мән берілетін көркемдік бейнелеу тәсілі. Гротеск тәсіл ретінде әртүрлі жанрдағы шығармаларда орын алып, жан-жақты дамып, өрістей түсті. Тура мағынасында ақиқаттан алшақ кету болғанымен, өмірдегі болатын немесе болған шындық жағдайды айрықша тапқырлықпен, есте қаларлықтай әсерлі етіп жеткізеді.

Мысалы: «Жұман – Алтай-Карпыққа мәлім тапал адам. Бірақ денесі төртбақ, сом жаралған. Қөлденені қүректей мұқыл тырнақты саусақтары – келсаптың сабындан жұп-жуан. Қылтанақ шығып көрмеген қасқа иегінен ат тайып жығылғандай. Салбырай бастаған үртyna дейін табиги тәртіпті бұзбай-ақ келген бурыл сақал қасқа иектен тайып кеткендей, алқымға барып үйлішіп қалыпты да, сақалдан гөрі үйысып қалған көк шулан жүнге көбірек ұқсан тұрады. Жұзінің басқа мөрі түгел өшүге жақындал, ескі тенгеліктей көмескі тартқан. Бар мінезі – көздерін жартысынан асыра жауып алып, енді етегін көтермestey біржола түйілген қабақта ғана қалған сияқты».

F.Мұсірепов. «Оянған өлке»

3. Қабдолов. «Сөз өнері»

**Тапсырма**

Гротеск тәсіліне мысалдар келтіріңдер.

Адам баласы өз өмірінде дүние құпиясының тылсым сырларын ашып көруге тырысып бақты. Олар ойша да байқаулар жасады. Оның негізгі әдісі – фантазия. Сол фантазия, яғни қиял әлемімен ғарышқа да самған бақты. Сондай қысынды қиялымен қияларға самғаған жазушылардың бірі – Жұніс Сахиев бізге фантастика әлемінің есігін ашады.

ЖҰНІС САХИЕВ



ЖҰНІС САХИЕВ
(1950 жылы туған)

Қазақстанда топтамалы ғылыми-фантастикалық шығармалар жазуға жол салған, Қазақстанның «Жюль Верні» атанған фантаст жазушы – Жұніс Сахиев 1950 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген.

Бала кезінен аспан денелерінің құпияларына қызыға қарап, түнімен жымындаған жұлдыздардан көз алмайтын Жұністің фантастикаға келуіне техникалық қызмет атқаруы өсер етті. Жазған-сызғандарын телеграфтағы телетайп ленталарына бастырып, қиып алғып қағазға жапсырып: «Шіркін-ай, менің осы жазғандарым кітап болып шығатын болса, мен жаза берер едім, жаза берер едім...», – деп армандаған. Жазушының ғылыми-фантастикалық романдар топтамасын жазу туралы идеясы осылай туындаған. Осылайша ғылыми орталықтардан алыс жатқан, планетарийі мен обсерваториясы жоқ сонау шалғайдары ауылда еңбек ете жүріп, алғашқы романын жазды.

21 жастағы Жұніс топтамалы ғылыми-фантастикалық шығармаларын «Кеңістік көшпенделілері» деп, ал оның бірінші романын «Тіршілік үясі» деп атады. Үлкен шығармашылыққа осылайша

Зергер сөз

Жұністің қазақ халқының адамдық рухани қасиеті мен озық ойын халықаралық аренада танытатын жазушы-фантаст деп білемін.

А.Машанов

Жұніс Сахиевтің әрбір ғылыми-фантастикалық роман-кітабы жұлдыздарға қарай көтеріліп бара жатқан бір-бір баспалдақ секілді.

М.Гумеров

Бағалы дерек

Фантастика (грек. Phantastike – көзге елесстету өнері) – әдебиеттің өмір шындығын қиял түрғысында әсірелеп бейнелейтін жанры. Ғылыми түсінік жоқ кезде фантастика мифологиялық және діни шығармаларда (Гомер. «Одиссея», Овидий. «Метаморфозалар», шығыстың «Мың бір тұні» т.б.) орын алған ғылыминың дамуына байланысты халық қиялышан шыққан туындылар жарық көре бастады.

XIX–XX ғасырларда Г.Уэллстің «Уақыт машинасы» (1895), «Әлемдер соғысы» (1898), А.Х.Дойлдың «Жоғалған әлем» (1912), т.б. фантастикалық романдары жарияланды. Р.Брэдбериң «Марс хроникалары» жинағына енген «Фаренгейт бойынша 451» романы, поляк жазушысы С.Лем космос кеңістігіне жауапкершілікпен қарау жөніндегі философиялық ойтолғамдары арқылы әлем жүртшылығына танылды.

«Қазақ әдебиеті»
энциклопедиялық
анықтамалығы

қадам жасаған Жұніс Сахиев 1972 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түсіп, 1977 жылы бітіріп шығады. Университетте оқып жүргендеге 1974 жылы «Атлантида жаңғырығы» ұжымдық ғылыми-фантастикалық шығармасының үшінші бөлімі «Түңгішкіт» деген атпен «Қазақстан пионері» газетінде алғаш рет жарық көрді. Айдың 1975 жылғы шілдедегі тұтылуына жасаған ғылыми зерттеуін Мәскеуден шығатын «Земля и Вселенная» ғылыми-көпшілік журналында 1976 жылы жариялады, Мәскеу ғалымдарының назарына ілінеді.

Жазушының «Жаңбыр жауғанда» ғылыми-фантастикалық романындағы кемемен ауа райын өзгерте алу идеясы қазіргі кезде шындыққа айналды. Мәселен, қазір өве кемелері арқылы бұлттарды ыдыратуға болатыны белгілі.

«Шолпанға көшкен ауыл» романындағы негізгі мазмұн жандыны да, затты да жарық сөулесімен өзге орынға көшіруге болатыны туралы еді. Бұл идеяны кейінірек Австралия университетінің ғалымдары қандай да бір затты лазер сөулесімен бөлшектеп жіберіп, секундтың бір бөлігіндегі ғана уақыттың ішінде екінші жерге көшіріп, қайта қалпына келтіруге болатынын тәжірибемен жүзеге асырды.

Жұніс Сахиев 1989 жылы Латвияның астанасы Ригада еткен фантаст-жазушылардың семинарында бірінші болып КСРО Жазушылар Одағына мүшелікке өттеге семинар атынан кепілдеме алған.

«Қимайтын әлем» ғылыми-фантастикалық романының журналдық нұсқасы чех және ағылшын тілдерінде жарық көрді. Ол ғалым ретінде 1988 жылы Марсқа жасаған ғылыми-зерттеу еңбектері үшін КСРО Ғылым Академиясы құрамындағы Бүкілодақтық Астрономия-геодезия қоғамына толық мүше болып қабылданды.

Артық болмас білгенің

Жұніс Сахиев ғалым ретінде 1988 жылы Марсқа жасаған ғылыми-зерттеу еңбектері үшін КСРО Ғылым Академиясы құрамындағы Бүкілодақтық Астрономия-геодезия қоғамына толық мүше болып қабылданды. Фантаст-жазушы Жұніс Сахиев «Шенбердің түйісуі» кітабы үшін Қазақстан Жазушылар Одағының О.Жандос атындағы әдеби сыйлығының лауреаты атанды. Ол 1971 жылы өзі «Кеңістік көшпенділері» деп атаған жалпы айдармен қазақ ғылыми фантастикасы жанрында тұнғыш бастап жазған романдарын жеке-жеке кітап етіп шығара бастайды. 1983 жылдың жазушы-фантаст топтамасының «Манызды мақсат», «Ұрпақтармен ұшырасқанда», «Қайтар жолда», «Тіршілік ұясы» деп аталатын төрт ірі бөлімнен тұратын «Тіршілік ұясы» ғылыми-фантастикалық романы жарық көрді. Автор мұнда «Жер ғаламшарымыз саналы адам баласы өсіп-жетіліп, жұлдызды әлемді игеріп, жаңа ғаламшар тауып, көшіп кетіп отыратын тіршілік ұясы емес пе екен?» деген ғылыми негізді ой түйеді.

1987 жылдың «Арман сапарында», «Адамзат үшін арпалыста», «Бақытты жолда», «Борыш» бөлімдерінен тұратын топырақтан өсіп-әнетін күллі тіршілік иелерінің бүгінгі ұрпақтың өміріне ғана емес, келешек ұрпақ өміріне де зардал беретін, қару атаулыдан аулақ болуға баулитын екінші – «Борыш» ғылыми-фантастикалық романын, 1991 жылдың «Шенберлі аралда», «Данқ шенберінде», «Шенбер ширегінде» және «Шенбердің түйісуі» деген бөлімдерден тұратын, ғылым жетістігін жеке мансапқорлыққа айналдырудың адамзат тағдырына зиянын көркем тілмен суреттеп, ғылымға абай болуға шақыратын топтаманың үшіншісі – «Шенбердің түйісуі» ғылыми-фантастикалық романдарын жеке-жеке кітап етіп шығарды. Жұніс Сахиев өз шығармаларында дүниежүзін мекен еткен халықтарға қазақ халқының даналығын танытып, салт-дәстүрімізді үлгі-әнеге етеді.

<http://www.iref.kz>

Багалы дерек

Жастайымнан жұлдызды әлем мен техника саласына қатты қызығып, қыр-сырына үнілдім. Анам Құлханыстан, әкем Сәдуақас (Сахы) пен өзге де зерделі кісілерден естіп, есінде сақтап айтқан, жазғы шілденің аптапты тәуліктерінде тұнде үй аласындағы сыпа делінетін кең ағаш төсек үстінде жатып, аспандағы жұлдыздарды көрсете айтқан қызықты аңыз-әңгімелері қиялымға қанат бітірді. Сол кезде ұшқыш болуды армандайтымын. Арманым мені аспанның қыр-сырын білуге құмар қылды. 1960 жылғы мамыр айында мен өкіған Қаныш Сәтбаев атындағы қазақ орта мектебіне ұлы жазушы Мұхтар Әзесов келіп кетті. Ол кезде мен он жастағы оқушы едім. Содан бастап, мен қолыма қалам ұстап, алғашқы ой-армандарымды ақ қағаз бетінен түсірге талпына бастадым.

Ж.Сахиев

Айға сапардың құпиясы неде?

Айдағы жасырынбақ

Бағалы дерек

Ай (лат. *luna*) — Жердің табиғи серігі, өзінен жарық шығармайтын Жерге ең жақын аспан денесі. Ол Жерді эллипстік орбита бойымен (1,02 км/сек жылдамдықпен) айналады. Жер мен Ай арасындағы орташа қашықтық 384500 км. Жалпы көрсеткіштері:

- Массасы Жердің салмағының 1/81 тең, яғни $7,35 \times 10^{22}$ кг.
- Тығыздығы 3344 kg/m^3 .
- Ай диаметрі 3476 km (Жер диаметрінен 4 еседей аз), яғни радиусы 1738 km .
- Айдың өз атмосферасы жоқ. Бетіндегі температурасы -173°C -ден 127°C -ге дейін жетеді. Айдың қалындығы $60-120 \text{ km}$ фелдшпат жотадай қабығы силикат мантияның үстінде жатыр. Базалыт лавалары Ай бетінің 17%-ын жабады. Радиусы $300-400$ шағын (Ай көлемінің 2-3%-ын құрайтын) темір ядросының болуы ықтимал.

«Астрономия»
окулығы

Жаңа оқу жылдарың алғашқы қоңырауы... Айнадай таза, кең де жарық класс бөлмесі көңілімізді сергітіп жіберді. Жазғы ұзақ каникулдан кейін бір-бірімізді көдімгідей-ақ сағынып қалыптыз.

Бір кезде есік ашылып, Гүләйім апай кіріп келді.

- Сәлеметсіздер ме, оқушылар!
- Сәлеметсіз бе, Гүләйім апай!

Гүләйім апай орындығына жайғасып, алабұртқан жүзімізге бір көз тастап қойды.

- Ал, жағдайларың қалай? Жазғы демалысты қалай өткіздіңдер?
- Жақсы! — дедік біз көңілді үнмен.
- Ендеше, алғашқы сабағымызды соған арнаймыз. Кім қайда болды, не көрді, не түйді?

Біз бір-бірімізге қарап, жынысып қоямыз. Сол кезде Жантемірдің:

— Апай, жазғы каникулда Мерген планетолог әкесі Ертілеспен бірге Айда болып қайтыпты. Олармен бірге Сартай да болыпты. Солар айтып берсін, не көргендерін! — деген дауысы саңқ ете қалды.

— Бұл жақсы жаңалық екен, — деді апай елең етіп, — қане, Мерген, Сартай, Айдан не қызық қөріп қайтындар?

— Онда пәлендей ештеңе көрген жоқпыш, — деді Сартай жақтырмадай Жантемірге бір қарап қойып, — Айда біз жасырынбақ ойнадық!

Бәрі ду құлді! Гүләйім апай да сәл жынысып алды. Класс ішін тынышталған кезде мен апайға:

Багалы дерек

Жер – Күн жүйесіндегі үшінші ғаламшар, Күн төңірегіндегі жолмен (орбитамен) айнала қозғалады. Күн жүйесіне 8 ғаламшар кіреді. Ғаламшарлар жер тобындағы ғаламшарлар және алып ғаламшарлар болып екіге бөлінеді. Ғаламшарлардың маңында айналып жүрген аспан дениелері ғаламшардың табиғи серіктегі деп аталаады. Жердің жалғыз табиғи серігі бар. Ол – Ай. Ай мен Жердің арасындағы арақашықтық 384 мың шақырым. Ай Жер табиғатына айтаптықтай әсер етеді.

«География және геодезия» сөздігі

– Жасырынбақ ойнағанымыз рас. Бірақ ол Жердегі жасырынбақ емес. Мен бәрін айтып берейінші, – дедім...

– Біз Айға ғалымдардың арнағы кемесімен бардық, – деп бастадым мен әңгімемді, – Жермен екі арадағы геосинхронды, геостационарлы деп аталатын айналым жолдарды артқа тастаған соң қонуға дайындалдық. Отырған орындығымызды тікейтіп, белдігімізді байладық. Соны күткендей ғарыш кемесінің дүрілі құшшейіп, бейтаныс ғаламшар табиғатына қарай құлдилай берді. Ай бетіне табан тіреуге жақын қалғанымызда қараңғы дүниеден денеміз түршікті. Өзіміз тани білетін Дауыл мұхиты, Жаңбырлар теңізі, Дағдарыс теңізі делінетін сусыз ойпаттар мен аттары есімде жоқ жыптыраган қазаншұңқырлар қарайып көзге шалынды. Қала шамдары жымындаады. Қол шам төрізденіп, көз қарықтырды да тұрды.





Көп кешікпей кемеміз Ай бетімен жанасты. Біраз жылжып барып, ғарыш айлағының алдына тоқтады. Сыртта бізді арнайы көлік күтіп тұр еken. Соған мініп, «Фалымдар үйіне» жеттік. Көкем, Сартай және мен үшеуміз бір пәтерге орналастық. Сол бір сәт Сартай екеуміз үшін өлі қорқынышты. Өзіміз жатқан бөлменің үлкен терезесі сыртындағы Ай термометрі 200 градус суықты көрсетіп тұрды. Сартай екеуміз көпке дейін көз іле алмадық. Жердегі қараңғылық жай еken. Ай аспанындағы жұлдыздар да жымында майды. Айналаның бәрі бейне бір күл шаңының астында қалғандай көңіл құлазытады. Тіршіліксіздіктің нағыз көрмесі де сонда еken. «Пәтердегі жылу жүйесі сөнсе, әп-сәтте мұз болып қатып қаламыз-ау» деп те қорықтық.

Айдағы таңның атуы, Құннің көтерілуі ұзаққа созылды. Құн өзіміз Жерде жүріп қарағанда батыс жағы дейтін оң жақ шетінен Дағдарыс теңізі жақтан шығады еken. Айда ол – шығыс. Ондағы жарты күн Жердегі екі аптаға тең. Оны бәріміз де білеміз. Біз Жерден өліара қарсаңында аттанғанбыз. Сөйтіп, ол Құнмен қабат шығып, бірге батады. Ал бірер күннен соң Ай Құннің сол жағына өтіп, Жердің батыс жағынан қияқтанып көрінеді. Біз оны Жаңа Ай туды дейміз. Ал сол кезде Айда шын мәнінде таң атып, Құн шығады еken. Сартай екеуміз қазақ халқының оны ежелден-ақ дәл білгеніне қайран қалдық.

Жер есебімен екі тәулік өткенде қалашық орналасқан аймақ жарықтанды. Бірақ Жердегідей емес. Тас қараңғы ғарыштағы Құнге шағылысқан бір домалақ дененің бетіне сөүле түскендей ғана көрініс. Не көгілдір көкжиек жоқ, не аспанды шарпыған әсем бұлт жоқ. Құннің сөулесі де шашырамай бажырая қалған. Көз қарықтырады.



Күн сөулесі Дағдарыс теңізін жартылай жарықтандырган кезде Сартай екеумізге сыртқа шығуға рұқсат берілді. Ал көкем бастаған ғалымдар зерттеу жұмысына өлдеқашан кірісіп кеткен. Назарымызды Ай бетін дірілдете баяу жылжып бара жатқан зауыт бөлді. Қоқемнің түсіндіруінше, олар Ай топырағынан оттегі және тағы басқа Ай базасына қажетті технологиялық заттарды өндіруге арналған.

Жер бізге қара аспанға іліп қойған шыны шар төрізденіп көрініп тұрды.

Оның бірінші ширегі, толуы, соңғы ширегі әрбір жиырма төрт сағат сайын айналып келіп жатты. Алғашқы кезде оған қарай беретінбіз, бірақ кейіннен қөзіміз үйреніп кетті.

Сейтіп, арнайы жеңіл комбинезон, аяғымызға салмақ ауырлатыш бәтеңке киген біз серуенге шықтық. Айдың ылғалдаған құм сияқты топырағына ізіміз бадырайып түсіп жатты. Кейде балалығымыз ұстап, әрі-бері жүріп, ізімізben сурет саламыз, атымызды жазамыз. Әйтеуір бір ескерткіш жазып қалдыруға тырысамыз.

Күн мейлінше баяу көтерілген сайын қазаншұңқырлардағы көлеңкелер қысқарғандай болады. Бірақ онда көлеңке мен Күн сөулесі біреу ақ, қара бояумен бояп беліп тастағандай екі бөліктеніп тұрады. Ай беті баяу болса да қара бояудан жуылғандай елеусіз өзгереді. Әлгі жылжымалы зауыт-автоматтар алдымызды ап-анық көрінеді. Аяқ астымыз қуыс шардың үстінде тұрғандай қатты діріл қағады. Талай-талай шаршы метр аландарды алып жатқан жалпақ Күн батареяларының панельдері Күн сөулесіне шағылысып, жарық қоса түскендей болады.

Ай бетінде қазаншұңқырлардың көпекені бәрімізге белгілі. Біз қалашық орналасқан Дағдарыс теңізінің тегіс деген жерлерімен

жүрдік. Сөйтіп шағын бір шұңқырға тап болдық. Ол оншалықты терең емес екен. Қарайған көлеңкесі әлі де болса бір жағына жантайып, қара тушы төгілген сауыттай болып жатыр. Сол кезде мені «Шұңқырға түсіп бір байқасам қайтеді?» деген өуестік биледі.

Содан абайлап, шұңқыр ернеуіндегі тастарға аяғымды тіреп, қолмен де ұстап, жайымен ішіне түстім. Сартай сыртта, маған бір жағдай болғанда қол ұшын беруге әзір. Шұңқырдың іші әжептеуір үлкен, кең әрі тегіс еді. Мен көлеңкеге ендім. Сол-ақ екен, комбинезонымның сол жеңіндегі термометрдің тұтікшесіндегі қызыл түсті сынап тәмен қарай жылжи жөнелді. Денемді суық алғандай күй кешіп, сәл кібіртіктеп қалдым. Бірақ қайта шығуға намыстандым. Сөйтіп, қап-қараңғы дүниеге тап болдым. Айдың Құн сөүлесі түсіп тұрған жағы өзінше бір бөлек дүние сияқты. Төбемде өлгінде ғана көмескі көрінген жұлдыздар жапырлайды.

— Мерген! Ей, Мерген! — деген хабар жетті шыны дулыға ішпіндейгі дыбыс қабылдағыштан.

Мен жалт бұрылып, жоғары қарадым. Ойыма «Сартай бірдемеге ұшырады ма?» деген күдік келген еді. Қарасам, ол көз алдын он ала-қанымен қалқалап, әлдекімді іздең тұр. Мені көрмейтін тәрізді.



– Не болды, саған Сартай? Кімді іздең тұрсың? Әлде көзіңе үшатын беймәлім бірдеме елестеді ме?

– Жоқ! – деді Сартай іліп алғандай, – көзіме ештеңе де елестеген жоқ! Мен сені таптай тұрмын!

– Таппағаның қалай? Мен ешқайда кеткен жоқпын!

– Қөлеңкеге енген бойда зым-зия болдың! – деді ол толқып.

– Ал сен менің көз алдымдасың!

– Қөлеңкеден шықшы! – деді енді Сартай дегбірсізденіп.

– Жарайды. Қазір.

Мен қөлеңкеден шықтым. Сартай мені жоғалтып тапқандай қатты қуанды. Шұңқыр ернеуіне шыға бергенімде қолымнан тартып алып, құшақтай алды. Реңінің бозарғаны да шыны дұлығаның ішінен ап-анық көрініп тұр.

– Енді сен түсіп көрші! – дедім мен.

– Одан да Жердегі сияқты жасырынбақ ойнасақ қайтеді? – деді Сартай.

– Қалайша?

– Не қалайшасы бар? Сен іздеуші, мен жасырынушы боламын. Көзіңді жұмып, елуге дейін санайсың. Содан соң іздей бер!

– Жарайды, ойнасақ ойнайық, – дедім мен.

Санап болған соң көзімді ашып іздей бастадым. Жым-жырт. Мана жүрген жылжымалы зауыт-автоматты жүйелер де алыстап кеткен. Шұңқыр ішін әрі-бері қарап, Сартайды көре алмадым.

– Сартай! А, Сартай! Қайдасың, көріп тұрған жоқпын! – дедім енді өзім де үрейленіп.

– Мұнда тұрмын ғой! – деді ол мәз болып.

Артынша кеңк-кеңк құлгені де микрофонды қырылдатып жіберді. Мен де құлдім. Бірақ сонда да сырғы беймәлім табиғатқа сенбей жүрексінемін. «Айда серуендейміз деп жүріп, бір-бірімізді жоғалтып алсақ» деген үрейлі ой билей бастады. Әрі-бері қарап:

– Ойын бітті, Сартай! Мен жеңілдім! Шыға бер! – дедім.

– Қазір! – деді ол.

Бір мезетте Сартай қөлеңкенің шетіне шыға келді. Ол шұңқырдың ернеуіне жеткенде қайта жоғалтып алардай қолынан шап беріп үстай алып, өзіме қарай тарттым. Сөйтіп, ешқашан ойымызға келмеген жасырынбақ ойынын ойнадық. Кешікпей Ай табиғатын зерттеу жұмысын аяқтап, көкем келді. Тамақтанып болғаннан кейін пәтерде отырып, екеуміз жаңағы көрген қызықтарымызды айтып құлдік.

– Бұл – құлқілі емес, – деді әкем терезеден тіршіліксіз Ай табиғатына қарап отырып, – қөлеңкенің қоюлығы Айдағы



Сәзмаржан

Табиғаттың қорғау – табиғи жер және су ресурстарын ұтымды пайдаланып, сақтауды және ұдайы өсіруді қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік, қоғамдық, әкімшілік-шаруашылық, техникалық-өндірістік, экономикалық және зандау шаралар жүйесі.

атмосфераның жоқтығынан. Құн жүйесі алғаш ғарыш шаң-тозаңынан пайда болғаннан кейін ғаламшарлардың тіршілікті жағдайға көшу кезеңдері бірдей өткен. Айдың да атмосферасы мен гидросферасы болған. Мұнда да бір заманда тіршілік қайнарап жатқан. Мәдени дамуы жоғары шегіне жеткен Айдың саналы тіршілік иелері атмосфераны ластаған, оның ыдырауына әкеліп соқтырған. Озондық ойықтың ұлғаюы нәтижесінде Құн радиациясының электр магниттік ағымы, оған қоса қысқа толқынды диапазондағы рентгендік және ультракүлгін сөулелер ғаламшар бетіндегі тіршілікті жойып жіберген. Ай беті жалаңаштанып, шектен тыс қызып, жасыл желек біткен қурап, бұлақ, көл, теңіз бен мұхит буланып, ғарышқа үшып кеткен. Қыыр ғарыштан қаңғып келген аспан тастары ғаламшардың бетін өжімге толтыра берді. Ай беті жыптырлаған қазаншұңқырларға толды. Ғаламшардың күнгей жағы құрғап, түнгі жағындағы ішкі сұы мәңгілік мұз болып қатып қалды. Ай өз осінен айналуын мейлінше баяулатты. Біздің ғылыми зерттеуіміз осыны дәлелдеді...

Әкем мән-жайды Сартай екеумізге түсіндіріп болған соң өзінше ойға батып, үнсіз қалды. Біз үлкен терезеден сыртқа көз таstadtық. Жиегі қара пердемен тұтылғандай қап-қараңғы Ай аспанында менмұндалап өсем Жеріміз көрініп тұрды. Бір кезде Сартай:

– Енді мұнда жасырынбақ ойнамайықшы, – деді.

– Жарайды, енді ойнамаймыз, – дедім мен іле қостап, – онан да ана көрініп тұрған Жеріміздегі атмосферамыздың, гидросфера мен биосферамыздың тазалығын ойлайықшы.

Бағалы дерек

«Аполлон» бағдарламасы – 1961 жылы жылы іске қосылған АҚШ-тағы НАСА ғарыш агенттігінің басқарылатын ғарыштық сапар бағдарламасы. Мақсаты – Айға басқарылатын, яғни ішінде ғарышкерлері бар, ғарыш аппаратын қондыру. Бағдарлама 1975 жылы аяқталды. «Аполлон» бағдарламасы аясында Айға қону бойынша 6 миссия (соңғысы – 1972 жылы) сәтті жүзеге асты. Бұл алты сапардан кейін адамзат әлі күнге дейін астрономиялық нысанға қонған жоқ.

Д.Омаров

– Табиғаттың болашақ тазалығы сендердің қолдарында, – деді сол кезде көкем Сартай екеуміздің сөзімізді тыңдал болып, – достарың да түсіндіріңдер мұны...

Бағалы дерек

Ғаламшар деген сөз грек тілінен аударғанда «кезбе жұлдыз» деген мағына береді. Себебі, олар бір орында тұрмайды. Құнді айналып кезіп жүреді. Құнге ең жақын ғаламшар – Меркурий. Ол Орбита бойымен ете жылдам зымырайды. 88 тәулікте Құнді бір айналып шығады. Шолпан, Жер, Марс та – ғаламшарлар. Ал Юпитер – Құн жүйесіндегі диаметрі 142 мың км-ге жуық, тун кезінде жыптыраған көп жұлдыздың арасынан жап-жарық болып ерекше көрінетін ең ірі ғаламшар. Юпитердегі бір жыл жердегі 12 жылға тең келеді. Оның айналасында 12 серігі айналып жүреді. Юпитерден әрі Сатурн ғаламшары бар. Сатурндағы бір жылдың ұзақтығы – жердегі жердегі 30 жылға жуық келеді, оның 10 серігі бар. Юпитер мен Сатурн – алып ғаламшарлар. Олар негізінен сутегі мен гелийден тұрады. Уран ғаламшары 1781 жылы ғана белгілі болады. Ал мұндағы бір жыл жер бетіндегі 84 жылмен парапар. Марс – Шолпаннан кейінгі ең жақын ғаламшар. Шолпан – Құннің Жер тәріздес серігі. Жерге қарағанда Шолпан Құнгे жақын. Ол 225 Жер тәулігі ішінде Құнді бір айналып шығады. Басқа ғаламшарлардан ерекшелігі ол өз осінен Жер сияқты батысттан шығысқа қарай емес, шығысттан батысқа қарай айналады.

<http://bilimsite.kz/>

Артық болмас білгенің

Байқоңыр – іргесі 1955 жылы қаланған Қызылорда облысы Қармақшы ауданының аумағында орналасқан ғарыш алаңы. Ғарыш алаңын салу үшін Байқоңырды таңдал алу кезінде бұл жердің елді мекендерден қашық болуы, экватор жазықтығына жақындығы, зымыран ұшырудың қауіпсіздігі, қайтып оралатын ғарыштық нысандар үшін қолайлы қону аймақтарының болуы, т.б. факторлар ескерілді. Байқоңырдың басты және көмекші нысандары мен қызмет ету орындары кең аймақта орналасқан, олар бір-бірімен автомобиль жолдары және теміржол арқылы байланысқан. Байқоңырда зымыран тасығыштың әрбір түріне сәйкес бір не бірнеше техникалық тұғырлар және олардың әрқайсысына арналып, бірнеше старттық кешендер салынған. Байқоңырдың ұшу трассасы Арал теңізінен Камчатка түбегіне дейін созылып жатыр. 1957 жылы 4 қазанды Байқоңыр ғарыш алаңынан тұнғыш ғарыш зымыраны сәтті ұшырылды. Ол дүниежүзіндегі ең бірінші Жердің жасанды серігін орбитада шығарды.

Байқоңыр әлемдегі ең ірі жер беті ғылыми ғарыш полигоны болып табылады, оның басты және көмекші нысандарының жалпы ауданы

6717 шаршы шақырым. Байқоңырдан 1961 жылы 12 сәуірде адамзат тарихында тұнғыш рет Юрий Гагарин «Восток» ғарыш кемесімен ғарышқа аттанды. Байқоңырдан Құннің, Айдың, Шолпанның алғашқы жасанды серіктері, «Восток», «Восход», «Союз», «Прогресс» ғарыш кемелері, «Салют», «Мир» орбиталық стансылары, жұмыстар үшін пайдаланылатын және метеорологиялық бақылаулар жүргізуге арналған «Протон», «Зонд», «Прогноз», байланыс мақсаты үшін пайдаланылатын және метеорологиялық бақылаулар жүргізуге арналған жердің жасанды серіктері ұшырылды. Айды, Марсты және Шолпанды зерттеуге арналған ғарыш аппараттары да Байқоңырдан аттандырылды. 1991 жылы 2 қазанда тұнғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубекіров «Союз Т-13» ғарыш кемесімен Байқоңырдан ғарышқа көтерілді. Ресеймен бірлескен бағдарлама бойынша қазақ ғарышкері Талғат Мұсабаев ғарышта үш рет (1994, 1998, 2001) болып, зерттеу жұмыстарымен айналысты. Ғарышкер Айдын Айымбетов 2015 жылдың 2 қыркүйегінде «Союз ТМА-18M» кемесінде Халықаралық ғарыш стансысында болды.

<https://kk.wikipedia.org/wiki/>

1

Білу

1. Фантаст-жазушы Жұніс Сахиев туралы не білдіндер?
2. Қазақтың қандай фантаст-жазушыларын білесіндер?
3. Фантастика жанрына жататын қандай шығармалар оқыдындар, кинофильмдер көрдіндер?
4. Күн жүйесіндегі ғаламшарларды атаңдар.
5. Ғаламшар не үшін керек?
6. «Айдағы жасырынбақ» әңгімесінің кейіпкерлері кімдер?
7. Планетолог деген кім?
8. Айдағы құбылыштар туралы не білдіндер?
9. Өліара дегенге қандай түсінік берілген?

2

Түсіну

1. Мерген мен Сартай не себепті Айға сапар шекті?
2. Сыныптастары неліктен олардың жауабына күлді?
3. Мерген не үшін шұңқырға тұсті?
4. Неліктен Сартай шұңқырға тұсқен Мергенді таппай қалды?
5. Балалардың бір-бірін көре алмау құбылышының сыры не-де екенін әкесі қалай түсіндірді?

3

Талдау

Әңгіме бойынша Жердегі және Айдағы тіршілікті салыстырындар.

4

Жинақтау

1. Әңгіменің идеясын үш сөйлеммен тұжырымдаңдар. Шығарма түйіні қандай?
2. Ай ғаламшарындағы құбылыстарды топтастырындар.

5

Қолдану

1. Айға сапарлары туралы балалар әңгімесін үшінші жақтан мазмұндалап беріңдер.
2. «Бортты журнал» кестесі арқылы ой-тұжырым жасаңдар.

Болжам	Жаңа ақпарат
Тақырып бойынша бұрыннан не білемін? Бұл туралы не білуім керек?	Бұл туралы енді не білдім? Қандай маңызды сәттерді мен енді анықтадым?

3. Түсініксіз сөздер сөздігін құрастырындар.
4. Топтарға бөлініп, «Егер кенеттен күн жоқ болса, не болар еді?», «Басқа ғаламшар адамдарымен бетпе-бет кездесек, не істер едік?», «Күн мен түн ауысса, не болар еді?», «Жерден аспан өлеміне барып тіршілік етсек қалай боллады?» сияқты тақырыптардың біріне қызықты оқиғалар құрастырып көріндер.
5. Жазушының хрестоматияда берілген шығармаларын да оқып алындар. Айды зерттеу туралы мәліметтер жинаңдар.
6. Табиғатты қорғау туралы жоба ұсынындар.
7. «Табиғатты сақтау – кез келген адамның парызы» және «Табиғатты қорғау – үкіметтің міндеті» тақырыптары бойынша қарама-қарсы пікірлер таласын ұйымдастырындар. Қарама-қарсы пікірлерді қолдана отырып, ақиқатқа жетуге тырысындар. «Пікірталас кестесін» толтырындар.
8. Автор өміріне қатысты мәліметтерді пайдалана отырып, шағын топтарда «Ми шабуылды» сұрақтарын құрастырындар.

9. «Синквейн» өдісімен «Киял» сөзіне бесжолды өлең жазындар.

Бірінші жол – тақырыптың атауы (әдетте зат есім алынады).

Екінші жол – тақырыпты сипаттайтын екі сөз (әдетте сын есім алынады).

Үшінші жол – тақырып туралы қимылды білдіретін үш сөз (әдетте етістік).

Төртінші жол – тақырыпқа қатысты төрт сөзден тұратын сөз орамы.

Бесінші жол – бір сөз – тақырыптың мәнін ашатын синоним сөз.

6

Баға беру

1. «Табиғаттың болашақ тазалығы сендердің қолдарында» деген Мерген өкесінің сөзі сендерді қандай ойларға жетелейді?
2. Табиғатты сақтау, оны қорғау дегенді қалай түсінесіндер?
3. Қоршаған ортаны сақтау ісіне қосып жүрген үлестерінмен, тәжірибелеріңмен бөлісіндер.
4. Осы өңгімедегі фантастикалық идея шындыққа айналуы мүмкін бе?

Артық болмас білгенің

1971 жылы «Кеңістік көшпендейлерін» жазуды бастаған соң, ана тілімнен тоқырап бара жатқанымды сезініп, техника саласынан әдеби ортаға келдім. Бірақ, әдебиет саласында жүрсем де, жұлдызды әлемді бақылап-зерттеуімді, техникаға деген өүестігімді тоқтатқан емеспін.

Ғылыми фантастика – өте күрделі жанр. Жауапкершілігі үлкен. Өйткені мұндай шығармалар құр қиялға ғана құрылмайды, көп еңбектеніп, ғылыми негізге сүйене отырып жазу қажет. Өз шығармаларыма арқау еткен бірнеше ғылыми идеям өмірде жүзеге асып, адамзаттың кәдесіне жарады.

Бүгінгі күнге дейін 300-ден астам ғылыми-фантастикалық мақалам мен жазылып қойылған 78 ғылыми-фантастикалық романды айтпағаның өзінде аталмыш сериямен «Тіршілік ұясы», «Борыш», «Шенбердің түйісуі», «Көктен келген көшпендейлер», «Марстан шыққан жаңғырық», «Қимайтын әлем», «Шолпанға көшкен ауыл», т.б. ғылыми-фантастикалық романдарым жарыққа шығып, оқырман қауыммен қауышты.

Ж.Сахиев

Ғылыми фантастика жанрында жазылған жазушы түйндысының мазмұны қандай?

Дабыл

Сөздің көркі – мақал

Адамгершілік болмай,
Әділдік болмас.

Адамның ұтты бетінде,
Адамгершілігі ниетінде.

Қайырымдылық жасасан,
Қайырын өзің көресің.

Кішіпейілділік –
кісінің көркі.

Абай

Фарыштан келіп, Жер атмосфера-сына іліккен созылыңқы тамшы пішінді үлкен тас таңсәрідегі шырт үйқыда жатқан ауыл үстінен ысқыра ағып өтіп, тау аңғарын жанай ұшып, жолындағыны күйдіріп-сыдырып барып, қара жерге жантая қадалды...

...Ауыл ортасын қақ жарып өтетін үлкен көшениң оңтүстік-шығыс жағындағы екі қабат үйдің шамы бүгін ерте жанды. Ондағылар кеше кешке ертеңгісін Ақтау баурайындағы кең сайға серуен құрып қайтпақ болып келіскең. Оның

басты себебі – осы үйдің иесі Төленнің туған інісі Жасағанның алыс астанадан келуі еді. Жасаған – жасы елуден асқан, орта бойлы, шашы сиреген, қыр мұрынды, қой көзді кісі. Қазаққа белгілі түрколог. Ғылым докторы. Жұмысы әркез қауырт өтіп жатқаны. Қазақ халқының қоныс тепкен ата жерінің талай-талай құпия сырларын ашқан ол. Жаңалықтың шегі болған ба? Жасаған уақытын бос жіберген жан емес. Қай кезде де ой үстінде жүргені.

Ол еңбегі еленбей қалған жоқ. Халқының сүйікті азаматтарының бірі болды. Осы ауылда оны ағасы Төлен ғана емес, күллі ел болып, құрмет тұтып қарсы алады. Ал Жасаған болса, оны тәкаппарлық көргендей ыңғайсызданып: «Осы ауылда туып өстім. Енді оған мейман болғаным ұят. Құрмет атаулы бұл жерде маған артық. Бала кезімдегідей сағ ауаны еркін жұтып, еркін жүріп-тұрғым келеді», – деп қашқалақтайды. Төлен де мұнысын түсінеді. Жүзіне қарап ештеңе айтпайды. Бірақ бәрібір ол келгенде қуанышын қайда қоярға білмей тыптырышиды. Әйтеуір бірдемені ойластырып қояды.

Бұл жолы да сондай бір әрекет жасаған еді. Төлен бүгін таң алакеуімнен тұрған. Малын қарап, өзенді аңғарға апаратын жол заттарын түгендерген. Жұбайы Перузат та қарап жүрген жоқ. Тамақ жағын реттеуде. Мұны сезген Жасаған да, әйелі Балайым да қарап жата алмады. «Тыныш ұйықтасын» деп, үйдің екінші

Данаңық ойдан дән ізде

Үш-ақ нәрсө адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.

Абай

қабатындағы демалыс бөлмесіне төсек салып берсе де, екеуі еппен басып, тепкешекпен төмен түсіп, ағасы мен жеңгесіне көмекке кіріскең.

Ауылдың саф ауасы мен таңсөріден сайдайтын түрлі құстарының құйқылжыған дауыстары, маңыраған қой, мө

ңіреген сиыр қаладан келген адамға өзгеше әсер береді. Қаланың шуы мен газ-түтінінен жалыққан Жасаған атшаптырым бақтың ішін аралап жүріп те алды. Содан соң Төленмен бірге қораға барып, союға дайындаған қойды алышып шықты. Соның артынша гүр еткен дыбыс естіліп, Төленнің құрдасы Қазықен арнайы тауға ыңғайланған, дөңгелекпен де, адымдал та жүре алатын бесаспап көлігімен жетті. Төлен қақпаны ашатын түймені нұқи қойды. Ол ашыла бере Қазықен көлікті үй ауласына қарай туралады.

Төлен көліктің ішке қарай дұрыс енуін қадағалап тұрды. Ол деген жеріне жетіп, кілт тоқтап, дыбысын сөндірді. Артынша есігі ашылып, іштен бірнеше адам тусти. Бастаушысы – бойшан, арық, шашын сол жағына жантайта қайырған, көзілдірік таққан сары кісі Әбен мен оның жолдасы, орта бойлы, мұртты, қыр мұрынды, даусы гүрілдіп шығатын Таңатар. Онан кейін түскендер – осы үш еркектің әйелдері. Бірі – дөңгелек жүзді, тәмпіш мұрын, арық келген Айгүл, екінші – орта бойлы, арық, бірақ жүзі реңді, бетінде шамалы секпілі бар Ұлдай, үшінші – дөңгелек жүзді толық бет, балық ауыз, ботакөз Әсел. Айгүл Әбеннің, Ұлдай Қазыкеннің, Әсел Таңатардың жұбайы. Бұлар – бір-бірімен жиі араласатын туыстар. Бұғін де абыр-сабыр бас қосып, сен, мен демей, әрқайсысы ебіне келген істеріне кірісіп кеткен. Жолаушылар көлігіне үқсап келетін салонның артқы жағындағы арнайы бөлімге қой жайғастырылды. Содан кейін табақ-аяқ, құралдар қойылды. Көліктің екінші қабатындағы ашылмалы-жабылмалы тор қораптың ішіне алты қанат киіз үй бекітілді. Осындай ауызбірлік пен ынтымақтың арқасында туыстар уақыт өткізбей, жолға шықты.

Көлік Ақтауға қарай бет алды. Іште отырғандар қөңілді еді. Әйел жағы әндептің те қоя берген. Көлік шыныларынан көрініп түрған табиғат аясы кім-кімнің де көңілін сергітер еді. Ән мен табиғат астасып, алыстан, әсем астанадан келген Жасағанның жан дүниесін тербеді. Ол ойға шомып, айнала төңіректі көзімен шолып өтті. Өзінің балалық шағын еске алды. Талай-талай шарлаған тау шатқалдарын, сайлардағы бұталарды, жабайы алма, алмұрт терген алыстағы күндерін ойлады. Одан бері қаншама жылдар

өтсе де, Жасаған үшін бұл таудың барлық сырды ашылған емес. Әрбір тас өзінің қойнында бір-бір сырды жасырып жатқандай. Өзі де тауқұмар еді-ау. Сол тау мен тас енді өзінің халқының өткен тарихын, жазба ескерткіштерін алдына жайып берген жоқ па? Иә, сонау бір замандағы ата-бабаның нақыл сөздерін, жырларын, әдет-ғұрпы жөніндегі мәліметтерін қойнында сақтап, «Міне, оқып ал» дегендей еді.

Балалық шақтан таныс үлкен сай аңгарына қарай бұрылғанда, Жасаған көлік терезесінің бірінен Ақтаудың ұшар басына қарады. Ол да мұның келе жатқанын жылы қабылдағандай, күн сөулесіне шағылышып, әсемдене, тәкаппарлана түскендей. Жасаған шыдап отыра алмады. Иығындағы фотокинобейне камерасын алып, тау табигатын түсіріп алды. Қолік қия жолмен жылжып, үлкен иектен аса бере камера тетігін тағы басты. Арғы жақтан таныс табигат менмұндалап шыға келген. Аңғар ортасында гүрілдеп өзен ағып жатыр. Оның екі жағалауына топтана өскен қарағай ағаштар таудың сонау басталар тұсына қарай кеткен. Өзен жағасында жылқылар жүр. Алыстан тал бастарына қонып, қайта ұшып кетіп жатқан торғайлар да көзге шалынады. Оның кейбірі желмен ойнағандай, қалбалақтап-қалбалақтап барып, аңғарға қарай құлдилай жөнеледі.



Көлік иектен асып, өзенге қарай құлаған бетте манадан бері тыйылып қалған ән де жалғасып кетті. Енді бір кезде ән тоқтап, өңгіме-дүкен басталды. Сөйлеуін сөйлемп отырса да, бәрінің көздері аңғар табиғатында. Осы кезде Әбен:

– Өзеннің арғы жағындағы тегіске тоқталық, – деді Қазықенге бұрылып, – мына жермен дөңгелекті көлік өте алмайды. Адымдағыш аяғын қос.

Орта бойлы, денесі мығым, дөңгелек жүзді, қыр мұрынды, қысыңқы көзді Қазықен «Мән-жайды түсіндім» дегендей, басын шұлғып қойды. Көлік өзен жағасына жетіп, кілт тоқтап, сәл кідірді де, аяқтарын түсіріп, адымдап баса жөнелді. Су оның сирағынан да келген жоқ. Бірақ өзен арыны қатты, қойтастар көп еді. Көлік аяқтары қойтастардың арасына гүмп-гүмп түсіп, түйеше теңселді.

– Міне, заманымыздың нағыз түйесі! – деп рахаттана күлді Таңатар.

– Әйтеуір бәрі темірге айналды ғой! – деп қойды Әсел.

– Қай нәрсенің де бір артықшылығы, бір кемшілігі бар. Қай-теміз, заман осы. Бұл – менің күнделікті наң тауып отырған көлігім, – деп Қазықен суга бір қарап қойды.

Көлік теңселе-теңселе арғы бетке өтті. Қазықен бір тетікті басқанда ол түйеше шөгіп барып, дөңгелектеріне жатты. Енді жұмсақ жылжып, Әбен көрсеткен тегіс алаңға тоқтады. Бұл – ауыл тұрғындарының жиі-жиі демалыс өткізетін орны.

Іштегілер бір-бірлеп сыртқа шықты. Жолдан мінген қасапшы Бөрібай қойды құшақтай көтеріп алды да, өзен жағасына апарып, аяқтарын жіңішке арқанмен байлады. Айгүл мен Үлдай оған көмекке кетті. Қалғандары көліктің екінші қабатындағы алты қанат ақ үйді түсіріп, тігуге кірісті. Жасаған өзінің киіз үй тігуді ұмыта бастағанын білдіргісі келмей, андалап сөйлейді. Тігушілер өуелі торкөз алты қанатты тұрғызыды, сықырлауықты орнатып, бел арқанмен байлады. Содан соң бірі шаңырақтың күлдіреуішіне айыр қадап, жоғары көтеріп ұстап тұрып, қалғандары уық шашшуға кірісті. Әрбір қанат он еki бастан тұратындықтан, уық қадау көп уақыт алмады. Ши орау мен киіз жабу да ежелгідей жедел орындалды. Бұл кезде өзен жағасындағылар да біраз жұмыс тындырған-ды. Қасапшы Бөрібай қойды әп-сәтте сойып, терісін іреп сипырды. Екі келіншек қойдың ішек-қарның үлкен шараға салып, өзен суына жуды. Содан соң етінен, бауырынан кесіп, қуырдақ дайындады. Үйді тігіп болғандар бұл кезде ішке көрпе төсеп, жайғасып та үлгерген еді.

Қуырдақ келгенше үй-іші мұнда бұрыннан қоныстанған адамдар отырғандай, күбір-күбір әңгіме-дүкенге, емен-жарқын әзілге толды. Жасаған алыстан келген мейман ретінде төрден орын алған. Қалғандары айнала жайғасып, назарды соған аударған. Артынша екі інінен демалған үлкен самауырды, иісі мұңқи табақта қыжылдаған қуырдақты Айгүл мен Ұдай ішке алып кірді. Отырғандар қуырдақ пен шайдан ала отырып, әртүрлі тақырыпқа әңгіме қозгады. Әркімнің қалаған өз мамандығы, кәсібі бар. Мамандар өз тұрғыларынан айтты. Бірі өзінің көлігін айтса, екіншісі есеп-қисабын, үшіншісі мал жайын сөз етті. Жасаған ғана ілтипат сақтап, отырғандардың әңгімелеріне құлақ түріп қалған еді. Бір кезде Таңатар Жасағанға бұрылып:

– Ал, Жәке, ендігі сөз өзіңізде. Әйтпесе мына түрімізben сөз қалдыраш емеспіз. Ауыл әңгімесі бітер ме? – деп күліп қойды.

– Жасаған жасынан тауқұмар, – деп килікті сөзге аға ретінде Төлен, – мына тауда бұл кезбекен жер қалмаған шығар-ау, ақыры сол мақсатына жетті. Фалым болды. Ру-тайпамыздың сонау арғы жағындағы жазба ескерткіштерін зерттеді. Ал ендігісін өзі айтсын...

Жасаған аты шыққан үлкен ғалым болса да, аға алдында ініше ұстамдылық жасап, отырғандарды көзімен бір шолып өтті. Содан соң өзіне ұсынылған кесесін еппен қойып, кейін қарай бір көсліп алды да, сөзін бастады.

– Ағам мені асырыңқырап жіберді, – деді ол Төленге көз тастап, – шынымды айтсам, осы ғылымға біржолата бет бұруыма басты себеп болған өзі еді. Аға ақылы деген осы болса керек-ті. Жарайды, ағайынды екеуміз бір-бірімізді мақтай бермейік. Жаңа өздеріңіз де қалаған мамандықтарыңыздың жетістіктері жайлы айтып өттіңіздер. Мен де өзімнің өмірлік кәсібімдегі жетістіктерімекөшейін. Түркологияның оңай ғылым емес екенін өздеріңіз де білесіздер. Мен Талас жазба ескерткіштерін мұқият зерттеп келемін. Әрине, өздеріңізге бұрыннан белгілі Орхон-Енисей, Талас жазба ескерткіштерінде VI-VIII ғасыр тұсындағы түркі қағандары мен бектерінің, алып батырларының бастан кешкен ерлік жорықтары сөз етіледі. Ал біздің о бастан іздең келе жатқанымыз жалпы түркі мәдениетіне ортақ осы асыл мұралар тілінің қоры қазақ тілінде қаншалықты сақталғанын анықтау болатын. Бұл мақсат бұрыннан бар-ды. Ал бірақ осы жазуларды ғалымдар түрлі саққа жүргіртті. Тіпті кейбірі бұл жазуларды сырттан келген деп те қашыртты. Ал бүгінде біз оның халқымыздың төл жазба таңбасы болғанына көз жеткіздік...

– Мен бір нәрсені тұсінбеймін, – деп сөзге араласты осы кезде Жасағанның мұдірген сәтін пайдаланған Таңатар, – сіздер талай

уақыттан бері тастағы таңбалардың нендей сыр шертетінін ашумен келесіздер. Оның қазақ халқына да көп қатысы бар екені анықталып отыр екен. Тіпті, ол, менің түсінуімше, біздің тұнұсқалы жазу өрпіміз.

Жасаған мына пікірдің тұп-төркінін ұға қойып, сәл қозғалып алды. Содан соң шайынан бір ұрттап алып, сөзін жалғады.

– Тәке, ойыңыз дұрыс, – деді оған қарап, – біз ата-бабамыздың тасқа салып, «Көріңдер», «Біліңдер», «Әрі қарай жалғастырыңдар» деген өситеттерін орындаі алмадық. Заман ағымы шынында да дәстүр-салтымызға көп-ақ қеселін тигізді. Менің түсінуімше, сіз осы кезге дейін неге өз алфавитіміз жоқ дегенге келтіріп отырсыз?

– Иә, иә. – Таңатар өз сұрағынан өзі ыңғайсызданғандай, сәл қысылып жалғады, – біз енді қанша дегенмен ауыл адамы...

– Олай демеңіз, – деді Жасаған отыргандарды да көзімен шолып өтіп, – біздің тарихымыздың, жазба мәдениетіміздің қалған тұстары осы – ауыл, мына сіздер. Жазба тарихымызды зерттегеніммен, мен қалада тұрамын. Ауылдың әдет-тұрпынан шеттеп қала беремін.

Бұдан соң ешкім сөйлемеді. Бір сәт үнсіздік басып, алдарындағы қуырдақтан алып, шайларын ішісті. Бұл тыныштықты тек Айгүл мен Ұлдайдың шығып-кірген жүрістері ғана бұзып тұрды. Олар шығып кеткенде шай құю мен кесе жалғауды Әсел, Балайым мен Перузат қолға алып отырды.

Біраз қуырдақ желініп, шай ішілген соң үй іші тағы да әңгімедүкенге ауысты. Әңгіменің төркіні өлгінде ғана айтылған ежелгі жазба ескерткіштерден көп ауытқып кете қойған жоқ еді. Отыргандардың қебісінің іштейгі сұраныстары да енді соған ауган. Қай-қайсысы да алыстан келген ғалымның көкейіндегі бар нәрсені біліп алғысы келеді. Осыны сезгендей, Жасаған да сөзін содан бастады.



– Ежелгі қазақ таңбасын қай-қайсымыз да білуге міндеттіміз, – деді ол кішкене серпіліп, – біздің өuletіміз түгел оқи алады. Оқып қана қоймайды, жазады, сөйлейді. Ал жуық арада оның негізінде қазақ алфавитін шығарсақ, нұр үстіне нұр болар еді. Мұны жасау менің ойымда өуелден бар. Тек кейбіреулердің «Соның не қажеті

бар. Бұғінгі өрпіміз жетпей ме?» деп қалатыны бар. Ал өріптік таңбасы жоқ үлт қандай үлт болмақ?

Үй-іші сілтідей тынып, Жасағанға қарап қалған. Мына айтылып жатқан сөз сөз емес, көкейге қонымды нақыл-өситет тәрізді. Тек айта берсе екен дейтіндей бәрі де. Ата-бабаның еңбек етіп, тасқа қашап жазған таңбаларын қайта тірілтіп, күнделікті жазу көсібімізге қолдану қай қазақтың да көкейіндегі нәрсе емес пе? Тау аңғарындағы, гүрілдей аққан өзен жағасындағы осы бір алты қанат ақ үй дәл қазір қайта айналып, өз ғасырына келгендей еді.

— Ежелгі таңбаларымызды Төлен де жақсы біледі, — деді бір кезде Қазықен оған қарап, — дауыстап оқығанын, сырғытып жазғанын көрсөн.

— Бұл таңғаларлық жақалық емес, — деп ынғайсызданған сыңай танытты Төлен бұл сөзге, — тарихымызды білмесек, кім екенімізді қайдан ұғамыз? Менің көкейімді кегжейтін нәрсе, ана халықтың алфавитіне бір, мына халықтың алфавитіне бір жабысмыз. Айналайындар-ау, сонау заманнан бері тасқа қашалып өзімізге жеткен таңбамызды неге ескермейміз? Неге біз сол таңбалардың негізінде төл алфавитімізді жасамаймыз деп, Жасағанға маза бермей келе жатқан мына меннін.

— Бұл саған мақтаныш емес! — Таңатар қызууланып кетті. — Ал бірақ сенің осы мәселені қозғағаныңа, мына құллі ауыл түрғындары, қала берді құллі қазақ баласы, біз мақтануымыз керек. Жасасын. Біз тек тілекtesпіз...

— Рахмет, — деді сол кезде Жасаған қоңыр үнмен, — ниетте-ріңізге көп рахмет! Менің бұған дейінгі отыз жылдық ғұмырым осы таңбаны зерттеу жолында өтті. Ендігі қалған өмірім алфавит жасауға арналады. Мына дәм үстінде уәде беремін.

— Мақсатыңа жет! — деді оған Әбен жасының үлкендігін білдіріп, — қане, өумин делік!

— Өумин! — десті отырғандар.

— Ал енді былай шығып, бой жазсақ қайтеді ет піскенше. Мына тау табиғатын тамашалайық. Жоғарырақта өлгі мың қой емін-еркін сыйып кететін алапат үңгір бар емес пе? Соны көрелік, — деп Жасаған тұруға ыңғай берді.

Бәрі бата берісіп, орындарынан түрегелді. Келіншектер ер кіслерге жол берді. Бұлар бір-бірлеп сыртқа шықты. Үй маңында қойдың бас-сирағын үйітушілер мен ет асуышылар ғана қалды. Әбен, Төлен, Жасаған, Таңатар мен Қазықен жартасқа қарай бет алды.

Олар біраз жер өрлеген соң айналаның қорінісі кеңейіп, иектің арғы жағындағы ауыл мұнартыып көрінді. Сай аңғарындағы, өзен


жағалауларындағы жайылып жүрген жылқылар күн көтерілген соң аздал шыбындағы бастаған. Бастарын төмен салып, құйрықтарын анда-санда желпіп тұр. Манағы тынымсыз ұшып-қонған торғайлар да тым-тырыс. Самал жел де тына қалған. Бәрі де тауға өрлеушілердің көңіл күйлеріне кесел келтіргілері келмегендей тыныш. Төлен өзі бастап келеді. Ол бұл үңгірді жиі көреді. Оның отарларға баратын жолынан қашық емес. Сондықтан ол жеңіл көлігімен жүйткіп өтіп бара жатып, қарап қоятын. Енді оның қарайған алапат аузына жақындағы келеді. Қалғандар да тастасты сипалай ұстап ілесуде. Бір кезде Таңатардың сол жағындағы кішкене бұтандың түбінен бірдеме ирелең ете қалды. Селк ете түскен ол ытқып, домалақ тас ұстіне шығып кетті. Бұл оқыс қозғалысқа қалғандар да бұрылыш қараған еді. Қаудырап қалған шөп жапырақтарын сыйырлатып, бір қара шұбар жылан суылдағы кетіп барады екен. Таңатар бір қатерден аман қалғанына қуанып, жылан ұзап кеткенше күтіп тұрды. Содан соң «Тағы да жоқ па?» дегендей, айналасын жіті бақылап алыш, ілгері қозғалды.

Бұдан кейін демалушылар үлкен бір тасиекті айналып өтіп, ала-пат үңгірдің аузына жетті. Оның іші шынында да кең еді. Мың қой емін-еркін сыйып кетеді. Іші жарық. Жарық болатын себебі, оның ішкі жағының төбесі тесік. Онан ауа кіреді. Сондықтан қатты боран болса, мұнда мың қой жан сауғалап шыға алады. Жасаған үңгірдің ішкі қабырғасын, төбесін айнала қарап, көзімен мұқият шолып шықты. Бұрынырақ келгенінде бұлайша мән бермеген болатын. Енді ел, жер тарихына деген ғалымдық көзқарас өрбір көртікке дейін аңғартады. Тіпті бір кезде ол осы үңгірдің бір жерінде ескі жазулар жоқ па екен деген оймен үңіле қарап шықты. Ондай ештеме көрінбеді. Жазу болса, бұл кезге дейін жасырын қалуы мүмкін емес.

Бәрі үңгірдің төріне дейін өрледі. Ол тұстағы үлкендейгі киіз үй шаңырағындағыдай тесіктен сыртқа қарады. Онан көгілдір аспан көрінеді. «Мына үңгір өзі алыш ошақты көзге елестетеді екен» деп қойды ішінен Жасаған. Соны ойлап болмайынша, үңгірден қайтып шығып кеткен Қазыкен:

– Бері шығыңыздаршы! – деп дауыстап қалды.

«Тағы да қарашибар жылан ба?» деп қалған бұлар асыға басып, майда тастарды сыйырлата сыртқа шықты. Онан оңға бұрылды. Қазыкен үңгірдің сол қапталын ала қара жерге жантая қадалған бір үлкен тастың алдында тұр. Тас қандай да бір жалынның ыстығынан қарайып күйген. Бір қарағанда-ақ жер тасына ұқсамайтын сияқты. «Бұл неғылған тас болды екен?» деген ой бәрінің де ми қыртыстарын шарлап өтті. Енді қай-қайсысы да неше



қарашұбар жылан келсе де қорқатын емес. Бар есіл-дерттері әлгі алып қара таста. Мына үңгірдің оң жақ тұсынан келіп ішіне кіріп кеткендіктен, оны ешқайсысы көрмеген еді. Енді қайран болып тұр. Біреу әдейі әкеліп, тап осы жерге қадап кеткендей. Жасаған қолындағы фотобейнекамерасымен ғажайып тасты бірнеше рет сырылдағы түсіріп алды. Сөйтті де, сөл ойланып:

— Мениң пікірімше, бұл тас аспаннан түскен, — деді оның ол жақ, бұл жағын қарайлап, — үлкен жылдамдықпен келіп қадалғаны көрініп тұр. Аспанда, атмосфера дағы ауа үйкелісінен лапылдағы жанғандықтан, төңірегі қарайып күйіп кеткен.

— Берірек келіңіздерші, — деді сол кезде тас бетін көзімен жіті шолып шыққан Төлен, — мына таңбаны қаралызыдар?

Қарайлған тастың бір бетіндегі ирек-ирек бірдемелерге көзі түсіп кеткен Жасаған алтын тапқандай, алқына ілгері ұмтылды. Қалғандары да жетті. Бұған дейін Төлен мен Қазыкен қара күйені саусақтарымен үйкеп-үйкеп жіберген еді. Әлгі ирек таңбалар сөл де болса анықталды. Жасаған тағы шыдап тұра алмады. Қалтасынан бет орамалын алды да, оның тазалығына қарамастан, жазуларды үйкеп сүртіп, олардың өзіне таныс әріптерден құралғанын көргенде жүзі бал-бұл жанды.

— Мынау Талас жазуы ғой! Қайсыныңызда тағы бет орамал бар? Сүртіңіздерші тезірек! — деді шыдамсызданып.

Әркім қалтасында барын шығарып, сүртіп жатты. Орамалы жоғы

жерден кішкене таяқша алып, күйелерді кетіре бастады. Жасаған енді қалтасында үнемі жүретін кішкене бәкісін алып, таңбалардың ізін қазды. Олар алғашқыдан да анықтала түсті. Жазулардың бәрі сұртліп біткен кезде Жасаған кейін шегініп барып, тастағы жазуларды бірнеше рет фотоға, бейнефильмге түсірді. Содан соң қайта жақындалап, ондағы жазуларға үцілді. Iрі-ірі таңба өріптермен қашалып жазылған жазуларды оқып шыққаннан кейін ол былай деп аударды: «Жұлдызаралық жолымыздағы тоғыз ғаламшардан құралған осы бір жұлдыз жүйесіндегі көгілдір кезбешар назарымызды айрықша аударды. Оның өзіміз аялдаған жалғыз табиғи серігінен мұқият бақылау жүргізгенімізде тіршілік иелері – адамдармен қатар олардың тасқа ойып жазған жазуларын да кездестірдік. Ол жазулар арқылы Талас делінетін езен бойын мекен еткен халықтың тарихын білдік. Енді бір келгенімізше олар жоғары мәдениет дәрежесіне жетеді. Сонда біз олармен осы тілде сөйлесетін боламыз. Ал оған дейін олар осы серікке ұшып келе қалса, бұл ескерткішімізді оқып, біздің осында келгенімізді біледі. Бұл тасты сол мақсатта қалдырып отырмыз. Қүнгей ғаламшарының ғарышкерлері». Жасаған соңғы сөзді оқып-аударып болған соң жаңындағыларға қарады. Бұлар үн қатқан жоқ. Жасағанға мән-жай түсініксіз болса, қалғандар не айтсын. Фалым ө дегенде мұндай жазу шығады деп ойламаған-ды. Енді қараса, мәселе Жерден тыс жағдайға көшken сияқты. «Сонда мұның қалай болғаны?» деген ой мазалай бастады Жасағанды. Тастың жылыштықтарына қарағанда, ол я түнде, я болмаса таң ата құлаған. Мұны өзірге ешкімнің байқамауы да содан болса керек-ті.

Бәрі оның айналасын қарай бастады. Тастың аспаннан келіп түскеніне жаңағы сөздерден басқа да бұлтартпайтын дәлелдер бар екен. Ұшу траекториясы осы сай қиясының көлбеулігіне параллель келген. Сондықтан ол қыр көлбеуін жанай үшқан да, желімен де, отымен де талай тастар мен шөп бастарын құйдіріп батып, осы жерден дамыл тапқан. Қигаштаған бойы қара жерге найзаша қадала кеткен. Жазуы бар беті де түп-тура «Мені көріңдер, жазуымды оқындар» дегендей, ауыл жаққа қаралты.

– Бұл жөнінде тездетіп астанаға хабарлау керек! – деді аз үнсіздіктен соң Жасаған қолсағатына қөз салып, – тамақ жеп болған соң осы іске кірісуіміз керек!

– Сонда мұның не болғаны? Түсінсем бүйірмасын?! – деді Қазықен тас бетін алақанымен сипап қойып.

– Ғарыштан келгені анық. Ал не жазылғанын өздеріңіз тыңда-дыңыздар.

– Сонда біздің ата-бабаларымыздың жазулары сонау қыыр кеңістіктеңі ғаламшар тұрғындарына да мәлім болғаны ма? – деп тасқа бір, Жасағанға бір қарады Таңатар.

– Соны меңзеп тұр. – Төлен тасқа жақын барып, жазуларды бір шолып шықты.

– Ал, ендеше, киіз үйге баралық, – деді сол кезде дегбірсіздене бастаған Жасаған.

Жазуы бар тасқа тағы бір-бір көз тастанап алып, төмен қарай түсे бастады. Үлкен бір бұтанаң оң жағын айналып өтіп, киіз үй көрінетін биікке шыққанда төменнен ентіге басып келе жатқан Бөрібай көрінді. Шамасы ет піссе керек-ті. Тас жағдайымен айналысып, зырғып өте шыққан сағат жарым уақытты бұлар байқамаған. Ал үйдегілер болса, «бұлар бірдемеге ұшырады ма?» деген үрейлі оймен Бөрібайды жіберген. Ол бұларды көрісімен, басындағы қалпағын алып, қолын бұлғады. Төлен оған оң қолын көтеріп, келе жатқанын білдірді.

Киіз үй алдына келгенде, әйел қауымы қолдарына ұстаған құмғандары мен сұлгілерін ыңғайлай берген. Әуелі Жасаған қол жуды. Содан соң Таңатар, Қазықен, Әбен, ең соңында Төлен. Бұлар қол жуысымен Бөрібай өзінің көмекшілік қызметіне кірісіп кетті. Таудан түскендер қашан дастарханға жайғасып, дәмнен алғанша жаңалықты айтқан жоқ. Бас Жасағанның алдына қойылды. «Астанадан келген мейман» деп құрмет етіп жатқанын түсінген бұл қолындағы пышағымен оның қүйқасын кесіп алып дәм татты да, жанындағы Таңатарға бұрды. Ол да осыны қайталап, әрі қарай жылжытты. Отырғандар тамақ жеумен қатар жаңа ғана көрген жаңалықтары жайлы айта бастады. Мұны естіген әйел қауымы қайран болысты. Шынында да, мұның қай ғаламшардан келіп түскенін түсініп білу қыын еді. Жазба ескерткіштерді түрлі аймақтан тауып, текстерін оқып-білгені болмаса, ешқайсысы да аспаннан дәл өстіп жазуы бар тас түскенді көрмек түгілі естіген емес-ті.

Ет желініп болған соң, демалушылар сорпа ішті. Онан кейінгі кезек шайдікі еді. Манадан бері тамақты асығыстау жеп, ішінен дегбірсізденіп, бірақ мәдениеттілік сақтап отырған Жасаған шай жөнінде айтылғанда:

– Шай қойыла берсін. Қарсылық жоқ. Бірақ біз оған дейін жедел іс тындыралық, – деді тұруға ыңғай беріп, – мына жаңалықты астанаға хабарлауымыз керек. Бесаспап өве кемесін жіберсін. Қолды далада жуармыз.

– Ол жаққа тіпті, жаңа ғана өзіңіз түсірген суреттердің көшір-месін де жібермейміз бе, Жөке?! – деді сол кезде Қазықен.

- Телефакспен бе?
- Иә, көлікте қалағаныңыздың бәрі бар.
- Ендеше, тұралық.

Бата берілген соң бәрі сыртқа шығып, өзенге келіп, қолдарын жуды, ауыздарын шайды. Жасаған фотобейне-камерасының кішкене саңылауынан бірнеше фотосуретті сұрып алғып, ішінен жақсысын таңдал, Қазыкеннің көлігіне қарай беттеді. Бұл кезде Қазыкен көлігінің басқару пультіндегі ауыл орталығымен байланыстыратын бейнетелефонды қосып үлгерген еді. Жұмсақ орындыққа Жасаған жайғасты.

– Қарағым, бұл Жасаған ағаң еді, – деді ол кішкене экраннан көрініп тұрган жас қазақ қызына, – мені астанамен жалғастыра қойшы.

- Қазір, – деді қыз.

Жасаған қолындағы ап-анық түсірілген суретке бір қарап қойды. Қазыкен болса, бейнетораптың жұмысын бақылап, үзіліп қалмау жағын қадағалап отыр. Қалғандары көліктің сыртында. Кейбірі біреу өкетіп қалатындей қыр жаққа, жазба ескерткіш бар тас жатқан үңгір жаққа көз тастап қояды.

Мұнда тек әйелдер жағы ғана үй ішін жинау, табақ-аяқ жуу, шай қоюмен өлек.

– Ағай, астанамен сөйлесіңіз, – деді бір кезде талдырмаш сары қыз ұзын кірпіктерін қозғалта сөйлеп, – экранда!

– Рақмет, қарағым! – Жасаған ыңғайлана отырды, – мен Жасаған Қайдарұлымын ғой. Мені академия басшысымен қосыңызбы.

– Құте тұрыңыз, – орталық бейнестанцияның кезекші қызы экраннан бір сәтке ғайып болды да, қайта пайда болды, – сөйле-сіңіз.

– Амансыз ба, Жанқуат Пазылұлы! – деді Жасаған сабырлы үнмен, – туған ауылымның тау бөктерлерінің бірінде тұрмын. Белгілі Ақтау ғой. Демалыста едім.

– Иә, білемін. Халің қалай, Жасаған? Денсаулығың жақсы ма? – деп басшы жылы шырай таныта сөйлеп кетті, – бала-шагалар аман ба? Демалысың қалай өтуде?

– Рақмет, Жанқуат Пазылұлы! Бәрі ойдағыдай. Демалып жатырмын. Бүгін бір жақын ағайындар бірігіп, мына тауға демалуға шығып едік...

– Әрине, ауыл табиғатына не жетсін. Біз ғой, мына қала шуымен арпалысып... Иә, не жағдай, Жасаған? Жай ма?

– Мен мына өзіңіз экраннан шет жағасын көріп тұрган табиғат ортасында бір жаңалықтың куәгері болып тұрмын.

- Иә, ол не жаңалық? – деп елең етті Жанқуат, – тағы да жазба ескерткіш таптың ба?
- Жазба ескерткіш. Бірақ оның жөні басқа. Жердікі емес.
- Жердікі емесі қалай?
- Фарыштан келіп құлапты.
- Фарыштан?
- Иә. Тастағы жазу соны дәлелдеп түр.
- Сонда ол қашан болған нәрсе?
- Жобалауымша, осы бүгін таң ата түскен. Біз ұстаган кезде, ол өлі жылы еді.
- Жазуларын оқи алдың ба?
- Оқыдым.
- Қай тілде екен? Не жазылыпты?
- Мұның ең ғажабы, Талас таңба жазуы болып шықты.
- Не дейсің?
- Дәл солай болып түр, Жанқуат Пазылұлы!
- Мұның қызық екен!
- Қөргіңіз келсе, мен қазір...

Жасаған бейнепульттегі кішкене қақпақты ашып, ішіне тастың суретін салды да, қайта жауып, түймелердің бірін басты. Бұл кезде ғалым да телефондың қосып, бейне күтіп отырған еді. Бір кезде тілдей жалпақ, саңылаудан су етіп сурет түсті. Жанқуат оны еппен қолына алғанда, ол жылы еді. Ұлкен ғалым тас пішініне, ондағы қым-қуат жазуларға үңіле қарап алды. Суреттің әмульсиялық бетін шам жаққа қарсы қаратып та барлады. Ал бұл көріністің бәрін Жасаған көліктегі бейнетелефонның кішкентай экранынан ап-анық көріп отырды. Бірер минутқа екі жақта да тыныштық орнаған еді, өлден соң басшы экранға қайта бұрылды да:

– Мынауың ғажап жаңалық, Жасаған! Құттықтаймын! Алаң болма, айналасы сағат жарым уақыттың ішінде бесасспап жүк тасушы өве кемесі сонда болады! Құте тұрындар. Сол кемемен өзің де бірге келерсің. Қалған мәселені осында шешеміз, – деді.

- Рақмет, Жанқуат Пазылұлы! – деп Жасаған іле жауап қатты.
- Қөрікенше сау бол! – деп Жанқуат бейнетелефонын сөндірді.
- Сау болыңыз!

Жасаған ұзақ уақытқа қоштасқандай осыны айтып, бейнетелефонды сөндірді де, көліктен түсті. Қазыken бейнеторабының анау-минауын жинастырып жатты. Сырттағылар Жасағанды жан-жақтан қаумалап, «не болдыға» көшкен. Ғалым небәрі екі сағат ішінде астанаға жүріп кететінін айтқанда, ағайындары сөл қиналышқырап қалды. Мына тас бүкіл демалыс рахатын бұзып-ақ

жіберді, бірақ қай-қайсысының көкейлерінде мұндай жаңалықтың өз аулында болғанын мақтана айтып жүретін реттері бар екені сыртқа сөл-ақ шықпай түр еді.

Хабарлаушылар киіз үйге қарай беттегенде, шай дайындалған келіншектер мән-жайды білмекке асыққан. Жасағанның бет-әлпеті бал-бұл жанып, тас жатқан үңгір жаққа қарайлай береді. Тұла бойын үлкен бір ой толғанысы қысып, бір жерде тұрақ таппай, әрі-бері жүргуге көшкен. Бұл созғалақтыққа шыдамаған Айгүл:

– А, шырақ, шай сұып қалатын болды. Құтіп отырмыз. Қалған әңгімені шай үстінде айтыңыздар, – деп Жасағанға жақындағы.

– Қазір, женеше! – деді Жасаған ой тұңғиғыынан оянғандай басын көтеріп, – ішелік. Бір жарым сағат деген көп уақыт емес. Оған дейін астаналықтар да келіп жетер!

Шай үстіндегі әңгіме қызып, бір жарым сағат белгісін бермей өте шықты. Енді бір кездे дүр ете қалған алышпесас спап жүк кемесінің дауысы да естілді. Бәрі үйден шығып, жоғары қарасты. Әуе кемесі дүрілдей түсіп, өзен жағасындағы жазыққа төмендей берді. Оның алапат бірнеше пәресінен құйындаған жел айналаны желпіп, анау-мынау женіл нәрселерді ұшырып әкетті. Жасағанның бірер тал бүйра шашы ол желгеге желбіреп түр. Қалғандары беттерін оң қолдарымен қалқалап алған.

Кеме жерге табан тіреп, дыбысы сөнген кезде, қарсы алушылар оған жақындаій берді. Одан үш адам тұсті. Біреуі – кемені басқарушы. Екіншісі – Жанқуат Пазылұлының көмекшісі Баламұрат Еңсерұлы, ал үшіншісі – жүкті әуе кемесіне тіркеуге көмектесуші. Жасаған үшеуін де арқадан қағып, ежелден білетін туыстарындаі қарсы алды. Қалғандары да емен-жарқын амандастып жатыр. Баламұрат Еңсерұлы амандықтан соң тасқа қарай баруды ұсынып еді, оған Жасаған көнбеді. Шай ішіп, дәм татпай бұл жерден аттануға болмайтынын, оның қазақ салт-дәстүріне сыймайтынын айтып, киіз үйге қарай бастады...

1

Білу

1. Фарыштан жер бетіне қандай зат келіп тұсті?
2. Жасаған деген кім? Портреттік сипаттамасы қандай?
3. Жасаған туыстарымен қайда жиналды?
4. Қазыкеннің көлігі туралы не айтасындар?
5. Әңгіме кейіпкерлері қалай сипатталған?
6. Ауыл табигаты қалай суреттелген?

7. Жасаған ғылыми жаңалығы туралы қандай өңгіме айтты?
8. Ежелгі жазба ескерткіштері туралы сендер не білесіндер?
9. Жасаған жазба ескерткіштері туралы не айтты?
Жасағанның мақсаты қандай?
10. Қонақтар барған үңгірді сипаттаңдар.
11. Қазыкен үңгір жанынан не тапты?
12. Тастағы жазудың аудармасы қандай?
13. Тастың қайдан келгені анықталды? Жауаптарынды дәлелдендер.

2**Тұсіну**

1. Өңгіме неліктен «Дабыл» деп аталған?
2. Ауыл түрғындары неліктен Жасағанды құрмет тұтады?
3. Таңатар машинаны неге заманымыздың нағыз түйесі дейді?
4. Жасаған тасты көргенде неліктен қуаныш кетті?

3**Талдау**

Өңгіме кейіпкерлерін салыстырып, қорытынды шығарындар.

4**Жинақтау**

1. Өңгіменің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.
2. Жасағанға тән қасиеттерді топтастыру сызбасы арқылы көрсетіңдер.

5**Қолдану**

1. Фарыштан келген қара тастың суретін сипатына сүйеніп салып көріндер.
2. Хрестоматиядан өңгіменің жалғасын оқып, жазушы көтерген мәселе төңірегінде пікірталас үйымдастырындар.
3. Топтарға бөлініп, «Ойлаудың алты қалпағы» өдісі арқылы өңгіме идеясы бойынша ойларынды білдіріңдер.
«Ақ қалпақ» → проблемага қатысты деректерді талассыз келтіреді;
«Сары қалпақ» → сәтті кезеңдерді айтады;
«Қара қалпақ» → проблеманың сәтсіз тұстарына тоқталады;
«Көк қалпақ» → талдау жасайды, топтар Не үшін? Неге? Неге байланысты? деген сұрақтарға жауап іздейді;

«Жасыл қалпақ» → «ақылға сыйымсыз» идеялар мен болжамдарды ортаға салады;
 «Қызыл қалпақ» → оқиғаны оқу барысында бастаң кешірген сезімдерін тұжырымдайды.

4. Шығарманы түсініп оқып шығып, тапсырмаларды орындаңдар:
 - мәтін мазмұнына сәйкес тақырыпты анықтаңдар;
 - мәтінді бірнеше мағыналық бөлікке бөліңдер;
 - әр бөлікке атау беріңдер;
 - әр бөліктің негізгі ойын білдіретін сөйлемдерді табыңдар;
 - мәтіндегі барлық кейіпкерлерді кезегімен атап шығыңдар;
 - кейіпкерлерді сипаттайтын сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді анықтаңдар;
 - кейіпкерлердің ой толғамын білдіретін сөйлемдерді көрсетіңдер;
 - шығармадағы оқиға орын алған жерлерді атаңдар;
 - шығарманы аяқтаудың нұсқасын ұсыныңдар.
5. Өздерінді толғандырған тақырыпқа фантастикалық әңгіме жазыңдар.
6. Руникалық жазулар, олардың зерттелуі туралы мәліметтер қорын жинаңдар, тұсаукесер дайындал, топта талқыланадар.
7. Қазақстан Республикасы Парламентінің шешімімен 2014 жылдан бері 18 мамыр «Түркі жазуы күні» болып белгіленген. Аталған іс-шараға қатысушы ретінде түркі жазуының қандай мәселелеріне көңіл бөлөр едіңдер? Ойларыңды ортаға салыңдар, қоғамда орын алған ой-пікірлерді де пайдаланып, постер құрыңдар.

6

Баға беру

1. «Тарихымызды білмесек, кім екенімізді қайдан үғамыз? Менің көкейімді кегжейтін нәрсе, ана халықтың алфавитіне бір, мына халықтың алфавитіне бір жабысамыз. Айналайындар-ау, сонау заманнан бері тасқа қашалып өзімізге жеткен таңбамызды неге ескермейміз? Неге біз сол таңбалардың негізінде төл алфавитімізді жасамаймыз?» – деген Төлен сөзін қалай түсінесіңдер?
2. Әңгімеде көтерілген мәселеле туралы пікірлерінді білдіріңдер.

3. Еліміздің латын алфавитіне көшуіне байланысты ойларыңмен бөлісіндер. Қазақ жазуының болашағы қандай деп ойлайсыңдар?



Түйін

Жұніс Сахиев – ғылыми фантастика жанрына қалам тербеген қазақ жазушысы. Ол 1971 жылдан бастап, «Кеңістік көшпендейлері» деген жалпы айдармен сериялы ғылыми-фантастикалық романдар жазып жүр. Он роман – «Тіршілік үясы», «Борыш», «Шенбердің түйісуі», «Көктен келген көшпендейлер», «Марстан шыққан жаңғырық», «Қимайтын әлем», «Шолпанға көшкен ауыл», «Космотарих қуәсі», «Су әлемінің саздары», «Жасампаздық қырырында» оқырман қолына тиді.



Әдебиет теориясы

Фантастикалық жанр

Фантастика – әдебиеттің өмір шындығын қиял түргысында әсірелеп бейнелейтін жанры. Фантастика **ғылыми-фантастика, фантастикалық скетч, фантастикалық юмор** болып бөлінеді. Қазақ әдебиетінде фантастика халық қиялышынан туған хайуанаттар жайлы қиял-ғажайып, тұрмыс-салт ертеғілерінен бастау алады. Мысалы: «Ер Төстікте», «Керқұла атты Кендебайда», «Қырық өтірікте» фантастика жанрының негізгі элементтері кездеседі.

Ғылыми-фантастика жанры қазақ әдебиетінде XX ғасырдың алпысыншы жылдары қалыптасты. Әдебиетіміздегі ғылыми-фантастика жанры бүгінгі күні М.Сәрсекенің «Ғажайып сәуле», Т.Сұлтанбековтің «Көшпелі алтын», Ш.Әлімбаевтың «Данышпандық альфасы», Т.Сүлейменовтің «Әл-Фараби көпірі», «Жұлдыз адамы», Ә.Мархабаевтың «Фарыштағы қымызы», Н.Кенжегұлованың «Қыын шешім», М.Гумеровтің «Жұмбақ сәуле», С.Фаббасовтың «Кәусар», Р.Бектібаевтың «Ионосферадағы алаң» атты повестері мен романдары, Ж.Сахиевтің бір ғана сериямен жазылған 11 томдық шығармалары арқылы белгілі.

«Қазақ әдебиеті» анықтамалығы



Тапсырма

Қосымша деректерге сүйеніп, фантастикалық жанр түрлеріне мысал келтіріндер.

Қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленетін қаламгер туралы білуге асығайық!

РОЗА МҮҚАНОВА



РОЗА МҮҚАНОВА
(1964 жылы туған)

Танымал қазақ жазушысы Роза Мүқанова 1964 жылы Шығыс Қазақстан облысы Уржар ауданы Көлденең ауылында дүниеге келген.

Р.Мүқанованың «Жарық дүние», «Дүние кезек» әңгімелер жинағы, «Құдірет-Кие» әңгімелері мен драмалық хикаяттары жарық көрді. 2001 жылы Рабғұзидің «Қисса-сұл-Әнбий-я» кітабын алғаш рет қазақ тіліне тәржімалады.

Роза Мүқанова – Қазақстан Жазушылар Одағы сыйлығының, «Жалын» журналының, Т.Айбергенов атындағы сыйлықтың, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты. 2011 жылы Еуропалық қоғамдастықтың үйгарымымен Прага қаласында әдебиетке сіңірген еңбегі үшін Франц Кафка атындағы медалімен марапатталды.

Р.Мүқанованың «Мәңгілік бала бейне» әңгімесінің кейіпкері Семей полигонынан зардал шеккен қызы – Ләйлә. Прототипі – Еңлік атты Семей қаласының тұрғыны. Адам қолынан жасалып, жанына бітпес жара салған осынау қасіреттен зардал шегуші тағы да – адам. Әңгімеде жаны жаралы Ләйлә көбінде аймен сырласып, бар мұң-зарын, қайғы-қасіретін соған айтумен болады. «О, жарық Ай, мұсіркеме сен мені. Мен күнәсіз қызы баламын. Сезімім бүтін, ақылым дұрыс. Бірақ мынау тіршілік дүниесінен безінген жұдырықтай жүрегім кек пен қасіретке толы», – деп қамығады.

Зергер сөз

Роза Мүқанова шығармаларын адамның жанына үнілуден туындаады. Адамның жаны үлкен қасіретте барынша ашылады. Роза адам қолымен жасалған хайуани қасіреттен адами мағына іздейді. Сезімге тиетін детальдар табады.
Ж.Қорғасбек

Сынақтан зардап шеккен жұрт қатары күн санап сиреуде. Қарауылдың басында азалы үн толастар емес. Құн сайын көз жұмып, дүниеден көшіп жатқан ауылдастарының қазасы ауыл-аймақтың еңсесін езіп жібергендей. Осындай уақытта «Қатираның оқудағы баласы келін әкеледі екен», «Той болады!» деген хабар бүкіл ауылға бір қуаныштың бастауы сияқты, өзгеше бір сілкініс әкелгендей. Ал Ләйләнің тіршілігі мүлде бөлек. Ол күн батысымен сұғанақ көздерден аулаққа, Теренсайға жасырынып, көктегі аймен сырласуды әдет қылған. Мүгедектігінен, жетімдігінен жуасып, жасып қалған шарасыз қыз үнемі жұрттан жырақ жүреді. Оның ішкі зарын, мұн-наласын Айғана құлақ асып тыңдалап, ұғып тұрған тәрізді көрінеді. Рухани, физиологиялық тұрғыда бойжетіп келе жатқан қыздың ішкі дүниесі арманға толы. Ертеден қара кешке дейін кекетіп, мұқатқан жұрттың сөзі мен көзінен өбден қажыған бойжеткен терең сайға келіп, мүлде басқаша тіршілік кешеді. Мұнда ол өзін бақытты, үріп ауызға салғандай сұлу деп санайды. Себебі мұнда оның сыртқы мешелдігіне көзін сатып, сұқтана қарайтын адамдар жоқ, жаны сұлу да таза жас қыз өзін осы жердеған еркін сезінеді. Сюжеттік оқиға желісі ұзақ емес. Автордың көздегені – жекелеген адамдардың өмірлік құндылықтары туралы өзіндік көзқарас тұрғысынан қоғамға зер салу. Сондай-ақ адам жасаған антропогендік әсердің салдарынан мүгедек болғандардың қасиretіне қоғам назарын аудару.



Сөзмаржан

антропогендік әсер – табиғат құрамдарына (өсімдіктер, жануарлар, өзен-көлдер, т.б.) адамның шаруашылық әрекеттерінен туындағының факторлар тобы
мешелдік – 1. Ағзада қажетті дәрумендердің жетіспеуінен болатын сүйек ауруы.
 2. Артта қалу, дамымау

Артық болмас білгенің

Семей полигоны – КСРО ядролық сынақ полигондарының аса маңызды стратегиялық нысаны болды. КСРО заманында Қазақстан аумағында атом бомбалары сынақтан өтті. Ол үшін арнайы 18 млн. га жер бөлініп, Семей ядролық полигоны ашылды. Бастапқысында адамдарға, жануарлар мен табиғатқа тікелей зардабын тигізген ашиқ сынақтар жасалды. Сосын оларды жер астына жасай бастады. Атом бомбаларының жарылыштар зардабы сүмдік ауыр болды. Семей

маңындағы радиациялық әсер аймағында тұратын 500 мыңдай адам осы сынақтан азап шекті. Семей ядролық полигонындағы сынақтардың жалпы саны 456 ядролық және термоядролық жарылышты құрады. Олардың 116-сы ашық болды, яғни жер бетінде немесе әуе көністігінде жасалды. Семей полигонында әуеде және жер бетінде сынақтан өткізілген ядролық зарядтардың жалпы қуаты 1945 жылы Хиросимаға тасталған атом бомбасының қуатынан 2,5 мың есе көп болды. 1949 жылғы 29 тамызда танғы сағат жетіде көз ілесспес жылдамдықпен үлғайып бара жатқан отты доп кенеттен Жер денесіне қадалып, оны шарпыш өтіп, аспанға көтерілген. Отты шардан соң, сұрапыл қуат пен көз қарықтырар сәуле бас айналдырып жібергендей бір сәтте жер қабығының ыстық күлі мен иісі көкке көтерілген. Жер лыпасының өртөң иісі қолқа атар тұтіннің ащы иісін қолдан жасалған жел әп-сәтте жан-жаққа таратты. Таяу жерлердегі сирек ауылдарда тұратын адамдар дір ете түскен жер мен жарты аспанды алып кеткен от-жалынға таңырқап, үйлерінен қарап тұрған. Жалғыз тұп шөп қалмаған, тұтігіп қарайып кеткен даланың тұл жамылғысы. Жантәсілім алдында жанталасқан тышқандардың, қарсақтардың, кесірткелердің өлі денелері табылған. Жаңадан келгендер бұл тозақты Семей ядролық сынақ полигоны ретінде белгілі № 2 оқу полигонында РДС-1 (зымырандық көрсеткіш снаряды) plutonий зарядын жер бетінде сынақтан өткізу жарылышы деп атады. Бұл КСРО-да тұңғыш атом бомбасының жарылуы еді.



Ядролық жарылыштан кейін пайда болатын «саңырауқұлақ»

<https://kk.wikipedia.org/wiki>

Атом сынақтарынан зардап шеккен полигон құрбандарының өмірін ғана емес, құллі адамзат қасіретін бейнелейтін шығарма мазмұны қандай?

Мәңгілік бала бейне

 CD 08

Ләйлә қыздың аймен
сырласуында қандай
құпия бар?

Меніреу қалпы, дел-сал болып мұлгіген жым-жырт түнді бетке алып, терең сайға шыққан Ләйлә-қыздың жолында қара жамылған өлде бір бейне қараңдал, сусып барады. «Жапан түзде жүрген неғылған жан?» – дейді қыз-көңіл ала-бұртып. «Мен адамдар өuletінің рухымын», – дейді бейтаныс үрейлі үн сонау алыс бір жақтан дауыс салып. Терең сайға бет алған Ләйлә-қызы бұл сөтте беймезгіл рух тұрмақ, адамзат қасиетінің өзіне де сенуден қалған. Тек қана осындаид меніреу түнді, сол түнмен аймаласып, толықсып тұратын қияқтай өдемі Айды сырлас еткен. Қекірегін кеулеген мұң-арызын осы арада, терең сайда сыйбырлайтын. Дөп-дөңгелек Ай толықсып, сүттей аппақ көркімен қара жамылған Қарауылға сөн беретін. Кейде үңіліп қарап қалған кіп-кішкентай Ләйлә-қызбен, быт-шыт болып айырылып жатқан Қарауылдың жеріне есіркей қадалатын. Бірсес осы түнді де, кішкентай ауылды да менсінбей, қиғаштай шалқайып керіліп жатып алатын. Бұлкім, сонда үңірейіп, ойылып жатқан жааралы жерге қарап: «Апыр-ай, сенде шынымен-ақ қасиет қалмаған ба? Тозған шүберектей осынша жырым-жырым болып, не күн туды? Түн ішінде сайға келіп, жасырынған мынау неғылған жан? Он алтыдағы бойжеткен қыздың кейіпі ме? Сорлы-ау, мәңгі бақи бала кейіпте қалуыңа не себеп болған, бұл азаптың қай түрі?» – деп бұлардың

 Сөзмаржан

Қарауыл – Шығыс
Қазақстан облысы Абай
ауданындағы ауыл
есіркей – аяу, жаны
ашу

**тәубаға келу (түсі-
ру)** – астамшылық етпеу,
шүкіршілік қылу



өздеріне кінө артып тұра ма? Әлде Қарауылдың жеріндегі бар сойқанды сезіп, әлдекімдерге қоктен ақырап, қарғыс айта ма, әйтеуір, жанындағы жүқалтаң бұлтарға екі бүйрекін кезек тіреп алыш, зарлап тұргандай көрінеді. Ләйлә Айға қараған қалпы қалғып бара жатыр екен, селтетіп, көзін ашты. Жанарынан үзілген бір тамшы жас дір етіп, иегіне құлады. «О, жарық Ай, мұсіркеме сен мені. Мен күнөсіз қызы боламын. Сезімім бүтін, ақылым дұрыс. Бірақ мынау тіршілік дүниесінен безінген жұдьрықтай жүрегім кек пен қасіретке толы. Мен өзім еадам сияқтымын, басқаларға адам емес, адам пейілін тәубаға түсіретін мүгедекпін. Қарауылдың адамдары мені көрген сайын: «Мұны Аллатагала адамдар тәубасына келсін, қол-аяғының саулығына, он екі мүшесінің дін амандығына шүкір етсін деп жаратқан», – дейді. Солай ма, жарық Ай? Мен саған ғана, сенің өзіңе ғана сенемін. Тым болмағанда үмітімді сен ақтарсың. Сонда, бұл жұрт нені айтады? Мен кіммін, осы? Мәңгілік пе? Шынымен-ақ мәңгілік өспей қалған бала кейіп пе?». Ләйлә-қызы сөйлеп отыр. Мылқау Ай дөңгелеп алысталап барады. Ләйләні да, жерді де аймалап барады. «Өз жасыма лайық қызы болғым келеді. Иә... иә... Меніңде әп-әдемі, нәп-нәзік қызы болғым ке....л....е....ді...», – Ләйлә, жаңағы өзі жасырынып отырған қап-қараңғы терең сайдан жүгіріп шықты. Жасаурап, үкідей қадалған қызы көзіне сұп-сұлу, аппақ Ай үркे қашып бара жатқандай көрінді. Сол сегіз жасар мәңгілік бала

бейнеде, өспей қатып қалған Ләйлә, тамыры адырайған егде қолдарын сермен, көкке көтерді.

– Е....е....е....ей... Қашпа, менен, қашпа! Бәрібір, сені тауып аламын. Жасқандың ба, сен де менен жиіркенемісің, сен де менен қорқамысың, жарық Ай?!

Ай барған сайын алыстап, сырғып барады... Мүгедек қызды да, жырым-жырым болып айырылған жер бетін де менсінбей, қап-қараңғы тұн серігін қолтықтап, толықсып, кергіп барады, үзап бара-ды. Ләйлә-қызы одан сайын дауыстап, қол бұлғап айғайлаш түр.

– Ертең де қайта оралшы. Ертең де терең сайда кездесейік. Мен сені сонда күтемін. Терең сайдан күтемін, жарық Ай!

Ең соңғы сөздерді айтқанда иегі кемсендеп, жүргегі құрғыр алай-дүлей соғып, езіліп кетті. Бұл жолы Қарауылға бет алған Ләйлә-қызыға Шыңғыс тауының еңселі биік шыңы барған сайын шөгіп бара жатқандай көрінді. Бұл жолы қызы тұн қойнындағы ербиіп көрінген тау белестерінен бір түрлі сескеніп, үрейленіп келеді. Әлгі бір «адам рухымын» дейтін тұн иесі мә, қартайған тау етегінен пана іздел жүрген қаралы киімділер мә, көзі бұлдырлап кетті.

Озі тұратын Қатира тәтесінің үйіне жақындаш бере тынысы тарылыш, демі қалтырай шықты. Есіктің тұтқасынан қолын соза беріп, қайта тартып ала қойды. Үй ішіндегі өзіне тосырая қарайтын, ішіп-жеп қадалатын көздерді көргісі келмеді. «Жүрт үйқыға батқанша отыра тұрса да болар», – деп есік алдында кідіріп қалды. Сол сәт тосын шыққан дауыстан шошып кетіп, баж ете түсті. Қатира екен.

– Әй, қас қарайса жын құғандай осы сен қайда кетесің? Не пәлен бар, а?

Ләйлә үнсіз төмен қарады. Ісініп, қызарған жанарын да, әбден сілесі қатып шаршаган күйін де тәтесіне сездіргісі келмеді. «Менің мұңымды бөлісер Қатира ма, онаң да үнсіз тұрғанымның өзі жақсы», – дегендегі ләм-мим деп тіс жармады.

– Қайда жүрсің деймін мен саған?

Ләйлә тағы да үн қатпады. «Жоқ, жоқ. Терең сайда отыратынымды ешкімге, ешбір жанға айтпаймын. Мен Аймен кездесуге, сонымен сырласуға барамын. Жарық Айдан басқа жанымды түсінер жан таппаған соң терең сайға жүгіремін. Ол сәтте мені іздемендер, менен сұрамаңдар, мені көрмендер!»

– Е, енді саған жетпей жүргені меңреулік пе еді? Оған да жетерсің, меңреу де атанарысың.

Артық болмас білгенің

Мүгедектік – науқастану, жарақат, апатқа ұшырау, кемтар болып туу салдарынан адамның мүлдем не уақытша еңбек ету қабілетінен айырылуы. Мүгедектік **медициналық, әлеуметтік** және **құқықтық** болып бөлінеді.

Қазақ
энциклопедиясы

Қыздың көзі жарқ етті. Қатира мырс етіп, айызы қанғандай қыздың аяқ-қолына сұқтана қарады. Ләйлә-қызы мүгедек денесіне сабырлылық жинай алмай, ызаға булығып, қалышылдаң барады. Қолы мен аяғына өлдекімнің көзі түсे қалса, қу жанын қоярға жер таба алмай намыстанып, есі шығатын. Мынау шамадан тыс үлкейіп бара жатқан егде қолдар мен жетілмей қалған аяғына ешкімнің көзі түспесе екен, байқамаса екен деп зар қағатын. Ал, Қатира болса Әдейі қақшиып, шошына именіп, мұның жанды жеріне тиісе түскісі келгендей сұқтана, жиіркене көз тастады. Осындаida Ләйлә-қыздың жаны шырқырап, жасырынар жер таппай аласұрады.

– Қайда болдың деймін? Мал қораға қайтып, қол жетпей у-шу болып жатқанда, қайда қашып кетесің? Айт деймін енді, ойбай!

Ләйлә көзін жерден алмаған қалпы:

– Адам емеспіз бе? – деп ақырын күбір етті.

Сол-ақ екен Қатира ыршып тұсті.

– Сөзді қара! «Адам емеспіз бе», – дейді. Адам сиқы жоқ кейіпіңе неге қарамайсың, а? Қатираның ашы тілі сумандап, Ләйләнің бала жүргегін қып-қызыл қанжоса етіп тілгілеп, пара-парасын шығарып, түтіп жатыр, түтіп жатыр. Бұрын осындаida жанына тиер сөзді естігенде шыр-пыр болып, зар қағып, жылап еңірейтін қыз, бұл жолы бедірейіп қатқан қалпы, өңі қуарып, Қатирадан көзін алмады. «Сезімсіз, жүрексіз, қатыгез адамның төрт түлігі қашанда сай болады. Табалайсың ғой, табалай бер, табала! Мен осы қасіретті Құдайдан сұрап алғанмын! Иә, иә, сеніңше сұрап алған тағдырым осы, осы! Отыңмен кіріп, күліңмен

Бағалы дерек

Дегелен тауы Еуразия құрлығының кіндік орта-сында, Шығыс Қазақстан облысы аумағында орналасқан. Абсолюттік биіктігі 1084 м. Дөңгелене келген таудың Ұзынбұлақ өзені екінші бөледі.

Таудың солтүстік бөлігі (Үлкен Дегелен) солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 15 км-ге созылып жатыр, ені 10 км.

Таудың екінші бөлігі – Кіші Дегелен қатарласа созылған, ені 5 км. Екі бөлігі де кезеңдермен (Қалыбай асуы), белдермен бөлінген үшкіл шоқылардан тұрады.

Айбын. Энциклопедия

шығып жүрмін емес пе, не жазып едім саған?». Жетілмей қалған сәби бетін жап-жалпақ алақанымен басып алып, жүресінен отыра кетті. Сол қалпы пысылдаپ бастап, төзімі таусылып, көз жасына ерік берді. Мұндайда бүкшиіп, босағада жылап отырған Ләйлә-қызыға бірде-бір жан: «Әй, мынаған не болды, тиіскен кім?» – деп сұрамайды да. Бәлкім, осылай бейшара күй кешіп, жылап отыруы заңдылық деп ойлай ма? «Ей байғұс, көз жасыңды біз емес, Құдай көрсін. Соның ілтипатын күт, пейілін көр!» – дей ме, теріс қарап құбірлеп өте шығатын. Ләйлә мұны да сезетін. Тұн ішінде жарқырап, толықсып шығатын мылқау Айды есіне алып, терең сайға қарай жүгіре жөнелгісі келетіні де сондықтан.

…Терең сайға түскен Ай сөулесі бұрынғысынан да жап-жарық. Жер бетін кезіп, жылжыған қалпы Ләйлә-қызды іздеп жүр. Қарауылдың сұынан да, жерінен де, тауынан да сұрап, беу-беуlep іздеу салады. «Қайда кеттің? Негіп бүгін терең сайда жоқсың?» – деп, ана-дауыс жып-жылы алақанымен қолын жайып, сай ішінде қалықтап жүргендей. Тұн жамылған сай іші жап-жарық Ай таң атқандай ағартып барады. «Құлымым-ай!» – деген ана-дауыс еміреніп келіп, сай ішін жағалап кетті. Сол-ақ екен тып-тыныш бір өлем орнады да, көкірегі қарс айырылып, ана-бейне дауыс салды. «Сен құрсақта жатқанда Дегелец тауының түбінен жер астын дүмпілдетіп, жарылыш болып жатушы еді, сол басылды ма? Іңгөләп, бесікте жатқан сен талай рет сол жарылыстан қорқып, шыр етіп, қолды-аяққа тұрмай безілдеп кетуші едің. Сол өдетің ес білгенше қалмап еді… Сен Шыңғыс тауының етегінен көтерілген ауадағы қып-қызыл, саңырауқұлақ іспетті лаулап тұрған алауға қызығып, жүгіре жөнелетін едің, қазір ше? «Апа, тау жақтағы өуеде қалықтап тұратын саңырауқұлақ бүгін тағы да түсіме кірді», – дейтін ең. Сонда өжең жарықтық: «О, қарғатайым-ау! Сен де, Құдай жеткізсе, сол саңырауқұлақ сияқты, жүрттың көзінің жауын алып, лаулап тұратын боласың», – деп мейірленіп, маңда-быңынан суюші еді. «Қазір қайдасың? Қайда кетіп қалғансың?». Сай ішіндегі дауыс өлсіреп сөніп, Ай көтеріліп, биіктеп бара жатқандай болды. Сол қалпы, терең сайдағы әр тобылғының түбінен Ләйлә-қызды іздең, кезіп барады. Бірақ бұл жолы Ай бетіне еміреніп қарайтын терең сайдағы қыз бейнесі көрінбеді. Адамдар қара құрым болып, көп жиналған жерден бойын аулақ салып, көзге түспеуге тырысып журуші еді. Қатира қояр да қоймай, бұған жік-жапар болып, жабысып алды.

– Жүр, Қарауылда той бар. Сонда барайық. Сен сорлы да бір сейіліп қайт.

Ләйлә не айтарын білмей, кезерген жүқалтаң ернін тістелей берген: «Елдің көзі-ақ... Жұрттың сөзі...» Бұл ойын Қатираға сез-діріп, мұсөріп күй танытқысы келмеді. Сылтаураатып: «Шаршап отырмын», – деген.

– Кой-ей, жүр енді, жүр! – деп, өйел қызды жұлмалай берді де, көнбейтін болғасын, қолын өр жерден бір сумандатып, қыстықтай бастады. Қыз қарқылдаپ кеп, қыстығып күле орнынан көтерілді де, үп-үлкен алақанымен өйелді кеудесінен итеріп қалды. Сол сәт, Қатираның өңі құп-құ болып кетті.

– Бармасаң қой өрі!

– Барамын! – кенет Ләйлә өлдекімге ерегіскендей, – барамын! – деді.

«Шіркін-ай, шіркін-ай десейші! Менен басқаның бәрі де бақытты, бәрі де көңілді. Бұл дүниенің бар бақыты – он екі мүшешнің саулығында еken ғой. Қөпке қиған бақыттың өзіне зар болған қандай сормандай едім». Ләйлә той өтіп жатқан үйдің көңілді адамдарына қызыға қарады. Бүршақ-бүршақ болып төгілген көз жасын өлсін-өлсін ел көзінен жасырып сүрте берді. «Білемін, еспеймін. Құдірет-ау, басқа мазағың жетпегендей, өлі көрсетер қасіретің көп пе? Онан да біржола жоқ етіп неге жібермейсің. Неге, неге? Саған да керегім жоқ па, менің қасиетсіз бейнеме ыржалаң-дап күлгің келе ме? Көніліце басқа ермек таппай, мәңгі өспейтін қыз тағдырын қызықтайын дедің бе?»

– Ләйлә, Ләйлек! Ақ Ләйлә!

Қыз жып-жылды жігіт даусына елең етті. Қаптаған жұрттың арасынан өлдекім жырылып қолын созып, бұған қарай жақындай тусты.

«Ой..й», – деп таңданды қыз. – Құмарды қара, Құмар! Қандай өдемі болып өсіп кеткенсің. Фажап! Өзіммен бір партада отырған Құмарым ғой, көршім ғой. Құмар... иә, сен мені үнемі «Ләйлек, Ақ Ләйлек» дейтінсің. «Ләйлек деген құстың аты. Ол сондай нөзік, сүйкімді құс дейтінсің!». Қыз бір түрлі есінен адасқандай есендіреп тұрып қалды.

– Таныдың ба? – деді жігіт ақырын жымыып.

– Таныдым. Неге танымауым керек? Сен сондай өзгеріп, өдемі болып кетіпсің. Бақыттысың ғой... Кешір мені, ренжіме...

– Сен де... сен де бақыттысың, Ләйлек. Құмар қыздың мәңгілік құрысып қатып қалған бала бейнесіне мән бермеді, көрмегенсіді, білмегенсіді. Қыздың онсыз да өзіне қадалған мұңлы жанарына жара салғысы келмеді. Оның ішкі дүниесінің ойсырап тұрғанын да сезбегендей, қыздың кіп-кішкентай иығына қолын салып:

– Ләйлек, жүр билейік. Мен сені биге шақыруға келдім.

Сол сәт, жәудіреп қараған Ләйлә-қызды жерден көтеріп алыш, маңдайынан сүйді. Қыз жүргегі езіліп кетті. Жігіт қызды көтерген қалпы, қаптаған көвшіліктің дәл ортасына еніп барады. Екеуі де бүкіл дүниенің бір сәт ұмытып кеткендей, айналып билеп жүр. Ләйлә-қызы көзін жұмды. Басы айналып кетті ме, әлде ұмыт болған қызы сезім селт етіп, мұның әлсіз денесінің тынышын алды ма, көзін аша алмады. Сол қалпы Құмардың мойнынан қапсыра құшақтап, қатып қалыпты. Жігіт сәл сыйыр етіп:

– Ләйлек! Ақ Ләйлә, – деді. Қыз есекіреп барып, көзін ашты.

– Тойға келіп едік. Ауылда ешкім де қалмауға айналған ба, қалай? Сені көріп, қуанып кеттім...

Қызы жүзіне қызығылт рең пайда болды. Бір түрлі қысылып, ұялып тұр. Үстіне киген қып-қысқа шыт көйлегінен де, Қатиранның қоярда-қоймай мұны бала сияқты етіп, дәл төбесіне қып-қызыл бантик тағып бергеніне де намыстынып, күйіп барады. Бірі балалықтан қол үзіп, бозбаланың күйін кешіп жүр. Бірі, керісінше, болашақтан қол үзіп, мәңгілік, мәңгі бақи өспей, жетілмей мүгедек кейіпте қалған. Әлде тағдыр дегеннің өзі осы ма? Өзіне сөйлем тұрған жігіттің даусы бұл жолы әсерсіз болды ма, әлде тағы бір суреңсіз, сүрғылт ойдың шырмауына түсіп кетті ме, әйтеуір, Құмардың бірде-бір сөзіне құлақ аспады. Меніреу адамша сілейіп қатып қалыпты. Қызы егделеніп кеткен қолын жасыра қойды. Үйқыдан оянғандай есін жиып, жан-жағына қарады. Жалғыз өзі.

– Құмар, Құмар! Қайдасың?..

Қызы жан-жағына жалтақтай қарады. Ығы-жығы халықтың арасынан жігітті іздеген қызы, аласұрып, адамдарға тіксіне қарап:

– Құмар қайда? Қайда жібердіңдер, қайда кетті? Қайда... Қайда?! – деп сұрастыра берген. Өмірінде алғаш рет адамдармен қатарласып, арман дүниесінің жалының мықтап бір ұстағандай еді, ол да сусып, қолынан шығып кетті. Жаңа ғана бар қасірет атаулыдан біржола арылып, өуде қалықтап жүр еді, топ етіп, қара жерге қайта түсті. Қызы тағы да жанұшыра: «Құмар!» деп дауыстап қалып еді, әлдекімдердің мырс-мырс етіп күлгенін, пыш-пыш етіп сөйлегенін сезді. «Азаптан, осы бір азаптан құтқарындаршы мені», – деп қызы шыңғырып жібергісі келген. Сонда ғана, сонда ғана әлгі бір мейірімі мол, жап-жарық Айды іздеген. Соған қарай ентелеп үшып, тобылғысы сірескен терең сайға беттеген. Ләйлә-қызы көкке қадалып, жас іркілген жанарымен жалаңаш Айды аймалап, иегін көтеріп, ғарыштағы жарық Айға бетін тосты. Бұл кезде Қарауыл қаралы күйде еді. Қарттар жағы күніреніп, таяғына сүйеніп,

күрсініп тұрған. Қара жамылған өйелдер бір-бірімен дауыс салып көрісіп, сай-сүйегінді сырқыратып зарлап жүрген. Бастьарын әрен, көтеріп: «Айырылдық қой!» – дейді. «Болашақтан үміті жоқ бейбақ болдық қой. Үрпақсыз тұл қалдық қой. Ата-баба жері еді, күлін көкке ұшырды ғой». Әлсіреген өйелдер бірінің иығына бірі басын сүйеп, еңіреп жылаулы. Есі шыққан Ләйлә Қатираны іздең таба алмады. Қарауылға не болғанын, неге осынша анырап, зарлап жатқанын үқпады. Қөзі атыздай болып, шарасынан шығып кете жаздаپ тұр. «Ойпыр-ай, не күн туған? Не болған адамдарға?!» Қыздың қол-аяғы қалш-қалш етіп, қөзі жұмылып бара жатты. Қарауылдың тұрғындары сол күні қак айырылып, үнірейіп жатқан жерді көрді. Тартылған су мен тұтылған Айды көрді.

Сол күнгі еңіреген қалың жүрттың дауысы әлдекімдердің құлағына жеткен бе, ақ киім киген бейтаныс жандар түн ішінде келіп, жетілмей қалған, мәңгілік бала бейне атаулының бәрін жинап, бітеу қара машинаға тиеп жатты. Ішінен шыққан баласы емес пе, қимастықпен боздаған ата-ана зарлап қала берді. Бұл сәтте Ләйлә терең сайда еді. Оны іздеңдер де, іздеңдендер де таба алмады. Әдеттегідей ел қөзінен жасырынып келген Ләйлә-қызы терең сайға жетіп, жарық Аймен кездескен. Ұзақ үнсіздіктен кейін, балалық бар арман тілегін, Құмарға деген қыз сезімінің бой көтергенін, жасырмай ағынан жарылып, тұнгі сай ішінде жалғыз өзі күбір-күбір еткен. Сонда Ай жарықтық қыз сезімінің тіршілігіне сүйсініп, дірілдеп, жылап тұрғандай көрінген. Сол түннің сүйк ызғарын да ұмытыш, екі тізесін ебедейсіз өсіп кеткен екі қолымен құшақтап алып, Ләйлә ұзақ отырды. Орнынан тұра бере, бұрынғыдай емес, денесінің ауырлығын сезді. Бойын күздің қара сүйкі алып қалды ма, әлде ыстығы көтеріліп тұр ма, егде қолдарының күші қайтып, қайраты таусылып, Қатира үйінің есігін зорға ашты. Әйелдің шатынаған көздері қадалып, мұның онсыз да жаралы жанын онан әрі жаныштап жіберді.

– Айтпады деме, енді кешігеді екенсің, күз болмақ түгілі, қыс болса да үйден қуып шығамын, білдің бе?

Қатира екіленіп алышты. Қыздың құлағына алыстан талып қасқырдың ұлығаны естілді.

– Құмашы! – деді жалына қарап иегі дірілдеп, қөзі бозарып кетіпті.

...Ләйлә көзін аша алмады. Мұп-мұздай қолымен аяғына әлдене тиіп кетсе болды-ақ, еріндері қыбырлап: «Құмар, Құмармысың... Сен қайдан жүрсің? Мен сені сол күні ұзақ ізdedім емес пе. Қел, өткендегідей мені биікке көтеріп, айналып биле. Қел...

Багалы дерек

Шығарма авторы Роза Мұқанованаң айтыс бойынша, Ләйлә бейнесі өмірден алғанған. Ол – Семей полигонының құрбаны болған жан.

Бір күні Семей өлкесінде туылып, мүгедек болған жандардың суреттері қойылған фотокөрмені аралап жүреді. Қасірет пен мұнға толы аналар мен балалар бейнесінің арасынан Роза Мұқанованаң назары бір кішкентай қыздың суретіне туследі. Шамамен, 5–6 жастағы бүлдіршін қыздың көзінен үлкен қасіретті көруге болатындей. Суреттің астындағы «Еңлік. Оның жасы 14-те» деген жазуды оқиды. Тұр-әлпетті жас баладай, ал қолы ғана өскен қыз жүзі мәнгілік бала бейнені сақтап қалған. Мүгедек қыздың жанары қатты әсер еткени соншалықты, Роза Мұқанова үлкен шығарманы дүниеге әкелді.

<https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/teatr/1340/>

«Күмар!» – деп сандырақтайды. Қыздың ауыр халіне ешкім де аландап көңіл бөлмегендіктен, оның не айтып, не сөйлеп жатқаны үйдегілерге беймәлім еді. Тек сол күні түнде дәрігер келіп кеткеннен кейін ғана қыз әлсіреп басын көтерді. Бас жағындағы өзін бағып отырғандарға көз салды. Екеуі де көрші ауданның басшы азаматтары сияқты.

– Өзіндің көңілінді де сұрай келдік, – дегендеріне Ләйлә масайрап, өңі қашқан жүзіне қызығылт рең жүгіріп, көзін жерге салды. Осы келіп отырған екеуден қыз жақсылықтың нышанын құтіп, сөздің аяғын бақты.

– Қарағым Ләйлә, сенің де көрген қасіретің аз емес. – Жаңағы сөз бастаған күмілжіп отырып қалды да: – Ертең біздің ауданда қаралы жиын өтпек. Өзің сияқты балаларды өткенде қала жаққа алып кеткен. Содан өлі күнге дейін хабар жоқ. Енді, міне, көзге көрінер өзің қалған екенсің. Ертең өтетін қаралы жиынға өзінді қолға ұстап көтеріп шықсақ, деген ой келіп еді. Сол-ақ екен, қыздың құлағы шулап, басы айналып кетті.

– Алапат күннің белгісі ретінде, ел басына қатер тұнған күннің белгісі ретінде. «Иә... иә, әйтеуір жақсылықтың емес, жамандықтың, тек жамандықтың белгісімін. О, Құдай...».

– Ал, Ләйлә, жолға жиналсақ...

Қыз талықсып барып көзін ашты. Бұл жолы әлгібір ағыл-тегіл болып, жанарына толып кететін жас көрінбеді. Бірақ әлсін-әлсін өкси берді.

– Жамандықтың белгісі болғым келмейді. Мені аяңдаршы. Мен ел көзіне оғаш, мүгедек болғаныммен, жақсылықты ғана аңсаймын. Мен тек жақсылықты... Отырғандар түнеріп, үнсіз

қалды. Қыздың онсыз да үзілгелі тұрған нәзік жанын ешкім түсіне алмады.

— Намысқойын қарай гөр! Жаман неменің! — деп, Қатира күңкүңк етті. Ләйлә көзін қайта ашып, отырған адамдарға ұзақ телміріп жатты. Сосын оларға сыйырлап:

— Құмар да бола ма? Ол да сол қаралы жиынға қатыса ма? — деді, әрең жұтынып. Отырғандар ешнәрсе түсінбеді. Ләйлә көзін қайта жұмып, ұзақ жатты да, бір уақытта ап-анық етіп:

— Бармаймын, бара алмаймын. Кідірмей жүре беріңіздер, — деді.

— Тұңғышымның да қызығын көруге жеткізді. Осыған да тәуба, осы да жетеді, — деп сампылдаған Қатираның дауысы төсек тартып жатқан Ләйләға ап-анық естілді. «Өмір қандай арзан. Бір ғана ыстығы басылмаған қуаныш үстінде жаныңды қия салу қиянат емес пе. Өй, байғұс, тоқтатсайшы. Тоқтат!» — деп, Ләйләнің дауыстағысы келген. Бірақ үні шықпады. Қатира үйіне келген біреуге даурығып, сөйлем жатса керек.

— Той өткеннен кейін-ақ Қарауылдан кетемін.

«Қасиетті жер еді, қадірден өбден жүрдай болды. «Жақсының арты жын» деуші еді. Шынымен-ақ адам естіп, көз көрмеген қасіреттің бәрі Абай ата басқан топырақтан шығып жатқан жоқ па? Алланың әмірі деген осы да!» — деп ойлады Ләйлә-қыз. Төсек тартып жатқан қыз бетіне Ай сөулесі түсті. Қарауылдың барлық терезесінен сығалап, іздел, тінтіп жүріп, Ләйлә-қызды әрең тауып алған сияқты. Әппақ болып, дөңгеленіп, ерекше бір нұрмен қыз бетіне төніп тұр. Науқас қыз Айға қарап алғаш рет жымыған. Қөптен күткен жанашырын, сырласын терезе сыртынан байқап қалып, қыз-жүрегі елжіреп сала берген. Өз тағдырына, адамдарға деген өкпесі сол күнгі ағыл-тегіл көз жасына айналды. Сол сәт жап-жарық Айдан мәңгілік адасып қалатындағы тағатсыздана сүйсініп тағы да қарады.

— Қасірет шеккен жан иесінің жалғыз ғана сырласы өзің екенинді ұмытпа! — деді.

Ай да, қыз да бір-бірімен ажыраса алмай, бірін-бірі қимай ұзақ аймаласты. Жарық Ай Ләйлә-қызды қара жерге қимады. Ләйлә да алғаш рет Айды тұн қойнына қимаған. Ұзақ кідірістен кейін, екеуінің бір-біріне деген тартылыш сезімі әлсірей берді. Екеуі екі тіршіліктің елшісіндей елеңдеп, алшақтап қашып бара жатты. Жап-жарық Ай қыз бен жерді айналып, алыстап барады. Ләйлә-қыздың жанары Айға қадалған қалпы айрылғысы келмеді. Соншалық қиналып жатып тырысып еді, жігері жететін емес. Бойына

Даналық ойдан дән ізде

Тұнық демді дүние,
 алқынбаған,
 Тыныш демін түннің мен
 жай тындағам...
 Сұлық түскен сонау Ай
 жанарында
 Суық мұн бар сап-сары...
 айтылмаған.
 Айтылмаған,
 Еш аспапта күй болып
 тартылмаған,
 Айлы түнде арудың
 көздерінен
 Алтын түстес жас болып
 жарқылдаған
 Сары мұн бар.
 Өлшеуі жоқ шексіз бір
 сағыну бар,
 Жалығу бар, шағыну,
 қамығу бар,
 Жалын – у бар...
 Уынды ішіп, дәміндей ән
 мен тұздың,
 Жалыныңа күйіп,
 айрылған әлден біз
 кім?
 Қарауылдың үстінен
 қарауытып,
 Ләйләнің лағнетіне күе
 болған
 Лағыл түсті Ай,
 Қарама!
 Дәр-мен-сіз-бін...

Н.Бердалы

біткен күш-қайрат мұлдем азайып барады, бітіп барады. Қыз бетіне түскен Ай сөулесінен самайына қарай құлап, жол салып, дөңгелеп жатқан көз жасы анық көрінеді. Жанарындағы көлкілдеген жастың өсері ме, қыз көзінің сөулесі азайып кеткендей болды. Жанталасып, егде қолдарымен көз жасын сүртіп тастауга тырысып еді, қозғалтпады. Ләйлә-қызы мұңайып, жанарын бір жұмып, дем алыш тағы ашамын деген, бірак...

Жан тапсырған төсектегі қызы суретін ұзақ аймалаған Ай биіктеп, жылжып кетті. Мәңгілік қоштасып кетті. Екі тіршілік: бірі – жер баласы, бірі – тұн баласы. Қатира тойға дайындалып жүріп, әдеттен тыс ұзарып, сұлап жатқан Ләйләнің қасына ентелеп жетіп барады да, үңіле қарады:

– Ойбай, мына бейбак өліп қалғаннан сау ма? Құдай-ау, өліп қалыпты. Енді қайттім? Қырсықты неменің дәл той күні өлетінін кім білген. Қатира өзінен-өзі сөйлеп, әрлі-бері жүріп, сенделіп қалды.

«Қап, дәл той күні қылжия қалғанын көрмеймісің. Қасиетсіз неме. Той үстінде кімге барып, ат үсті өлімді хабарлайсың. Жатсын енді, менен басқа мұны өзір сезе қойған ешкім жоқ», – деген әйелдің сумашай жүйрік ойы бір сөтте шешім қабылдалап, кезеріп жатқан қызы жүзін орамалмен жасырып жаба салған. Сол бойы үйден жүгіріп шыққан Қатира сасып қалды. Алыстан, өзіне таныс зарлы өуен талып естілді. Қара жамылған Қарауылдың топ-топ адамдары ақырап, тағы да көрісіп жүр. Айтқан сөздерінен төбе қүйқаң шымырлап, сай-сүйегің сырқырайды.

– Ойпир-ау, өлтіре ме, қайтеді. Түнде тағы... тағы да... жарылсы болды... Қатира дір-дір етті.

«Өлгінің өліміне сол жарылыстың әсері болмасын...», – деді іштей сыйырлап. Еңіреп жатқан сонау қаралы топты той болатын үйіне жақындағысы келмеді.

– Аулақ! Аулақ! Тұңғышымның қызығын тойлатуға да мұрша бермедіңдер ме? Өлгенде бір көрген қызығымды қисандаршы, тым болмағанда! Сосын әлі үйінен шықпаған Ләйләнің сүйегі есіне түскенде әлсіреп, өнді қуарып, бүк түсіп, отыра кетті. Қарауылдың қаралы тобыры осылай қарай бет алыпты, шулап келді. Қатираның дыбысы шықпады... Біресе алақанын жайып, көптен жәрдем сұрайды. Біресе екі қолын төбесіне қойып, азырап, босағасына қарай теңселіп құлай береді. Қалықтап жылжыған Ай сөүлесі қараңғыда қалып бара жатқан Қатираның жүзіне сонау алыстағы қалпы жіп-жіңішке болып тұсті. Өзі шалқайып жатыр. Қатираның көзіне Ай жарылып, екіге белінгендей көрінді.

– Ойпыр-ай, – деді ол сыйыр-сыйыр етіп: – Ендігі жерде Қарауылдың Айы бұрынғыдай толықсып сөн бермейді десенші. Сүттей аппак болып, қап-қараңғы тұннің көзін ашпайды десенші! Саусақтары дір-дір етіп, кеудесін қысып бара жатқан бешпетінің түймелерін ағыта берді, ағыта берді...

Артық болмас білгенің

«Мәңгілік бала бейне» шығармасы негізіндегі пьеса Болат Атабаевтың режиссерлігімен 1996 жылы алғаш рет қазақтың М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының сахнасында қойылды. 2002 жылы белгілі режиссер Сатыбалды Нарымбетов экранға «Қызылаған» фильмін шығарады.

1

Білу

- Ләйлә-қыз туралы не білдіндер?
- Қарауыл ауылдының тыныс-тіршілігі қалай суреттелген?
- Ләйлә тойда кімді кездестіреді? Қандай сезімді басынан кешіреді?

2

Түсіну

- Ләйлә-қыздың меніреу түнде сайға бару себебі неде?
- Неліктен әнгіме «Мәңгілік бала бейне» деп аталған?
- Ләйлә неге Аймен сырласады?

4. Мұғедек қыз монологі нені білдіреді?
5. Қаралы жиынның мақсаты не?

3

Талдау

Әңгімеде суреттегі кейіпкерлердің салыстырмалы мінездемесін жасаңдар.

Әңгіме кейіпкери	Мінез-құлқы, іс-әрекеті	Менің пікірім

4

Жинақтау

Әңгіменің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.

5

Қолдану

1. Шығарма мазмұнын «DEAL» өдісі арқылы меңгеруге тырысындар. Мұндағы D – describe – баяндау, суреттеу (оқығандарынды, көргендерінді сипаттаңдар, сынаңдар), E – explain – түсіндіру (оқиға бойынша не білтіндерінді, не білгендерінді, не түсінгендерінді суреттеңдер), A – analyse – талдау (ақпаратты талдандар, себептерін анықтаңдар, қорытынды жасаңдар), L – links – байланыс (болжамдар немесе қорытынды жасау үшін өздерінде бар біліммен байланыстырындар).
2. Әңгімеге сатылай-кешенді талдау жасаңдар:

Жанры

Тақырыбы

Идеясы

Композициялық құрылымы: оқиғаның басталуы, байланысуы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімі.

Көркемдік ерекшеліктері: теңеу, әпитет, фразеология.

3. Семей ядролық полигонындағы сынақтардың адамдарға, қоршаған ортаға әсері туралы мәліметтер, деректер жиһандар.
4. Әңгіме мазмұны бойынша «Үш қадам» кестесін толтырындар.

1-қадам Әңгімеде көтөрілген мәселені анықтаңдар	2-қадам Ләйлә-қызың трагедиялық тағдырының себебі...	3-қадам Қазіргі заманда бұл мәселе өзекті ме? Неліктен?

1. Айға арналған қыз монологін қалай түсіндірер едіңдер?
2. Ләйлә бейнесінде бүкіл адам баласына төн қандай қасиеттер бар?
3. Ләйлә-қыздың трагедиялық тағдыры туралы ой бөлісіндер.
4. Қалай ойлайсындар, «Айдағы жасырынбақ» әңгімесінің бір бөлімі ретінде Ләйлә-қыздың тағдырын қуанышты аяқталатын фантастикалық әңгіме түрінде жазуға бола ма?

Бағалы дерек

1989 жылдың ақпанында Семейдегі атом полигонын жабу үшін күресті бастауға үйғарған «Невада – Семей» қозғалысының алғашқы митингісі өткізілді. Оны басқарған – белгілі қоғам қайраткері, ақын Олжас Сүлейменов. Сол жылдың 6 тамызында Семей облысының Қарауыл ауылында ядролық қаруды сынауға мораторий жариялау жөніндегі ұсыныс айтуға үндеу қабылданды. Үндеуде былай делінген болатын: «Сайын даламыз ядролық жарылыстардан қалтырап бітті, сондықтан да одан әрі қарай үнсіз қалу мүмкін емес. 40 жыл ішінде бұл арада мындаған Хиросималар жарылды. Біз келешекті қауіппен күттедеміз. Уайымсыз отырып, су мен тамақ ішу, өмірге нересте әкелу мүмкін емес болып барады. Қазақстандағы ядролық қаруды тоқтату үшін, өз үйімізде бейбітшілік пен тыныштық орнату үшін, өз құқықтарымыз үшін күресу мақсатында біз «Невада – Семей» қозғалысын құрдық». Осы уақытқа дейін үнсіз тығылып келген халық бір дауыстан: «Ядролық қаруға жол жоқ!», «Сынақтар тоқтатылсын!» – деп мәлімдеді. Ядролық сынақтардың қатері жөнінде барлық бұқаралық ақпараттары құралдарында, теледидар мен газеттерде әңгіме бола бастады. Түрлі елдердің парламенттері өз сессияларында қозғалыс ұрандарын талқылап жатты. Радиациялық сәулелердің зардаптары жайлы дәрігерлер мен ғалымдардың ашық әңгіме қозғауға батылдары жетті. Бұқараның қысымымен Семей полигонындағы сынақтар саны азая бастаған еді. Халықтың бастамасымен тұнғыш рет КСРО Үкіметі ядролық қаруды сынауға тыйым салу – мораторий жасау туралы шешім шығарды. Қазақстан Республикасының егемендігі туралы Декларацияда ел аумағы ядролық қаруызыз аймақ деп жарияланды. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев Семей полигонын жабу туралы 1991 жылдың 28 тамызында Жарлық шығарды. Қазақ халқы өз мақсатына жетті: ең үлкен полигон жабылып, атом қаруынан бас тарту әрекеті жасалды. 1991 жылдың 29 тамызында Семей ядролық полигоны жабылып, 1992 жылдың мамырында оның базасында Курчатов қаласындағы Ұлттық ядролық орталық құрылды.. Семей полигоны жабылғаннан кейін Ресейдің, АҚШ пен Францияның полигондарында ядролық қаруды сынауға мораторий жарияланды.

group-global.org/.../53699-semey-yadrolyk-poligonyup

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Аңыз адам» журналы. №3(63) Ақпан. 2013.
2. Ақылдың кені. Жинақ. – Алматы, 2015.
9. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. (Құр.: З.Ахметов, Т.Шанбаев). – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
10. Өуезов М. XIX ғ. мен XX ғ. басындағы қазақ әдебиеті. 50 томдық. 7-том. – Алматы, 2002.
3. Базарбаев М. Шекерім ақын. //Классикалық зерттеулер. 20-том. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – 18–64 б.
4. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы, 1989.
5. Дала данасы. Жинақ. – Алматы, 2009.
6. Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі. – Алматы, 2001. – 51 б.
7. Досмұхамедұлы Х. Аламан. (Құр: F.Әнесов, А.Мектепов, Ш.Керімов.) – Алматы: «Ана тілі», 1991.
8. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы, 1998.
11. Келімбетов Н. Ежелгі дәүір әдебиеті. – Алматы, 2003.
12. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. – Алматы: Білім, 1993. – 248 б.
13. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 2007.
14. Қазақ әдебиеті. Оқушы анықтамалығы. – Астана, 2009.
15. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.
16. Қазақ көркем сөзінің шеберлері. Анықтамалық. (Құр.: Г.Ж.Орда, Ж.Сәрсенбаева, Б.Қ.Мұқатай). – Қарағанды: Экожан, 2010. – 512 б.
17. Қазақ мақал-мәтеддер жинағы. – Алматы, 2009.
18. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. – Алматы, 2013.
19. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2008.
20. Қазақстан тарихы, бес томдық. 2-том. – Алматы, 1998.
21. Қаратайев М. Шеберлік шыңына. – Алматы, 1963. – 339–340 б.
22. Қыраубаева А. Фасырлар мұрасы. – Алматы, 1988.
23. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.
24. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар. – Алматы, 1985.

25. Міржақыпқызы Г. Алаштың сөнбес жүлдизы. Естелік-эссе. – Алматы: Мектеп, 2010. – 360 б.
26. Міржақыпқызы Г. Шындық шырағы. Естелік-эссе. – Алматы: Мектеп, 2013. – 408 б.
27. Момышұлы Б. Ұшқан ұя. – Алматы, 1975.
28. Он ғасыр жырлайды. – Алматы, 2006. – 444 б.
29. Сарыұлы А. Жауға шаптым ту байлап. – Алматы, 2016. – 168 б.
30. Сәтбаева Ш. Шәкәрім Құдайбердиев. – Алматы, 1991.
31. Сәтбаева Ш. Шәкәрім Құдайбердиев. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-том. – Алматы: Елорда, 2013. – 480 б.
32. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. – Алматы, 2000.
33. Сүйіншәлиев Х. XIX ғасыр әдебиеті. ЖОО филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: «Ана тілі», 1992.

Электрондық ресурстар

<https://massaget.kz/>
<https://martebe.kz>
Kk.encyclopedia.kz.
http://classic.nlrk.kz/result/ebook_1022/index.html
<http://old.e-history.kz/kz/biography/view/356>
<http://turantv.kz/show/article/174>
<https://kitap.kz.Agbkibl.ucor.com>
<http://kazorta.org>
<http://oilar.kz/author/329/oilar.kz>
<http://bilimkozy.idhost.kz/391-mrzhayp-dulatov.html>
<http://adebiet.kz/>
<http://tarihi-tulgalar.kz/category/akyndar-zhazushylar.html>
http://bilimdiler.kz/kazakh_tili/
<http://1referat.kz/category/kazak-adebieti>
<http://www.massagan.com/oleng.php>
<http://ikitap.kz/kk>
<http://e-history.kz/kz/biography/view/22>
<https://kk.wikipedia.org>
Фото: The Project Apollo Archive / NASA

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
I тарау. ДАНАНЫҢ СӨЗІ – АҚЫЛДЫҢ КӨЗІ	5
Қорқыт Ата	6
Қорқыт ата кітабынан	12
Қорқыт туралы аңыздардан	17
Қорқыт – күй атасы.....	18
Қорқыттың нақыл сөздері	20
Қожа Ахмет Ясауи	25
Хикметтер («Даналық кітабынан»)	33
Шалқиіз жырау.....	37
Би Темірге айтқан бірінші толғауы	41
Ақтамберді жырау	45
Күлдір-күлдір кісінетіп.....	51
Балаларымға өсінет	57
II тарау. КӨРКЕМ ӘДЕБІЕТ ЖӘНЕ ЭПИКАЛЫҚ САРЫН	59
Мұрат Менкеұлы	60
Үш қиян.....	63
Сарыарқа	72
Шекерім Құдайбердіұлы	82
Жастарға.....	89
Еңлік-Кебек (поэмадан үзінді)	94
III тарау. Махаббат және абырой	107
Міржақып Дулатұлы	108
Бақытсыз Жамал (романнан үзінді)	112
Бауыржан Момышұлы	132
Ұшқан ұя (повестен үзінді).....	138
Мұқағали Мақатаев	154
Аққұлар үйкетағанда	157
Дулат Исабеков	171
Әпкес (драмадан үзінді)	172
IV тарау. ҚИЯЛ МЕН ШЫНДЫҚ	189
Тахауи Ахтанов	190
Күй аңызы	192
Жұніс Сахиев	205
Айдағы жасырынбақ	208
Дабыл	219
Роза Мұқанова	236
Мәңгілік бала бейне	239
Пайдаланылған әдебиеттер	253



Электрондық нұсқа

Oқулық басылым

**Руда Зайкенова
Сәүле Чапайқызы Тұрсынғалиева**

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің
8-сыныбына арналған оқулық

Суретшілері

О.Подопригора, А.Айтжанов,

Д.Кұдров

Қ.Қараева

А.Ізет

Бас редакторы

В.Бондарев

Редакторы

Е.Мельникова

Техникалық редакторы

О.Подопригора

Көркемдеуші редактор

В.Бондарев

Суретші-безендіруші

О.Подопригора

Мұқабаның дизайны

В.Бондарев

Дизайны

О.Подопригора

Беттегендер

Г.Илишева, Л.Костина

Сатып алу үшін мына мекенжайларға хабарласыңыздар:

Астана қ., 4 м/а, 2 үй, 55 пәтер.

Тел.: 8 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: astana@arman-pv.kz

Алматы қ., Ақсай-1А м/а, 28Б үй.

Тел.: 8 (727) 316-06-30, 316-06-31. E-mail: info@arman-pv.kz

«Арман-ПВ» кітап дүкені

Алматы қ., Алтынсарин к/сі, 87 үй. Тел.: 8 (727) 303-94-43.

Теруге 29.07.17 берілді. Басуға 13.06.18 қол қойылды. Пішімі 70 x 100^{1/16}. Қағазы оффсеттік. Қаріп түрі «ММ Mekteptik». Оффсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 20,64. Тараптывмы 30000 дана.

Артикул 808-003-001к-18